

**В. Усиков, А. Егорина,  
А. Усикова, Г. Забенова**

# **ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫ**

**2-бөлім**

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық

# 9

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 26.8я72

Қ 18

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 7–9-сыныптарына арналған «Қазақстан географиясы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды*

Авторлары: *В. Усиков, А. Егорина, А. Усикова, Г. Забенова*

**Шартты белгілер:**

	өзіңді тексер		алдын ала тапсырма
	тапсырмаларды орында		картадан көрсет
	тест тапсырмалары		кескін картамен жұмыс
	баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары		кітап сөресі
	сенің көзқарасың		рефлексия
[1] «Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер» айдарымен берілген сілтеме			қызықты геология

**Қ 18 Қазақстан географиясы.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық (2 бөлімді) /В. Усиков, А. Егорина, А. Усикова, Г. Забенова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 256 бет.

2-бөлім. – 2019. – 256 бет.

ISBN 978-601-331-577-5 (жалпы)  
ISBN 978-601-331-611-6 (2-бөлім)

© Усиков В., Егорина А.,  
Усикова А., Забенова Г., 2019  
© «Атамұра», 2019

## ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### III



### БИОСФЕРА ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ

#### Сендер білетін боласыңдар:

- Қазақстанның зоналық және а зоналық кешендерін;
- ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи мұралар тізіміне енген еліміздің ерекше қорғалатын табиғи аймақтарын;
- ноосфераның қалыптасуына Қазақстанның қосқан үлесінің маңызын.

#### Сендер үйренесіңдер:

- табиғат зоналарына анықтама беруді;
- табиғат кешендерін адам қалай игергенін және өзгерту себебін;
- табиғат кешендерінің антропогендік өзгерісін бағалау деңгейін.

### §33. Қазақстанның табиғат кешендерінің әралуандығы

#### Естеріңе түсіріңдер

- Табиғат зонасы дегеніміз не?
- Табиғат зонасының негізгі пайда болу факторлары.
- Жер бетінде қандай табиғат зоналары бар?

**1. Қазақстан ландшафттары: зоналық және а зоналық табиғат кешендері.** Өткен сабақтарда біз Қазақстанның табиғатын құрамдас бөліктерге – табиғат компоненттеріне бөлген едік. Қазір оларды қайта біріктіріп, Қазақстанның әр аудандарында қалай өзара байланысатынын анықтайтын боламыз. Бұған бізге табиғат кешендері немесе ландшафттар туралы таныс түсінік көмектеседі.

Ландшафт неміс тілінен аударғанда *жергілікті жер* деген мағынаны білдіреді. Ландшафттарды физикалық географияның бір саласы – *ландшафттану* зерттейді. Бұл ғылымның қалыптасуы *Александр Гумбольдт, Карл Риттер, Василий Васильевич Докучаев, Лев Семенович Берг* есімдерімен байланысты. Л.С. Берг ландшафттарға жер бедері, климат, өсімдік және топырақ жамылғыларының сипаты бойынша «ұқсас болып келетін аймақтар» деп ғылыми анықтама берді. Ол: «ландшафтың барлық бөліктері өзара байланысты. Олардың бәрі тірі ағза сияқты жеке бөліктері бүтінді, ал бүтін ағза жеке бөліктердің өмір сүруіне әсер етеді», – деді. Берг орман, шөл, дала, су ландшафттарын бөлді. Бұл арқылы ол табиғат зоналары мен ландшафттық зоналар бірдей екендігін көрсетті.

Біздің еліміздегі ірі ғалым – география ғылымының докторы, профессор *Галина Викторовна Гельдыева*.



#### ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРЫ

*Профессор Г.В. Гельдыева табиғи кешендерге антропогендік әсер етуді бағалаудың әдістемесін жасап шығарды. Қазақстанның ландшафттық карталар сериясын құрастырды. «Арал маңының шөлейттенуімен күрес» бағдарламасын жасады. Оның әдістемесін жаңа астананың табиғат зонасын жобалауда қолданған.*



131-сурет. Табиғат кешендері (ландшафттар)

Қазіргі түсініктер бойынша *табиғи кешен* немесе *ландшафт* – өзара әрекеттесіп, біртұтас жүйені құрайтын, табиғи компоненттердің заңды үйлесімі бар аумақ. Ландшафттың табиғи кешендері және олардың өзара әрекеттесуі 131-суретте көрсетілген.

Ландшафт қалыптасуының себептері немесе олардың факторлары табиғат компоненттері болып табылады. Барлық ландшафт құрушы факторлар зоналы және аоналы болып екі топқа бөлінеді. *Зоналы факторларға* климат, су, топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесі, ал *азоналыққа* геологиялық құрылым, тау жыныстары мен жер бедері жатады (132-сурет, 6-бет).

*Зоналы факторларға* – сыртқы факторларды (жағдайларды) жатқызады. Олар Күннің Жер бетін әркелкі жылытуына байланысты. Жер бетінің жылынуы географиялық ендікке байланысты өзгереді. Зоналық факторларда – жылу мен ылғалдылық арақатынасына байланысты географиялық белдеулер және табиғат зоналары қалыптасқан. Біздің еліміз қоңыржай географиялық белдеуде және төрт табиғат зоналарының – орманды дала, дала, шөлейт және шөлді аймақта орналасқан (132-сурет). Табиғат зоналары ендік бойымен созыла орналасатыны жазықтарда анық байқалады. Сендер экватордан полюстерге қарай табиғат зоналарының алмасуын *ендік зоналылық* деп атайтынын білесіңдер. Тауларда зоналық табиғат кешендері биіктік бойынша ауысады. *Биіктік белдеулік* пайда болады.

*Азоналық факторлар* – ішкі факторлар. Олар негізінен жер қойнауында жүретін үдерістерге байланысты. Олардың нәтижесі геологиялық құрылым, тау жыныстарының құрамы, жер бедері болып табылады.



132-сурет. Зоналы және азонaлы табиғат кешендері

Азоналық факторлар арқылы азонaлы табиғат кешендері – физикалық-географиялық аудандар пайда болды. Біз оларды қарапайым түрде *ірі табиғи аудандар* деп атаймыз. Қазақстан аумағында 7 ірі табиғи аудан бар: Сарыарқа, Тұран жазығы, Орталық Азия таулары және т.б. (131–132-суреттер).

Сонымен, біздің елімізде зоналы және азонaлы табиғат кешендері орналасқан. Азоналық кешендер жер бедерімен бірге табиғат зоналары орналасқан негізді құрайды. Бір-бірімен өзара сәйкес орналаса отырып, олар ландшафт мозаикасын қалыптастырады. Азоналық кешеннің ірі мысалы ретінде Шығыс-Еуропа жазығын қарастыруға болады. Оның геологиялық негізі – ежелгі Шығыс-Еуропа платформасы. Осы геологиялық негізде (тектоника+жер бедері) климаттың әсерімен – дала, шөлейт және шөл сияқты табиғат кешендері қалыптасты. Сендер Шығыс-Еуропа жазығының аумағында Каспий маңы ойпаты, Жайық-Жем үстірті және Жалпы Сырт өз табиғат зоналарының үйлесімімен орналасқанын білесіңдер. Бұлар – тек төменгі деңгейдегі азонaлы табиғат кешендері. Олар сонымен бірге одан да ұсақ ландшафттарды біріктіреді. Осылайша, ең ұсақ табиғат кешендеріне: Жайық бойындағы жайылымдық шалғындар мен Нарын құмдарында желмен пайда болатын шұңқырларға дейін қарастыруға болады.



133-сурет. Табиғи және антропогендік ландшафттар

Адамның шаруашылық қызметінің өсеріне ұшырамаған ландшафттарды *табиғи ландшафттар* деп атайды. Адамзаттың өсерімен табиғат кешендері өзгерді. Қолдан өсірілген өсімдік түрлері (ағаштар), жолдар, елді мекендер пайда болды. Осылайша, табиғатта антропогендік ландшафттар қалыптасты (133-сурет).

**Сонымен,** табиғат компоненттері өзара өрекеттесіп, табиғат кешендерін немесе ландшафттарды құрайды. Олар зоналық және азоналық факторлар өсерімен қалыптасады. Осыған байланысты зоналы (географиялық белдеулер, табиғат зоналары) және азоналы табиғат кешендеріне (ірі табиғи аудандарға) бөлінеді.

### ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

#### ? **Өзіңді тексер!**

1. Ландшафттану нені зерттейді?
2. Бұл ғылымның дамуына үлес қосқан ғалымдардың есімдерін ата.
3. Қазіргі географиялық көзқарас тұрғысынан табиғат кешендері (ландшафт) дегеніміз не? Олар қандай компоненттерден тұрады?
4. Қазіргі көзқарас бойынша Жердің геологиялық тарихында мүлдем ландшафт қалыптаспаған кезең болған деседі. Жер бетінде ландшафттар қай кезде пайда болды, өз болжамыңды айтып, дәлелде.
5. Қалай ойлайсың, көл ландшафт бола ала ма?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап беріп, «Жарайсың!» деген баға ал:

1. Алғаш рет ландшафтқа ғылыми анықтама берген ...
2. Қазақстанның зоналы табиғат кешендері: ...
3. Шаруашылық қызметімен өзгерген ландшафттар: ...
4. Тау жыныстары, жер бедері – бұлар ландшафт қалыптасуының ... факторлары.
5. Біздің елімізде ландшафттану дамуы ... есімімен тығыз байланысты.

**2-тапсырма.** Өткен тақырып бойынша негізгі терминдерді дәптерге теріп жаз. Оларға ауызша анықтама бер.

**3-тапсырма.** 132-сурет бойынша Қазақстандағы табиғат зоналарының орналасуын қарастыр. Аумағы бойынша ең үлкен және ең кіші табиғат зонасын көз мөлшермен анықта. Дала табиғат зонасын қандай ірі жер бедері формасы кесіп өтетінін анықта. Табиғат зоналарының орналасуын Қабырға картасынан көрсет.

**4-тапсырма.** 132-суретке сүйеніп, 39-параграфтағы 159-суреттен Қазақстанның 7 ірі табиғи ауданын тап. Оларды ата. Мына аудандар қандай тектоникалық негізде қалыптасқанын анықта.

Орал, Сарыарқа, Батыс-Сібір жазығы, Орталық Азия таулары. Қандай ірі табиғат аудандары Қазақстан аумағында толығымен орналасқанын айт.

**5-тапсырма.** 1) Зоналық табиғат кешенінің (табиғат зонасының); 2) азоналық табиғат кешенінің (ірі табиғи ауданның) сипаттамасын беретін өз жоспарыңды жаса. Жоспарды сыныптастарыңның талдауына ұсын. Ең сәтті нұсқаны таңдап ал.

**6-тапсырма.** Мәтінде жазылмаған сөздерді орнына қой. «Ландшафттарға ең алғаш ғылыми анықтама берген ... . Зоналық факторлар дегеніміз – климат, ... топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесі. Азоналық факторлар – ..., тау жыныстары, жер бедері. Зоналық табиғи кешендер – географиялық белдеулер және ... . Біздің еліміз ... географиялық белдеуде және орманды дала, ... шөлейт және шөл зоналарында жатыр. Қазақстанның жері ... ірі табиғи аудандар аумағында орналасқан. Азоналық кешендер – ... орналасатын негіздер болып табылады.



### Картадан көрсет

Қазақстанның табиғат зоналары картасынан:

- 1) Қазақстан табиғат зоналарының оңтүстіктен солтүстікке қарай орналасуын;
- 2) аймағы бойынша ең үлкен және ең кіші табиғат зоналарын;
- 3) физикалық-географиялық аудандарын;
- 4) ел аумағында толық орналасқан физикалық-географиялық ауданын.



### Кескін картамен жұмыс

Қазақстанның кескін картасына: 1) елдің мемлекеттік шеғарасын түсір; 2) табиғат зоналарының шеғарасын түсіріп, атауларын жаз. Картадағы табиғат кешендерінің орналасу ретін есіңе сақта.



### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар)

- Ландшафт қалыптасуының зоналық факторлары:  
а) климат; ө) тау жыныстары; б) жер бедері; в) өсімдік жамылғысы;  
г) топырақ жамылғысы.
- Қазақстандағы табиғат зоналары:  
а) 2; ө) 3; б) 4; в) 5; г) 6.
- Таулардағы табиғат кешендерінің биіктік бойынша ауысуы:  
а) ендік зоналылық; ө) ырғақтылық; б) аудандастыру; в) провинциялық;  
г) биіктік белдеулік.
- Қазақстанның табиғат зоналары:  
а) тундра; ө) орманды дала; б) шөл; в) дала; г) аралас орман.
- Қазақстанның ең солтүстігіндегі табиғат зонасы:  
а) шөл; ө) дала; б) орманды дала; в) шөлейт; г) құрғақ субтропиктер.
- Қазақстанның ірі табиғи аудандарының саны:  
а) 1; ө) 3; б) 5; в) 7; г) 11.
- Толығымен Қазақстан аумағында орналасқан табиғи аудан:  
а) Оңтүстік Сібір таулары; ө) Орал; б) Сарыарқа; в) Батыс-Сібір жазығы;  
г) Орталық Азия таулары.



### Сенің көзқарасың

Антропогендік ландшафттарға сенің көзқарасың қандай? Бұл тек табиғатты құлдырату ма? Адам табиғатты одан да жақсартып, өзгерте ала ма?



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

- Менің облысымдағы табиғи кешендер.
- Менің облысымдағы антропогендік ландшафттар.



### Рефлексия ((Ү) – қабылдау «плюс», (Т) – минус; (Қ) – қызықты тәсілдері)

<i>Ү (сабақтағы тапсырмалар, ақпараттар ұнады)</i>	<i>Т (түсініксіз, пайдасыз ақпарат)</i>	<i>Қ (қызықтыратын фактілер, тағы да білгім келеді)</i>
--	---	---

### §34–35. Зоналық табиғат кешендері: табиғат зоналары

#### Естеріңе түсіріңдер


- Табиғат зоналары түсінігіне анықтама.
- Қазақстанда қандай табиғат зоналары кездеседі?
- Далалы және шөлейтті табиғат зоналарының қандай ерекшеліктері бар?



#### Алдын ала тапсырма

1. Қазақстанның зоналық ландшафттары: төрт табиғат зонасы. Сендер табиғат зонасы географиялық белдеудің бір бөлігі екенін білесіңдер. Ол Күн радиациясының мөлшері, ылғалдылық, топырақ типтері, өсімдік және жануарлар дүниесі сияқты зоналық факторларға байланысты бөлінеді. Оның ішінде негізгісі жылу мен ылғалдылықтың арақатынасы болып табылады.

Қазақстанның аумағында солтүстіктен оңтүстікке қарай орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары ауысып келіп отырады (134-сурет).



134-сурет. Қазақстанның табиғат зоналары

**Орманды дала зонасы** – ең шағын (Қазақстан аумағының 4,2% -ы) және ең жас зона. Оның аумағындағы жерлер неоген кезеңінің соңында ғана су басуынан босады. Ол Солтүстік Қазақ жазығының Тобыл-Ертіс өзен аралығын алып жатыр (134-сурет). Л.С. Берг бұл зонаны «Орманды дала – орман мен дала, күлгін топырақ пен қара топырақты, орман мен дала фаунасы орналасқан аймақ» деп сипаттады.

Орманды даланың жазы жылы әрі құрғақ, қысы ұзақ әрі суық болып келеді. Мұнда шілденің орташа температурасы  $+18^{\circ} \dots +20^{\circ}\text{C}$ , қаңтарда  $-16^{\circ} \dots -18^{\circ}\text{C}$ ,  $-45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін аяздар болып тұрады. Ылғалдану коэффициенті жеткіліксіз. Бірақ оның көп мөлшері елдің жазықты аумағына түседі (0,6-ға дейін). Жауын-шашын мөлшері барлық жерде 300 мм-ден жоғары, ең көп шама – 370 мм. Бұл барлық ландшафт компоненттеріне әсерін тигізеді.

Солтүстік Қазақ жазығы борпылдақ жыныстардан құралған. Жауын-шашынның әсерінен олар басылып, шөгеді. Жазық беттерде дөңгелек пішінді ойыстар пайда болады. Жерасты сулары жақын орналасқан ондай жерлерде тұзды шұңқырлар, батпақтар және «дала төрелкелері» деп аталатын шағын көлдер пайда болады. Мұнда ондай көлдердің саны 6000-нан асады.

Олардың қалай пайда болатынын естеріңе түсіріңдер.

Орманды дала зонасы көлдің жиілігі жағынан Қазақстанның барлық табиғат зоналарынан асып түседі. Топырақ жамылғысында жауын-шашынмен шайылған сұр орман топырағы және сілтілі қара топырақ басым болып келеді. Ылғалдану режимі ағаш өсімдіктерінің (қайың, көктерек, қарағай) өсуіне қолайлы жағдай жасайды (135-сурет).



135-сурет. Мамлютка қорықшасындағы (Солтүстік Қазақстан облысы) қайың шоқтары

Солтүстік Қазақ жазығының орманды даласын *қайыңды орманды дала* деп атайды. Ол қайың шоқтары мен жекелеген орманды массивтерден тұрады. Қайың шоқтары зонаның 1/10 бөлігін алып жатыр, ал оның 9/10 – шалғынды далалар.

Орманның сұр топырағында өсетін орман шоқтары мен қара топырақты жерлердегі алуан түрлі шөпті далалардың алмасып отыруы – *орманды далаға* тән құбылыс.

Геологиялық жағынан жас болуына байланысты орманды дала фаунасында эндемиктер кездеспейді. Онда орман (бұлан, елік, орман сусары, кірпі) және дала (дала суыры, дала күзені, құлақты кірпі, дуадақ) жануарлары мекендейді.

Қара топырақ – *қоңыржай белдеудің* ең құнарлы топырағы. Бұл зонада ылғал мен жылудың молдығынан өсімдік жамылғысына қолайлы жағдай туындаған. Сол себепті орманды дала зонасының табиғаты адамның шаруашылық қызметі арқылы қатты өзгеріске ұшыраған. Жыртылған жерлер үлесі 50%, кей жерлерде 80%-ға дейін жетеді. Мұнда *зығыр, рапс, күнбағыс* өсіріледі. Бірақ негізгі ауылшаруашылық дақылы – *бидай*. Қазақстанның орманды дала, дала зоналары – еліміздің ең астықты аймақтары. Шалғынды далалар – сүтті бағыттағы малшаруашылығына қолайлы. Ормандарында ағаш сүрегі дайындалады.

**Дала зонасы (27,2%).** Жалпы Сырт пен Орал маңы үстіртінен Мұғалжар, Торғай үстірті және Сарыарқаның солтүстігі арқылы Алтай тауларының етегіне дейін созылып жатыр. Зона циклондардың негізгі қозғалыс бағытына оңтүстікке қарай орналасқан. Сондықтан орманды дала зонасына қарағанда құрғақшылық жағдай басымдау. Ылғалдану коэффициенті 0,4-ке дейін төмендейді. Жауын-шашын мөлшері 300-ден 230 мм-ге дейін азаяды. Оның көп мөлшері жазда түседі. Өдетте, бұл топырақты әлсіз ылғалдандыратын қысқа нөсер түрінде болады. Құрғақшылық пен аңызақ желдер жиі қайталанып тұрады. Қысы суық қаңтардың орташа температурасы – 14°...–16°С шамасында. Шығысқа қарай аяз күшейе түседі. Жазы ыстық, шілденің орташа температурасы +20° ... +22°С-қа дейін жоғарылайды.

Аумақтың беткі ағысымен қатар, көл сулары да азаяды. Жерасты суларының орналасу тереңдігі ұлғайып, олардың сапасы төмендей түседі. Топырақ жамылғысында қара топырақ түрі басым. Бірақ оңтүстікке қарай олар құнарлылығы төмендеу қоңыр топыраққа біртіндеп ауысады.

Ылғалдану режимі орман өсімдіктері өсуі үшін қолайлы емес. Дала – ормансыз табиғи зона. Жыртылмаған жерлерде шөптесін өсімдіктер басым. Даланың негізгі өсімдіктері тамыр жүйесі жақсы жетілген шымның астық тұқымдастары: *бетеге, селеу, дұғаш*.



136-сурет. Қазақстан далаларының бояулары

Қазақстан даласының табиғаты тамаша! Ерте көктемде еріген қардан босаған ылғалды жерлерде де алуан түрлі ашық түсті гүлдер өседі. Одан соң астық тұқымдастардың гүлдеу кезеңі басталады. Осы кезде дала күмістей толқыған теңіз бетіне ұқсайды. Бұндай көрініс желмен тербелген селеудің ұзын шашақты бастарына байланысты. Жаздың ортасында астық тұқымдастар құрай бастағанда дала алтын-сары түске енеді (136-сурет).

Жекелеген кейбір гранитті және құмды жерлерде өткен кезеңдерден қалған Ертіс орманы, Семей орманы, Наурызым, Көкшетау, Қарқаралы, Қалба сияқты «аралдық» қарағайлы ормандар сақталып қалған. Бірақ олар дала зонасының небәрі 1,5% -ын ғана құрайды.

Қарағайлы ормандар – бұрынғы биосфера реликтілері, бір кезде (мөлшермен 200 жылдай бұрын) орманды даланың негізгі зонасы болғандығының куәсі. Ол еліміздің қазіргі аумағының – оңтүстік-батыстан басқа 3/4 бөлігін алып жатыр. Орман шоқтарында *қарағай, қайың, емен, жөке, шетен* өседі. Климат құрғақ болған сайын орманды жерлер азая бастайды. Олардың орнын дала мен шөлді жерлердің өсімдіктері басады. Жөке мүлдем жоғалып кетті, емен тек Жайық аңғарында, ал шетен Шарын бойында ғана сақталып қалған. Қазіргі кезде бұл орман ескерткіштері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мемлекет тарапынан қорғауға алынған.

Дала зонасында өзіндік фауналық кешен қалыптасқан. Бұны жануарлардың атауларынан байқауға болады: *дала шақылдағы, дала күзені, дала қыраны, дала күйкентайы, дала ителгісі, дала сұржыланы*. Мұнда эндемикті жануарлар көптеп кездеседі: *дала суыры, дала шақылдағы, алақоржын, дала тышқаны, құлақты кірпі, қара бозторғай* және т.б. Жоғары эндемизм табиғи зонаның ежелгі жасын (неогендік) көрсетеді.

Қазақстан даласында ең көп кездесетін аңдардың бірі – *тұз (дала) суыры*. Ол – фаунаның ірі кеміргіштерінің бірі. Сарыарқаның ұсақ шоқылы бөлігінде ірі тұяқты жануар – *арқар* мекендейді. Жазда дала табиғатына көрік беріп, *ақбөкендер* табыны өріп жүреді.



137-сурет. Даланың негізгі жануарлары (жоғарыдан төмен қарай: тұз суыры, дуадақ, ақбас тырна, дала қыраны, қара бозторғай)

Қазақстан даласын ең ірі құс *дуадақ* және ең кіші *әдемі ақбас тырна* мекендейді. Дала қыранын «дала ханы» деп те атайды. Ол – өз тұқымдастарының ішіндегі жерде ұя салатын жалғыз түр. *Қыран* және *қар барысымен* бірге Қазақстан символы ретінде *қара торғайды* атауға болады. Оның мекендейтін аралының 9/10 бөлігі біздің елімізде.

Дала зонасының негізгі табиғи байлығы – қара топырақ. Қара топырақты «топырақтар патшасы» деп атайды. Қалың шірінді қабатының арқасында ол бірнеше жыл қатарынан тыңайтқышсыз-ақ жоғары өнім береді. 1950 жылдары бидай егістігіне арналып, дала зонасының 1/3 бөлігі құнарлылығы төмендеу қоңыр топырақты аумақтарды қоса алғандағы жерлер жыртылды. Қазіргі уақытта ондай егістік жерлер пайдаланылмайды. Ол жерлерде табиғи дала өсімдіктері қалпына келуде.

Дала – жайылымдыққа қолайлы жер. Даланың қарағайлы ормандары халық демалатын орындар болып табылады. Құнары төмен жерлерді жырту су, жел эрозиялары (мүжілулер) мен шаңды дауылдарды тудырады. Аңыздық желдер мен шаңды дауылдардың алдын алу үшін топырақ қабатында ылғалдың сақталуына мән берілуі керек. Ол үшін егістіктер бойымен орман жолақтары және елді мекендер маңында орман белдеулері егіледі.

**Шөлейтті зона (10,3%)** – дала зонасындай енді болмағанымен, еліміздегі ең ұзаққа созылып жатқан зона. Оның көп бөлігі 48° және 50°С с.е. параллельдері арасында орналасқан.

Шөлейттер – аралық зона, оңтүстікке қарай дала зонасының белгілері біртіндеп аяқталып, шөл зонасының белгілері күшейе түсетінін байқауға болады. Далалық өсімдіктерден – *боз, бетегелер* арасында шөл өсімдіктерінен – *жусан* мен *сораң* мол өседі. Шөлейттің климаты құрғақ, тым континентті болып келеді. Көлдер мен жерасты суларының тұздылығы жоғары. Шірінді қабаттың азаюына байланысты топырақ қабаты біртіндеп ашықтау түске, қоңыр топырақ ашық қоңыр түске ауысады. **Жазықты және**

ұсақ шоқылардың арасында сортаң және сор жерлер жиірек кездеседі. Өсімдік жамылғысы да сирей түседі. Көзге жиі түсетін жануарлар: қосаяқ, сарышұнақ, құмтышқаны, тасбақа, сары шаян.

Бұл өзгерістер ең алдымен шөлейт зонаның климаттық жағдайларымен байланысты. Жаз мұнда далаға қарағанда ыстық, ал қысы суық. Шілденің орташа температурасы  $+22^{\circ}$ ,  $+24^{\circ}\text{C}$ , қаңтарда  $-14^{\circ}$  ...  $-16^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашын аз, 230–180 мм шамасында түседі. Оның көп бөлігі қыста және жылдың өтпелі кезеңдерінде жауады. Ылғалдану коэффициенті 0,2-ге дейін төмендейді.

Өсімдік массасы да екі есеге дерлік азаяды. Сол себепті зоналық ашық қоңыр топырақтың шірінді қабаты аз және құнарлылығы да төмендеу. Зонаның ерекшелігі – топырақ-өсімдік жамылғысының теңбілділігінде. Құмды топырақтарда дала өсімдіктері (астық тұқымдастар), сазды топырақта шөлдің өсімдіктері (сораң, жусан) таралған.

Жануарлар дүниесін дала мен шөлде мекендеушілер құрайды. Шөлейтті зонаның эндемиктері – сарышұнақ (Қазақстанның «Қызыл кітабы»), кішкентай құмтышқан, қосаяқ, дала шақылдағы.

Шақылдақ – қоян тұқымдас кішкентай аң, ол өзі шығаратын дыбысына байланысты осылай аталады.



138-сурет. Дала шақылдағы («өнші қоян»)

Шөлейтті зонаның басты фаунасына ақбөкендерді жатқызуға болады, өйткені олар осы зонада төлдейді. Ақбөкендер Күнді бетке алып көшіп отырады. Жазда ақбөкен табындары солтүстікке, дала мен орманды дала зоналарына қарай қозғалады. Ал қыстау үшін оңтүстікке, шөлді аймаққа кетеді. Оларды ежелгі ақбөкендер түріне жатқызады. Оның 95% -ы Қазақстанды мекендейді (139-сурет). Ақбөкендер – Қазақстанның қуаң аймақтарының символы әрі көркі болып саналатын аса төзімді және жүйрік аң.



139-сурет. Ақбөкендер. Түр ретінде 300–150 жыл бұрын орман пілдері мен алғашқы зілдермен қатар пайда болған. Жер бетін мұз басудың үш кезеңін бастан өткеріп, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келеді

Шөлейт зонаның топырағы егіншаруашылығы үшін жарамсыздау, суармалы жағдайда ғана пайдалануға болады. Оның есесіне қой, жылқы, түйе мал-

дары мен *ақбөкендер* үшін жақсы жайылым болып табылады. Тиімді пайдаланбаған жағдайда жылдам бұзылуға ұшырайды.

**Шөл зонасы** – еліміздегі аумағы бойынша ең үлкен зона (44,1%).

134-суретке сүйеніп, шөл зонасының географиялық жағдайын анықтаңдар. Оның шегарасы неліктен батысында солтүстікке қарай, ал шығысында оңтүстікке қарай ауытқығанын түсіндіріңдер.



Сазды шөл



Тақырлар



Ақ сексеуілді құмды шөл



Мойынкүмдағы сексеуілді орман

140-сурет. Шөл зонасы

Еліміздің аумағы әлемнің көптеген шөлді аймақтарына сәйкес келетін жоғарғы атмосфералық қысым белдеуінен тыс орналасқан. Соған қарамастан мұнда неліктен шөл ландшафттарының қалыптасуына қолайлы жағдай туындаған? Сендер негізгі себеп географиялық жағдай мен жер бедері екенін білесіңдер. Қазақстан аумағы мұхиттардан келетін жылы ағыстардан алыс, алып материктің ортасында орналасқан. Шығыс пен оңтүстіктен келетін циклондардың жолына биік таулар кедергі болады. Сол себепті жазда жоғары температура басым болып келеді. Анда-санда келетін теңіздік ауа тез жылынып, құрғап кетеді.

Сонымен, Қазақстанның шөл зонасының табиғаты ерекше. Олар қоңыржай белдеудің құрлықшілік солтүстіктегі суық шөлдері. Басқа жағынан олардың қалған шөлдерден айырмашылығы шамалы. Сонымен қатар мұндағы ашық күндер саны 200-ден астам, жазы ыстық. Шілденің орташа температурасы  $+24^{\circ}$  ...  $+28^{\circ}\text{C}$ . Бірақ күндіз көлеңкедегі температура  $+50^{\circ}\text{C}$ -қа жетсе, құм беті  $+70^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қызады. Жылдық жауын-шашын мөлшері 180 мм-ден аз, кей жерлерде 100 мм-ден аспайды. Жаз кезінде бір тамшы жаңбыр жаумайтын кездері де болады. Ылғалдану коэффициенті 0,2-ден төмен. Қаңтардың температуралық айырмашылығы үлкен: солтүстікте орташа  $-14^{\circ}$  болса, оңтүстікте  $-4^{\circ}\text{C}$  шамасында. Сібір антициклоны мен Арктикадан келетін ауа массалары күрт суық ауа

өкеледі ( $-30^{\circ}$  ...  $-40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін). Зонаның солтүстігінде қарлы борандар жиі болып тұрады.

Шөл зонасында ішкі су алаптары аса бағалы. Шөл үшін су – тіршілік көзі. Шөлдердің өзінен бастау алатын өзендер көп. Ең ірі Сырдария, Іле, Қаратал, Шу өзендері бастарын таулардан алады. Көлдері әдетте тұзды болып келеді. Көбінесе су көзі тек жерасты сулары болып келеді. Бірақ олар өте тереңде орналасқандықтан (150–300 м-ге дейін), көп жағдайда тұзды болады.

Өсімдіктер шөлде қалай тіршілік етеді? Кейбіреулері – эфемерлер көктем айында тез өсіп-жетіліп, құрап қалады. Кей өсімдіктердің тамыры өте тереңге кетеді (сексеуілдің тамыры – 10–11 м-ге дейін). Булануды азайту үшін олардың жапырақтары тікенге, бүршіктері жіпшелерге айналған. Құмды шөлдердің өсімдіктері, сонымен бірге құмға енетін ауаның ылғалын да пайдаланады. Құмға енген ауа тереңдікте конденсацияланып, суға айналады. «Құм бар жерде су бар» деп тегін айтылмаған. Осыған байланысты құмды шөлдерде өсімдіктердің түр алуандығы мен өсімдік массасы жағынан сазды шөлдерге қарағанда жоғары.

Саз су өткізбейді, ол тез буланып ұшып кетеді. Сондықтан сазды шөлдердегі өсімдіктер сумен нашар қамтамасыз етілген. Булану жоғары болғандықтан топырақ бетіне көтерілген жерасты суларының құрамындағы тұз жер бетіне көтеріліп, сортаңдар түзіледі. Көктемде ойыс жерлерге су жиналады. Жазда олар кеуіп кеткен кезде, орнында тұзды қабыршақ пайда болады. Қабыршақтар жарылып, тақырларға айналады (140-сурет).

Шөлде өсімдік жамылғысы аз болғандықтан, шірінді қабат болмайды. Топырағы құнарсыздау – қоңыр және сұр қоңыр топырақ, ылғалдылығы жоғарылау тау етегіндегі шөлдерде – сұр топырақ тараған. Сирек өсімдік жамылғысын *жусан, сораң, бұталар* мен ағаш өсімдіктерінен – *жүзгін, шеңгел, жыңғыл, тал, жиде, шөл көктерегі, тораңғы, сексеуіл* құрайды. Өзен аңғарларында олар қалың *тоғай* болып өседі.

Шөлдің басты ағашы – *сексеуіл*, оның көптеген жанама аттары бар – шөлдің әсем ағашы, шығыс қарағайы, жасыл бұрыш, су барлаушы, шөл қалқаны, жұмбақ ағаш. Сексеуіл құмда да (ақ сексеуіл), сондай-ақ тұзды топырақта да (қара сексеуіл) өседі. Сексеуіл тоғайлары еліміздегі орман алқабының 2/3-ін құрайды (140-сурет). Сексеуіл құмдарды бекітіп, құмды дауылдардан қорғайды, сонымен бірге көптеген жануарлардың – *қарақұйрық, құмқоянының, сексеуіл торғайы* мен *сексеуіл жорға торғайының* т.б. мекендеу ортасы болып табылады. Сексеуіл Сарыарқаның қарағайлы немесе Алтайдың тайга ормандары сияқты Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі болып табылады. Олар да қорғауды қажет етеді.



141-сурет. Қазақстан шөлдерінің жануарлары (жоғарыдан төмен қарай: қарақұйрық, құлақты бұзаубас, сұр кесіртке, қара сұр жылан, қарақал, жиекдуадақ)

Шөлдің жануарлар дүниесі ежелгі және әр алуан болып келеді. Бұл зона дала зонасы сияқты адамның шаруашылық қызметінің әсеріне қатты ұшырамаған. Оның адам аяғы баспаған кей жерлері қазірдің өзінде табиғи қорықтар болып табылады.

Шөлдің негізгі мекендеушілері – *шаяндар, бүйі, тасбақа, кесіртке, жыландар*. Олардың ішінде ең ашық түсті кесірткелер (құлақты бұзаубас, аяқсыз кесіртке, келес) және ең үлкен әрі қауіпті жылан – екі метрлік қара сұр жылан бар. Үсақ құстардан шөлде *бозторғай, сары сұлыкеш, биші шақшақай* мекендейді. Ірі құстардан *қарабауыр бұлдырық, убақ, жиекдуадақ* және жыртқыш тілеміш кездеседі. Шөлдің эндемиктеріне – *сарышұнақ, қосаяқ, тышқан, құмтышқаны, құмқояны, шөл сілеусіні, қарақал, қарақұйрық* жатады (141-сурет).

Жануарлар да өсімдік сияқты шөл табиғатына бейімделген. Кейбіреулері жемін түнде аулайды. Ал қайсыбірі қатты ыстықта індеріне, құм арасында жасырынып ұйқыға кетеді. *Агама* кесірткесі температурасы төмендеу бұта маңын паналайды. *Ақбөкен, құлан, қарақұйрықтар* су маңына жиналады. Қажет болғанда су іздеп, олар ондаған және жүздеген километр қашықтықты жүріп өтеді.

Ал сарышұнақ, қосаяқ, құмтышқандары азықтан алатын ылғалды қанағат тұтады. Кей жануарлар денесіндегі майға су жинайды. Оларға *түйе* мен *құйрықты қойлар* жатады.

Барлық шөл топырақтарының ішінен егіншаруашылығында тұзды болса да, тек сұр топырақ пайдаланылады. Суармалы жағдайда құрамында минералды элементтер көп болуына байланысты олар жақсы өнім береді. Негізінен шөлдер үй және тұз жануарлары үшін таптырмас жайылым болып табылады.

**2. Таулардағы биіктік белдеулік.** Таулар – Жер шарындағы табиғат зоналарының горизонтальды орналасуын бұзатын басты себеп болып табылады. Биіктеген сайын табиғаттың жекелеген компоненттері мен бүкіл табиғи кешен өзгеріске түседі. Жоғары көтерілген сайын ауа температурасы төмендеп, жауын-шашын мөлшері көбейе түседі, ауа ылғалдылығы мен ылғалдану коэффициенті жоғарылайды. Мұның бәрі топырақ жамылғысы мен органикалық дүние ерекшеліктерінен байқалады. Таулар биіктеген сайын, ондағы биіктік белдеулерінің саны да өседі.

*Сонымен, зоналық факторлар әсерімен Қазақстан аумағында төрт зоналық табиғат кешені: орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары қалыптасқан. Олар табиғат компоненттерінің ерекше үйлесімімен ғана емес, шаруашылықта пайдалану бағытымен, игерілу дәрежесімен және ландшафттарының өзгеру жағдайларымен бір-бірінен ерекшеленеді.*

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Табиғат зонасы дегеніміз не? Қазақстанда қандай табиғат зоналары бар, олар еліміздің аумағында қалай орналасқан?
2. Негізгі табиғат зоналарының өтпелі зоналардан айырмашылығы қандай?
3. Басты ландшафт қалыптастырушы фактор – жылу мен ылғалдың арақатынасы қалай өзгертетінін қазақстандық табиғат зоналарының мысалы арқылы көрсетіңдер.
4. Қазақстандағы табиғат зоналарын аудандары бойынша салыстырып, оларды Қабырға картасынан көрсетіңдер.
5. Табиғат зоналарын оқып-үйренудегі (сипаттама берудегі) өз жоспарларыңды сыныптастарыңмен бөлісіп, оны келесі тапсырманы орындауға негіз етіп алыңдар.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма** (топтық жұмыс). Топтарға бөлініңдер. Қазақстанның табиғат зоналарының бірін таңдап алыңдар. Оқулық мәтіні мен Атлас карталарына сүйеніп, оның сипаттамасын қарастырыңдар. Постер түрінде тірек-сызба құрастырыңдар. Қысқаша хабарлама даярлап, оны сыныптастарыңның назарына ұсыныңдар. Жұмыстың нәтижесі бойынша «Қазақстанның табиғат зоналары» салыстырмалы кестені толтырыңдар.

Сипаттама жоспары	Орманды дала	Дала	Шөлейт	Шөл
1. Географиялық жағдайы				
2. Аудан (%)				
...				

**2-тапсырма.** Сипатына қарай табиғат зоналарын анықтаңдар: 1) қоңыржай климаттық белдеудің ормансыз табиғат зонасы. Өсімдік жамылғысын шымда өсетін астық тұқымдастар дұғаш, бетеге және т.б. құрайды. Жануарлар дүниесінен сарышұнақ, ақбас тырна, дала қыраны кездеседі; 2) жылына 180 мм жауын-шашын түседі. Топырағы қоңыр және сұр қоңыр. Сирек өсетін өсімдік жамылғысынан – жусан, сораң, жүзгін, жыңғыл, сексеуіл бар. Жануарлардан құлақты бұзаубас, қара сұр жылан, жорға дуадақ, қарақұйрық кездеседі; 3) Жылына 300 мм-ден көп мөлшерде жауын-шашын түседі. Орманның сұр топырағы мен сілтілі қара топырақ таралған. Өсімдік жамылғысында орман шоқтары мен шалғынды дала үйлесім тапқан. Жануарлардан бұлан, дала суыры, дуадақ мекендейді.

**3-тапсырма.** Қазақстан табиғат зоналарын сипаттауда көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойыңдар.

Топырақ «патшасы» – ... Орманды даладағы ойыстарды жерасты сулары терең орналаспаған жерлерде шұңқыр көлдер ... кездеседі. Даланың негізгі өсімдіктері – тамыр жүйелері жақсы жетілген шымды астық тұқымдастар ... Солтүстік Қазақстан орманды даласын ... орманды дала деп атайды. Популяциясының 95% -ы Қазақстанды мекендейтін Еуразияның ежелгі бөкені...

Шөлдегі беткі түз қабыршақтарын ... атайды. Сазды топырақтар көктемде ылғалданып, жазда кепкен соң ... – тақташаларға бөлінеді. Даланың «ханы» деп ... атайды. Қазақстандағы ең ауданы кіші, ең жас табиғат зонасы ...

**4-тапсырма.** «Қазақстан табиғат зоналарының шаруашылық маңызы» тақырыбын конспектті түрінде мазмұнда.

**5-тапсырма.** Өзіндік сипаттары бойынша 1–4-ке дейін қандай табиғат зоналары берілгенін анықтаңдар:

	Жауын-шашын	Ылғалдану К	Топырағы	Өсімдіктер	Жануарлар
1	< 180 мм	< 0,2	Сұр қоңыр	Сексеуіл	Келес
2	> 300 мм	0,6-ға дейін	Орманның сұр топырағы	Қайың	Елік
3	180–230 мм	0,2–0,4	Ашық қоңыр	Жусан, боз	Ақбөкен
4	230–300 мм	0,4–0,6	Қара топырақ	Бетеге, боз	Сарышұнақ, дуадақ

**6-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 5 сұраққа 30 секундта жауап бер:

1. Ауданы бойынша ең үлкен табиғат зонасы...
2. Бұл табиғат зонасының көп бөлігі 48° және 50° с.е. аралығында орналасқан...
3. Сымбатты шөл бөкені...
4. Қайың шоқтары мен әртүрлі шөптесінді далалардың кезектесіп келуі – ... табиғат зонасының негізгі сипаты.
5. Дала зонасының негізгі байлығы...



### Қызықты география

Мәтін үзіндісін оқып шығыңдар. Онда қай зона туралы айтылғанын анықтаңдар.

«Шексіз қиян! Мына шексіз, тегіс кеңістікте адам өзін жоғалып жүргендей сезінеді. Тегістігі сондай, маңайдағы сан километр жерлер көрінеді. Ал аса көп, бейберекет орналасқан қорғандардан айналадағы кеңістік тіпті ұлғайып көрінеді. Мұнда үнемі қуып жетуге немесе қашып кетуге тура келеді. Тіпті қазіргі адамдар ұшы-қиырсыз кеңістікке жүгіре берудің ынтызарлығын оятады. Негізгі өсімдіктер мүлдем аз қалған. Кең-байтақ егістіктер дала шөптерін ығыстырып жіберген. Жазда көзжетер жерлердің бәрінде бидай масақтары алтындай тербеліп толқиды: ондаған километр жүрсең де бұл сурет өзгермейді...»

134-суретке сүйеніп, Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Қарағанды, Қостанай, Орал қалалары қай зонада орналасқанын анықтаңдар.



### Картадан көрсет

- Оқулық картасынан: 1) Қазақстанның табиғат зоналарын;  
2) ірі физикалық-географиялық аудандарын.



### Кескін картамен жұмыс

«Қазақстанның табиғат зоналары» картасын түсіндіріңдер. Оқулық картасына сүйеніп, табиғат зоналарының шегарасын көрсетіңдер. Кескіндер ішіне олардың ел аумағындағы үлесін жазыңдар. Шартты белгілерді ойлап тауып, олармен топырақ, өсімдік және жануарларды бейнелеңдер. Өз жұмыстарыңды берілген тақырып бойынша «Ең үздік кескін карта» байқауына ұсыныңдар.



### Алдын ала тапсырма (топтық жұмыс)

Келесі сабақтағы жұмысқа Қазақстандағы ЕҚТА-ның бірін таңдап алыңдар. Ол туралы ақпарат жинаңдар (құрылу мақсаты мен тарихы, түрі, жалпы сипаттамасы, сирек кездесетін, ерекше нысандар, барлық ЕҚТА жүйесіндегі рөлі, табиғат қорғау және ағартушылық қызметі, мәселелері, қоғам тарапынан қажетті көмек). Үндеу хат жасау үшін шағын иллюстрациялар басып шығарыңдар.



### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар)

- 1) Қазақстанның жазық жерлеріндегі табиғат зоналарының саны:  
а) 3; ә) 4; б) 5; в) 6; г) 2.
- 2) Қазақстан аумағының 27%-нан астамы ... сәйкес келеді.  
а) биіктік белдеулігі бар облысына; ә) орманды далаға; б) далаға;  
в) шөлейт зонаға; г) шөл зонасына.

3) Шөлдің негізгі ағашы:

а) тораңғы; ө) жүзгін; б) шеңгел; в) сексеуіл; г) жиде.

4) Құлақты бұзаубас, кесіртке, қара сұр жылан, жайран, құлан – ... аңдары.

а) даланың; ө) шөлдің; б) биіктік белдеулігі бар аймақтың;

в) орманды даланың; г) шөлейттің.

5) Дала зонасының реликті өсімдігі:

а) қайың шоқтары; ө) бетегелі – селеулі өсімдіктер;

б) аралдық қарағайлы ормандар; в) тоғайлар; г) сексеуіл.

6) Өтпелі зона:

а) орманды дала; ө) биіктік белдеулігі бар аймақтары; б) шөлейт; в) шөл;

г) дала.

7. Шөл зонасы Қазақстан аумағының ... алып жатыр.

а) 10%; ө) 27%, б) 4%; в) 44%; г) 14%.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Менің облысымдағы зоналық табиғат кешендері.
2. Менің облысымдағы зоналық ландшафттардың табиғи қорлары.
3. Біздің дала: бұрынғысы және қазіргісі.



### Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: сұрақтарға тез әрі қысқаша жауап бер.

## §36. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аймақтары

### Естеріңе түсіріңдер

- Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар қандай міндеттерді атқарады?
- Еліміздегі негізгі ЕҚТА-ның түрлері.
- Қазақстанның «Қызыл кітабы» не үшін жазылған?



### Алдын ала тапсырма

1. Қазақстандағы қорықтар ісі. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар (ЕҚТА) түсінігімен сендер танысыңдар. ЕҚТА қызметінің мазмұны мен тәжірибесін *қорық ісі* деп аталатын ғылым зерттейді. Қорық ісі: 1) қорғалатын аймақтардың классификациясын жасайды; 2) аймақтар мен республикада оларды орналастырудың болашақ жоспарын даярлайды; 3) жаңа қорықтар, ұлттық саябақтар және басқа да ЕҚТА қорғауға арналған ғылыми негіздемелер құрастырып шығарады. Бұл жұмысқа өртүрлі саланың ғалымдары: географтар, геологтар, ботаниктер, зоолог-

тар, экономистер, заң қызметкерлері қатысады. Тиісінше, қорық ісі – пәнаралық негізгі және қолданбалы ғылым болып табылады.

ЕҚТА қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелерін 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар» туралы заңы реттеп отырады. Осыған байланысты *ерекше қорғалатын табиғи аумақтар дегеніміз – ерекше қорғау режимі қабылданған табиғи кешендері мен нысандары бар жер және су кеңістіктері.*

Мемлекеттік қорғауға экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар ерекше құнды нысандар алынатыны белгілі. Біріншіден, табиғат эталондары, ерекше нысандар, өткен геологиялық дәуірлердің реликтілері, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорының сақталатын жері. Екіншіден, ғылыми зерттеулердің, ағарту мен білім берудің нысандары. Үшіншіден, халық демалатын және туризм ұйымдастырылатын орындар.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда қорғаудың әртүрлі режимі қалыптасады:

1) толық қорғалатын немесе шаруашылық қызметтің барлық түріне тыйым салынатын қорықтық режим;

2) жартылай қорғалатын немесе шаруашылық қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салынатын қорықша режимі.

Біздің елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 9 түрі бар (142-сурет).

Аумағында қоршаған ортаның антропогендік өзгерістеріне мониторинг (тұрақты бақылау) жүргізілетін қорықтар, ұлттық саябақтар мен табиғи резерваттарға *биосфералық резерваттар мәртебесі* беріледі. Ондай мәртебені ЮНЕСКО – ғылым, мәдениет және білім мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы береді. Бүкіл өркениет үшін құнды болып есептелетін ЕҚТА-ны ЮНЕСКО *Дүниежүзілік табиғи мұралар* тізіміне енгізеді. Қазақстанның 11 қорығы мен ұлттық саябақтарының биосфералық резерват мәртебесі бар. Төрт биосфералық резерват пен Сайрам-Өгем ұлттық саябағы ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік табиғи мұралар» тізіміне енгізілген.



142-сурет. Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аймақтар



143-сурет. Қазақстандағы ЕҚТА қорғалатын жерлерге байланысты бөлінуі

лық аумағында қорықтық режим жүргізіледі. Оны құратын орын алдын ала мұқият таңдап алынады. Бастысы, табиғи кешендері аймаққа төн, шаруашылық қызметі мүлдем жүргізілмеген болуы шарт. Сондықтан қорықтар табиғи ландшафттар эталоны болып саналады. Қорықтардың екінші маңызды міндеті – биологиялық әралуандықты, ең алдымен сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлерін сақтау.

Қазір елімізде 10 қорық бар, оның үшеуі – Батыс Алтай, Алакөл, Қаратау қорықтары тәуелсіздік жылдарында ұйымдастырылған (145-сурет).




144-сурет. Сақалтай – қауырсын мойынды күшіген түрі – Ақсу-Жабағылы қорығының символдарының бірі

Елімізде республикалық маңызы бар 115 ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізімге алынған. Олар Қазақстан аумағының 8,2%-ын құрайды немесе 24,43 млн га (143-сурет). Өзірше бұл орташа әлемдік көрсеткіштен (14,5%) төмен. Сондықтан ЕҚТА желісін кеңейту жұмыстары одан әрі қарай жалғасуда.

**2. ЕҚТА-ның географиялық желісі: орналасуы мен құру мақсаттары.** Қорғалатын табиғи аумақтар желісін қорықтар құрайды. Қорықта табиғи кешен түгелдей қорғауға алынған.

Алғаш рет Қазақстанда және Орталық Азияда ұйымдастырылған – *Ақсу-Жабағылы қорығы* (1927 ж.). Ол Батыс Тянь-Шань (Түркістан обл.) тау табиғи кешендерінің эталоны. Онда аймақ биоәралуандығының 3/4 бөлігі мен барлық ландшафт түрлері кездеседі. 2004 жылы қорықтың Қаратау жотасындағы палеонтологиялық филиалы өз алдына *Қаратау қорығы* болып құрылды. Ол – еліміздегі ең жас қорық. Екі қорықтың да биосфералық резерват мәртебесі бар және ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік табиғи мұралар» тізіміне енген.

Таулы белдеуде тағы үш қорық бар: Іле Алатауындағы – *Алматы қорығы*, Оңтүстік Алтайдағы – *Марқакөл* және Батыс Алтайдағы – *Батыс Алтай қорықтары*. Алматы қорығындағы орман белдеуі Тянь-Шань шыршаларынан



145-сурет. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аймақтары (атаулар ҚР 2017 ж. 26 қыркүйекте шыққан №593 мәліметтері бойынша алынған.)

құралған. Мұнда марал, сібір тау ешкісі (таутеке), қар барысы, қоңыр аюдың сирек кездесетін түрі, сілеусін, ірі жыртқыш құстар (бүркіт, тазқара) және атақты көкқұс қорғауға алынған. Марқакөл қорығының символы ретінде Марқакөл көлінің өзін және онда мекендейтін жан-жануарларды атауға болады. Олар албырт тұқымдастарына жататын Марқакөл ұшқыш (ускуч) балығы. Сонымен бірге қарадегелек, марал және т.б. Қорық фаунасында аю мен сілеусін де бар. Мұнда тайга аңдары – құну мен бұлғында кездеседі.

Шөл зонасының қорықтары – *Барсакелмес, Үстірт және Алакөл. Барсакелмес қорығы* Арал теңізінің өзі аттас аралында мұнда әкелінген құлан, қарақұйрық және ақбөкен аңдарын өсіру және қорғау үшін ұйымдастырылған.

1980 жылдардың басында Арал теңізінің деңгейі түсіп кеткендіктен, Аралдың үлкен жермен қосылып кететіні белгілі болды. Сондықтан ауланған құландар мен қарақұйрықтарды «Алтынемел» болашақ ұлттық саябағына ауыстырды. Дегенмен қорық өзінің құндылығын жойған жоқ. Ғалымдар теңіз түбі құрғағаннан кейін ландшафттардың қалыптасуын бағалау мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар қорық жанында көшіру мүмкін болмаған жануарлар қалды.



146-сурет. Үстірт муфлонды. Суретті ұшқышсыз ұшатын қондырғымен түсірген, 2018 ж.

*Үстірт қорығы* Қарынжарық ойысының (Қазақстанда тереңдігі бойынша екінші – 74 м) бір бөлігі мен Үстірттің басты бөлігін қамтиды. Ол үстірт жабайы қойы – муфлонды (сирек кездесетін түр) қорғау мақсатында құрылған (146-сурет). Сирек кездесетін сондай, ол соңғы кезде жоғалып кеткен түрге жатқызылған болатын. Муфлоннан басқа да бірнеше сирек кездесетін, ерекше жануарлар түрі де мекендейді. Олардың қатарында балжегіш аю немесе қасқа борсық, қарақұйрық, ақбөкен, шөл сілеусіні – қарақал, шағыл мысығы бар. Анда-санда қабылан кездесіп қалады. Ғалымдар сілеусін кездесуі де мүмкін деседі. Соңғы рет ол бұл маңда жарты ғасыр бұрын көрінген.

Дала зонасының ландшафттары ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи мұралар тізіміне енген *Наурызым және Қорғалжың* қорықтарында сақталған.

Елімізде *ұлттық саябақтар* саны тез өсуде. Олардың саны қорықтардан көп – 13.

Қорықтар – кеңестік табиғат қорғау жүйесінің ерекше мұрасы. Оларда ондаған жылдар бойында шаруашылық жұмыстары жүргізілген емес. Тіпті ол жерлерге адам аяғы (ғылыми қызметкерлер мен қорықшылардан басқа) тиген жоқ. Осы уақыт аралығында жинақталған мәліметтер ландшафттардың шаруашылық әрекеттің әсерімен және онсыз қалай дамитынын салыстыруға мүмкіндік береді. Батыста, АҚШ-та, Еуропада ең басынан ұлттық саябақтар жүйесін құрып, одан пайда түсіру көзделген. Оларда біздегідей деректер ауқымы жоқ. Міне, сондықтан америкалық және басқа батыстық экологтар біздің қорықтарға қызыға қарап, өз жерлерінде де қорықтар ұйымдастыруда.

Ұлттық саябақтардың артықшылығы сол, онда ландшафттарды қорғау халықтың демалысы және туризммен қатаң үйлестіріледі. Ол үшін саябақ аумағында әртүрлі функциялы зоналарға бөлінеді. Ғылым үшін ең маңызды телімдерде қорықтық, ал қалған бөлігінде қорықшалық режим орнатылды. Қорықтық зонаға жақындаған сайын шектеулер көбейеді. Оның жанында тек экологиялық (табиғатқа зиянсыз, «жасыл») туризм ғана рұқсат етіледі.

Демалыс пен туризмге байланысты саябақтар құруға аумақтарды таңдау жолдары өзгереді. Өзгермеген табиғи ландшафттармен қатар, ол жерлерді туристерді қызықтыратын нысандар жылы су бөліктері болуы шарт. Ондай саябақтарға елдер «суға шомылу – жағажайлық демалыс» және «көрікті жері» үшін барады. Таулы, әсіресе биік таулы саябақтарда саяхаттаудың негізгі мақсаты – табиғаттың таңғажайыптарынан әсер алу.

Ең көп ұлттық саябақтар еліміздің оңтүстігінде – Іле Алатауы, Алтын-емел, Шарын, Көлсай көлдері, Жоңғар (Жетісу) Алатауы, Сайрам-Өгем саябақтары. Оларға көбінесе Іле аңғарының шағыл құмдарынан биік таулы көлдердің Көлсай тобына дейінгі әсем көріністердің әралуандығы төн.

Солтүстік пен орталықтың саябақтарының табиғатында ортақ жағдайлар көп, олар – гранитті массивтер, көлдер, қарағайлы ормандар. Соған қарамастан, олардың әрқайсысының өз ерекшеліктері бар.

Шығыс Қазақстандағы ең ірі Қатонқарағай саябағы ресейлік Қатын қорығымен бірге трансшекаралық «Үлкен Алтай» биосфералық резерватын құрайды.

*Табиғи резерваттар* ЕҚТА түрі ретінде алғаш рет Ертістің оң жағалауындағы қарағайлы ормандары құрылды («Семей орманы», «Ертіс орманы»). Қазір олардың саны 6-ға жетті. «Алтын дала» мен Ырғыз-Торғай резерваттары ақбөкендерді, ал «Ақжайық» пен «Іле-Балқаш» – су құстарын қорғауға арналған. Резерваттарда қорықтық режимдегі телімдер мен буферлік зоналарға бөлінеді.

1974 ж. Каспий теңізінің солтүстігінде балық ресурстарын, ең алдымен бекіре балықтарын қорғау мақсатында *қорықтық зона* ұйымдас-



147-сурет. Шарын өзені аңғарындағы шаған тоғайы (республикалық маңызы бар табиғат ескерткіші)

қорықшалар ауданы жағынан ең кішілері – *табиғат ескерткіштері*. Ескерткіштер аумағында қорықтық режим қолданылады, сирек кездесетін немесе ерекше нысандар қорғауға алынады. Мысалы, Соғдия шағаны (шетені), неоген кезеңінің реликті жалпақжапырақты ормандары (Шарын шаған тоғайы, 147-сурет).

*Сонымен, Қазақстан ландшафттарын қорғаудың негізгі бағыттарының бірі – ерекше қорғалатын табиғи аймақтар құру. Олар үшін түрлердің алуандығы мен шешілетін міндеттердің ерекшеліктеріне байланысты қорғау режимі тән болып келеді.*

#### Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер

1. АҚШ-тағы Йеллеустон ұлттық саябағы құрылған 1872 жыл – мемлекеттік табиғат қорғау аумақтарының арнаулы туған датасы болып есептеледі.
2. БҰҰ соңғы жариялаған тізімі бойынша 2018 ж. әлемде жалпы аумағы 46 млн км<sup>2</sup> (Африка материгінің аумағы 30 млн км<sup>2</sup>) болатын 238,5 мың ерекше қорғалатын аумақтар тіркелген.
3. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар дүниежүзілік мұхит бетінің 7% -ын және Жер беті құрлығының 15% -ын алып жатыр.
4. Ең үлкен теңіздік ЕҚТА – Антарктикадағы (2,1 млн км<sup>2</sup>) Росса теңізі, ал құрлықтық – Гренландия ұлттық саябағы (972 мың км<sup>2</sup>). Оның ауданы әлемнің 163 елінің ауданынан асып түседі (жекелей алғанда).
5. Табиғат қорғау саласының мамандары ЕҚТА ел аумағының 10% -ынан аспауы керек деп есептейді. Олардың пікірінше, осындай жағдайда ғана табиғаттың тұрақты дамуы және сақталуы мүмкін екен. Қазіргі кезде орташа дүниежүзілік көрсеткіш 14,5%-ға тең. ЕҚТА Канада аумағының 6,5%, Ресейдің – 7,5%,

Қытайдың – 14,5%, АҚШ-тың – 26%, Австралияның – 30%, Германияның – 39%-ын алып жатыр. Ережелілі мемлекеттерде бұл көрсеткіш 100%-ға жуықтайды. (Палауда – 83%, Монакада – 99,5%).

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Қорық ісі ғылымы қандай мәселелерді шешеді? 2. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар дегеніміз не? 3. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың қызметін қандай құжат реттейді? 4. Қазақстан ЕҚТА қорғау режимдері немен ерекшеленеді? 5. Біздің еліміздегі ЕҚТА түрлерін атаңдар.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап беріп, «Жарайсың!» деген баға ал.

1. Табиғи ортаның өзгерістеріне мониторинг жүргізілетін қорықтарды, ұлттық саябақтарды, табиғи резерваттарды ... атайды.
2. ЮНЕСКО-ның Табиғи мұралар тізіміне кіретін ЕҚТА ...
3. Қазақстанның ЕҚТА жүйесінің желісін ... құрайды.
4. Қазақстандағы алғашқы қорық...
5. Алғашқы ұлттық саябақ біздің елімізде ... жылы құрылды.

**2-тапсырма.** Картада сандармен белгіленген нысандарды анықтап, атаңдар:

- 1) Қазақстанның қорықтары; 2) ұлттық саябақтар – алғашқы, ең жас, ең аумағы



үлкен; 3) Сарыарқаның қорықтары мен ұлттық саябақтары; 4) Орталық Азия тауларының табиғи аудандарының ұлттық саябақтары мен қорықтары.

**3-тапсырма.** Параграф мәтініне сүйеніп, ерекше қорғалатын аумақтар мен онда мекендейтін жануарларды сәйкестендіріңдер.

<i>A</i>	<i>Марқакөл қорығы</i>	<i>A</i>	<i>Қар барысы, көкқұс</i>
<i>B</i>	<i>Үстірт қорығы</i>	<i>B</i>	<i>Бекіре тұқымдас балықтар</i>
<i>C</i>	<i>Алматы қорығы</i>	<i>C</i>	<i>Келес, жиекдуадақ, қарақұйрық</i>
<i>D</i>	<i>Барсакелмес қорығы</i>	<i>D</i>	<i>Жабайы қой, балжегіш, қабылан</i>
<i>E</i>	<i>«Алтын дала» табиғи резерваты</i>	<i>E</i>	<i>Құлан, қарақұйрық</i>
<i>F</i>	<i>Оңт. Қазақстан қорықтық зонасы</i>	<i>F</i>	<i>Балықшы тұйғын, ұшқыш, жарал</i>
<i>G</i>	<i>Каспийдің солтүстік бөлігінің қорықтық зонасы</i>	<i>G</i>	<i>Ақбөкен</i>

**4-тапсырма** (жұптық жұмыс). Қазақстанда жаңа қорықтар мен ұлттық саябақтар құруға болатын орындарды таңдаңдар.

Сендер өздеріңді қорық ісінің саласындағы маманы, республикалық ЕҚТА жүйесінің жобалаушылары деп есептеңдер. ЕҚТА тиімділігі жүйесінің негізгі принципі онда елдегі барлық ландшафттың әралуандығы: барлық табиғат зоналары, барлық ірі табиғи аудандар, биіктік белдеуінің барлық облыстары болуы тиіс. Сондықтан жаңа ЕҚТА (қорықтар мен ұлттық саябақтар) қандай да бір ландшафттары өлі ерекше қорғалатын аймақтар құрамына енгізілген жерлерде жобалануы тиіс.

Бұл үшін қазіргі жұмыс істеп тұрған қорықтар мен ұлттық саябақтардағы бағытты істерге талдау жасаңдар. Зерттеуді 145-суретке сүйеніп жүргізіңдер. Қорықтар мен ұлттық саябақтарды ландшафт типтері бойынша таратып жазыңдар. ЕҚТА санын анықтаңдар. Қазіргі жұмыс істеп тұрған қорықтар мен ұлттық саябақтарда қандай ландшафттар жоқ екенін анықтаңдар. Жаңа ЕҚТА құру үшін қолайлы жерлер таңдаңдар.

Таңдауларыңның негіздемесін беріңдер.

<b>Табиғи кешендер</b>	<b>ЕҚТА</b>	<b>Қорықтар мен ұлттық саябақтар мысалдары</b>
<b><i>Жазықтағы табиғат зоналары</i></b>		
Орманды дала		
...		
<b><i>Биіктік белдеулі аймақтар</i></b>		
Тянь-Шань		
...		
<b><i>Ірі табиғи аудандар</i></b>		
Батыс-Сібір		
...		

**5-тапсырма.** Қазақ тілінен алған білімге сүйеніп, Қазақстанның қорықтары мен ұлттық саябақтарының хоронимдеріне жіктеу жасаңдар. Келесі топонимдердің мағынасын түсіндіріңдер: 1) қорықтар – Қаратау, Наурызым, Қорғалжың, Үстірт, Ақсу-Жабағылы, Марқакөл; 2) ұлттық саябақтар – Көлсай көлі, Шарын, Алтынемел, Көкшетау. Олардың аттарын қазақша, орысша және ағылшынша мына үлгі бойынша жазыңдар.

Атаулары		
қазақша	орысша	ағылшынша
«Көкшетау» ұлттық саябағы	Национальный парк «Кокшетау»	National Park «Kokshetau»
Наурызым қорығы	Заповедник Наурызым	Nauryzym Nature Reserve

*Аңызда Қазақстанның қай табиғи аймағы туралы айтылғанын анықтаңдар.*

«Ертеде, өзара соғыс жылдарында бірнеше қазақ отбасы уақытша үлкен көлдің ортасындағы аралға барып бас сауғалауды жөн көреді. Қыста барлық мал-жаныммен мұз арқылы аралға аман-есен жетіп алады. Бірақ қатты дауылды жел мұз көпірді бұзып, олар қайтадан қайта алмай қалады. Қыста жертөледе тұрып, құстар мен аңдардың етімен қоректеніп, қар суын ерітіп ішіп, сексеуілді отын ғып жағып қыстап шығады. Жаз басталған соң жағдай мүлдем өзгереді. Аралдың ойыс жерлеріне жиналған қар суы кеуіп кетіп, адамдар мен мал мүлдем суыс қалады.

Ешқайсысы құрлыққа қайта оралмады. Ал көгілдір көл бетіндегі жасыл-қоңыр төбешік содан бастап «Барсакелмес» деген жұмбақ атқа ие болды.

**6-тапсырма. Саябақтар шеруі** (топтарға алдын ала берілген тапсырмалармен жұмыс).

«Саябақтар шеруі» – қорықтар, ұлттық саябақтар және басқа да ерекше қорғалатын аумақтар мерекесі. Ол АҚШ-та Жер Күнінің тақырыбы ұлттық саябақтар 1990 жылы пайда болды. Мереке жылдам дүниежүзілік сипат алды. Қазір оған жыл сайын әлемнің 200 елінен жүздеген мың адам қатысады.

Біздің елімізде «Саябақтар шеруі» 1995 жылдан бастап өткізіледі. Бірнеше күн бойы (әдетте, сәуір немесе мамырда) қорықтар мен ұлттық саябақтар өздері туралы, ғаламшардың табиғатын сақтап қалу үшін қорықтық аумақтардың әлеуметтік мәні мен маңызы туралы әңгімелеп береді. Өртүрлі байқаулар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар, ашық есіктер күні, экологиялық десанттар (қоқыстарды жинау, ағаштар мен бұталар отырғызу, бұлақ көздерін тазалау, тақырыптық көрмелер мен концерттік бағдарламалар, еріктілер көмек акциялары) ЕҚТА қолдау үшін қайырымдылық қаржыларын жинау аталып өтіледі.

Біз «Саябақтар шеруін», «Қорықтық табиғат – Жер денсаулығы» постер-парақшаларының байқауын өткіземіз. Сынып алдын ала топтарға бөлінеді. Өр топ Қазақстандағы немесе өз облысындағы ЕҚТА бірін таңдап алып, ақпарат жинайды. Сабақта жиналған ақпарат таңдалып алынған аумақ туралы әңгімелейтін постер-парақшаларға айналып, байқауға ұсынылады.

**Алдын ала тапсырма** (топтық жұмыс)

Келесі сабақтағы жұмыс үшін 37-параграфтың мәтінінен немесе облыстың (еліміздің) табиғи мұралар тізіміне енгізуге болатын кез келген ерекше табиғат нысандарын таңдап алыңдар. Буклет жасау үшін ол туралы ақпарат (географиялық орны, ерекше болуының негізі) жинаңдар.

4–5 слайдтан тұратын электронды таныстырылым құрастырыңдар.

**Картадан көрсет**

Оқулық картасынан немесе Қабырға картасынан: 1) Қазақстанның қорықтарын; 2) ең алғашқы және ең аумағы үлкен ұлттық саябақты көрсет.

**Кескін картамен жұмыс**

Кескін картаға белгілеу тәсілімен Қазақстанның қорықтарын түсіріп, олардың аттарын жазыңдар. Белгілер жанына олардың құрылған жылын көрсетіңдер (145-суретке қараңдар). Түсірген қорықтарыңның атауларын, орналасқан жерлерін еске сақтаңдар. Картадан жылдам тауып көрсетуді үйреніңдер. ЕҚТА бойынша номенклатураны бағаға тапсырыңдар.

**Сенің көзқарасың**

Біздің елімізде қорықтарды ұлттық саябақтарға айналдыруды жақтайтын сарапшылар бар. Олардың пікірінше, бұл туристер санын қосымша көбейтуге пайдасын тигізеді, тиісінше оларға қызмет көрсетуден түсетін кіріс мөлшері артады. Бұл кірістер қорғалатын аумақтың қаржылық жағдайын айтарлықтай жақсартады. Сендер қалай ойлайсыңдар?

**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше жауаптар)

- ЕҚТА-ға кіретін нысандар:
  - табиғат эталондары; ә) елді мекендер; б) ерекше жерлер мен реликтілер;
  - шахталар мен карьерлер; г) генофондтар қоймасы.
- Барлық шаруашылық қызметінің түріне тыйым салынатын толықтай қорғау режимі:
  - қорықшылық; ә) саябақтық; б) қорықтық; в) реттелетін; г) дәстүрлік.
- Біздің еліміздегі ЕҚТА түрлері:
  - 3; ә) 5; б) 7; в) 9; г) 11.
- Қазақстанда ЕҚТА-ға жататындар:
  - тың жерлер, ә) ұлттық саябақтар; б) қорықтар; в) табиғат ескерткіштері; г) ұлттық әсем соқпақтар.
- Қазақстандағы қорықтар саны:
  - 10, ә) 5, б) 20; в) 7; г) 2.

6. Қазақстандағы ұлттық саябақтар:

а) Бурабай; ө) Қарқаралы; б) Батыс Алтай; в) Марқакөл; г) Алматы.

7. «Семей орманы», «Ертіс орманы» табиғи резерваттарында ... қорғалады.

а) құландар мен қарақұйрықтар; ө) таспалы қарағайлы ормандар;

б) сексеуіл; в) су құстары ұя салатын орындар; г) арқарлар.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Менің облысымдағы ерекше қорғалатын табиғи аймақтар.

2. Қазақстандағы қорықтық істің даму болашағы.

3. Биосфералық резерваттар – биосфера тұрақтылығының тірек қаңқасы.



### Рефлексия («Бұлтты кесек» төсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: берілгендерден 1 сөйлемді таңдап алып, аяқтаңдар.

*Мен бүгін ... түсіндім.*

*Енді мен ... жасай аламын.*

*Мен ... үйрендім.*

*Маған әсіресе ұнағаны ...*

*... білу қызықты болды.*

*... қиын болды.*

*Менің жасағым келгені ...*

*Сабақ мені ойландырды.*

*Бүгін мен жасай алдым.*

## §37. Қазақстанның табиғи мұралары

### Естеріңе түсіріңдер

- Қазақстанның жеті тарихи-мәдени мұралары.

**!** Жұмыс жасауға оқулықтың 1-бөлімі қажет болады.

**1. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралары туралы ұғым.** Сендер адамзат үшін әмбебап құндылығы бар табиғи және мәдени нысандар ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұраларының тізіміне енетінін білесіңдер. Ондай тізім 1972 жылы тиісті халықаралық конвенция қабылданғаннан бастап жүргізіліп келеді.

Бұл жұмыстың бастамасы 1960 жылдардың аяғында Мысырдағы Әбу-Симбел ғибадатханасын Асуан суқоймасының суы басқан кезде басталды. ЮНЕСКО тарихындағы бұл ірі жобаға 50-ден астам мемлекет қаржы бөлді.

Конвенцияның негізіне аса құнды мәдени ескерткіштер мен табиғат нысандары олар орналасқан елге ғана емес, Жер бетіндегі барлық адамдарға тиесілі екендігі туралы идея алынған. Сол себепті оларды сақтап қалу жауапкершілігін барлық халықаралық қоғамдастық өз мойнына алады.



148-сурет. ЮНЕСКО сайтындағы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұралар нысандарының географиясы (жасыл белгілер – табиғи нысандар, сарылар – мәдени, қызылдар – аралас нысандар)

2019 жылдың басында ЮНЕСКО-ның табиғи мұралар тізімінде 167 елдегі 1092 нысан болды. Оның ішінде 845 мәдени нысан, 209 табиғи және 38 аралас нысандар бар. Бірнеше елдің аумағында орналасқан 37 трансшекаралық нысан бар (148-сурет). ЮНЕСКО-ның табиғи мұраларының ең көп нысандары Қытайда (17), Австралияда (16), АҚШ-та (12), Ресейде (11) және Канадада (11) орналасқан.

ЮНЕСКО тізіміне кіретін табиғи нысандарға:

- 1) табиғатының асқан әсемділігімен ерекшеленетіндер;
- 2) жердің геологиялық тарихын, ғаламшардағы тіршіліктің дамуын, жер бедерінің формалары мен олардың қалыптасу үдерістерін көрсететін;
- 3) экожүйе эволюциясындағы қазіргі экологиялық және биологиялық үдерістерді көрсететін;
- 4) сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың мекендейтін табиғи ортасы болып табылатындар енді.

ЮНЕСКО-ның тағы бір шарты: дүниежүзілік мұралар нысандары ерекше қорғалатын табиғи нысандар құрамына енуі тиіс. Ондай нысандардың болуы – кез келген ел үшін мақтаныш. Олар мемлекетті әлемге танытып, халықаралық брендке айналады, туристерді тартады.

**2. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи мұраларына енген қазақстандық нысандар.** Қазіргі уақытта ЮНЕСКО тізімінде 5 қазақстандық нысандар бар. Олардың үшеуі мәдени мұралар: 1) Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (2003 жылы енгізілген); 2) Таңбалы тас археологиялық ескерткішінің петроглифтері (2004); 3) Чаньянь-Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолы нысандары (2014). Екі табиғи мұралар нысандары бар. Олар: 1) «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан жазықтары мен көлдері» (2008) және 2) «Батыс Тянь-Шань» (2016). Батыс Тянь-Шань – трансшегаралық нысан. Ол біздің еліміздің, Қырғызстан мен Өзбекстанның ЕҚТА құрайды.

«Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның жазықтары мен көлдері» номинациясы (аталымы) екі қорықты – Наурызым (еліміздегі ең ежелгі қорықтардың бірі) және Қорғалжың – ең ауданы үлкен (0,5 млн га-дан астам) қорықтарын біріктіреді. Олардың биологандылығын екі фактор анықтайды. Біріншісі, құстардың маусымдық орын ауыстыратын жолы өтетін Торғай қолатында орналасу ерекшелігі. Екіншісі орман, дала, шөлейт және көлді-батпақты ландшафттардың қолайлы үйлесімі. Құс қайтқанда көлдерде 15 млн-нан астам су құстары аялдайды. Тағы 1 млн-нан астамы ұя салады. Олардың ішінде қоқиқаз ерекше орын алады. Теңіз көлі – қоқиқаздар ұя салатын ғаламшардағы ең солтүстіктегі көл (149-сурет).

Наурызым қорығының қарағайлы ормандарының табиғаты ерекше (150-сурет). Қарағайлы ормандар – жыртқыш құстар – бүркіт, түз қырандары ұя салатын қолайлы жерлер болып табылады.

Номинациялық үшінші ерекше элементі – аумағының 1%-ы ғана қорғалатын Еуразияда аз кездестін тың далалар.



149-сурет. Қоқиқаз



150-сурет. Наурызым қарағайлы орманы



151-сурет. Ақсу-Жабағылы қорығындағы Ақсу өзенінің каньоны

«Батыс Тянь-Шань» номинациясы Қазақстанда үш кластерден – Ақсу-Жабағылы (151-сурет), Қаратау қорықтары мен Сайрам-Өгем ұлттық саябағынан құралады.

Номинацияның әлемдік құндылығын төрт фактор анықтайды. *Біріншіден*, Батыс Тянь-Шань – мәдени өсімдіктердің таралу орталықтарының бірі. Алманың осында өсетін әр алуан сорттары (10 мыңдай) Сиверс алмасынан таралатыны генетикалық жолмен анықталған. *Екіншіден*, дүниежүзінде жәндіктердің қазба қалдықтарының ең бай түрлері (1200) сақталған мұндай жер әлемде жоқ. Жәндіктерден басқа балықтардың, су тасбақаларының, қолтырауындар мен ұшатын птерозаврлардың, динозаврлардың сүйегінің жақсы сақталған таңбалары табылған. Барлық осы жануарлар 150 млн жыл бұрын Мезозойлық көлдің жағасында тіршілік еткен. *Үшіншіден*, ЕҚТА қазіргі кезде сирек кездесетін түрлердің – қар барысының, арқардың саны аз қалған екі түрінің, ең кішкентай тау суырының (Мензбир суыры), жайраның (кірпінің бір түрі) сақталуында маңызды рөл атқарады. *Төртіншіден*, мұнда Батыс Тянь-Шаньның түгелдей дерлік ландшафт түрлері мен биоалуандығының 3/4-і сақталған. Тек жоғары сатыдағы өсімдіктер саны 1400-ге жетеді (Батыс Тянь-Шаньда барлығы 1700 түрі бар).



152-сурет. Сайрам-Өгем ұлттық саябағы. Сусиңген көлі



153-сурет. Қиын Керіш қыратындағы түрлі түсті саздар

**3. Қазақстан аймақтарының табиғи мұралары.** Біздің еліміздің табиғи мұралары көп әрі сан алуан. Оның әр бұрышында қайталанбас әдемілігі, ерекшелігі мен ғылыми және мәдени маңызына байланысты өздеріне назар аудартатын табиғаттың ғажайыптары кездеседі. Олардың кейбірі бұрыннан белгілі мемлекеттік қорғауға алынған. Кейбіреулері қазір ашылып жатыр. Мұнда «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» ұлттық жобасы үлкен рөл атқарады.

Табиғи мұралар мәртебесіне толығымен лайық болатын нысандарға мысалдар келтірейік.

Шығыста – Мұзтау (Белуха), Көккөл – Алтайдағы ең биік сарқырама. Марқакөл – еліміздегі ең ірі таулы көл. Шыңғыстауда аймақтың белгілі киелі жері Қоңыр өулие үңгірі бар.

Ғылым үшін аса маңызды нысандардың бірі – Қиын Керіш қыратындағы палеоген мен неогендік геологиялық кесінді. Онда ғалымдарға 25 млн жыл бұрынғы флораны анықтауға мүмкіндік берген өсімдіктер таңбалары табылған. Осы уақыт ішінде Жайсаң ойысын тропиктік және жылы қоңыржай факторларының арасындағы шегара екі рет кесіп өткен екен.

Қазақстанның орталығында көптеген керікті табиғи нысандар – қуыс текшелер, «қалталар», таңғажайып пішінді жартастар, үңгірлер мен шағын көлдер граниттердің үгілуімен байланысты.

Табиғи мұралар шоғырланған жерлер – еліміздің оңтүстігі. Оның туристік символдары – атақты Хан Тәңірі шыңы, таңғажайып Шарын каньоны, «Әнші құм». Олармен қатар аса танымал емес табиғат ескерткіштері орналасқан (154-сурет).

Алматы облысымен шегарада гидрологиялық ғажайып, әлемдегі жалғыз тұщы-тұзды сулы көл – Балқаш созылып жатыр. Мұнда ірі курорттық аудан қалыптасуда. Негізгі емдік факторлар – минералды суы мен батпақтары.

Еліміздің солтүстігінде 4 ұлттық саябақ бар. Мұнда ең көп республикалық маңызы бар табиғат ескерткіштері орналасқан. Сырт бейнесі таңғажайып формалы жартастар да көп. Олардың көпшілігі осындай ерекшеліктеріне байланысты табиғи мұра мәртебесіне лайық (155-сурет).

Батыста да қызықты табиғи нысандар көп (156-сурет). Олардың ішінде Үстірт жотасы, Қарақия мен Қарынжарық ойыстары, Возжыра шатқалы, атақты «Шарлар сайы» бар.

Каспий теңізі – өзіндік ерекшелігі бар ең ірі құрлықшілік теңіз. Оның үс-



154-сурет. Тұйықсу мұздығындағы «Тас саңырауқұлақ» – мұзға қатып қалған үлкен қойтас



155-сурет. Баянауыл ұлттық саябағындағы Кемпіртас жартасы



156-сурет. Маңғыстау тауларындағы «Шарлар сайы»



*157-сурет.* Бозжыра шатқалындағы «Шыңдар» – Азу тістері –  
 Үстірт жотасындағы қатты жыныстар қалдықтары (сол жақта) және сор  
 қоршауындағы Қарынжарық ойысының қалдық таулары (оң жақта)

тімен дүниежүзілік маңызы бар құстардың маусымдық келуі мен қайту жолы өтеді. Ол Еділдің атырауында аяқталады. Олардың ұя басуына арнайы (Ақжайық) табиғи резерват ұйымдастырылған. Каспий (Комсомол шығанағы) – Қазақстандағы қоқиқаз ұя салатын үш орынның бірі. Мұндағы тағы бір ерекше жануар – *Каспий итбалығы* еліміздегі теңіз фаунасының бірден-бір өкілі. Бірақ ол үшін ерекше қорғалатын аумақ ұйымдастырылмаған.

*Сонымен, біз еліміздегі табиғи мұралардың шағын бөлігін қарастырдық. Олар – тек қазақстандықтар үшін ғана емес, саны жыл сайын өсіп келе жатқан шетелдік туристердің де тәтті болатын нысандары.*

#### **Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

Мысыр перғауыны Рамзес II мен оның жұбайы Нефертаридың гибадатханасы Өбу-Симбелдің маңдайының биіктігі 31 метр және ені 38 метр болатын жартастан қашалған. Үлкен гибадатханадағы маңдайындағы тақтада отырған төрт перғауынның мүсімімен безендірілген. Бұл мүсіндердің биіктігі 20 метрдей, ал әр мүсіннің басы 4 метрге жетеді. Әр мүсіннің салмағы 1200 тоннадай. Үдгірлік гибадатхана кешені өзеннен 65 метр биіктікке және 200 метр алысырақ жылжытылған. Гибадатхананы орнынан жылжыту үшін әрқайсысы 5-тен 20 тоннаға дейін болатын 1036 блок кесілген.

Өбу-Симбелді сақтап қалу үшін Мысырдың бұрынғы президенті Анвар Садат: «Жер бетіндегі халық жақсы ниетпен бірігетін болса, ғаламат туындыларды өмірге әкелер еді» деген еді.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

### ? Өзіңді тексер!

1. Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраларды қорғау жөніндегі Конвенция қай жылы қабылданды?
2. БҰҰ-ның Конвенция қабылдауына не себеп болды?
3. Оның негізгі идеясы қандай?
4. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік табиғи және мәдени мұралар тізіміне нысандар қандай критерийлері бойынша таңдап алынды?
5. Қазақстанның қай нысандары тізімге бірінші болып енді?
6. Қазақстандағы дүниежүзілік мұралар қатарындағы нысандарды ата.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Параграфтың 1-тақырыпшасының мәтінімен танысыңдар. Дәптерге конспекті түрінде: Дүниежүзілік мұралар тізімін жасайтын ұйымның атын; бұл жұмыстың басталған жолын; тізімге кіру үшін нысандарға қойылатын төрт критерийді жазыңдар.

**2-тапсырма.** Дүниежүзілік табиғи мұралардың қазақстандық атауларының сипаттамасын зер салып оқыңдар. Оны дәптерлеріңе жазыңдар. Олардың қандай критерийлер бойынша таңдалып алынғанын анықтаңдар.

**3-тапсырма** (топтық жұмыс). «Табиғи мұралар жөніндегі комиссия отырысы» атты оқу-рөлдік ойын.

Топтарға бөлініңдер. Сарапшылар кеңесін таңдап алыңдар.

*Топтарға тапсырмалар:*

Параграфтың 3-тақырыпшасындағы мәтіннен немесе өз қалауларың бойынша аймақтың (ұлттық, әлемдік) табиғи мұралар тізіміне лайық бір табиғи нысанды таңдап алыңдар. Таңдап алу себептеріңді түсіндіріңдер.

**4-тапсырма.** Таңдап алынған нысан бойынша ақпарат іздеп табыңдар. Табиғи мұра тізіміне ену үшін ЮНЕСКО қабылдаған форма бойынша «Номинация құжаттарын» безендіріңдер (постер, электрондық таныстырылым және т.б.).

**Табиғи мұралар тізіміне енгізу үшін «Сарыарқа, Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері», «Номинация құжаты»**

*Құрылымы:* 1) қатысушы мемлекет; 2) облыс; 3) атауы; 4) меншіктігі (қорық, ұлттық саябақ, табиғат ескерткіштері және т.б.); 5) градусық дәлдікке дейінгі географиялық координаталары; 6) ұсынылған нысанның шегаралық сипаттамасы; 7) карта; 8) айрықша әмбебаптылық құндылығы туралы негіздеме; 9) ұсынылатын нысанға қатысты критерийлер; 10) орындаушылар.

**5-тапсырма.** Номинация құжатын сараптамалық комиссия қарауына ұсыныңдар. Өздеріңнің электронды таныстырылымдарыңды көрсетіңдер. Қорытынды жасаңдар: ең үздік номинацияны таңдап алыңдар.

**6-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап беріп, «Жарайсың!» деген баға ал.

1. Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұралар тізімін жасайтын халықаралық ұйым ...
2. Дүниежүзілік мұралар тізімі ... жылдан бері жүргізіледі.
3. Қазақстанның табиғи мұраларынан Дүниежүзілік тізімге енген атаулар ...
4. Наурызым мен Қорғалжың қорықтары ... атауларына енді.
5. «Батыс Тянь-Шань» халықаралық атауына Қаратау қорығы және ... енді.



### Картадан көрсет

Қабырға картадан Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұраларының нысандарын көрсетіп, олардың географиялық жағдайын сипатта. Қай облыстар қандай жер бедерінің формаларында орналасқанын көрсет.



### Кескін картамен жұмыс

Өздеріңнің жеке тәжірибелеріңді, сыныптастарыңның білімі мен әдеби ақпараттарды пайдаланып, өз облыстарыңдағы белгілі табиғи әсем жерлерді кескін картаға түсіріңдер. Оны табиғи мұра ретінде қалай бағалайсыңдар? Осы нысандарды топсеруенде, туристік маршруттар бойынша көріп, олар жайлы көбірек білгілерің келе ме?



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Менің облысымның көзтартарлық нысандары.
2. «Менің облысымның (Қазақстанның) табиғи мұралары» интерактивті картасын құру.



### Кітап сөресі

*Интернет желісіндегі мекенжайлар*

1. <https://whc.unesco.org/ru/list/> – Официальный сайт Центра Всемирного наследия ЮНЕСКО.
2. <http://ru.unesco.kz/> – Сайт Бюро ЮНЕСКО в Алматы.



### Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)

Сабактағы өз жұмысыңа талдау жаса: мәтіннің шетін қарындашпен «+» – білемін «!» – жаңа білдім, «?» – білгім келеді деген белгілерді сал.

### §38. Ноосфераны қалыптастырудағы Қазақстанның рөлі

#### Естеріңе түсіріңдер

- Биосфера дегеніміз не?
- Биосфераның ғаламдық өзгеруі немен аяқталады?

1. **Жердің тіршілік қабығы: биосферадан ноосфераға.** «Ішкі сулар» тақырыбын өткенде сендер біздің елімізге тікелей қатысы бар Орталық Азиядағы ірі экологиялық апат туралы айттыңдар. Бұл – бірнеше ұрпақтың көзінше құруға айналған Арал теңізінің қасіреті. Бірақ Арал теңізінің қасіреті – бүкіл биосфераға айтылған бір ғана ірі жаһандық экологиялық дағдарыстың көрінісі болып табылады.

Жаһандық экологиялық дағдарыс – өркениеттің *техносфералық* даму жолының нәтижесі (158-сурет). Оның дамуы XVIII ғасырдағы өнеркәсіптік төңкерістен бастау алған. Осы кезден бастап техника шұғыл дами бастады. Табиғатты жаулап алу саясаты жүзеге асып, табиғи қорларды шексіз қолдану кең етек алды.



158-сурет. Өркениеттің даму жолдары

Техносфераның дамуы табиғи ортаның теңдессіз өзгерісімен бірге жүрді (158-сурет). Оның тереңдегені соншалықты, одан арғы өзгерістер ғаламдық экологиялық апатқа және адамзаттың жойылып кетуіне әкеліп соғады.

Аман қалу мен алға дамуды қамтамасыз ету үшін адамзат ноосфералық даму жолына түсуі қажет. *Ноосфера* – Жердің ойлау қабығы, ақыл-ой сферасы (*ноос* – грек тілінен аударғанда – ақыл, сана). Ноосфера түсінігі мен терминінің пайда болуы екі әйгілі кеңес ғалымы Владимир Иванович Вернадский мен француз ғалымы Эдуард Ле Руаның есімдерімен байланысты. В.И. Вернадский Жердің ойлау қабығы туралы негізгі идеяларды қалыптастырса, Э. Ле Руа оған «ноосфера» деген атау берді.

Академик Вернадский саналы адамның пайда болуымен биосфераның биологиялық эволюциясы аяқталды деп есептеді. Адам ақыл-ойынан артық жетілген нәрсе жасалуы мүмкін емес. Адамзат басты геологиялық күшке, яғни табиғатты қайта жасаудағы шешуші факторға айналғанда, биосфера тарихы аяқталып, ноосфера тарихы басталады.

Сонымен, Вернадский бойынша, ноосфера – келесі биосфераның жоғары даму сатысы. Бұл – адамның саналы қызметі арқылы өзгерген литосфера, атмосфера, гидросфера және тірі ағзалар әлемі компоненттері болып саналатын Жер қабығы. Ғалым уақыт келгенде ол біртіндеп Жерді қоршаған ғарыш кеңістігіне таралатынына сенімді болды.

Вернадский үшін: адам – ең алдымен сана иесі. Ол ғаламшарда оны ақылмен, көрегендікпен, табиғат пен адамдарға еш зиянын тигізбей өзгерістер жасай отырып, билік жүргізе алатынына сенді. Академик сонымен қатар Жер бетінде «ақыл-ой патшалығы» орнайтындай қажетті жағдайларды болжай білді. Бұл жағдайларды өркениеттің ноосфералық даму принциптері деп санауға болады.

В.И. Вернадскийдің ноосфера және ноосфералық даму идеяларын климатологтар бар дауыспен ғаламдық жылынудың қаупі туралы айта бастаған. Ол 1960 ж. бастап ерекше өзекті бола бастады. Олар әртүрлі елдердің, БҰҰ қоса алғанда, көптеген халықаралық ұйымдардың эколог-ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің жұмыстарынан көрініс тапты. Бұл жұмыстардың нәтижесі және ноосфералық даму жолына түсудің алғашқы қадамы – *тұрақты даму концепциясы* болды. Оның негізіне келесі түсініктер алынды:

- 1) Жер бетіндегі қазіргі табиғат жағдайларын сақтап қалмай өркениеттің аман қалуы мүмкін емес;
- 2) адамзат биосфераны өзгертудің басты факторы бола отырып, оның кейінгі эволюциясы үшін өзіне жауапкершілік алады;

3) бұл үшін барлық адамзат қолдайтын тұрақты, ноосфералық даму-дың әлемдік стратегиясы қажет;

4) мұндай стратегияны жүзеге асыру ноосфералық даму бойынша біртұтас экологиялық кеңістік пен мемлекетаралық ұйымның болуын қажет етеді.

**2. Қазақстанның ноосфераның қалыптасуына қосқан үлесі.** Қазақстанның ноосфералық қалыптасуға қосқан үлесі ретінде барлық ақылға қонымды әрекеттерді жатқызуға болады.

*Техносфера* (өндіріс және инфраструктура) деңгейінде:

- «жасыл» энергетиканы дамыту;
- экологиялық таза технологияларды енгізу;
- қауіпті және зиянды өндірістерді жабу, АЭС қоса алғанда;
- Арал теңізі үшін күрес жүргізу.

*Әлеуметтік сфера* деңгейінде (барлық жүйемен байланыста – отбасынан халықаралыққа шейін):

- Семей ядролық полигонын жабу;
- атомдық қарудан бас тарту;
- халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу;
- әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съездерін өткізу;
- жауапты ішкі саясат;
- қазақстандық ұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын жаңғырту;
- дүниежүзілік білім мен мәдениетті дамыту;
- еліміздің мәдени мұрасын сақтау.

*Геофера* деңгейінде (географиялық қабық): ЕҚТА жүйесін жедел дамыту.

*Сонымен, эволюция барысында биосфераның ноосфераға (ақыл-ой сферасына) көшуі іске асады. Ноосфераның қалыптасуына біздің мемлекетіміз лайықты үлес қосады.*

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОГЫ



### Өзіңді тексер!

1. «Ноосфера» терминін қандай ғалымдардың есімдерімен байланыстырады?
2. В.И. Вернадский ноосфера туралы ілімге қандай үлес қосты?
3. «Адамзат ХХ ғасырда биосфераны техносфералық жағдайға жеткізу үшін айтарлықтай жетістіктерге жетті» деген тұжырымға мысалдар келтіріңдер.
4. Ноосфера туралы ілімнің үш жағдайын келтіріңдер.
5. Неліктен адамзаттың ноосфералық даму жолына өтуі қажетті болып саналады?




### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Параграфтың 1-тақырыпшасындағы мәтінді оқып шығыңдар. Ол бойынша қысқаша тезистік жоспар құрастырыңдар. Онда: 1) ноосфера туралы ілімді құрған ғалымдардың аты-жөнін; 2) ілімнің басты жағдайларын; 3) адамзаттың ноосфералық даму принциптерін көрсетіңдер.

**2-тапсырма.** Біздің ғаламшарымыздың табиғаты түрлі шаруашылықты игерудің салдарынан бүлінуге ұшырап жатады. Оған мысалдар келтіріп 158-суретті талдаңдар. Қалай ойлайсыңдар, адамзаттың азып-тозу үдерістерін тоқтатуға бола ма?

**3-тапсырма.** Төмендегі суретке талдау жаса. Эволюциялық үдеріс негізінде географиялық қабық бірінші биосфераға, одан биосфера ноосфераға өзгеру себебі жөнінде өңгіме құрастыр. Ноосфераның жаратылыстану-ғылымдық және философиялық түсінігі арасындағы айырмашылықты анықта.



Жердің тіршілік қабығының дамуы: биосферадан ноосфераға дейін

**4-тапсырма.** Сыныптастарыңмен «Қазіргі биосфера ол – ноосфера, әлде адамзат әлі де ноосфераға баратын жолда ма?» тақырыбы бойынша талқылау жүргізіңдер. Екі топқа – оптимистер және скептиктер (күмәншілдер) болып бөлініңдер.

Модератор таңдап алыңдар. Оптимистердің ұстанымы – биосфера өз дамуының ең жоғарғы стадиясына – ноосфераға өтті. Скептиктердің ұстанымы – егер Вернадскийдің принциптеріне сүйенсек, биосфера ноосфералық стадиядан әлі алыс. Кесте мен білімдеріңе сүйеніп, өз ұстанымдарыңды негіздеу үшін дәлелдер қарастырыңдар. Пікірталасқа қатысыңдар.

Пікірталас барысында орындалған шарттарды «плюс», орындалмағандарын «минус» таңбаларымен белгілеңдер. Талдаудың қорытындысын жасаңдар. Тұжырым жасаңдар (пікірталас тақырыбында келтірілген сұрақтарға жауап беріңдер).

	Ноосфераның қалыптасу шарттары	Қазіргі кезең
1	Барлық ғаламшарларға адамдардың қоныстануы	
2	Коммуникацияның және байланыстың бірден түбегейлі өзгеруі	
3	Елдермен жан-жақты байланыстың артуы	
4	Адамзаттың ірі геологиялық күшке айналуы	
5	Адамның ғарышқа шығуы – биосфера шегарасының кеңеюі	
6	Жаңа энергия көздерінің ашылуы	
7	Барлық нәсілдер мен діндерге адамдардың теңдігі	
8	Халық массасының сыртқы және ішкі саясат мәселелерін шешудегі рөлінің артуы	
9	Білім беру мен тіршілікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесі	
10	Аштық, тойып тамақ іспеу, кедейшілік, ауруды жою мүмкіндіктері	
11	Өсіп келе жатқан тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін Жер табиғатын дұрыс өзгерту	
12	Адамзаттың өмірінде соғысты болдырмау	

**5-тапсырма.** Параграфтың 2-тақырыпшасында Қазақстанның ноосфера қалыптасуындағы рөлі туралы айтылып, жекелеген нақты мысалдар келтірілген. Біздің еліміздің тағы да *техносфера*, *элеуметтік сфера* мен *геосфера* деңгейіндегі ноосфераның философиялық түсінігін қалыптастыруда Қазақстанның қосқан үлесіне куә болатындай іс-әрекеттерін атаңдар.

**6-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап беріп, «Ноосфера туралы ілімнің білгірі» атағын жеңіп ал.

1. Өркениеттің техносфералық даму жолының бастауы ... тұр.
2. Ноосфера – ...
3. Ноосфера түсінігі мен терминінің пайда болуы ... есімдерімен байланысты.
4. Ноосфера терминін ғылымға енгізген ...
5. Биосфераның ноосфера сатысына өту жағдайларын белгілеген ...



### Сенің көзқарасың

В.И. Вернадский 1930 жылдардың өзінде ақыл-ой патшалығы ретінде болжаған адамзат болашағының концепциясын жасаған болатын. Қазіргі кейбір ғалымдар өркениеттің тез арада және болмай қоймайтындай құрып кетуіне болжам жасайды. Сендер қалай ойлайсыңдар, адамзат болашағын сендер қалай елестетесіңдер? Болашақ үшін күресу қажет пе? Ол бізге байланысты ма?



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Вернадскийдің биосфера мен ноосфера ілімінің қазіргі мәні.
2. Ноосфера туралы ілім және тұрақты даму концепциясы.
3. Әлем мен Қазақстан үшін БҰҰ-ның мыңжылдық мақсаттары.



### Кітап сөресі

*Интернет желісіндегі мекенжай*

1. <https://www.un.org/ru/sections/what-we-da/promote-sustainable-development/> – Тұрақты даму бойынша БҰҰ комиссиясының арнаулы сайты.



### Рефлексия (\*Үш сұрақ\* әдісі)

Сабақтағы өз жұмысыңды бағала: бүгінгі өткен тақырыпқа 3 сұрақ құрастыр.



## ТАБИҒИ-АУМАҚТЫҚ КЕШЕНДЕР

### Сендер білетін боласыңдар:

- Қазақстан қандай ірі табиғи аудандарға бөлінетінін;
- адам табиғат ландшафттарды қалай игергенін және қалай өзгерткенін.

### Сендер үйренесіңдер:

- ірі табиғи аймақтың сипаттамасын құрастыруды;
- шаруашылық қызметтің әсерімен ландшафтың өзгеру деңгейін анықтауды.

### §39. Қазақстанның ірі табиғи аумақтары

#### Естеріңе түсіріңдер

- Жер бетіндегі ең ірі табиғи кешен.
- Географиялық қабық қандай зоналық және а зоналық табиғи кешендерге бөлінеді?
- Қазақстан қандай ірі табиғи аудандардан тұрады?

1. Қазақстанның ірі табиғи (физикалық-географиялық) аудандары. Сендер еліміздің зоналық табиғи кешендерін, табиғат зоналарын оқып,

зерттедіңдер. Енді біз ірі аоналық табиғат кешендеріне немесе ірі табиғи аудандарға (физикалық-географиялық) талдау жасауымыз керек.

Қазақстан аумағындағы ірі табиғи (физикалық-географиялық) аймақтарды бөлу табиғи немесе *физикалық-географиялық аудандастыру* деп аталады. Табиғи аудандарды бөлудің негізіне *геологиялық құрылым, жер бедерінің ерекшеліктері мен климаттағы басты айырмашылықтар* жатады. Демек, табиғи аудандар – геологиялық құрылымы жер бедері және климатының ерекшеліктері бойынша бөлінетін аоналық табиғи кешендер – Қазақстанның ірі аумақтары болып саналады. Осыдан келіп, кез келген ауданның қысқаша өзіндік анықтамасын беруге болады. Мысалға, Батыс-Сібір ауданын алайық. «Батыс-Сібір – ежелгі қатпарлануға жататын табиғи аудан; оның негізінде жер бедері бойынша Солтүстік Қазақ (Батыс-Сібір) жазығы болып саналатын жас платформаның плитасы орналасқан».

Осы белгілері бойынша географ ғалымдар Қазақстан аумағын 7 ірі табиғи ауданға бөледі (159-сурет): 1) Шығыс Еуропа жазығы; 2) Батыс-Сібір; 3) Тұран; 4) Орал; 5) Сарыарқа; 6) Оңтүстік Сібір таулары; 7) Орталық Азия таулары.



159-сурет. Қазақстанның ірі табиғи аудандары

Картадан көрінгендей, толығымен біздің еліміздің аумағында орналасқан табиғи аудан – Сарыарқа. Қалған аудандар – көрші мемлекеттердің де аумағын қамтитын үлкен трансшеғаралық табиғи аудандардың бөліктері болып табылады.

Аудандардың атынан байқалып тұрғандай, әр ауданның шегарасын геологиялық (тектоникалық) құрылымымен сипатталатын ірі жер бедерінің формалары – таулар мен жазықтар анықтайды. Мысалы, Шығыс-Еуропа жазығы, ежелгі Шығыс-Еуропа платформасында қалыптасқан. Сарыарқаның тектоникалық негізін қазақстандық геологтар жас платформаның қалқаны – *Қазақ қалқаны* деп атайтын каледон және герцин қатпарлану облысы құрайды.



160-сурет. Ірі табиғи аудандарына сипаттама берудің тірек сызбасы

Геологиялық құрылым пайдалы қазбалар жиынтығы мен табиғи ауданның жер бедерін анықтайды. Жер бедері климаттық жағдайларға әсерін тигізеді. Өз кезегінде климат пен жер бедері ішкі сулардың – өзендердің, көлдердің, мұздықтардың сипатын береді. Осының негізінде зоналық факторлардың әсерімен зоналық табиғат кешендері – табиғат зоналары қалыптасады. Зоналық табиғи кешендерді сақтап қалуда еліміздің табиғаты мен барлық жер биосферасының тұрақтылығының тірегі болып саналатын ерекше қорғалатын аумақтар маңызды рөл атқарады. Мына логикалық Қазақстанның ірі табиғи аудандарының географиялық сипаттамаларын құрастыруға (физикалық-географиялық) көмектесетін тірек сызба көрсетілген (160-сурет).

**2. Қазақстанның ірі табиғи аудандарын топтастыру.** Геологиялық құрылымы мен жер бедеріне байланысты еліміздің ірі табиғи аудандары 3 топқа бөлінеді. 1-топты ежелгі және жас платформалар аумағында орналасқан *жазық табиғи аудандар* құрайды. Олар – Шығыс-Еуропа жазығы, Батыс-Сібір және Тұран жазығы. 2-топқа жаңа тектоникалық кезеңінде аздап көтерілген, қатпарлы аймақтарда орналасқан *аласа таулы табиғи аудандар* жатады. Бұл топқа жататындар – Орал мен Сарыарқа. 3-топты неоген-төрттік кезеңде қатты көтерілген *биік таулы аудандар* құрайды. Бұл топқа Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияның таулары кіреді.

**Сонымен,** ландшафтты құрайтын а зоналық факторлардың әсерімен еліміздің аумағында 7 ірі табиғи аудан қалыптасқан. Олар геологиялық құрылымы мен жер бедерінің ерекшеліктері, климаттық жағдайлары және табиғат зоналарының өзіндік үйлесімі арқылы бөлінеді.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Табиғи аудан дегеніміз не?
2. Қазақстанды неше ірі табиғи аудандарға бөледі? Оларды ойша атап шық.
3. Әртүрлі табиғи аудандарды қандай факторлар анықтайды?
4. Батыс-Сібірдің анықтамасындай етіп Тұран, Орал, Шығыс-Еуропа жазықтарына қысқаша сипаттама бер.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Қазақстан аумағындағы нысандар тізімін қарап шығындар: Тұран, орманды дала, Сарыарқа, шөл, Орал, Батыс-Сібір, дала, Шығыс Еуропа жазығы, Орталық Азия таулары, шөлейт. Осы тізімнен нысандар топтарын бөліңдер. Әр топ қандай белгілері арқылы бөлінгенін айтындар.

**2-тапсырма.** 160-сурет бойынша Қазақстанның ірі табиғи аудандарының тізімімен танысындар. Олардың атаулары мен орналасқан жерлерін естеріңде сақтаңдар. Тектоникалық карта мен табиғи аудандардың сызбасы бойынша осы облыстар мен ірі табиғи аудандардың шегараларын салыстырыңдар. Олардың шегаралары сәйкес келе ме? Анықтаңдар.

**3-тапсырма** (топпен). Тапсырманы орындау үшін жұмыс тобын құрыңдар. Еліміздің ірі табиғи аудандарының бірін таңдап алыңдар. Мына суреттердегі карталарға сүйене отырып, (§7, 25-сурет «Қазақстан аумағының тектоникалық құрылысы», §9, 32-сурет «Қазақстанның жер бедері», §11, 45-сурет «Пайдалы қазбалар және тектоникалық құрылымдар», §19, 79-сурет «Ауа температурасы (қаңтар айы)», 80-сурет «Ауа температурасы (шілде айы)» §20, 82-сурет «Жылдық жауын-шашын және булану», §39, 159-сурет «Қазақстанның ірі табиғи аудандары», §36, 142-сурет «ЕҚТА») нәтижесін сыныптастарыңа айтыңдар.

Жұмыс топтарының хабарламаларын тыңдау барысында кестеге басқа аудандар туралы мәліметтер енгізіңдер.

Ірі табиғи аудан	Географиялық жағдай	Тектоникалық негіз, пайдалы қазбалар	Жер бедерінің негізгі формалары	Климат	Өзендер, көлдер, мұздықтар	Табиғат зоналары, ЕҚТА
Сарыарқа						


**4-тапсырма.** Интернет ресурстарына сүйене отырып, келесі хоронимдердің мағынасын анықтаңдар: Орал, Тұран, Сарыарқа, Сібір, Мұғалжар (Оралдың Қазақстандық бөлігі), Алтай.

Бұл атаулардың пайда болуы туралы аңыздар мен әпсаналарды табыңдар. Істелген жұмыстың нәтижесін сыныпта хабарлама жасаңдар.

**5-тапсырма.** Қазақстанның ірі табиғи аудандарының атауларын қазақша (латынша және кириллицамен), орысша, ағылшынша кестеге енгізіңдер.

Ірі табиғи аудан	Транслитерация (тіл)		
	қазақша (латынша/ кириллицамен)	орысша	ағылшынша
Сарыарқа			

**6-тапсырма.** Карта бойынша оның төменгі бөлігінде берілген табиғи аудандарға қандай сандар сөйкес келетінін анықтаңдар.



### Картадан көрсет

Қазақстанның ірі табиғи аудандары.



### Кескін картамен жұмыс

Кескін картаға Қазақстанның ірі табиғи аудандарының шегараларын жүргізіп, атауларын жазып, орналасуын естеріңе сақтаңдар.



### Рефлексия («Жетістік баспадағы»)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: сен қандай сатыға көтерілгеніңді анықта:  
 төменгі саты – мен ештеңені орындай алмадым;  
 орташа саты – менде проблемалар туындады;  
 жоғарғы саты – мен бәрін орындадым.

## §40. Табиғат кешендері және адам

### Естеріңе түсіріңдер

- Антропогенді ландшафт дегеніміз не?
- Олардың пайда болуына қандай қызмет түрлері әсер етеді?
- Өзгеру деңгейіне орай антропогендік ландшафттар қалай бөлінеді?

**1. Ландшафттарды шаруашылықта игерудің түрлері мен көрсеткіштері.** Адам шаруашылық жағдайында жер, су, минералдық, климаттық, биологиялық және басқа да табиғи ресурстарды пайдаланады. Табиғи жағдайларға байланысты оларды игеру кейде жеңіл, кей жағдайларда ауыр болып келеді. Сусыз шөлдер мен биік таулар ландшафттары шаруашылық мақсатта пайдаланылмайды деуге болады, олар табиғи қорық болып қала береді. Тауалды жазықтары мен өзен, көлдері мол, ылғалдануы жоғары жазық жерлер, керісінше, жақсы игерілген.

Игеру үдерістері жер жыртумен, орман ағаштарын кесумен, елді мекендер, жол салумен, пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты. Сонымен, *аумақты игеру дегеніміз – оны әртүрлі шаруашылық қызметіне пайдалану болып табылады.* Игерудің негізгі белгілері – аумақта адамдардың қоныстануы, табиғи (негізгі) ландшафттардың антропогендік ландшафттармен алмасуы.

Табиғи жағдайлар мен ресурстардың ерекшеліктері аумақты пайдаланудың әртүрлі формаларын қалыптастырады. Мысалы, пайдалы қазбалардың болуы карьерлер, шахталар, өңдеуші кәсіпорындар салуды қажет етеді. Құнарлы топырақтар егістік жерлер үшін, топырағы құнарсыздау жерлер мал жаюға пайдаланылады. Үлкен орман массивтерінде ағаш сүрегі дайындалады. Табиғаты өсем ландшафттарда, көлдер мен суқоймалары маңында демалыс зоналары мен туризм дамиды. Елді мекендер арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ету мақсатында автомобиль және теміржолдар салынады.

Қазақстанда аумақтарды пайдаланудың төрт негізгі түрі бар: ауылшаруашылықтық, өндірістік, көліктік және рекреациялық.



161-сурет. Ландшафттардың ауылшаруашылықтық модификациясы. Солтүстік Қазақстан

*Ауылшаруашылықтық игеру* – елдегі табиғатты пайдаланудың ең ежелгі түрі. 1930 жылдарға дейін оның негізгі түрі көшпелі малшаруашылығы болды. Мал жайылымы үнемі ауыстырылып отыратындықтан, ландшафттардың өнімділігі тез қалпына келіп отырды. Табиғат кешендерінің бұзылуы аса байқалған жоқ. Жағдай 1950 жылдардың ортасында дала ландшафттарының 1/3-і бидай егістігі үшін жыртылған кезде өзгерді. Жерді жыртып, егістікке айналдыру табиғи ландшафттарды

түбірімен өзгертті. Өсімдіктер мен жануарлардың түрлері мен саны, климаты, су ағысы – бәрі өзгерді, топырақ пен табиғи кешендердің өнімділігі төмендеп кетті. Су және жел эрозиясы байқала бастады.

Ауылшаруашылықтық игерудің бір бағыты Жердің *су мелиорациясы* – егістік жерлерді суару болып табылады. Қазақстан егістігінің әр оныншы гектары, әсіресе оңтүстікте суарылады. Суармалы жерлер ауа райының жағдайларына қарамастан тұрақты түрде жоғары өнім береді. Сондықтан олардың үлесі ұлғаюда. Дегенмен жайылымдық мақсатта игерілген жерлердің аумағы ауқымдырақ. Орманды дала мен дала да жайылымдық жерлер егістіктермен алмасып отырады, шөлейтті және шөлді жерлерді – тұтас массивтер құрайды. Барлық табиғат зоналарында шаруашылық қызметінен болған өзгерістер байқалады. Жайылымдықтар аумағының 1/3-і бұзылуға ұшыраған.

Бұрынғы уақытта бұзылудың негізгі себебі малды *шектен тыс бір жерге жаюдың* салдарынан болатын. Олардың көпшілігі табиғи суаттар мен құдықтар маңына шоғырланатын. Ол жерлердегі жайылымдықтарда өсімдік жамылғысы мүлдем тапталып қалатын. Өсімдік қабаты болмаған соң топырақты жел ұшырып, жаңбыр, қар сулары шайып кететін. Ландшафт өнімділігі төмендеп, ол жерлер біртіндеп шөлге айналатын. Қазіргі жайылымдық жерлер мал жайылмағандықтан бұзылуға ұшырады.

Мал басы мен жабайы тұяқты жануарлар әсіресе ақбөкендер мүлдем азайып кетті. Жайылымдықтарды арамшөп басып кетті. Оның есесіне елді мекендер маңы үй жануарларын жаю салдарынан тозып барады.

Пайдалы қазбалар өндіретін жерлерде аумақтың *өндірістік игерілуі* айтарлықтай рөл атқарады. Өндірістік игерілген жерлер еліміздің

аумағының 0,1%-ын алып жатыр. Тау өндірісі жүргізілетін жерлердегі табиғат кешендері қатты өзгеріске ұшыраған. Карьерлер, шахталар, тау жыныстарының үйінділері ландшафт көркін кетіріп, геологиялық негізін бұзады (162-сурет). Жер бедерінің антропогендік формалары пайда болады. Жер бетіне қоршаған ортаға зиянды заттар шығарылады. Сондықтан ондай жерлерде рекультивациялық шаралар жүргізіледі. Рекультивация дегеніміз – бұзылған ландшафтардың өнімділігін, шаруашылық және эстетикалық құндылықтарын жасанды жолмен қалпына келтіру. Карьерден шыққан бос жыныс үйінділерін тегістейді. Тегістелген жерге топырақ төгіліп, өсімдіктер отырғызылады. Карьерлер сумен толтырылады (163-сурет). Пайда болған жасанды су қазаншұңқырларына балықтар жіберіледі. Біртіндеп осылайша қалпына келтірілген жерлерде ауылшаруашылық жерлері, орман жолақтары, тіпті демалыс зоналары пайда болады.

Ауылшаруашылықтық және өндірістік игеру қарқынды жол құрылысының – көліктік игерудің арқасында мүмкін болады. Автомобиль (100 мың км) және теміржолдың (20 мың км) тармақталған желісі құрылған. Бірақ оның тығыздығы жөнінен Қазақстан басқа тығыз қоныстанған елдерден көп артта.

1960 жылдары еліміздің аумағын рекреациялық игерудің бастапқы кезеңі болды. Шипажайлар, туристік базалар, демалыс базалары пайда болды. 1985 жылы алғаш рет Байнауыл ұлттық саябағы ашылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін туризм эко-



162-сурет. Қоңырат мыс кен орнындағы тау өндірісінің ландшафты



163-сурет. Өңделген карьерлерді көлге айналдыру. Рекультивациялаудың мысалы. Қалба жотасы



164-сурет. Рекреациялық ландшафт. Бұқтырма курорттық аймағы

номиканың басым салаларының бірі ретінде танылғаннан кейін рекреацияның ауқымы айтарлықтай өсті. Осы уақыт ішінде 11 ұлттық саябақ, 13 курорттық аймақ ашылды (164-сурет).

Шаруашылықты игеру үдерісінде *аумақтың шаруашылық деңгейі* қарқынды өзгереді. Оны бағалау үшін бірнеше көрсеткіштер қолданылады. Ауылшаруашылықтың игеру деңгейін аумақтың *егістікке жыртылу дәрежесі* көрсетеді, яғни егістік жерлердің елдің жалпы аумағындағы пайызбен алғандағы үлесі. Көлік торының жиілігі көлік жүйесінің игерілуін көрсетеді. Бірақ негізгі көрсеткіш *халықтың тығыздығы* болып есептеледі (196-сурет, §47).

**2. Ландшафттардың антропогендік модификациялары.** Игеру нәтижесінде шаруашылық әрекетіне ұшырамаған ландшафттар аумағы күрт қысқарды. Қазіргі уақытта олар еліміздің аумағының 1/7 бөлігін ғана алып жатыр. Өртүрлі шаруашылықтық модификациялардың антропогендік ландшафттары басым болып келеді (165-сурет).



165-сурет. Табиғи ландшафттардың антропогендік модификациясы

Қазақстанда табиғи кешендердің ауылшаруашылықтық модификациялары кең таралған, орманшаруашылықтық және селитебті ландшафттар аздау (8-кесте).

8-кесте

**Табиғи ландшафттардың антропогендік модификациялары**

Экономикалық аудандар	Жалпы ауданы, мың км <sup>2</sup>	Ландшафттардың антропогендік модификациясы, мың км <sup>2</sup>					
		Ауылшаруашылықтық	Тау-кен өнеркәсіптік	Сушаруашылықтық	Селитебті	Орманшаруашылықтық	Рекреациялық
Солтүстік	440,9	414,81	0,68	0,33	5,30	17	1,2
Орал	451,9	407,35	0,18	0,10	2,49	3	0,6
Жетісу	224,3	164,75	0,07	2,00	6,30	14	1,4

Каспий	284,2	231,38	0,81	0,00	2,10	1	0,5
Оңтүстік	487,6	349,22	0,13	1,60	8,00	10	1,7
Сарыарқа	428,0	332,61	0,45	0,17	2,30	4	0,5
Ертіс	408,0	332,53	0,17	5,83	3,60	19	0,8
Қазақстан	2724,9	2232,65	2,49	10,03	30,09	68	6,7
Үлесі, %	100	81,94	0,09	0,37	1,10	2,50	0,25

Ауылшаруашылықтық модификациялардың негізгі жерлері егістіктер, жайылымдықтар мен шабындықтар болып табылатын егіншаруашылығы мен малшаруашылығы дамыған аймақтарда пайда болады. Елді мекендер аумағында селитебті ландшафттар қалыптасады. Суқоймалары мен бөгендер табиғат кешендерінің сушаруашылықтық модификацияларын құрайды, ал жасанды екпе ағаштар (орман ағаштары, қалалар маңындағы орман жолақтары мен белдеулері) – орманшаруашылықтық модификацияларды қалыптастырады. Тау-кен өнеркәсіптік ландшафттар пайдалы қазбалары ірі масштабты өндіру аудандарында пайда болады. Қорықтар, ұлттық саябақтар және табиғи резерваттар аумағындағы табиғат қорғау модификацияларына аздаған өзгерістер ғана тән. Мұнда олар орталық мекендер мен қорықшы кордондарында анық байқалады. Рекреациялық ландшафттар тұрғындардың жаппай демалатын және туризм орындарына тән.

Антропогендік әсерге ұшырау деңгейіне байланысты барлық ландшафттарды *қатты өзгерген, қалыпты өзгерген, әлсіз өзгерген және өзгермеген* деп бөлу қабылданған.

**3. Зерттеу: Қазақстан ландшафттарының антропогендік өзгеру дәрежесіне баға беру.** Шаруашылық қызметтің әсерімен Қазақстан ландшафттарының өзгеру дәрежесіне зерттеу жүргізейік. Ең қарапайым әдісті



166-сурет. Селитебті ландшафт, Өскемен қаласы

қолданайық. Табиғи ландшафттың өзгеру деңгейі неғұрлым жоғары болса, орналасқан ландшафттардың антропогендік модификациялары (нұсқасы) соғұрлым үлкен болады.

Өзгеріс индексіні ( $I_{\text{өзг}}$ ) мына формула бойынша анықтауға болады:

$$I_{\text{өзг}} = \frac{A}{100}, \text{ мұнда} \quad [1]$$

$A$  – шаруашылық қызметі арқылы өзгерген ландшафттар үлесі (%),  $100$  – аумақтың ауданы (%). Бірақ қызметтің әрқайсысы ландшафтқа әртүрлі әсер етеді. Пайдалы қазбаларды өндіру мен шөп шабуды бірдей қарастыруға болмайды. Сол себепті барлық ландшафт модификацияларын екі топқа бөлеміз (9-кесте):

1) толығымен өзгерген (егістік жерлер, сушаруашылықтық, тау-кен, өндірістік, селитебті, орманшаруашылықтық);

2) бұзылған (жайылымдықтар, шабындықтар, рекреациялық).

Шартты түрде бірінші топтың ландшафттары екіншіге қарағанда екі есе күштірек өзгерген деп қабылдайық. Сонымен қатар индекстің жоғары шамасы 1-ге тең болу үшін бөлшектің бөлімін 2 есеге көбейтеміз. Онда мынандай формула [1] шығады:

$$I_{\text{өзг}} = \frac{2A+B}{200}, \text{ мұнда} \quad [2]$$

$A$  – толығымен өзгерген ландшафттар үлесі (%);  $B$  – бұзылған ландшафттар үлесі (%-бен),  $200$  – аумақтың екі еселенген ауданы (%-бен). Бөлген кезде пайыздар қысқарады да, индекс 0-ден 1-ге дейінгі дерексіз сан. Бір саны ландшафттардың толық өзгерісіне сәйкес келеді.

9-кесте

### Шаруашылық қызметі мен өзгеру дәрежесі әртүрлі ландшафттар арақатынасы

Экономикалық аудан	Ландшафттар үлесі (%-бен)		
	толығымен өзгерген	бұзылған	табиғи
Солтүстік	50	50	0
Орал	11	80	8
Жетісу	17	67	16
Каспий	2	81	17
Оңтүстік	9	67	24
Сарыарқа	7	72	21
Ертіс	20	68	11
Қазақстан	17	69	14

Зерттеулердің мақсатын, міндеттерін және зерттеу гипотезасын белгілейік.

*Зерттеу мақсаты* Қазақстан ландшафттарының өзгеріс дәрежесіне баға беру болып саналады.

Мақсатқа жету үшін келесі *міндеттерді орындау* қажет:

- 1) бағалаудың теориялық негізін оқып-зерттеу;
- 2) еліміздің экономикалық аймақтарының ландшафттарының өзгеріс индексын есептеу;
- 3) картограмма тәсілін қолданып, «Қазақстан ландшафттарының антропогендік өзгеріс дәрежесі» картасызбасын құрастыру;
- 4) зерттеу тақырыбы бойынша сараптамалық анықтама құрастыру.

*Зерттеу гипотезасын* табиғат зоналарын оқып-үйренгенде және осы параграфтан алған білімнің негізінде қарастырамыз. Сендер ландшафттардағы ең терең өзгерістерді пайдалы қазбаларды өндіру, суқоймаларын салу және жер жырту кезінде туғызатынын білесіңдер. Табиғатты пайдаланудың алғашқы үшеуі жекелеген шағын аумақтарда байқалады. Егістік жерлерден болатын өзгерістер дәрежесінің жоғары шамасы егістіктер көп орналасқан жерлерде болатыны заңды. Біздің елімізде олар – орманды дала және дала зонасы. Орманды дала толығымен, ал дала зонасының көп бөлігі Солтүстік аймақ аумағында орналасқан.

Егіншаруашылығымен айналысу күрделірек болып келетін шөлейт және шөл зоналарында Жетісу, Оңтүстік және Каспий аймақтары орналасқан. Олардың ішінде суармай да егіншілікпен айналысуға болатындай тауалды, жақсы ылғалданатын зона Каспий аймағында жоқ. Сондықтан зерттеу гипотезасын былай түйіндеуге болады: табиғат кешендерінің антропогендік өзгеру дәрежесі шаруашылық қызметтің әсерінен толығымен өзгерген ландшафттар алып жатқан ауданға байланысты. Ең жоғары дәрежеде өзгерген Солтүстік экономикалық аймақтың ландшафттары, ал ең кішісі Каспий ландшафттары болуы тиіс.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Қазақстанда қандай антропогендік ландшафттар модификацияларына бөледі?
2. Өз жеріңдегі антропогендік ландшафттарға мысал келтір.
3. Қандай игеру деңгейлерін білесің? Оны бағалауға өз көрсеткіштеріңді ұсына аласың ба?

4. Игерілу деңгейінің табиғат жағдайларына байланысты екендігін өз облыстарының (аудандарының) мысалы арқылы көрсет.

5. Жерді рекультивациялаудың мелиорациялаудан айырмашылығы қандай?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Параграфтың 1–2 тақырыпшасының мәтінін оқып шығыңдар. 1) Жерді игеру, мелиорация, жерді рекультивациялау; 2) ландшафттарды игеру түрлері, ландшафттардың антропогендік модификациясы түсініктерінің анықтамасын дәптерге жазып шығыңдар.

**2-тапсырма.** Зерттеу тобын құрыңдар. Әр топқа Қазақстанның 1 экономикалық ауданын, ал бір топқа Қазақстанды толығымен таңдау ұсынылады. 9-кесте мәліметтері бойынша 2 формуланы пайдаланып, таңдалып алынған аудан мен жалпы Қазақстанның ландшафттарының антропогендік өзгеріс индекстерін ( $I_{\text{ант}}$ ) есептеп шығар. Индекстерді бірліктің жүзден бір бөлігіне дейін дөңгелекте. Мысалы: 0,33, 0,55 т.б. Алынған мәліметтерді ортақ кестеге келтір. Ұсынылған гипотезаны олар бекітетінін тексер.

**3-тапсырма.** Аудандарды ландшафттарының өзгеру дәрежесі бойынша үш категорияға жатқызып жікте: 1) қатты өзгеріске түскен ландшафттар; 2) қалыпты өзгерген ландшафттар; 3) әлсіз өзгерген ландшафттар. Минимум үшін 0 (нөл), максимум үшін 1 (бір) мәнін ал. Онда әлсіз өзгерген болып  $I_{\text{ант}}$  0,33-тен аз, яғни 0-ден 0,33-ке дейінгі ландшафттар алынады. Қалыпты және қатты өзгерген ландшафттар индексінің мәнін анықта.

**4-тапсырма.** Қағаз бетіне Қазақстанның экономикалық аудандарының орналасу сызбасын (§59) 239-суретте көрсетілгендей етіп сыз. Бұл – сенің болашақ картасызбаңның макеті. Оған картодиаграмма үлгісі бойынша (§4, 11-сурет) түсіндірме құрастыр.

**5-тапсырма.** 8-кесте бойынша таңдап алынған ауданда қандай ландшафт модификациялары бар екендігін анықта. Таңдап алынған ауданда антропогендік ландшафттарды жақсартудың жолын ұсын: рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн.

**6-тапсырма.** Зерттеу нәтижелерін постер түрінде безендір. Постерді сыныптастарыңның талқылауына ұсын.

### Рефлексия («Таңбалау» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: мәтіннің шетін қарындашпен «+» – білемін «!» – жаңа білдім, «?» – білім келеді деген белгілерді сал.



### Сендер білетін боласыңдар:

- мемлекетімізде қанша халық тұратынын, олар қандай нақты дінді ұстанатынын;
- қазақстандықтар қандай елді мекендерде тұратынын, олардың қандай көші-қонды бастан өткізгенін;
- еңбек ресурсы және экономикалық белсенді халық дегеннің не екенін.

### Сендер үйренесіңдер:

- демографиялық көрсеткіштердің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін есептеуді;
- демографиялық және көші-қон саясатының жобасын құруды;
- демографиялық пирамидаға талдау жасауды.



## ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ

### §41. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы


#### Естеріңе түсіріңдер

- Қандай діндер дүниежүзілік және ұлттық болып саналады?
- Қазақстанда қандай этностардың өкілдері тұрады?

**1. Қазақстан ұлттары: саны және классификациясы.** Қазақстан – әлемдегі көпұлтты мемлекеттердің бірі. Онда тегі, тілі, мәдениеті әртүрлі, бірақ тарихи тағдыры ортақ 140-қа жуық ұлт пен ұлыстың өкілі (этностар) тұрады.

Олар:

- 1) еліміздің негізгі халқы – қазақтар;
- 2) бұрынғы КСРО республикаларында тұратын этникалық топтар (орыстар, украиндар, белорустар мен молдовандар, өзбектер);
- 3) алыс шетелдерден келген этникалық топтар (немістер, поляктар, еврейлер, көрістер, гректер).




167-сурет. Қазақстандағы ірі этностар

Қазақтар – елдің байырғы тұрғындары және мемлекетті қалыптастырушы этнос, ал қалған халықтардың өкілдері – Қазақстанға әртүрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезеңдерде көшіп келгендер. Осыған байланысты, республика халқының көпұлтты (полиэтностық) құрамы – жаппай көші-қонның нәтижесі [1].

Қазақстанның этностары (ұлттары) сандық және тілдік құрамы бойынша ажыратылады [2].

Мемлекетіміздің негізін қалаушы – 12 млн этнос – қазақтар. Екінші орында – орыстар. Халқы 100 мыңнан асатын 8 этнос бар. Осы 10 ұлт бірігіп, Қазақстан халқының 97%-ын құрайды (167-сурет).



168-сурет. Қазақстан халықтарының этнолингвистикалық классификациясы (саны бойынша 5 мың адамнан жоғары)


167-сурет бойынша Қазақстанда қандай халықтардың саны 100 мың адамнан асатынын анықта.

Халықтың негізгі белгісі – оның тілі. Сондықтан халықтардың арғы тегін анықтау үшін ғалымдар әртүрлі классификациялар жасайды.

Бұл классификация 3 сатыдан тұрады. Алғашқы (төменгі) сатысы – *жеке халықтар*. Екінші (орташа) сатыны тіл бойынша жақын *туыстас халықтар тобы* құрайды. Үшінші (жоғарғы) саты – әулет тілдері бойынша *туыстас халықтар тобын* біріктіреді (168-сурет).


168-суретке қарай отырып, тіл әулеттерін ата. Алтай тіл әулетіне қандай топтар жатады? Қазақтар, орыстар, өзбектер қай тіл әулетіне жатады?

Қазақстан халқының негізгі бөлігі бес тілдік әулеттің – алтай (халықтың 73%), үнді-еуропа (26%), Солтүстік Кавказ (0,4%), сино-тибет (0,2%) және орал-юкагир (0,2%) әулеттер құрамына кіреді. Алтай тіл әулетіндегі ең ірісі – түркі тобы, ал қазақтар – елдегі түркі халықтарының ішіндегі ең саны көбі болып есептеледі. Үнді-еуропа әулетіндегі саны бойынша біріншісі – славян тобы, ал ең ірі славян халқы – орыстар.



169-сурет. Шетелдерде тұратын қазақтар саны

**2. Қазақ этносының географиясы.** Дүниежүзіндегі қазақ этносының саны 16 млн адам, оның 12,3 млн-нан астам адамы Қазақстанда тұрады. Тағы да 3,7 млн адам (1/5 – қазақ этносы (диаспора)) шетелдерде тұрады (169-сурет). Бұл – қазақ диаспорасы (грек. *diaspora* – таралып орналасу) шетелде тұратындар.



170-сурет. Халықтың этникалық құрамының өзгерісі





172-сурет. Діндер классификациясы

Жер бетінде кеңінен таралған, түрлі елдердің миллиондаған адамы ұстанатын, әлемдік діндердің тек үшеуі бар. Бұл – ислам, христиан және буддизм [4].

172-сурет бойынша ұлттық діндерге мысал келтіріңдер. Олар қай елдерде таралған?

Бір дінді адамдар түрліше дәріптеуі мүмкін. Сондықтан да көптеген діндерде бөлек ағымдар, бағыттар қалыптасты, оларды конфессиялар деп атайды. Мысалы, мұсылмандар арасында сүнниттер мен шииттер, ал христиандар арасында – католиктер, православие және протестанттар. Сүннизм, шиизм – бұл исламның конфессиялары, ал католицизм, православие, протестантизм – христиан дінінің конфессиялары.

Біздің дәуіріміздің VII ғ. оңтүстік аудандарға болашақ әлемдік діндер кіре бастады. Бірақ Араб халифатының діні – ислам берік орнап қалды. 960 жылы ол мемлекеттік дін болып жарияланып, Қарахандықтар мемлекеті Қазақстан жеріндегі алғашқы мұсылман мемлекеті болды [5].

Ресейге қосылғаннан кейін православиялық христиан діні пайда болды. Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанға ондаған басқа ұлт өкілдері келіп қоныстанды. Дәстүрлі түрде олар әртүрлі діндерді ұстанды. Осылайша, көпконфессиялы құрылым пайда болды.

Қазақстан дүниежүзінде конфессияаралық өзара түсінікті кеңейту үшін үлкен күш салуда. Бұл міндетке ұдайы Нұр-Сұлтанда өтетін, әлемдік және ұлттық діндердің көшбасшыларының жиындары қызмет етеді.





175-сурет. Ақтөбедегі православие храмы

қоныстанған. Өсіресе олардың үлесі оңтүстік пен батыстың мұсылмандарының арасында жоғары (174-сурет).

Екінші Қазақстандағы саны жағынан тарағаны – *христиандар* (26%). Орыс, украин, беларусь, болгар, молдаван, грек, шуваш, мордва, удмурт пен мариликтерде *православие* діні таралған (175-сурет). Неміс христиандары арасында негізінен *протестанттар* мен *католиктер* көп. Көрістер негізінен протестанттар, ал поляктар – католиктер. Армяндар христиан дінінің ежелгі, ерекше тармағына табынады. Христиандар барлық облыстарда негізінен солтүстікте, шығыста және орталықта тараған.

Дінді ұстанушылардың саны, басқа конфессиялардың жақтаушылары – буддизм, бахай, индуизм, иудаизм – Қазақстанда аз.

**Сонымен,** Қазақстанда халықтың полиэтникалық және көпконфессиялық құрылымы қалыптасты. Осындай ерекше мәдени бірлестіктер бейбітшілікте, келісімде және өзара сыйластықта өмір сүруге жағдай жасайды.

#### **Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Көпұлтты мемлекеттер дүниежүзінде басым. Үндістанда 456-дан астам этнос бар. Олар 100 тілде сөйлейді. Қытайда 56 этнос (Еуропаның байырғы халқымен бірдей), 193-тен астамы Ресейде бар. Ең көпұлтты мемлекеттің бірі – АҚШ. Бір ғана Нью-Йорк қаласында 177 этнос өкілі тұрады.

2. 2009 ж. санақ саны 10 адамнан кем емес 14 этносты тіркеді, 26 – 10-нан 100, 38 – 100-ден 1000-ға дейін, 20 – 1000-нан 10 000-ға дейін, 13 – 10 000-нан 100 000-ға дейін, 6 – 100 мыңнан 1 млн және 2 – 1-ден 10 млн-ға дейін. Санақ кезінде көп санды этностармен қатар: 1 вепс, 2 эвенк, 3 долған, 4 әлеует, 5 чукча тұрған екен.

3. Дүниежүзі этнографтарының ішінде өлемдегі тілдік әлеует (15-тен 35-ке дейін) және этностар (1500-ден 4000-ға дейін) саны туралы ортақ пікір жоқ. Жер

халқының 97,5% олар 9 жалпы белгілі және ірі әлеуеттерге, соның ішінде 45% – үнді-еуропа (3,2 млрд адам), 23% – сино-тибеттік (1,6 млрд адам), 6% -дан – алтай (0,4 млрд адам) және нигер-кордофан (0,4 млрд адам) жатқызады.

4. 2012 ж. Pew Research Center вашингтондық зерттеу орталығы дінге сенетін ғаламшар тұрғындарының саны және географиялық таралуы туралы есепті жариялады. Зерттеулер бойынша Жердің 5,8 млрд тұрғыны (84%) өздерін дінге сенетіндерге және 1,1 млрд (16%) халықты ешқандай дінге сенбейтіндерге жатқызған. Дінге сенетіндердің 2,2 млрд (31,5%) – христиандар, 1,6 млрд (23,2%) – мұсылмандар, 1 млрд (15%) – индуистер, 500 млн (7,1%) – буддистер, 400 млн (6%) – дәстүрлі дінді ұстанушылар, 14 млн – иудейлер және 58 млн – басқа дінді дәріптеушілер (синтоизм, даосизм және т.б.)

5. Көшпелі халықты ислам дініне енгізуде Қожа Ахмет Ясауидің рөлі аса зор. Түркі халықтары оны Мұхаммед пайғамбардан кейінгі қасиетті адам ретінде санайды. XIV ғ. Өмір Темірдің бұйрығы мен Ясауидің қабіріне сәулетті кесене тұрғызылған. Ол Қазақстанда бірінші болып Дүниежүзілік «ЮНЕСКО» мәдени мұралар тізіміне алынды.

6. 2016 жылы Қазақстанда 3596 діни орталықтар (мешіттер мен шіркеулер т.б.) тіркелген. Олар 7 дін мен 18 конфессияға, оның ішінде 2499 ислам діни бірлестігі, 1073 – христиан (480 протестанттық, 329 православиелік, 84 католиктік), 9 – игжунстік, 6 – иудаистік, 2 – буддистік, 6 – бахайлық және 1 – мунистік бірлестіктері бар.

7. 2009 ж. санақ кезінде Қазақстан халқынан бірінші рет дінді ұстану туралы сұралды. Белгілі болғандай, еліміздің 16 млн тұрғынының 11,2 млн исламды, 4,2 млн христиан дінін ұстанады, 0,45 млн – атеистер. Сонымен қатар шағын діни топтар тіркелген: 5,3 мың иудейлер, 14,7 мың буддистер, 3,7 мың басқа дінді ұстанушылар.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Мемлекетіміздің этникалық құрамының ең негізгі ерекшелігін ата.
2. Қазақстан халқы саны бойынша қандай айырмашылық жасайды?
3. Ұлттық және өлемдік діндер арасындағы айырмашылық неде? Өлемдік діндерге мысал келтір.
4. Біздің елімізде қандай дін түрлері тараған?
5. *Этнос, диаспора, конфессия, толеранттылық* дегенді қалай түсінесің?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** 171-сурет бойынша елімізде қазақтардың қоныстану сипаттамасын жаса. Оның ерекшелігі не? Тұрғындардың ішінде қазақтардың үлесі: 1) ең жоғары; 2) салыстырмалы жоғары емес облыстарды көрсет. Бұл айырмашылықтар немен байланысты?

**2-тапсырма.** 169-суретті пайдаланып, қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдерді табыңдар:

- а) диаспора саны 1 млн артық;
- ә) диаспора саны 100 мың – 1 млн аралығында.

Қазақтар аз қоныстанған мемлекеттерді анықтаңдар. Мысал келтіріңдер.

**3-тапсырма.** Картаға қарай отырып, орыстардың қоныстануына сараптама жасаңдар. Негізгі қоныстанған аймақтарын табыңдар. Қай облыстың аумағында үлесі жоғары? Суретте орыстардың қоныстануын қалай түсіндірер едің?

**4-тапсырма.** Суретке қарай отырып, өзбектердің, украиндардың және немістердің қоныстану ерекшелігін анықтаңдар. Қай облыстарда ұйғыр, түрік, дүнгендер шоғырланған? Қазақстан тарихын еске түсіріп, бұл этностардың қоныстану себебін анықтаңдар.

**5-тапсырма.** «Қазақстан халқы» атты кестені толтырыңдар. Ол үшін жоғарыдағы картаны және атластағы «Халықтар» картасын пайдаланыңдар.



Халық	Тіл тобы	Тіл әулеті	Қазақстанның қандай аймақтарында орналасқан?	Қандай дінді ұстанады?
Қазақтар Орыстар Өзбектер Украиндар Немістер Ұйғырлар Дүнгендер Түріктер				

**6-тапсырма.** 170-суретке назар аударыңдар.

1. 1897 жылдағы Қазақстандағы этникалық құрылымның ерекшелігі. Жалпы қазақ халқының үлесі.
2. 1959 ж. қандай өзгерістер болды? Ол өзгерістердің шығу себебі қандай?
3. Тәуелсіздік жылдары этникалық құрылым қалай өзгерді?



### Тест тапсырмалары

- Қазақстанда неше этностың өкілдері тұрады?  
а) 14; ә) 140; б) 1400; в) 500; г) 60.
- Әлемдегі қазақ этностарының саны (млн адам):  
а) 5; ә) 10; б) 16; в) 20; г) 25.
- Қазақстандағы саны жағынан екінші этнос:  
а) өзбек; ә) орыс; б) неміс; в) украин; г) ұйғыр.
- Түркі халықтары ұстанатын дін:  
а) христиан; ә) ислам; б) будда; в) индуизм; г) конфуций діні.
- Қазақтардың көп бөлігі – мұсылмандар:  
а) шииттер; ә) хариджиттер; б) ибадиттер; в) исмаилиттер; г) сүнниттер.
- Грек, молдован, беларусь, орыс, украин өкілдері арасындағы негізгі діни ұстанымы:  
а) католиктер; ә) протестанттар; б) несториандар; в) православие;  
г) монофеизиттер.
- Әлемдік дінге жатады:  
а) синтоизм; ә) христиан; б) тотемизм; в) индуизм; г) иудаизм.



### Сенің көзқарасың

Белгілі француз жазушы-романтигі Виктор Гюго айтқан: «Дүниеде кіші халықтар жоқ. Халықтың ұлылығы оның санымен өлшенбейді». Тарих, география білімдеріңе сүйене отырып, жазушының сөздерін талқыла. Сенің ойыңша, халықтың ұлылығы немен анықталады?



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

- Менің облысымның халықтарының ұлттық мәдениеті.
- Қазақстанның мәдени дүниесі.
- Көк төңірі храмы (Ежелгі Қазақстандағы дәстүрлі дін – төңіршілдік туралы).
- Қазақстандағы атақты мешіттер мен храмдар.



### Кітап сөресі

- Қазақстанның тарихы мен мәдениеті. Үлкен атлас. – Алматы: «Әбді компаниясы» АҚ, 2008.
- Қазақстан халқы. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Арыс», 2003.  
*Интернет желісіндегі мекенжайлар*  
<http://www.assembly.kz>, <http://www.ethnologue.com>
- Религии мира. Энциклопедия для детей. Ч 1–2. – М., 1999.  
<http://www.din.gov.kz> – дін істері бойынша ҚР агенттігінің сайты. <http://www.pewforum.org2012/12/18/global-religios-landscape-exec/> – «Глобальный религиозный ландшафт» есебі.



### Рефлексия («Таңбалау» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: мәтіннің шетін қарындашпен «+» – білемін, «!» – жаңа білдім, «?» – білгім келеді деген белгілерді сал.

## §42. Қазақстанның және әлем халқының көші-қоны

### Естеріңе түсіріңдер

- Көші-қонның себептері қандай?
- Халықтың көші-қонын қандай көрсеткіштер сипаттайды?

**1. Халықтың көші-қоны: себептері, түрлері, көрсеткіштері.** *Халықтың көші-қоны* – адамдардың бір ауданнан екінші ауданға тұру үшін қоныс аударуы.

Көші-қон жекелеген елдерде және дүниежүзінде халықтың санына, құрамына, орналасуына әсер етеді (176-сурет).

Көші-қонды топтастыратын 4 белгісін ата. Көші-қон қандай түрлерге бөлінеді?

Бағыты бойынша оны *ішкі* және *сыртқы* деп бөледі. Елдің аумағындағы көші-қонды *ішкі* деп атайды. Ол облыс ішінде (облысшілік немесе жақын көші-қон) және облыстар арасында (облысаралық алыс көші-қон) болатын үдеріс. Ішкі миграцияға келу (қоныстану) және кету (қоныс аудару) жатады. Бір елден бір елге көшуді *сыртқы* көші-қон деп атайды. Оған: 1) елге тұрақты тұру үшін келу – *иммиграция* және 2) тұрақты тұруға елден кету – *эмиграция* жатады. Эмигранттардың елге қайта оралуы – *реэмиграция*, ал егер эмигрант өз Отанына оралған жағдайда – *репатриация* (лат. *patria* – Отан) деп аталады.



176-сурет. Көші-қон түрлері

Көшіп келгендер мен көшіп кеткендердің арақатынасы халықтың механикалық өсімін анықтайды. Оны *көші-қон сальдосы* (итал. *caldo* – қалдық) деп атайды. Оң белгілі сальдо – халықтың келуін көрсетеді, ал теріс белгілі сальдо – халықтың кетуін көрсетеді.

**Мысал.** Қазақстанға 2015 ж. 17 мың адам келсе, 30 мың адам әртүрлі себептермен көшіп кеткен. Сыртқы көші-қонның теріс сальдосы қалыптасты – 13 мың.

180–181-суреттер бойынша адамдардың басқа аймақтар мен елдерге қоныс аударуына не себеп болатынын анықта.


Адамдардың қоныс аударуының ең көп таралғаны *экономикалық-әлеуметтік себептер*, яғни олардың өмір сүру деңгейі жоғары жерлерді іздеуі, оқуға бару, отбасылардың туысқандарына барып қосылуы т.б. Ірі көші-қон барысы *саяси себептерге*, атап айтқанда, соғыс, мемлекеттік шегара өзгерісіне байланысты. Мысалы, мемлекеттің құлауы немесе бірігуі нәтижесінде ауқымды репатриацияның пайда болуын жатқызуға болады.

*Экологиялық көші-қонға* – халық қоршаған ортасы лас аудандар мен экологиялық апат аймақтарынан басқа жақтарға қоныс аударуы жатады.

Түріне қарай – ерікті және еріксіз деп бөлінеді [1].

**2. Өлем халқының көші-қоны.** Халықаралық көші-қон өте ежелгі уақытта пайда болды. Жаппай көші-қон XIX ғ. басталды. Оның негізгі орталығы капитализмнің дамуы шаруалар мен кәсіпшілер кедейленіп, жұмыссыздық белең алған Еуропада болды. 100 жылда (1815–1915) 40 млн адам шетелдерге кетті. Олардың 70%-ы Солтүстік Америкаға АҚШ пен Канадаға, қалғандары Оңтүстік Америкаға, Австралия мен Жаңа Зеландияға, Африканың оңтүстігіне қоныс тепті. АҚШ халқының көпұлттылығы, Канададағы қостілділік, Латын Америкасындағы 400 миллиондай испан тілді халықтың болуы – сол көші-қонның нәтижесі.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көші-қон толқын тәрізді ұлғайып, оның географиясы өзгерді. Еуропа эмиграцияның ошағынан ірі иммиграция орталығына айналды (76 млн адам). Екінші орталық АҚШ (46 млн), ол осы уақытқа дейін мигранттарды қызықтыратын ел болып саналады (177-сурет). Үшінші орталықта бай, тез дамып келе жатқан, бірақ аз қоныстанған *Парсы шығанағының мұнай өндіруші монархиялары* – Сауд Арабиясы, БАӘ, Кувейт, Катар (23 млн) құрайды. Мұндағы бір қызық жағдай: Кувейт, Катар, БАӘ сияқты елдерде мигранттар саны байырғы тұрғындар санынан 3–4 есе көп.



177-сурет. Халықаралық көші-қон сальдосы

Қазіргі уақытта Жер бетінің әрбір жетінші тұрғыны өзінің туған жерінде тұрмайды. Көші-қон ауқымының соншалықты мөлшерге жеткендігі сондай ғалымдар *көші-қон жарылысы* туралы сөз қозғай бастады. Ең көбі бұрынғысынша еңбек көші-қоны. Оның негізгі бағыттары – Оңтүстік (дамушы елдер), Солтүстік (экономикалық дамыған елдер).

Тарихта еңбек мигранттарының ішінде көбі алдымен шаруалар, одан кейін жұмысшылар болды. 1950 жылдардың ортасынан бастап жоғары білімді мамандардың (ғалымдар, инженерлер, дәрігерлер, программистер) миграциясы тез өсе бастады. Саяси қақтығыстар мен стихиялық апаттар да *еріксіз көші-қон* жағдайын ұлғайтты: босқындар мен экологиялық қоныс аударушылар саны көптеп өсті. Олар халықаралық мигранттар санының 1/3-ін құрады.



тар да *еріксіз көші-қон* жағдайын ұлғайтты: босқындар мен экологиялық қоныс аударушылар саны көптеп өсті. Олар халықаралық мигранттар санының 1/3-ін құрады.

178-сурет. Грекиядағы Лесбос портында мигранттар Афиныға баратын кемеңі күтуде (2015 ж.)


Ішкі миграцияда (көші-қонда) басты бағыт – ауылдан қалаға көшу. Әсіресе ол дамушы елдерде кең қанат жайып миллионер-қалалардың санын көбейтуде. Тек Қытай қалаларында ғана 150 млн-дай бұрынғы ауыл тұрғындары тұрады.

**3. Қазақстандағы халықтың көші-қоны: масштабы мен географиясы.** Еліміздің аумағында бірнеше рет ірі көші-қон үдерістері қайталанды.

Қазақстан тарихы біліміне сүйене отырып, біздің елімізде болған ірі көші-қондарға мысалдар келтір.

Тәуелсіздік алғаннан кейін көші-қон үдерісі белсенді түрде жүрді. Ол Кеңес Одағының таралуымен, өндірісті орналастырудағы өзгерістермен және оралмандардың тарихи Отанына оралуымен байланысты болды. Алғашқы онжылдықта саны жөнінен үлкен теріс сальдомен сыртқы көші-қон басым болды. Кеткен халық саны табиғи өсімнен артық болғандықтан, Қазақстан халқының саны өспей, азайып отырды. Екінші онжылдықта көші-қон сипаты өзгерді. Жетекші рөл ішкі, ең алдымен жақын (облыс ішіндегі) көші-қонға ауысты. Сыртқы көші-қон толқыны басыла бастады. Оның ішінде оң сальдо пайда болды. Сыртқы көші-қон келу ағыны мен табиғи өсімі деңгейінің жоғарылауы демографиялық жағдайды жақсартты: еліміздегі халық саны тұрақты түрде өсе бастады.

*Сыртқы көші-қонның бірдей деңгейдегі 3 ағымы бар. Біріншісі – шетелден қандастардың көшіп келуі (репатриация) (180-сурет). Ол 3 млн-нан астам қазақтар тұратын көрші елдерде қалыптасқан. Репатрианттардың 90% -дан астамы Өзбекстаннан, Ресейден, Қытайдан және Түрікменстаннан келуде. Олар барлық аймақтарға бөлінгенімен, көбінесе оңтүстік-батыс аймақтарда қоныстануда.*



179-сурет. Қазақстан халқының сыртқы көші-қоны (1990–2018 жж.)



180-сурет. Сыртқы көші-қон сальдосы (жылына орта есеппен 1000 адамға шаққанда)



181-сурет. Ішкі көші-қон сальдосы (жылына орта есеппен 1000 адамға шаққанда)

Екінші ағын – орыс және украиндардың Ресейге, немістердің Германияға көшуі (эмиграция) [5]. Олар – көбінесе Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстан тұрғындары. Олардың 80% бөлігі Ресейге орналасуда.

Үшінші ағын – еңбек эмигранттары – гастарбайтерлер. Оңтүстік пен батыстағы мұнай-газ өндірісіне жұмыс істеуге келгендер.

Ішкі көші-қонның масштабы сыртқы көші-қоннан үш есе артық. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап халықтың 1/2 бөлігі мекенжайын ауыстырған. Қазақстан халқы – дүниежүзіндегі ең қозғалыстағы халықтың бірі болып шықты.

Облыс ішіндегі көші-қонның 2 ағымы бар: 1) ауыл халқының қалаға көшуі; 2) кішігірім қалалардан үлкен қалаға көшу.

181-сурет бойынша орташа, ірі, аса ірі көші-қон ағындарына мысалдар келтір.

Облысаралық көші-қон арасында 2 көшбасшы қала бар, олар – Нұр-Сұлтан мен Алматыда. Көшіп кеткендердің жартысы осы қалаларға қоныс тебуде. Ішкі қоныс аударушыларды өзіне тартатын үшінші орталық – Алматы облысы.

Мемлекеттің көші-қон саясаты екі мәселені шешуге бағытталған:

- 1) көші-қон көлемін көтеру, репатрианттар – қандастар арқылы және экономикалық және экологиялық жағдайы қолайсыз аудандардан көшіру;
- 2) мемлекетті модернизациялау үшін халықты тиімді орналастыру және өмір сүру сапасын жоғарылату.

**Сонымен, ХХІ ғасырдың басында Қазақстан салыстырмалы түрде алғандағы халық саны жөнінен азаудың қолайсыз беталысынан аман-есен өтті. Мұнда шешуші рөлді жақсарып келе жатқан демографиялық жағдай атқарады.**

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Жаппай ерікті көші-қонның мысалы оралмандар репатриациясы мен тың игеру кезіндегі көші-қон. Еріксіз көші-қонның мысалы – тұтас халықтардың сталиндік репрессия кезінде туған жерлерінен қуылып, орын ауыстыруы.

1937–1944 жж. Қазақстанға көрістер, поляктар, немістер, шешендер, ингуштер, балқарлар және басқа да халықтар көшірілді. Олардың жалпы саны 1 млн адамды құрайды.

2. 2017 ж. 258 млн адам немесе ғаламшар тұрғындарының 3,4%-ы өздері туған жерлерінде тұрмайды. Шетелден өз отандарына 575 млрд доллардай еңбек- ақыларын аударған. Иммигранттар саны бойынша АҚШ, Германия Ресей, Сауд Арабиясы мен Ұлыбритания көшбасшы болып саналады. Кувейт пен БАӘ елдеріндегі тұрғындардың 75–90%-ы – иммигранттар. Молдова мен Тәжікстан гастарбайтерлерінің ақша аударымы ЖІӨ-нің 30–35%-ын құрайды.

3. Қытайдан алғашқы оралмандар Қазақстанға 1954 ж. келді (1954–1963 жж.), барлығы 200 мың адам келді. Жаңа көп қоныс аудару 1991 жылы Моңғолиядан келген 12 мың адам.

4. 01.01.2016 ж. мәлімет бойынша Қазақстанға 261 мың оралмандар отбасы көшіп келді. Олардың 40%-ы – балалар, 56%-ы – еңбекке жарамды адамдар, 9%-ының жоғары және 21%-ның арнаулы білімі бар. Этникалық қазақтардың 62%-ы – Өзбекстаннан, 14%-ы – Қытайдан, 9%-ы – Моңғолиядан, 7% – Түрікменстаннан, 5% – Ресейден көшіп келді. Оралмандарды ең көп қабылдаған облыстар (мың адам): Түркістан облысы (203), Алматы (156), Маңғыстау (125) және Жамбыл (90).

5. 2018 ж. Қазақстанға 97 ұлттың өкілдері көшіп келді: барлығы – 12 747 адам. Оның ішінде қазақтар – 6744, орыстар – 2 947, украиндар – 369, өзбектер – 338, өзербайжандар – 331. Қазақстаннан 78 ұлттың өкілдері көшіп кетті – 41 868 адам, оның ішінде орыстар – 30 329, немістер – 3077, украиндар – 2 755, қазақтар – 1 863, татарлар – 986.

**ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ**



**Өзіңді тексер!**

1. Көші-қон дегеніміз не? Оның мағынасы қандай?
2. Ішкі және сыртқы миграциялардың айырмашылығы қандай?
3. Халық көші-қонын қандай көрсеткіштер сипаттайды?
4. Еліміздің ішкі миграциясына қандай ерекшеліктер тән?



5. Иммигранттардың көпшілігі Қазақстанға:

- а) Қытайдан; ә) Ресейден; б) Өзбекстаннан; в) Германиядан;  
г) Қырғызстаннан келеді.

6. Тұрақты тұру үшін көшіп елге келуді ... деп атайды.

- а) эмиграция; ә) депортация; б) иммиграция; в) репатриация; г) реэмиграция.



### Сенің көзқарасың

Көші-қон бойынша белгілі маман А. Золбергтің мынандай тезисі бар: «Көші-қон тарихы дегеніміз – ол адамзат тарихы». Оқып-зерттелген тақырыпқа байланысты ғалымның айтқанына түсінік бер.



### Рефлексия («Таңбалау» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: жай қарындашпен мәтін шетіне «+» – білемін, «!» – жаңа білдім, «?» – білгім келеді деген белгілер сал.


## §43. Қазақстанның еңбек ресурсы

### Естеріңе түсіріңдер

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықтың қандай жас топтарын бөледі?
- Еңбекке жарамды топты қандай жас тобындағы адамдар құрайды?

**1. Еңбек ресурстары: үш құрамдас бөлігі.** *Еңбек ресурстары* дегеніміз – мемлекет экономикасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар. Олар үш топқа бөлінеді (182-сурет).

*Бірінші топ* – жасы 15-ке жеткен жасөспірімдер. Олардың жұмыс істеуіне (еңбек кодексі бойынша ата-анасы рұқсат берген жағдайда)



182-сурет. Қазақстанның еңбек ресурсы (2018 ж.)

еңбекке қабілетті жас кезеңінің алдында тұрғандықтан рұқсат етіледі. *Екінші топты* еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды адамдар құрайды. Қазақстанда еңбекке қабілетті жастың төменгі шегі – 16 жас. Бұл еңбек ресурсының көп бөлігі саналады. Ал жоғарғысы – кәрілікке байланысты зейнеткерлікке шығу жасы. Ерлер үшін ол 63, ал әйелдер үшін – 58,5 жас (2018 жылдан бастап әр жыл сайын 0,5 жыл қосылып отырады). Соған байланысты еңбекке жарамды адамдар жасы ерлер үшін 16 мен 63 жас арасында болса, әйелдер үшін 58,5 жастан + &. Кей адамдар бұл жаста денсаулығына немесе мүгедектігіне байланысты жұмыс істеуге жарамсыз, сол себепті олар еңбек ресурстарының тобына ене алмайды.

*Үшінші топ* – еңбек етіп жүрген зейнеткерлер.

Еңбек ресурстарының көп бөлігі экономикада жұмыс істесе (жұмысы барлар), біреулері жұмыс іздейді (жұмыссыздар). Жұмысы барлар мен жұмыссыздар бірігіп экономикалық белсенді халықты (ЭВХ) құрайды. Еңбекке қабілетсіз адамдар саны салыстырмалы түрде алғанда аз болып келеді.

182-сурет бойынша экономикалық белсенді және қабілетсіз халықтар арасында қандай айырмашылықтар барын анықта. Оларды неліктен жұмыс күші резерві ретінде санайды?

Экономикалық белсенді халық ел аумағы бойынша өркелкі орналасқан. Қазақстандағы жұмыс күшінің 2/3 бөлігі Оңтүстік пен Батыста шоғырланған (10-кесте).

*10-кесте*

**Аймақтар бойынша экономикалық белсенді халықтың орналасуы мың адам (2018 ж.)**

Аймақтар	Экономикалық белсенді халық	Соның ішінде	
		жұмысы бар	жұмыссыз
Солтүстік	2195	2090	105
Батыс	1420	1350	70
Оңтүстік	4125	3920	205
Орталық	680	650	30
Шығыс	715	680	35
Қазақстан	9135	8690	445

**2. Еңбек нарығы және халықтың еңбекпен қамтылуы.** Экономикалық белсенді халық өзінің жұмыс күшін еңбек ету үшін ұсынады. Жұмыс күшіне деген сұранысты жұмыс берушілер – кәсіпкерлер мен үкімет анықтайды. *Жұмыс күшін ұсыну мен оған деген сұранысты еңбек нарығы деп атайды.*

Егер жұмыс орны (сұраныс) жұмысшылар санына (ұсыныс) тең болса, еңбек нарығында тепе-теңдік орнайды, яғни экономикалық белсенді халық толығымен жұмыспен қамтамасыз етіледі. Жұмыс күшіне сұраныс артық болған жағдайда жұмыс күшінің жетіспеушілігі пайда болады. Керісінше жағдайда сұраныс ұсыныстан кем болса, жұмыссыздық байқалады.

Қазақстанның еңбек нарығындағы ұсыныс – 9,1 млн экономикалық белсенді халықты құрайды. Бұл біршама көп, сапалы жұмыс күшін құрайды.

Шамамен 2/3 бөлігі нағыз еңбекке жарамды жастағылар (25 пен 49 аралығында), 70% -дай жоғары және орта арнаулы білімдері барлар, жартысынан астамы – ер адамдар.

Жұмыс күшіне деген сұранысты, ең алдымен қазақстандық экономиканың «тұғыры» болып саналатын *ірі және орта кәсіпорындар* қалыптастырады. Тек оларға 3,3 млн жұмыс орны сәйкес келеді. Қалған 6 млн-дай халық жұмыссыз қалғандай көрінгенмен, нарықтық экономикада экономикалық еңбек етуге бостандық берілген (заңға қайшы келмейтін кез келген жұмыс түрімен шұғылдануға болады). Нәтижесінде адамдарда алға ұмтылу, бейімделу нышандары қалыптасады. Бейімделушілікпен еңбек етудің жаңа формалары тығыз байланысты. Бірінші кезекте *орта және шағын кәсіпкерлік*. Бұл салада тағы 3,3 млн-ға жуық адам еңбек етеді (жеке кәсіпкерлер, фермерлер, ұсақ кәсіпорын жұмысшылары). Қалған 2,1 млн адам – халықтың ерекше тобына жататындар, яғни өзіне жұмыс атқаратын жеке кәсіпкерлер. Мысалы, өзінің жеке қора-жайымен айналысатын, сонымен пайда көретін ауыл адамы дербес жұмысшы болып саналады. Мұндай жұмыс үнемі пайда әкелмейді әрі тұрақсыз. Сонымен қатар олардың зейнетақы қорын жинақтауға мүмкіндігі болмайды. Сондықтан халықаралық тәжірибеде өзіне жұмыс істейтіндер «еңбекке қамтылудың осал» түріне жатқызылады. Жұмыс орындарының және түрлерінің көбейгендігіне қарамастан, жұмыс орнына деген сұраныс көбеюде. Экономикалық белсенді халықтың 5% -ға жуығы (0,4 млн адам) жұмыссыздар.

Қазақстандағы еңбек нарығындағы бәсекелестікті шетелдік жұмыс күші күшейтуде. Экономиканың қарқындап даму кезеңінің *глобализацияның* (дүниежүзілік біртұтастық) әсерімен гастарбайтер саны күрт көбейіп кетті.

Еңбек нарығына елеулі әсер етуші мемлекет, оған жұмыс орындарының 1/4 бөлігі тиесілі. Мемлекет жаңа кәсіпорындардың пайда болуын қолдай отырып, жұмыссыздарға көмек қолын созуда, яғни оларды жаңа кәсіптерге даярлау жұмыстарын жүргізуде. Бұл жерде жұмысшының кәсіби біліктілігіне, жаңа кәсіпті игеріп кетуіне байланысты бәсекелестік



183-сурет. Еңбекпен қамтылған халықтың экономиканың секторлары мен салалары бойынша бөлінуі (2018 ж., барлығы 8,7 млн адам қамтылды)

қабілеті дамиды. Мамандықтың түрлерін көбірек меңгерсең, жұмысқа орналасу мүмкіндігің де көп болады.

**3. Кәсіби құрылым** – еңбекпен қамтылған халықтың қызмет түрлері, салалар мен секторлар бойынша таралуын көрсетеді (183-сурет). *Бірінші сектор* – ауылшаруашылығы, *екінші сектор* – өнеркәсіп пен құрылыс, *үшінші сектор* – қызмет көрсету. Қызмет көрсетуге – сауда, көлік, білім беру т.б. салалар жатады.

Қалыптасқан кәсіби құрылым Қазақстан экономикасын модернизациялау талабына жауап бере алмайды. *Модернизация дегеніміз* – өндірістің жетекші салаларын дамыту, халыққа, шаруашылыққа қызмет көрсетудің көптеген формаларын жетілдіру болып табылады. Сондықтан жұмыс күшінің экономиканың бірінші секторынан екінші, үшінші секторларға ауысуы халықтың кәсіптік құрылымына айтарлықтай өзгеріс әкелетіні сөзсіз.



184-сурет. Қазақстанның әлеуметтік «пирамидасы» (2018 ж.)

**4. Әлеуметтік құрылым: түрлі түсті «жағалылар».** *Әлеуметтік құрылымда* қоғамда алатын орнына байланысты адамдар тобы кластарға бөлінеді. Оны пирамида түрінде көрсетуге болады (184-сурет). Пирамиданың тағанын ең үлкен класс – *жалдамалы жұмысшылар* (жұмысшылар мен қызмет көрсетушілер) құрайды. Оларда жеке зауыт, фабрикалар (өндіріс құралдары) жоқ. Келетін кіріс – кәсіпкерден немесе мемлекеттен алатын жалақысы ғана. Пирамиданың орта бөлігін *ұсақ меншік иелері* алады

(кооператорлар, өзіне жұмыс істейтін дербес жұмысшылар). Пирамиданың жоғары жағы *кәсіпкерлер* (жұмыс берушілер) орналасқан. Олар кіріс өкелетін өндірісі, қаржысы барлар. Кәсіпкерлер кіріс түсіру үшін жалдама еңбекті пайдаланады.

Сонымен бірге кіріс деңгейіне байланысты тағы үш класқа бөлуге болады: байлар, орташалар, кедейлер. Орта класқа отбасын қазіргі заман талабына байланысты қамтамасыз ете алғандар. Олардың байлық көзі – жеке еңбегінің нәтижесі мен кәсіби деңгейінің шамасы.

Дамыған елдерде орта класқа халықтың 70% -ға жуығы жатады. Бұлардың қатарына «көк жағалылар» (кәсіби мамандар), «ақ жағалылар» (ой еңбегімен айналысатындар), фермерлер, ұсақ кәсіпкерлер бар. Олар қоғамда біршама жетістікке жеткеннен кейін, оның тұрақтылығы мен дамуына негіз болады. Сондықтан орта класты дамыту – *мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады*. Орта класс өртүрлі бағалаулар бойынша Қазақстан халқының 5–20% -ын құрайды.

**Сонымен,** еліміздің экономикалық мүмкіндігінің басты құрамдас бөлігі оның еңбек ресурстары, олардың көпшілігі еңбекпен қамтудың түрлі формалары арқылы қоғамдық өндіріске тартылған.

#### **Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. 2018 жылы Қазақстанның 18,4 млн тұрғындарының 10,8 млн (59%) еңбекке жарамды жастағылар, 2,1 млн (11%) еңбекке жарамды жастан жоғарылар және 5,5 млн (30%) еңбекке жарамдылардың кіші жастағылары құрайды.

2. Қазақстанда 1,1 млн адам еңбек ететін кіші және орта бизнес кәсіпорындары бар. Оларда 3,3 млн адам еңбек етеді, шығаратын өнім мен қызмет көрсету 2,6 трлн теңгені, елдің ЖІӨ-нің 4% -ын құрайды. Жұмыскерлердің 45% -ы сауда мен ауылшаруашылығында, солардың 42% -ы Оңтүстік Қазақстанда шоғырланған.

3. Қазақстандағы дербес жұмыскерлердің саны – 2,1 млн адам (барлық жұмыспен қамтылған халықтың 24% -ы, 2018 ж.). Олардың негізгі қызмет салалары: ауылшаруашылығы, сауда, жүк және жолаушы тасымалы.

4. «Осал» (қорғалмайтын) жұмыс түрі – әлемдік мәселе болып табылады. 3,3 млрд жұмыспен қамтылған халықтың 1,5 млрд (45% -ы) – дербес жұмыскерлер. Олардың 3% -ын экономикасы дамыған елдер, ал 97% -ын дамушы елдер құрайды. Дербес жұмыскерлердің 1,2-нен астамы Шығыс және Оңтүстік Азияда шоғырланған.

5. 2018 ж. әлемдік экономикада жұмыспен қамтылған 3,3 млрд адам болды, олардың 28,3% -ы бірінші аграрлық секторда, 22,9% -ы екінші өндірістік секторда және 48,8% -ы үшінші қызмет көрсету саласында жұмыс атқарды. Экономикалық белсенді халықтың 172 млн адамы немесе 4,9% -ы жұмыссыз болды. Жұмыссыздық деңгейі Испанияда 22,1%, Францияда 10,6%, АҚШ-та 5,3%, Қазақстанда 4,9%, Германияда 4,6%, Жапонияда 3,3% -ды құрайды.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Халықтың қандай топтары еңбек ресурстарын құрайды? Олардың бастысы қайсы?
2. «Еңбек ресурстары» мен «экономикалық белсенді халық» түсініктерінің айырмашылығы қандай?
3. Жұмыспен қамтылған халық кәсіп түрлеріне байланысты қалай бөлінеді? «Осал» жұмыспен қамтылу термині нені білдіреді?
4. Халықтың кәсіптік құрылымы неліктен модернизация мақсаттарына сәйкес келмейді?
5. Қазақстандағы негізгі әлеуметтік топтарды ата.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Мәтіндегі жетіспейтін сөздерді орнына қой. «Еңбек ресурстары халықтың ... топтарын қамтиды. Еңбек ресурстарының ең көп бөлігі ... .. жастағы адамдар. Жұмыспен қамтамасыз етілген және жұмыссыз адамдарды ... күші деп атайды. Жұмыс күші елімізде ... орналасқан, ... жұмыс істейтіндерді ... жұмысшылар деп атайды. Жұмыс орны барлық адамдарға жете бермейді, сондықтан ... кәсіпкерлікті дамыту қажет.

**2-тапсырма.** 10 кесте мәліметтеріне сүйеніп, Қазақстандағы және өз облыстарың орналасқан ірі аймақтың жұмыссыздық деңгейін анықта. Айырмашылығы көп пе? Ол неге байланысты? Жұмыссыздық деңгейі мына формула бойынша есептеледі:  $Жд = Ж/ЭБХ * 100\%$ , мұнда Жд – жұмыссыздық деңгейі (%), Жс – жұмыссыздар саны, ЭБХ – экономикалық белсенді халық саны.

**3-тапсырма.** Қазақстандық жұмыссыздың орта есеptі «портретіне» талдау жаса: «Бұл орта білімді, жас мөлшері 16-дан 29-ға дейінгі, бір жылдан астам жұмыс істемейтін қалалық қыз». Бұл Қазақстандағы жұмыссыздықтың қандай құрылымдық ерекшеліктерін көрсетеді?

**4-тапсырма.** 183-сурет бойынша экономиканың қай саласында қазақстандықтар көп жұмыс істейді? Жұмыс істеуші халық экономика секторлары бойынша қалай таралған?

**5-тапсырма.** Еңбек ететін халықтың Қазақстан және әлем экономикасының үш секторы арасында қалай бөлінетінін салыстырып [5]-ті қара. Ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? Қалай ойлайсың, жұмыспен қамтылудың қай құрылымы артығырақ?

**6-тапсырма.** Тапсырмаға арналған кесте мәліметтері бойынша Қазақстанның, Жапонияның, Түркияның халықтарының әлеуметтік құрылымын салыстыр. Біздің еліміздің халқының әлеуметтік құрылымының дамыған және дамушы елдің құрылымдарынан қандай айырмашылығы бар?

Қазақстан халқының әлеуметтік құрылымы қай елдің типіне жатады?

**Қазақстан мен шетелдердің әлеуметтік құрылымы (экономикада жұмыс істейтіндер санынан %-бен алғанда)**

Халықтың әлеуметтік топтары	Қазақстан	Елдер, экономикалық	
		Дамыған	Дамушы
		Жапония	Түркия
Кәсіпкерлер	1	2	5
Ұсақ меншік иелері	26	10	32
Жалдамалы жұмысшылар	73	88	63
Барлығы	100	100	100



**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптармен)

- Экономикада жұмыс істеуге қабілеті бар ... адамдар:
  - экономикалық белсенді; ә) еңбек ресурсы; б) жұмысы бар
  - жалдамалы жұмысшы; г) экономикалық белсенділігі төмен.
- Қазақстандағы жұмысқа қабілетті ер адамдардың жасының жоғарғы шегі:
  - 60 жас; ә) 70 жас; б) 63 жас; в) 55 жас; г) 75 жас.
- Жұмыс күшіне сұраныс пен оған ұсынысты қалыптастыру сферасы:
  - еңбек нарығы; ә) жұмыспен қамтылуы; б) жұмыссыздық; в) кіші бизнес; г) нашар жұмыспен қамтылуы.
- Экономикалық белсенді халыққа ... жатады.
  - жұмысы барлар; ә) студенттер; б) жұмыссыздар;
  - үй шаруасындағы әйелдер; г) жұмыс істемейтін зейнеткерлер.
- Қазақстандағы жұмыс күшінің көп бөлігі экономиканың ... еңбек етеді.
  - бірінші; ә) екінші; б) үшінші; в) төртінші;
  - көлеңкелі секторында.
- Қазақстандағы жұмыс күшінің 2/3 бөлігі:
  - Оңтүстік пен Шығыста; ә) Батыс пен Оңтүстікте; б) Батыс пен Солтүстікте;
  - Шығыс пен Орталықта; г) Оңтүстік пен Солтүстікте шоғырланған.
- Саны ең көп Қазақстан халқының әлеуметтік тобы:
  - ұсақ меншік иелері; ә) жалдамалы жұмысшылар; б) кәсіпкерлер;
  - студенттер; г) әскерилер.



**Сенің көзқарасың**

Ірі бизнестің бір өкілі айтқан екен: «Шағын бизнес – экономика бірлігі емес. Бұл – әлеуметтік бірлік». Осындай пайымдаумен келісесің бе?

**Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары**

1. Облыстың (менің облысымның) еңбек нарығының ерекшеліктері.
2. Облыстағы (менің облысымның) қажет мамандықтар.

**Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)**

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: Берілген сөздерден екі сөйлем таңдап ал да, оларды дәптерге орында.

- 1) ... бүгін білдім.
- 2) ... қиын болды.
- 3) ... мен түсіндім.
- 4) ... мен үйрендім.

**§44. Қазақстандағы демографиялық жағдай****Естеріңе түсіріңдер**

- Қазақстандағы қазақтардың және ірі этностардың саны қанша?
- Демографиялық саясат деген не?

Демографиялық жағдай халықтың белгілі бір уақыттағы (мысалы, биылғы жылғы) сандық жағдайын көрсетеді. Оны зерттеу халық саны, оның құрылымы, туу, өлу, табиғи өсім көрсеткіштері туралы мәліметтерге талдау жасауды қарастырады.


**Есіңе сақта!**  
Еліміздің халық саны  
18 млн адамнан асады.

Сонымен бірге халық санының қалай және неліктен өзгеріп отыратынын білу де қажет. Бұл сұрақтарға халықтың санын, оның табиғи қозғалысын (туу, өлу) және құрылымын зерттейтін *демография ғылымы жауап береді*.

**1. Қазақстанның халқы: саны мен динамикасы.** Халқының саны бойынша (18 млн адамнан жоғары) Қазақстан орташа мемлекеттер қатарына жатады.

Қосымша ақпаратты және 185-суретті пайдаланып, тұрғындардың саны бойынша Қазақстанның әлемдегі орнын анықта. Еліміздің тұрғындар саны мен аумағы бойынша алатын орнын салыстыр. Бұл салыстырулардан қандай қорытынды жасауға болады?

Бұл сипаттамадан еліміз орналасқан кең-байтақ аумақ пен халық санының аса көп болмауы арасындағы жағдайды байқауға болады. Сол себепті халық санын көбейту – қоғамдағы алдыңғы қатарлы мәселенің



185-сурет. Санақтар мәліметі бойынша Қазақстан халқының саны

бірі болып табылады. Жуық арадағы меже 2030 жылы халық санын 25 млн-ға дейін жеткізу.

Халық саны жөніндегі толық мәліметті халық санағы береді. Олар тұрақты түрде (он жылда бір рет) жүргізіліп, жыл сайын халық санына есеп жүргізіп отыру үшін негіз болып саналады. Еліміздің аумағындағы алғашқы халық санағы Қазақстан Ресей империясының құрамында болған кезде 1897 ж. жүргізілді.

Егемен мемлекет болғаннан бері екі ұлттық халық санағы болды, бірінші – 1999 ж., екіншісі – 2009 ж. аралығындағы кезеңде еліміздегі халық саны 4 есеге өсті. Бірақ оның өсуі бірнеше рет азаюмен алмасып отырды (185-сурет). Мұны қалай түсіндіруге болады?

Тұрғындар саны екі түрлі себептерге (факторларға) байланысты. Бірінші себеп – туу мен өлудің нәтижесінде ұрпақ ауысуы. Бұл халықтың табиғи өсімі болып есептеледі. Екінші себеп – адамдардың бір жерден екінші жерге қоныс аударуы (келу мен кету). Оны халықтың механикалық қозғалысы немесе (миграция) көші-қон деп атайды. Туу мен көшіп келу тұрғындар санын көбейтсе, керісінше өлу мен көшіп кету азайтады (186-сурет).



186-сурет. Халық саны динамикасының себептері

**2. Халықтың табиғи қозғалысы.** Халықтың табиғи қозғалысының басты көрсеткіштері – *туу* (туғандар саны) және *өлу* (өлгендер саны). Туғандар мен өлгендер санының айырмашылығы *табиғи өсімді* құрайды. Егер өлім туудан артық болса, халықтың *азаяу үдерісі* (депопуляция) пайда болады.

Демографиялық көрсеткіштерді абсолюттік және салыстырмалы деп бөледі. Абсолюттік көрсеткіштерді мыңдаған немесе миллиондаған адамдармен, ал салыстырмалыны 1000 адамға есептеп, яғни ‰-мен (промилле) береді.

**Мысал.** 2015 ж. Қазақстанда 399 мың адам туып, 132 мың адам қайтыс болды. Табиғи өсім 267 мыңды құрайды. Бұлар абсолюттік демографиялық көрсеткіштер. Егер туған және өлген адамдар санын тұрғындардың 1000 адамына есептеген кезде біз салыстырмалы демографиялық көрсеткіштерді немесе туудың, өлудің, табиғи өсімнің коэффициенттерін аламыз. Бұл үшін жыл ортасындағы халық саны туралы мәліметтер (17544 мың) қажет.

Пропорцияның шешімі:

17 544 мың адамға – 399 мың адам (туу)

1 000 адамға – x

Бұдан коэффициенттер: туу – 22,7‰-ге, өлу – 7,5‰-ге және табиғи өсім – 15,2‰-ге тең болды.

Халықтың табиғи қозғалысы үздіксіз жаңару мен ұрпақ ауысуын, яғни халықтың табиғи өсуін қамтамасыз етеді. Демографтар халық саны өсуінің үш түрін – ежелгі (архетип), дәстүрлік және қазіргі түрлерін бөледі. Халық саны өсуінің типтері, ең алдымен табиғи өсім мөлшері арқылы ажыратылады. Архетипте өсім аса көп емес (промилле бөлігінен бірнеше промиллеге дейін), дәстүрлікте – жоғары (12‰-ден жоғары), қазіргіде – төмен (12‰ және одан төмен). Қоғам дамыған сайын өсудің табиғи тарихи типтері бірін-бірі ауыстырып отырады.

Көптеген ғасырлар бойында өлу көрсеткіші төмендеуі баяу жүрді. Халық саны да баяу өсті. Бірақ бұдан кейін жоғары туу жағдайында өлу көрсеткішінің күрт азайған кезеңі туды. Бұл табиғи өсімді тез ұлғайтты. Халық саны өсуінің жылдам қарқынын (20‰-ге немесе жылына 2‰-ден жоғары) ғалымдар *демографиялық жарылыс* деп атады. Қазақстандағы демографиялық жарылыс 1950-ші және 1960 ж. басына сәйкес келді (187-сурет). Ол халықтың әл-ауқатының жақсаруымен және денсаулық сақтаудың жетістіктерімен байланыста болды.

187-сурет бойынша тууды, өлуді, табиғи өсуді, халықтың табиғи өсуінің типтерін және демографиялық революцияларды қалай анықтауға болады?



187-сурет. Қазақстандағы халықтың табиғи қозғалысы (1913–2018 жж.)


Демографиялық жарылыстан кейін туудың азаюы басталды. Бұл жерде туу көрсеткіші ауылдық жерлерге қарағанда аз болатын қалалардың көбеюі әсерін тигізді. 1990 ж. басында туудың азаюын нарықтық экономикаға өтер кездегі экономикалық тығырық тездетіп жіберді. Осы кезде халықтың табиғи өсімінің дәстүрлік типін қазіргі жаңа тип ауыстырды. Халық саны өсуінің қазіргі типіне туу мен өлудің және табиғи өсудің төмен көрсеткіштері тән болып келеді. Сонымен қатар отбасын жоспарлау да оның бір сипаты болып табылады.

Халықтың табиғи қозғалысының әлемдік заңдылықтарының аясында қазақстандық ерекшеліктер де байқалады. Бірінші ерекшелік – *халықтың табиғи өсуінің дәстүрлік типіне қайта оралу*. Ол демографиялық толқындармен байланысты.

Демографиялық толқынның мәні – халық саны көп және аз ұрпақтардан ауысып келуінде. 25 жылдан кейін (бала көтеретін ананың орташа жасы) халық саны көп ұрпақтан көп бала, ал халқы аз ұрпақтан бала да аз туатындығы белгілі. Мысалы, 1945 жылғы туудың төмен көрсеткішінің әсері 1970 жылы (1945 ж. + 25 жас), одан соң 1995 жылы байқалды.

Қазіргі уақытта туу көрсеткіші 1980 жылдардың жоғарғы толқынымен көтерілуде (187-сурет). Халықтың ұдайы өсуі халықтың табиғи өсуінің дәстүрлік типіне қайту кезеңінің шегінен өтті. Бірақ бұл оралу уақытша болмақ, себебі ол 1986–1988 жж. туған, XX ғ. соңғы халқы көп ұрпағымен байланысты.

2012–2013 жж. демографиялық толқын өз биігіне көтеріліп болған соң, туу азая бастайды (1990-шы тығырықты жылдар «жаңғырығы»).



188-сурет. Халықтың табиғи өсімінің аумақтық айырмашылықтары

Көптеген мемлекеттер халықтың табиғи қозғалысын басқарып отыру үшін экономикалық, үгіт және т.б. шараларды жүзеге асырады, яғни белсенді демографиялық саясат жүргізеді. Біздің елімізде ол туу мен көпбалалы болуды қолдау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет бала тууы мен күтіміне арналған жәрдемақылар төлеп, әйелдерге ұзақмерзімге демалыс береді. Көпбалалы аналарға мемлекеттік наградалар («Алтын алқа», «Күміс алқа») және арнаулы жәрдемақылар беріледі.

Халықтың өл-ауқатының өсуі және денсаулық сақтаудың жақсаруымен бірге туудың мөлшері де көбеюі тиіс.

Екінші ерекшелік – халықтың табиғи қозғалысындағы аумақтық айырмашылықтар (188-сурет). Елімізде дәстүрлік те, қазіргі типтегі халық саны өсуі байқалатын облыстар бар. Олардың кейбіреулері депопуляцияға жуық болса, біреулерінде демографиялық жарылыс жүруде. Демографиялық картинаның бұлайша күрделі болуы – халықтың құрылымының өртүрлі болуына және көші-қонға байланысты.

*Сонымен, еліміз табиғи өсуінің жоғарылауына қарамастан, әлемдік өлшем бойынша халқының саны аз ел, қазіргі уақытта халықтың табиғи өсуінің дәстүрлік типінен қазіргі типіне оту кезеңінде тұр.*

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек ханның тұсында (XV ғ.) 200 мың адам, Қасым ханның тұсында (1523 ж.) Қазақ хандығының халқы 1 млн адамға жетті. 1830 жылы, яғни 300 жылдай уақыт өткенде ол бар болғаны 1,5 есеге ғана өсті. Баяу өсудің негізгі себебі жұт жылдарында (1723–1725 жж.) орасан көп адам шығыны болды. Жоңғарлармен шайқаста миллионнан астам адам қырылды (халықтың 1/3 бөлігі). Осы шығынды қалпына келтіру үшін 75 жылдай уақыт кетті.

2. XX ғ. ең жоғарғы туу мөлшері 1987 жылы тіркелді (417 мың бала дүниеге келді), ең жоғарғы табиғи өсім 1960 ж. болды (306 мың адам), ал ең жоғарғы халық санының өсуі 1992 жылдың ортасына келеді (17 млн адамнан асты).

3. 1999 жылдың 12 қазанында ғаламшардың 6 миллиардыншы тұрғыны дүниеге келді. БҰҰ бұл ең құрметті демографиялық атақты XX ғ. аяғында қазақстандық Рәбия Ермұхановаға берді.

4. Демографтар: «Бірінші бала – әкесінің орнын басады, екінші бала – шешенің орнын басады. Үшінші бала – шетінеп кеткен баланың орнын немесе баласы жоқ отбасының орнын толықтырушы. Тек әр отбасындағы төртінші бала ғана демографияға үлес қосады» дейді.

5. Елімізде 4,4 млн үй шаруасындағы адамдар бар (2,7 млн-ны қалада, 1,7 млн-ны ауылда). Олардың орташа құрамы; қалада 3 адам, ауылда 4 адам. 2,5 млн отбасының 1 миллионында – 1 бала, 900 мыңында – 2 бала, 400 мыңында – 3 бала, 200 мыңында – 4 бала, 100 мыңында 5 немесе одан да көп бала бар екен. Ауылда көбінесе 2 балалы, қалада 1 балалы отбасылар болған. 4 балалы отбасылар ауылда екі есе, 5 балалылар 2,5 есе көп. 1,8 млн отбасында балалары жоқ. Қалған 600 мыңы – жалғызбастылар.

6. 2015 жылы Қазақстанда «Демографиялық сағат» тілінде әрбір 1 минут 19 секунд сайын бір сәбиден дүниеге келген немесе сағатына – 46, күшіне – 1 092, айына – 33 213, жылына – 398 561 сәби дүниеге келетінін есептеп шығу қиын емес.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОГЫ



### Өзіңді тексер!

1. Демографиялық жағдай термині нені білдіреді? Оған талдау жасауға қандай мәліметтер қажет?
2. Халықтың табиғи қозғалысына қандай үдерістер әсер етеді?
3. Табиғи қозғалысқа әсер етуші тарихи типтерді ата. Бір-бірінен айырмашылығы қандай?
4. «Депопуляция», «демографиялық толқын», «демографиялық саясат», «репатриация», «депортация» деген ұғымдар нені білдіреді?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Картадағы халық санының өсу типтерінен 5 қатені тап.

**2-тапсырма.** Кестенің мәліметтері бойынша Қазақстан аймақтарындағы табиғи өсуді есепте. Алынған көрсеткіштерді салыстыр:

1) табиғи өсімі ең жоғары және ең төмен; 2) халық саны өсуінің дәстүрлік және қазіргі типтері бар аймақтарды ата.



Қазақстан аймақтары	Тууы, (‰)	Өлім-жітім, (‰)	Табиғи өсім, (‰)
1. Солтүстік Қазақстан	18	9	
2. Шығыс Қазақстан	16	10	
3. Орталық Қазақстан	17	10	
4. Оңтүстік Қазақстан	21	6	
5. Батыс Қазақстан	25	6	
<b>Қазақстан</b>	<b>22</b>	<b>7</b>	

**3-тапсырма.** Параграф мәтініне сүйене отырып, демографиялық есепті шығар. Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларының халқының абсолюттік және салыстырмалы өсімін есептеңдер. 2017 ж. (жыл ортасында) ондағы халық саны сәйкесінше 1777 мың және 1002 мың. Туу мөлшері 31 мың және 28 мың, өлу 11 мың және 4 мың болды.

Табиғи өсім			
төмен 6‰ -ден аз	орташа (6–12‰)	жоғары (12–18‰)	өте жоғары 18 ‰ және одан көп

**4-тапсырма.** Облыстар мен қалаларды табиғи өсім мөлшеріне байланысты топта (188-сурет). Нәтижесін кестемен көрсет.

**Қорытынды жаса.** Халық санының өсімінің дәстүрлік және қазіргі типтеріне тән облыстардың арақатынасы қандай? Қай облыстар депопуляцияға жуық? Демографиялық жарылыс қай жерлерде байқалады? Сендердің облыстарың (қалаларың) қай топқа жатады?

**5-тапсырма.** 187- сурет бойынша: 1) 1913 жылғы туу, өлу және табиғи өсу коэффициенттерін; 2) халық саны өсуінің дәстүрлік типі қазіргі типпен, керісінше қазіргі типтің дәстүрлік типпен ауысқан жылдарын анықта. 1960 жылғы демографиялық толқынға назар сал. График мәліметтері «25 жылдан кейін халқы көп буын саны мол ұрпақ қалдырады» деген тезисті бекіте ме?

**6-тапсырма.** Ең төменгі табиғи өсім елімізде 2000 ж. болды. Осыған байланысты (2000 ж. + 25 жыл), кезекті демографиялық «шұңқыр» 2025 жылға сәйкес келеді. Бұл уақытқа дейін туу төмендеп, халық қартаяды, ал өлім-жітім

көбейеді. Төмен түсетін демографиялық толқындай белсенді демографиялық саясаттағы өз жобанды (шаралар кешенін) жаса.



### **Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар)

1. Алғашқы ұлттық халық санағы 1999 жылы болса, екіншісі қашан болды?  
а) 2001 ж.; ә) 2003 ж.; б) 2005 ж.; в) 2007 ж.; г) 2009 ж.
2. Туу мен өлімнің айырмашылығы:  
а) туу; ә) депопуляция; б) өлім; в) табиғи өсім; г) сальдо.
3. Халықтың үздіксіз ұрпағының ауысуын не деп атайды?  
а) табиғи шығын; ә) демографиялық ауысу; б) депопуляция; в) санының өсуі; г) табиғи өсім.
4. Қазақстан халқы неше миллионға жетті?  
а) 8; ә) 15; б) 10; в) 18; г) 28.
5. Жамбыл облысындағы туу көрсеткіші 24‰, өлім 7‰, ал табиғи өсім нешеге тең?  
а) 31‰; ә) 17‰; б) - 17‰; в) 1,7‰; г) 3‰.
6. Табиғи қозғалысты басқаратын экономикалық және басқа шаралардың жүйесін:  
а) демографиялық жағдай; ә) демографиялық тығырық;  
б) демографиялық революция; в) демографиялық өту;  
г) демографиялық саясат деп атайды.



### **Сенің көзқарасың**

«Отбасында үш бала болмаған елді мекен уақыт өте келе жойылады». Демограф-ғалым В. Переведенцевтің тұжырымы дұрыс па? Бұл жағдай біздің елімізге тән бе?



### **Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары**

- 1) 2009 ж. санақ бойынша менің облысымның көрсеткіші.
- 2) Менің облысымның демографиялық жағдайы.
- 3) Менің облысымдағы халық және көші-қон. Өткені мен бүгінгісі.



### **Кітап сөресі**

1. *Интернет желісіндегі мекенжайлар*

<http://www.census.gov/popclock/> – Сайт бюро переписей США: данные о населении всех стран мира: «демографические часы» (англ).



### **Рефлексия «Үш Ж» әдісі**

Сабақтағы өз жұмысыңды бағала.

Жасаған жұмысыңның жақсы нәтиже берген үш жағдайын ата. Келесі сабаққа оның жақсарту тәсілінің біреуін қалай қолдануға болатынын ұсын.

## §45. Қазақстанның елді мекендері

### Естеріңе түсіріңдер

- Қандай елді мекендерді білесіңдер?
- Мемлекет қазіргі күні не себепті ауылдық елді мекендердің өркендеуіне көп қаржы бөлуде?

**1. Халықтың таралып орналасуы:** елді мекендердің екі типі. Халықтың аумақтық ұйымдастыруға *таралып орналасу* және *қоныстандыру* жатады. *Халықты орналастыру* – халықтың ел аумағында таралып орналасуы. *Халықтың қоныстануы* – халықты елді мекендер бойынша орналастыру. Біздің елімізде тұрғындар саны 50-ден асатын қоныстар *елді мекендер* деп аталады (11-кесте). Оларға қоса тұрғындар саны 50-ден аз қыстаулы омарташылардың, орманшылар мен жол қараушылардың үйлері мен дала қостары бар. Оларды таяу маңда орналасқан елді мекендердің құрамына енгізеді. Қалалық және ауылдық елді мекендер болғандықтан, оларға сәйкес қала және ауыл халқы деп бөледі.

11-кесте

### Қазақстанда қандай елді мекендер бар?

Елді мекендер	Тұрғындар саны	Талаптар
1) Республикалық маңызы бар қалалар	Ерекше мемлекеттік маңызды немесе 1 млн-нан астам тұрғыны бар қалалар	
2) Облыстық маңызы бар қалалар	50 000-нан астам	Ірі экономикалық және мәдени орталық
3) Аудандық маңызы бар қалалар	10 000-нан астам және одан көбірек	Халықтың 2/3 бөлігі жұмысшылар, қызметкерлер және олардың отбасылық мүшелері
4) Кенттер	3 000 және одан көбірек	Халықтың 2/3 бөлігі жұмысшылардың, қызметкерлердің отбасылық мүшелері
5) Ауылдар	50 және одан көп	Халықтың 1/2 бөлігі және олардың көп бөлігі ауылшаруашылығымен айналысатындар

**2. Ауылдық қоныстану: ерекшеліктері мен проблемалары.** Қазақстан халқының қала аумағынан тыс тұратын, негізінен ауылшаруашылығымен айналысатын бөлігі *ауыл халқына* жатады. Тиісінше, ауыл халқы тұратын аймақ *ауылдық жерлер* деп аталады.

Қазіргі уақытта 6,5 мыңнан астам ауылдық мекендерде 7,7 млн адам немесе Қазақстан халқының 45% -ы тұрады. Ауылдық елді мекендер қалалардан айтарлықтай шағын аумағымен, функциялық ерекшеліктерімен бөлінеді. Ауыл халқының негізгі тіршілігі – егін егу және мал бағу. Сондықтан ауылдық қоныстар егіндік жерлер мен шабындықтарға тәуелді орналасқан. Олардың аумағы мен тығыздығы орналасқан жерінің өнімділігіне де байланысты.

*Тұрғындарының санына* байланысты елді мекендер үш топқа бөлінеді: *ұсақ* (шағын тұрғындар саны 200-ден аспайтын) *орташа* (201–1000 адам) және *ірі* (1000-нан асатын). Ірі ауылдардың ішінде тұрғындар саны 5000-нан асатын аса ірі ауылдар да бар, олар ауылды елді мекендердің 2% -нан аспайды. Жекелеген ауылдарда 30–40 мыңға дейін тұрғындар тұрады, олар кенттер ғана емес, шағын қалаларды да басып озады.

**Мысалы,** Түркістан облысындағы Ақсу ауылында 25 мың адам бар, ол Жетісай мен Леңгір қалаларының тұрғындарынан да көп (24 мың). Алматы облысындағы Ұзынағаш ауылында (39 мың), ал Текелі қаласында (32 мың), Есік қаласында (33 мың) тұрғын бар. Сол сияқты Шығыс Қазақстан облысындағы Үржар ауылында 13 мың тұрғын болса, осы облыстың Курчатов қаласында 12 мың, Серебрянск қаласында 8 мың тұрғын тұрады.

*Атқаратын функцияларына* байланысты ауылдық елді мекендер екі үлкен топқа – әртүрлі функциялы және аз функциялы болып бөлінеді. *Әртүрлі функциялы ауылдар* – бұлар әдетте жергілікті маңызы бар өкімшілік және мәдени орталықтар (ауылдық округтер мен аудан орталықтары). Оларда да жекелеген өндіріс немесе көліктік мекемелер орналасқан.

*Аз функциялы ауылдар* өз кезегінде екі топшаға: 1) ауылшаруашылығымен (мал және егіншаруашылықтары) басқа қызмет түрінсіз; 2) аз функциялық еңбек ету орындары шоғырланған ауылдар болып бөлінеді. Оларға өндіріс, көлік кәсіпорындары, ауылшаруашылық колледждері, санаторийлер мен демалыс үйлері, қорықтар мен ұлттық саябақтар, орман және балықшаруашылығы жатады.

Ауылдық қоныстану табиғи жағдайлардың күшті әсерімен қалыптасты. Сондықтан оларға *зоналық ерекшеліктер* тән. Солтүстіктің орманды



189-сурет. Қазақстан ауылының жаңа бейнесі

дала мен далаларындағы үлкен аумақты егістік жерлер алып жатқан елді мекендер соларға жуық орналасқан. Ол жерлердегі аумағы орташа ауылдар өзендер мен көлдердің жағасында біркелкі дерліктей таралып орналасқан. Ыстық та құрғақ Оңтүстіктің суармалы егіншілігі дамыған тау етектерінде көпшілігі ірі болып келетін ауылдар орналасқан. Олар өзен аңғарлары мен каналдар бойында тізбектеле қоныстанған.

Шөлді және шөлейтті орталық белдеуде жайылымдық малшаруашылығы кең таралған. Ауылдар аз: ірілері өзен бойларында, ал ұсақ ауылдар қыстауларда орналасқан.

Қазіргі Қазақстан ауылдары күрделі әлеуметтік мәселелермен бетпебет келіп отыр. Ол жұмыссыздықтың салдары. Жұмыссыздық тұрмыс жағдайының төмендеуіне алып келеді. Бұл – көптеген ауылдардың қаладан тыс орналасуының да әсері. Халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне орай бұл ауылдарды «болашағы жоқ» елді мекендер қатарына қосады [1].

Мемлекет ауылдық жерлерді дамыту мақсатында қомақты қаржы бөлуде [2]. Ауылды қолдау мақсаты мына жағдайларды қарастырады: 1) болашағы бар ауылдарға қолдау көрсету; 2) олардың негізінде ауылдық елді мекендердің жаңа типін – өндірісі дамыған тұруға қолайлы агроқалашықтар құру [4] және 3) болашағы жоқ ауылдардан тұрғындарды көшіру [5]. Бұл Қазақстан ауылдарының бейнесін өзгертері сөзсіз (189-сурет).

**Сонымен, Қазақстан – көп жағдайда ауыл тұрғындары басым ел. Қазіргі қазақстандық ауылдарды әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту – қоғамның басты міндеті.**

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Болашағы жоқ ауылдар мәселесі 1990 жылдарда, ірі совхоздар мен колхоздар ұсақ фермерлік шаруашылықтарға бөлініп кеткен кезде шиеленісе түсті. Бұл курс кей жағдайда өзін-өзі ақтамады. Ірі шаруашылықтар таратылып еді, жұмыссыздық белең алды. Халықтың жаппай басқа жерлерге қоныс аударуы басталды. Көптеген ауылдарда тек ондаған тұрғындар ғана қалса, 2003–2017 жж. аралығында 848 ауылды елді мекендер мүлдем құрып кетті.

2. Республикада «Ауыл – елдің бесігі» атты бағдарлама іске қосылды. Елдегі халықтың 80% тұратын ауылдар қайта құрылады немесе жаңаланады. Бұл жұмыстарға 2019–2021 жж. 90 млрд теңге жұмсалатын болды.

3. 2019 ж. 1 шілдеде Қазақстанда 6445 ауыл болды, 966-ы даму әлеуеті жоғары, қалғандары орташа (4768), төмен (709) немесе дамуы ықтимал ауылдар болды.

4. Қазақстан жерлерін ұйымдастырудың Бас жоспарында ауылдық қоныстардың жаңа типін – агроқалашықтар құру қарастырылған. Агроқалашық – халқының саны 1000 адамға дейінгі, механикаландырылған ірі тауарлы және ұсақ отбасылық шаруашылықтар үйлестірілген тұрмысы қолайлы кент болып табылады.

5. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша болашағы жоқ ауылдарда тұратын 50 мың отбасын қалаларға немесе болашағы бар ауылдарға көшіру көзделген.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

**Өзіңді тексер!**

1. Халықты аумақты ұйымдастыру дегеніміз не?
2. Елді мекендердің қандай түрлерін білесің? Олардың бір-бірінен айырмашылығы қандай?
3. Ауыл халқын зоналы түрде орналастыру ерекшеліктеріне әсер ететін жағдайларды ата.
4. Қазақстандық ауылдарда қандай әлеуметті мәселелер бар?
5. Ауылдық жерлерді дамыту үшін мемлекет қандай шаралар ұйымдастыруда?

**Тапсырмаларды орында**

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секунд ішінде 5 сұраққа жауап беріп, жоғары балл ал.

1. Қала маңындағы жерлер ... .
2. Қазақстандағы ауылдар ... .
3. Қазақстан ауылдарында тұратын халық жалпы халықтың ... (%) құрайды.

4. Оңтүстік Қазақстандағы ірі ауылдар негізінен ... орналасқан.

5. Халқы 5000-нан асатын ауыл ... аталады.

**2-тапсырма.** Кестеде келтірілген мәліметтер бойынша қалалық және ауылдық жерлердегі халықтардың орташа мөлшерін анықтаңдар. Шыққан санды салыстырыңдар. Не себепті қала халқы мен ауыл халқының арасында үлкен алшақтық барын «елді мекендердің орташа саны» бойынша түсіндіріңдер.

Қоныстар	Қоныстар саны	Халықтың саны, мың адам	Бір қоныстағы халықтың орташа саны, мың адам
Қалалық	87	10 424	
Ауылдық	6 569	7 734	
Барлығы	6 656	18 158	

**3-тапсырма.** Кестеге талдау жасап, анықта: 1. Ауылдың, елді мекендердің қаладан айырмашылығы қандай? 2. Елімізде қалалардың қандай түрлері бар? 3. Кенттің қаладан қандай айырмашылығы бар? Жуықта қай қалаға республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді? Себебін түсіндір.

**4-тапсырма.** Параграфтың 2-тақырыпшасындағы мәтін бойынша «Ауылдарды атқаратын қызметі бойынша топтау» тақырыбына кластер-сызба құрастыр.

**5-тапсырма.** Ауылдық округтің (қаланың) әкімінің орнында болсаң, өз елді мекеніңнің проблемаларын шешу үшін не істер едің?



**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше жауаптармен)

1. Ауылдық жерлерде Қазақстан халқының ... астамы тұрады.

а) 1/2; ә) 1/4; б) 2/5; в) 2/3; г) 3/4.

2. Ауыл халқының негізгі айналысатын шаруашылығы:

а) өндіріс; ә) құрылыс; б) егіншаруашылығы; в) көлік және байланыс; г) малшаруашылығы.

3. Қазақстанның оңтүстігіндегі тау етектерінде ... ауылдар басым:

а) аса ірі; ә) ірі; б) орташа; в) ұсақ; г) кенттер.

4. Қазақстандық ауылдардың өлеуметтік мәселесі:

а) ауыл санының аздығы; ә) жұмыссыздық; б) ауылды көркейту; в) фермерлік шаруашылық; г) қалалардан алыс орналасуы.

5. Ауылдарды топтайтын белгілер:

а) халық саны; ә) сыртқы келбеті; б) даму әлеуеті; в) географиялық жағдайы; г) атқаратын қызметі.



**Сенің көзқарасың**

Ауылдық қоныстарды «мәдениет феномені» деп атайды. Сен бұл пікірмен келісесің бе? Өз көзқарасыңды негізде.

**Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары**

1. Туған ауылымның әлеуметтік мәселелері.
2. Менің ауылымның (қаламның, облыс орталығының) функционалдық ерекшеліктері.

**Рефлексия («Шумақ құрастыру» тәсілі. 5 жолдық)**

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: өткен тақырып бойынша синквейн формасында жаз:

- 1-жол – 1 сөзбен алынған тақырып (бір зат есім).
- 2-жол – 2 сөзбен сипаттама (екі анықтауыш).
- 3-жол – 3 сөзбен алынған іс-әрекет (үш етістік).
- 4-жол – тақырыпқа көзқарас (4 сөзден тұратын сөз орамы).
- 5-жол – тақырыптың мазмұнын қайталайтын синоним.

**§46. Қазақстандағы және әлемдегі урбандалу****Естеріңе түсіріңдер**

- «Урбанизация» термині қандай ұғым береді?
- Халық саны бойынша қандай қалалар болады?

**1. Қалалық қоныстану: елді мекендер мен урбандалу.** Қалалық елді мекендерге *қалалар* мен *кенттер* жатады. Өнеркәсіп, ғылым, білімнің өркендеуі ірі қалалардың экономикалық өсуінің діңгегіне айналды. Қалалар және оларды қосатын жолдар аумақтың сүйенетін қаңқасы тәрізді.

Қалалардың пайда болуы мен дамуын урбандалу (лат. *urbanus* – қалалық) деп атайды. *Урбандалу* түсінігі үш құрамдас бөліктен тұрады: 1) қалалар мен қала халқының өсуі; 2) қалалық өмір сүру дағдысының таралуы; 3) қалалық таралып қоныстанудың жаңа күрделірек формаларының – *қалалық агломерациялар* мен *мегаполистердің* пайда болуы.

**2. Қазақстандағы урбандалудың дамуы.** Қалалар – ауылдық елді мекендерге қарағанда кешірек пайда болған қоныс түрі. Алғаш рет олар Қазақстанда ежелгі уақыттарда Ұлы Жібек жолының бойында пайда болды. Қазіргі Қазақстанда қалалардың ішіндегі ең көнелері – Тараз б. э. б. I ғ. және Шымкент [1].

Жоспарлы экономика кезеңінде урбандалу сан жағынан дамыды. Қалалық қоныстар мен қала халқының саны өсті. 64 қала мен 200-ден астам қала типтес кенттер (жұмысшы поселкелері) пайда болды. Қалалар мен кенттер көбінесе бір кәсіпорынның маңында салынды (зауыттар, шахталар, электрстансылары). Осылайша, барлық жағдайы қала құрушы кәсіпорынға байланысты болып келетін моно қалалар пайда болды.

Нарықтық экономикаға өтер кезеңде 2 жаңа қала (Құлсары мен Шардара) пайда болды, керісінше жұмысшы поселкелерінің саны азайды.

Тығырықты жылдарда көптеген кәсіпорындар жабылып, кенттер қаңырап бос қалды. Адамдарға қолдау көрсету үшін Үкімет көптеген поселкелерді ауылға айналдырды, өйткені ауыл халқы белгілі бір мөлшерде жеңілдіктерге ие еді, мысалы, еңбекақыға қосымша төленетін. Бұл жағдай қала халқы үлесінің азаюына әкелді (190-сурет).




190-сурет. Қазақстандағы қала және ауыл халқының үлес салмағының өзгеруі

190-сурет бойынша анықта: 1. 1897 ж. Қазақстан халқының қандай бөлігі қалаларда тұрды? 2. Қала халқының саны қай кезде ауыл халқының санынан артты? 3. Соңғы бес жылда қандай өзгерістер байқалады?

### 3. Қалаларды топтау: екі негізгі белгісі.

Қазіргі Қазақстандағы қалалық қоныстардың құрамына 30 кент пен 87 қала кіреді. Қалалар екі басты белгілері арқылы бөлінеді. Біріншісі – халықтың саны. Осы белгісі бойынша қалалар шағын, орташа, ірі, өте ірі және аса ірі (миллионер-қалалар) болып бөлінеді (191-сурет).



191-сурет. Қазақстан қалаларының топтары мен тармақтары

191-сурет бойынша қай топ қала саны бойынша, ал қала халқының саны бойынша қай топ басым екендігін анықта.

Ең саны көп топты шағын қалалар құрайды. Бірақ барлық халықтың 4/5 бөлігі ірі, өте ірі және аса ірі қалаларда тұрады. Қазақстандағы аса ірі қалаларға – Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент сияқты 3 миллионер қала жатады [3]. Өте ірі қалалар бестігіне Қарағанды, Ақтөбе сияқты қалалар кіреді.

Екінші белгі – қалалардың атқаратын функциялары, яғни олардың ел экономикасындағы рөлі, маңызы. Функцияларды қалақұрушы және қалаға қызмет көрсетуші деп бөледі (192-сурет).



192-сурет. Қалалар функциясы

*Қалаға қызмет көрсету* функциясы – тіршілігін қамтамасыз етуі мен оның тұрғындарына қызмет көрсету болып табылады.

Ол тұрғын үй шаруашылық қызметіне, қала құрылысының, көліктің, қызмет көрсету сферасының өндірістік кәсіпорындардың (нан зауыты) жұмыстарын біріктіреді.

*Қала құрастырушы* функция – бұл қаланың «мамандығы», оның қоғамдағы міндеті. Ол жұмыс істейтін адамдардың көп бөлігін қамтитын, ал өнімін қаладан тыс жерлерде пайдаланатын қызмет түрлерін біріктіреді. Қала құрастырушы функция орталық және арнаулы болып бөлінеді. Орталық деп астаналық және жергілікті (аудандық және облыстық) орталықтардың әкімшілік функцияларын атайды.

Ірі, өте ірі және аса ірі қалалар бірнеше функция атқарады. Оларды *көп функциялылар* деп атайды. Мысалы, Алматы – өндірістік қала, көлік торабы, сауда, ғылыми және тарихи-мәдени орталық. Ақтау – бір мезгілде порт өрі өндіріс орталығы. Шағын және орташа қалалар көбінесе бір шаруашылық функциясын ғана атқарады. Мысалы, Степногор – өндіріс орталығы, Қандыағаш – теміржол торабы, Сарыағаш – курорттық қала. Бұлар – шағын функциялы қалалар.

#### 4. Қала агломерациялары: пайда болуының екі түрі мен тәсілі.

Қалалық таралып қоныстануда ірі қалалар маңызды рөл атқарады. Халқының саны 100 мыңнан асқан ондай қалалар өз маңында *агломерациялар* құрай алады.

Қала агломерациясы (лат. *agglomerat* – қосып алу) – қалалық қоныстанудың екінші формасы. Ол – *бір-біріне жақын орналасқан және өзара тығыз байланысқан қалалар тобы*. Агломерация басты қаладан (орталық) және өндірістік, көліктік, сауда, курорттық, тұрғын үйлік функциялар атқаратын серіктес қалалардан құралады (193-сурет). Олардың арасында: 1) өндірістік (серіктес қалалар); 2) еңбек ету («үй-жұмыс», «маятниктік» қозғалыс); 3) мәдени (оқу орындарына, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріне бару т.б.) сияқты тығыз байланыс бар.

Агломерация екі түрлі тәсілмен пайда болады. Бірінші тәсіл – шартты түрде қаланың «жайылуы» деп атайды. Бұл тәсіл Қазақстандағы ең ірі қалалар: Алматы агломерациясы мен қалыптасып келе жатқан Нұр-Сұлтан, Шымкент және Ақтөбе агломерацияларына тән. Екінші тәсіл – қалалық қоныстардың бір-біріне қосылуы. Мысалы, Қарағанды көмір алабындағы агломерация осылайша қалыптасты.





194-сурет. Қазақстан аймақтарындағы урбандалу деңгейі

Қарағанды және Алматы облыстары екі шеткі «полюстерді» құрайды. Қарағанды облысындағы урбандалу деңгейі 80% дүниежүзінің дамыған елдері Еуропа мен Солтүстік Американың урбандалу деңгейлеріне сәйкес болса, Алматы облысындағы қалалықтар үлесі 22%. Ауғанстан мен Бангладеш сияқты нашар дамыған елдердің көрсеткіштерінен төмен. Сондықтан *урбандалу деңгейінің жоғарылауы* – Қазақстанның жаңғыруының мақсаты да, құрамы да болып табылады.

Үкімет жоспарында қала халқының үлесі 2030 жылға дейін 70% -ға дейін жоғарылату көзделген.

*Сонымен, Қазақстан халқының жартысынан астамы қалаларда тұрады. Шағын қалалардың саны көп болғанымен, жетекші рөлді үлкен қалалар атқарады. Сондықтан қалалық қоныстану жүйесін жетілдіру – елдің әлеуметтік-экономикалық жаңғыруының маңызды бағыты.*

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Ежелгі орта ғасырда (VI–XII ғғ.) Оңтүстік Қазақстан жерінде 100-ден астам қалалар болған. Олардың ішіндегі ірі 40 мың халқы бар Сайрам (Испиджаб), Отырар (16 мың), Тараз бен Баласағұн (әрқайсысында 10 мыңнан) қалалары болды.

2. Әлемде 100 мың қала бар. Бірақ «қала» деген біржақты түсінік жоқ. Көптеген елдерде оның критерийі – халық саны мен ауылшаруашылығына жатпайтын өнімдер шығару. Мысалы, Канадада қала халқының саны (1 мың адам) – 1, АҚШ-та – 2,5, Үндістанда – 5, Қазақстанда – 10, Ресейде – 12, Жапонияда – 30 болуы керек.

3. Даму жоспарында Нұр-Сұлтан қаласының халқы 2020 жылы 500 мыңға, 2030 жылы 850 мыңға жетеді деп көрсетілген. Бұл екі межеге де Нұр-Сұлтан қаласы ерте жетті, біріншісіне – 2002 ж., екіншісіне – 2015 ж. жетті.

4. Әлемде халқының саны 1 млн-нан асатын 449 қалалық агломерациялар бар, Алматы солардың ішінде 309-орында. Ең үлкен үш агломерациялар Жапонияда, Үндістанда және Қытайда орналасқан. Олар – Токио (38 млн адам), Дели (26) және Шанхай (24).

5. «G4 Сити» – Нұр-Сұлтан қаласынан кейін Алматы агломерациясын дамыту үшін құрылған алып жоба. Жоба бойынша Алматы мен Қапшағайды 4 жаңа қала біртұтас мегаполиске біріктіреді. Әр серіктес қаланың өз функциясы анықталған: Грин Сити – туризм орталығы, Гроунг Сити (өсетін қала) – ғылыми-өндірістік орталық, Голден Сити – «тыныш» аудан, Гейт Сити (Қақпа қала) – іскерлік орталығы. Серіктес қалалардағы барлық халық саны 300–400 мың адамды, ал құрылыс аумағы 35 км<sup>2</sup> құрайды. Оларды 2036 жылы салынып бітеді деп жоспарлайды.

6. Ғаламшарымыздағы ең ірі мегаполис – Токайдо («Шығыс теңіз жолы» деп аударылады) Жапонияда орналасқан. Оның аумағы 70 мың км<sup>2</sup>, басты өсінің ұзындығы (Токиодан Осакаға дейін) – 700 км. Оның бойында жалпы саны 60 млн адамнан тұратын 20 агломерация орналасқан. Мегаполистегі орташа халық тығыздығы 860 адам/км<sup>2</sup>-ді құрайды.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Қалаларды халқының санына байланысты қалай ажыратады?
2. Қалалардың қала қалыптастырушы функцияларын ата.
3. *Урбандалу, урбандалу деңгейі, қала агломерациясы, мегаполис, қала функциясы, аумақтық сүйеніш қаңқасы* ұғымдарының мазмұнын аш.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секунд ішінде 5 сұраққа жауап беріп, «Геоурбандық (қалалар туралы ғылым) білгір» атағын жеңіп ал.

1. Халықтың елді мекендер бойынша таралуы ... .
2. Қалалық қоныстарға жататындар ... .
3. Қазақстандағы миллионер-қалалар саны.
4. Халық саны ... үлкен қалалар болып саналады.
5. Меганолистер ... пайда болады..

**2-тапсырма.** 193-суретті пайдаланып, анықта: 1) Суретте көрсетілген агломерациялардың басты айырмашылығы неде? 2) Алматы және Қарағанды – Теміртау агломерацияларын қандай елді мекен құрайды? 3) Олардың қайсылары басты қалалардың «серіктестері» болып табылады?

**3-тапсырма.** 194-сурет бойынша айт: 1) Қазақстанның және өз облысының халқының қанша пайызы қалаларда тұрады? 2) Елдегі урбандалу деңгейі ең жоғары және ең төмен облыс, ондай айырмашылықтың себебі неде? 3) Урбандалу деңгейі бойынша алғашқы үштікке кіретін облыстар; 4) Сенің облысыңның урбандалу деңгейі қандай? Сенің облысың жалпы ел мен жақын көршілер арасында немен ерекшеленеді? Себебін түсіндір.

**4-тапсырма.** Тапсырмаға берілген кесте бойынша біздің елімізбен шетелдердегі урбандалу деңгейін салыстыр. Қазіргі әлемдегі көшбасшы-аудандар Солтүстік Америка мен Еуропада урбандалу деңгейі қандай? Біздің елімізде көшбасшы елдер қатарына қосылуға және жаңғыру мәселелерін шешуге қала халқының үлесі жеткілікті ме? Жауабыңды негізде.

**5-тапсырма.** Кескін картаға халқы 100 мыңнан асатын (Атлас картасы мен кесте мәліметтерін қара) қалаларды түсір. Халық санына байланысты оларды өртүрлі көлемдегі дөңгелекшелермен белгіле. Дөңгелекшелерді қалалардың пайда болған уақыттарына сәйкес түстермен боя. Картада белгіленген қалалардың орны және аттарын есте сақта. Бағаға номенклатура тапсыр.

%	Дүниежүзі және аймақтар	ҚР және аймақтар
81	Солтүстік Америка	
80	Латын Америкасы	Орталық
74	Еуропа	
69	Австралия және мұхиттық елдер	
67	ТМД	Солтүстік
64		
62		Шығыс
58		Қазақстан
54	Дүниежүзі	Батыс
51		Оңтүстік
49	Азия	
47	Африка	

4-тапсырма. Дүниежүзі және Қазақстан халқының қалалық үлесі, 2018 ж.

Қалалар	Ежелгі және ортағасырлық кезең	XVII–XIX ғғ.	Кеңестік кезең
Ірі	Түркістан	Атырау, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Петропавл	Ақтау, Теміртау, Рудный, Талдықорған, Екібастұз, Жаңаөзен
Өте ірі	Тараз, Шымкент	Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Павлодар, Семей, Орал, Өскемен	Қарағанды
Аса ірі		Алматы	



### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше жауаптармен)

- Қалалардың пайда болу және даму үдерісін қалай атайды?  
а) агломерация; ә) урбандалу; б) депопуляция; в) таралып орналасу; г) субурбанизация.
- Қазақстандағы қалалар саны:  
а) 181; ә) 267; б) 26; в) 60; г) 87.
- Бір миллионнан астам халқы бар қалалар:  
а) Нұр-Сұлтан; ә) Шымкент; б) Қарағанды; в) Алматы; г) Тараз.
- Жақын орналасқан және бір-бірімен тығыз байланысқан қалалар тобы:  
а) мегаполис; ә) урбандалу; б) үлкен қала; в) қалалар жүйесі; г) агломерация деп аталады.
- Қазақстандағы аса ірі агломерация:  
а) Қарағанды – Теміртау; ә) Шымкент; б) Өскемен; в) Алматы; г) Қостанай.
- Қалалықтардың жалпы халық санындағы үлесі ... деңгейі болып табылады.  
а) игерілу; ә) қоныстану; б) урбандалу; в) агломерация; г) таралып орналасу.
- Қазақстандағы ең жоғары урбандалған облыс:  
а) Атырау; ә) Павлодар; б) Қызылорда; в) Маңғыстау; г) Қарағанды.



### Сенің көзқарасың

Сен Ле Корбюзьенің «Адамдар урбандалуға ұмтылады ... үлкен қала бәрін бейбітшілікті, соғысты, еңбекті билейді. Үлкен қалалар – бұл ғаламның ең үздік туындылары жасалатын рухани шеберхана» деген көзқарасымен келісесің бе? Өлде француз сәулетшілері қалалардың ролін көтермелеп отыр ма?



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

- Менің облысымдағы қалалар және урбандалу.
- Менің қаламның функциялық ерекшеліктері.
- Қазақстандағы қалалық агломерациялар: жаңа дамудың кезеңдері.

**Кітап сөресі**

1. У.М. Ысқақов. Қазақстан қалалары. – Алматы, 1992 ж.

2. Г.М. Лаппо. Қалалар географиясы. – М., 19:

Интернет желісіндегі мекенжайлар <http://www.stat.gov.kz>. – Қазақстанның демографиялық жылнамасы. Статистикалық жинақ.

**Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)**

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: жұмыс дәптеріңдегі сұрақтарға тез әрі қысқа жауап бер:

- |                  |                               |
|------------------|-------------------------------|
| 1. Жұмыс істедім | белсенді/енжар                |
| 2. Жұмысқа       | қанағаттандым/қанағаттанбадым |
| 3. Материал –    | түсінікті/түсініксіз          |
|                  | пайдалы/пайдасыз              |
|                  | қызықты/қызықсыз              |


**§47. Әлеуметтік география: зерттеулер, карталар мен мәліметтер базасы****Естеріңе түсіріңдер**

- Халықтың таралып орналасуы дегеніміз не?
- Қазақстан халқының негізгі бөлігі қай аймақта шоғырланған?

Әлеуметтік географияның өзекті мәселелерінің бірі – халықтың ел аумағында таралып орналасуы. Оны зерттеумен Қазақстан география институтының Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы, профессор Ф.Ж. Ақиянованың жетекшілігімен жүргізіледі. Біз де осы мәселеге мектеп географиясы тарапынан талдау жасайық.

**1. Қазақстан халқының орналасуы: таралып қоныстанудың екі белдеуі.** Сендер халықтың таралып орналасуы қоныстанудың кеңістіктегі бейнесі екенін білесіңдер. Оған табиғи, тарихи және экономикалық жағдайлар үлкен әсерін тигізді. Ең алдымен өмір сүруге қолайлы аумақтарға қоныстану жүрді. Техника дамуына байланысты игерілу ошақтары аса қолайлы емес аймақтарда да пайда болды.

**Мысалы,** теміржолдар, теңіз суын тұщыландыру зауыттары және Ақтаудағы атом электрстансысының салынуы еліміздің оңтүстік-батысында қуатты «экономикалық оазистің» пайда болуына мүмкіндік берді. Қазір ол Каспий ресурстарын игерудегі тірек базалардың бірі болып саналады.



195-сурет. Қоныстану белдеуі және шаруашылыққа игерілуі

Қазақстанда тарихи жағдайда қоныстанудың екі зонасы – *солтүстік және оңтүстік зоналар* қалыптасқан. Алтай тауларының етегінде қосылып, олар қоныстанудың *басты белдеуін құрайды* (195-сурет). Басты белдеу – бұл 1/3-нен аз, бірақ онда халықтың 90%-ға жуығы тұрады. Ол арқылы экономикалық дамудың екі басты өсі (солтүстік және оңтүстік) өтеді. Осы жерде үлкен қалалардың, ауылшаруашылығының және өңдеу өнеркәсібінің негізгі бөліктері шоғырланған.

195-сурет бойынша басты белдеу мемлекеттік шеғараға байланысты қалай орналасқанын анықта.

Қазақстанның ішкі кеңістіктерін ошақтық, маусымдық және вахталық игеру аумақтары алып жатыр. Олар елдің ең ірі ресурстық базалары болып саналады. Ішкі және сыртқы көші-қон ағындары осыларға қарай бағытталған. Бұл жерде агломерациялар (Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе, Қостанай-Рудный) қалыптасуда. Бұның өзі елді жаңғырту мәселелерін шешуге адами капиталды жұмылдыруға мүмкіндік береді.



196-сурет. Қазақстан халқының облыстар бойынша орналасуы


## 2. Халықты орналастырудың аймақтық ерекшеліктері.

Халықтың облыстар мен ірі географиялық аймақтар бойынша орналасу ерекшеліктерін анықтайық (196 және 197-сурет).

Картадан анықтаңдар:

- 1) 196-суреттен халқының саны 1 млн адамнан асатын облыстар мен қалаларды;
- 2) халық саны ең көп және ең аз облыстарды табыңдар.

Олардың ең бастысы – аймақтар арасындағы айырмашылық. Олармен аумақтардағы қоныстанудың әркелкілігі байланысты, бұған халық тығыздығының көмегімен баға беруге болады. Елімізде бұл көрсеткіш 6,8 адам/км<sup>2</sup> аспаса, аймақтарда 3 адам/км<sup>2</sup> Ақтөбе облысы, 17 адам/км<sup>2</sup>-ге дейін Түркістан облысы. Егер ауылық жерлердегі қоныстануға талдау жасасақ, бұл айырмашылық одан да көп. Қазақстандағы ең халық тығыз қоныстанған ауылдық жерлердің ең сирек қоныстанған жерлерден айырмашылығы 2000 есе көп.



197-сурет. Халықтың ірі экономикалық аудандар бойынша орналасуы

197-сурет бойынша ірі аймақтарды халқының санының азаю ретімен орналастыр.

**Сонымен,** еліміздегі халықты аумақтық орналастыруда шекаралық басты белдеудің рөлі зор. Оны жетілдірудің басты жолы – экономикалық даму аймақтарының бойында агломерациялар құру, ауыл тұрғындарын (даму) әлеуеті жоғары, болашағы бар қоныстарда шоғырландыру.

#### Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер

1. Халықтың өркелкі орналасуы көптеген елдерге, әсіресе ірі елдерге тән. Австралияда халықтың 91% аумағының 10%-ына ғана шоғырланған.

2. Әлемдегі халықтың орташа тығыздығы – 60 адам/1 км<sup>2</sup>. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан 184 елдің ішінде 184-орында. Ол көрсеткіш кейбір елдерде бізден де төмен, Канада (4), Ливия (4 адам/км<sup>2</sup>), Исландия (3,5), Австралия (3) және Моңғолия (2).

3. 1940 жылы халқының саны ең көп Шығыс Қазақстан облысы (963 мың адам), екінші – Оңтүстік Қазақстан (662 мың), ең кіші облыс – Маңғыстауда – 33 мың тұрғын болды. Қарағанды облысында халық сол уақытта қазіргіден де аз болған (427 мың). 6 148 мың халық саны %-бен алғанда: Оңтүстік – 35, Солтүстік – 27, Батыс – 16, Шығыс – 15, Орталық – 7 адам.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

### ? Өзіңді тексер!

1. Қазақстандағы қоныстанудың басты белдеуі қай жермен өтеді?
2. Елімізде халықтың қандай бөлігі басты белдеудің аумағында орналасқан?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** 196-сурет бойынша Қазақстанның қай облыстарында 1 миллионнан астам халық бар екенін анықта. Олардың еліміздің қандай ірі аймақтарында орналасқанын айт. Қазақстанда халық көп қоныстанған облыстарының кеңістіктегі бейнесіне түсініктеме бер.

**2-тапсырма.** Қосымшадағы кестенің мәліметтері бойынша өз облысындағы халықтың орташа тығыздығын анықта. Алынған мәліметті Қазақстан халқының орташа тығыздығымен салыстыр. Қорытынды жаса. Халықтың тығыздығы (Т) мына формуламен анықталады:

$T = Xc/A$ , мұнда  $Xc$  – халық саны;  $A$  – аумақ (елдің, аймақтың, қаланың).

**3-тапсырма.** 196 және 197-суреттің мәліметтеріне сүйеніп, өз облысындағы халықтың орналасу сипаттамасын мына жоспар бойынша құрастыр: 1) сенің облысың қоныстануды бас белдеуіне қатысты қалай орналасқан? 2) өз облысындағы халықтың тығыздығы қандай, облыстық жекелеген бөліктеріндегі тығыздық көрсеткіштерінде айырмашылықтар бар ма? 3) облысындағы халық санын, басқа облыстардағы халық санымен салыстыр; 4) сенің облысың еліміздің қай ірі аймағына жатады, бұл аймақ халық саны бойынша республикада нешінші орында?

**4-тапсырма.** 196 және 197-суреттің мәліметтеріне сүйеніп салыстыр. Жасалған салыстыру қандай заңдылықты көрсететінін анықта. Бұл заңдылық немен байланысты?

**5-тапсырма.** Басты белдеу мен ошақтық қоныстануды келесі параметрлері бойынша салыстыр: 1) аудан; 2) халық саны; 3) халықтың тығыздығы; 4) ірі қалалар саны. Бұл белдеулердің ірі рельеф формалары қандай? Олар қандай табиғи зоналарда орналасқан? Қорытынды жаса.

**6-тапсырма.** Төмендегі кесте мәліметтері бойынша Нұр-Сұлтандағы, Нұр-Сұлтан қаласының маңындағы ауылдардағы және республиканың басқа облыстарындағы халықтың тығыздығын есептеп шығар (суретте көрсетілген). Қорытынды жаса. Қандай заңдылықтарды байқадың? Байқалған заңдылықтардың себептерін түсіндір.



Аудан	Облыс, қала	Аудан, мың км <sup>2</sup>	Халық, мың адам	Тығыздық, адам/км <sup>2</sup>
	Нұр-Сұлтан	0,7	1001,0	
	Ақмола облысы	146,2	744,4	
Бурабай	Ақмола	5,9	75,1	
Қорғалжың	Ақмола	9,3	9,4	
Қарасай	Ақмола	2,0	221,5	
Сайрам	Түркістан	1,1	195,5	
Ұлытау	Қарағанды	122,9	13,8	



### Тест тапсырмалары

- Қазақстандағы халықтың орташа тығыздығы ... (адам/км<sup>2</sup>).  
а) 16; ә) 60-тай; б) 6,5 адам/км<sup>2</sup>-ден жоғары; в) 3-ке жуық; г) 1-ден аз.
- Қазақстандағы ең халық көп қоныстанған облыс:  
а) Шығыс Қазақстан; ә) Түркістан; б) Жамбыл; в) Алматы; г) Қарағанды.
- Қазақстан халқының 90% ... белдеу аумағында тұрады:  
а) солтүстік; ә) басты; б) оңтүстік; в) ошақты қоныстану;  
г) маусымдық және вахталық қоныстану.
- Қазақстандағы ең халық саны көп, ірі аудан:  
а) шығыс; ә) солтүстік; б) оңтүстік; в) батыс; г) орталық.
- Қазақстандағы қалалардың көпшілігі ... қоныстану белдеуінің аумағында орналасқан:  
а) маусымдық және вахталық игеру;  
ә) ошақтық қоныстану; б) оңтүстік; в) басты; г) солтүстік.
- Қазақстандағы халықтың ең жоғары тығыздығы ... облысқа тән:  
а) Маңғыстау; ә) Батыс Қазақстан; б) Атырау; в) Түркістан; г) Қарағанды.
- Қазақстандағы ең халық аз қоныстанған облыс:  
а) Маңғыстау; ә) Батыс Қазақстан; б) Солтүстік Қазақстан; в) Қызылорда;  
г) Атырау.



### Рефлексия ((Ү) – плюс, (Т) – минус, (Қ) – қызықты төсілдері)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: дәптеріңе кестені толтыр.

<i>Ү (сабақтағы тапсырмалар, ақпараттар ұнады)</i>	<i>Т (түсініксіз, пайдасыз ақпарат)</i>	<i>Қ (қызықтыратын фактілер, тағы да білгім келеді)</i>
--	---	---



## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ



### Сендер білетін боласыңдар:

- Табиғат ресурстарының аумақтық үйлесімі дегеннің не екенін;
- толық циклді металлургия комбинаты қалай жұмыс істейтінін;
- табиғатты пайдаланудың қандай жіктеулері барын.

### Сендер үйренетін боласыңдар:

- статистикалық мәліметтер бойынша табиғат ресурстарының сипаттамасын құруды;
- экономиканың ресурстық қамтамасыз етілуін бағалауды.



## ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

### §48. Қазақстанның табиғи-ресурстық өлеуеті

#### Естеріңе түсіріңдер

- Табиғат ресурстары, табиғат жағдайлары дегеніміз не?
- Қазақстан табиғат ресурстарымен қалай қамтамасыз етілген?

Табиғи-ресурстық өлеуетке *табиғат ресурстары* мен *табиғат жағдайлары* жатады.

**1. Табиғат ресурстары: классификациясы мен баға беру.** Табиғат ресурстары дегеніміз – *тікелей шаруашылық қызметте пайдаланылатын табиғат элементтері*. Олардың негізгілері – *минералдық, жер, су, гидро-энергетикалық, биологиялық, климаттық және рекреациялық ресурстар* (198-сурет). *Табиғат ресурстары* – экономиканың шикізаттық және энергетикалық базасы, оның дамуы мен аймақтық ұйымдасуының табиғи негізі.

Табиғат ресурстары әр алуан. Оларды көп мақсатты пайдалану сипатына байланысты айырады. Мысалы, су өндіріске, ауылшаруашылығына, халықтың пайдалануы үшін қажет. Осыған байланысты табиғат ресурстарының түрлі классификациясы жасалған. Көбінесе табиғи, шаруашылық және экологиялық классификация қолданылады.

*Табиғи классификацияның* негізгі белгісі – ресурстың белгілі бір табиғат компонентіне жатуы. Мысалы, минералдық ресурстар – жер қойнауының, орман – өсімдіктер дүниесінің, ал су – жербеті және жерасты суларының ресурстары. *Шаруашылықтық* классификацияда табиғи ресурстарды пайдалану бағыты негізгі белгі болып саналады. Осыған орай ресурстар материалдық игілік (өндірістік, ауылшаруашылық) өндіретін және халықтың демалуына арналған (рекреациялық) ресурстар болып бөлінеді. Экологиялық классификацияда табиғат ресурстары *сарқылатын* және *сарқылмайтын* (қайта қалпына келетін) белгілері бойынша топтарға бірігеді.



198-сурет. Табиғат ресурстарының түрлері

198-суретке қарап, табиғат ресурстарының сарқылатын және қайта қалпына келетін белгілері бойынша қалай ажыратылатынын еске түсір. Мысалдар келтір. Неліктен орман ресурстары қалпына келетін, ал минералдық ресурстар қалпына келмейтін ресурстар болып саналады?

Табиғи ресурстардың осы айырмашылықтары оларды тиімді пайдаланудың әртүрлі жолдарын анықтайды. *Сарқылатын ресурстар*, яғни пайдалы қазбалар (кейбіреулері болмаса) қайта қалпына келмейді. Пайдалы қазбаларды тиімді пайдалану қажет, оған: 1) барлық пайдалы компоненттерді алу; 2) шығынды азайту; 3) қалдықтарды қайта өңдеу немесе жою жатады.

*Сарқылмайтын ресурстардың* қайтадан қалпына келу мүмкіндігі бар. Белгілі бір ережелерді дұрыс сақтаған жағдайда оларды шексіз ұзақ пайдалануға болады. Биологиялық және жер ресурстары үшін ондай ережеге шаруашылықтық жүктеменің нормативтері жатады. Оған, мысалы, әртүрлі типтері жайлауларда бағылатын мал санын шектейді. Орман-



199-сурет. Табиғат ресурстарының аумақтық үйлесімі

ды пайдалануда кесілетін ағаш мөлшері оның өсімінен артық болмауы керек. Биологиялық ресурстарды қайта қалпына келтірудің – орман егудің, балық өсірудің үлкен маңызы бар.

Табиғат ресурстарын игермей тұрып, оған шаруашылық сипатына (экономикалық) баға беріледі, экономикалық баға беру деген – мүмкіндіктер мен игеру тиімділігін бағалау болып табылады. Игеру мүмкіндігі ресурсқа деген қажеттілікке, оның мөлшеріне, сапасы мен географиялық жағдайына байланысты. Осы факторларды есепке ала отырып, игерудің тиімділігі, яғни шыққан шығын мен оның қанша уақытта өтелетіні есептеледі.

Егер әртүрлі табиғат ресурстары бір-біріне жақын орналасып, аумақтық үйлесім болған кезде игеру тиімділігі де артады (199-сурет).


199-суреттен табиғат ресурстарының Кеңді Алтайлық үйлесімін тап. Оны қандай ресурстар құрайды? Қайсысының ұлттық маңызы бар?

Кеңді Алтайдағы мырыш өндіру полиметалл рудаларының қоры мен Ертістің гидроэнергетикалық ресурстарының бірігуіне негізделген. Ұлттық маңызы бар, әрі үлкен аумақтарды алып жатқан ресурстардың үйлесімі *ресурстық базалар* деп аталады. Олар Қазақстанда бесеу: Батыс, Солтүстік, Шығыс, Орталық және Оңтүстік. Батыс ресурстық база – еліміздің басты мұнай базасы. Солтүстік – темір кені мен көмір, Орталық – мыс кені мен таскөмір, Шығыс – полиметалл және орман, Оңтүстік – кен-химия базасы болып есептеледі.

**2. Қазақстанның табиғат ресурстары: қамтамасыз етілуі мен орналасуы.** Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуге баға беру үшін екі басты көрсеткіш қолданылады. *Бірінші көрсеткіш* – табиғат ресурстарының халық санына қатысты мөлшері, оның көмегі арқылы барлық ресурстармен қамтамасыз етілуге баға беріледі. *Екінші көрсеткіш* – *қамтамасыз ету кезеңі* – тек сарқылатын, яғни минералдық ресурстарға баға беру үшін қолданылады. Ол белгілі бір мөлшерде өндірілген кезде пайдалы қазбаның қоры қанша уақытқа (неше жылға) жететіндігін көрсетеді. Сондықтан қамтамасыз ету кезеңі қор мөлшерін өндіру мөлшеріне бөлгенде шығатын санмен есептеледі, ол жылмен беріледі.

**Мысал.** 2018 ж. Қазақстандағы мұнай қорының мөлшері 3900 млн т, өндіру – жылына 90 млн т құрайды. Сонымен, мұнай ресурстарымен қамтамасыз етілу кезеңі 43 жылға тең екендігі анықталды ( $3900 : 90 \approx 43$ ), яғни 2061 ж. дейін жетеді ( $2018 + 43$ ).

Біздің елімізде барлық табиғат ресурстарының түрлері бар. Бірақ олармен қамтамасыз етілу бірдей емес (200-сурет).



200-сурет. Қазақстанның дүниежүзілік ресурстардағы үлесі

Қазақстанның орман ресурстарымен, тұщы сумен қамтамасыз етілуі, керісінше, төмен болып келеді (12-кесте).

12-кесте

1 тұрғынға есептегендегі табиғи ресурспен қамтамасыз етілуі<sup>1</sup>

Ресурстар	Дүниежүзі	Ресей	Канада	Қытай	АҚШ	Бразилия	Австралия	Үндістан	Аргентина	Қазақстан
Минералдық, мың долл.	34	219	266	10	47	27	328	4	26	555
Су, мың м <sup>3</sup>	7,5	31,5	85,8	2,1	9,9	42,2	22,1	1,6	20,1	6,8
Су қуаты, мың кВт. сағ	2,3	12	2,4	1,8	4,3	6,4	4,4	0,5	4,1	3,8
Орман, га	0,6	5,7	9	0,2	1	2,6	6,6	0,1	0,7	0,2
Жер ресурсы, оның ішінде:										
Егістік, га	0,2	0,9	1,5	0,1	0,6	0,3	2,1	0,1	0,7	1,4
Жайылым, га <sup>1</sup>	1,8	3,9	1,2	2,7	2,3	0,9	9,9	0,03	2	18,2

Ескерту:

<sup>1</sup> – бір ірі қара малдың 1 шартты басына шаққандағы үлесі.

200-сурет бойынша Қазақстанның алдыңғы орын алатын ресурстарын көрсет.

Елімізде табиғат ресурстары әркелкі орналасқан (13-кесте).

13-кесте

Қазақстанның ірі аймақтары бойынша табиғи ресурстарының орналасуы, %

Қазақстан- ның бөліктері	Минералдық				Су ресурсы	Су қуатының ресурсы	Орман ресурсы <sup>2</sup>	Жер ресурсы	
	отын		шикізат					егістік	жайылым
	көмір	мұнай	темір кені	фосфорит					
Солтүстік	59	–	89	–	26	–	41	73	19
Орталық	30	1	4	–	1	–	2	4	15
Батыс	2	97	5	28	9	–	4	6	30
Оңтүстік	4	2	2	72	36	36	7	11	23
Шығыс	5	0	–	–	28	64	46	6	13
Қазақстан	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Ескерту:

<sup>2</sup> – сексеуілсіз орман аумағы.

**Сонымен,** экономикалық әлеуеттің маңызды құрамдас бөлігі – ірі табиғат ресурстары, оның ішінде ең алдымен минералдық және жер ресурстары. Олар экономиканы дамыту мен аумақтық орналас-тырудың табиғи негізі болып саналады.

#### ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОГЫ



##### Өзіңді тексер!

1. Табиғи жағдайлардың табиғат ресурстарынан айырмашылығы неде?
2. Барлық табиғат ресурстарын бірдей пайдаланудың неге тиімді жолы жоқ?
3. Қазақстанның екі аймағының ресурспен қамтамасыз етілуін қалай салыстыруға болады?
4. Табиғат ресурстарының *аумақтық үйлесімі*, *ресурстық база* түсініктерінің мазмұнын түсіндір.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секунд ішінде 5 сұраққа жауап бер.

1. Экономиканың энергетикалық және шикізат базасын... құрайды.
2. Экологиялық классификацияда жер энергиясын ... ресурсқа жатқызады.
3. Кен орнын игерудің алдында ... жүргізіледі.
4. Жақын орналасқан табиғат ресурстары... құрайды.
5. Қазақстанның ресурстармен жоғары қамтамасыз етілуі...

**2-тапсырма.** Үлгі бойынша Қазақстанның көмір, табиғи газ, темір және мыс кенімен ресурстық қамтамасыз етілуін есептеп шығар:

*Қорытынды жасаңдар:* қандай пайдалы қазбалар бойынша ресурспен қамтамасыз етілу мөлшері ең көп, ең аз және орташа? Бұған байланысты қандай мәселелер туындайды?

Пайдалы қазбалар	Өлшем бірлігі	Барланған қоры	Өндіру, 2018 ж.	Қамтамасыз етілу кезеңі (жылмен)
Таскөмір	млн т	25 600	118	
Табиғи газ	млрд м <sup>3</sup>	1 000	56	
Темір кені	млн т	18 700	20	
Мыс кені	млн т	40	0,58	

**3-тапсырма.** Жоспар бойынша табиғат ресурстарының бір аумақтық үйлесіміне сипаттама жасаңдар (199-сурет). 1. Қай облыста орналасқан? 2. Қандай табиғат ресурстарынан құралған? 3. Қай ресурстар ұлттық, қайсысы аймақтық және жергілікті маңызға ие? 4. Оларда игеру жағдайы қандай? 5. Осы ресурстық үйлесім негізінде шаруашылық қызметінің қандай түрлерін дамытуға болады?

**4-тапсырма.** 200-сурет, 12, 13-кестенің мәліметтері бойынша табиғат ресурстарының біріне мына жоспар бойынша сипаттама бер: 1) көлемі; 2) Қазақстанның әлемдегі орны; 3) басқа елдермен салыстырғанда жан басына есептегендегі қамтамасыз етілуі; 4) ел аймақтары бойынша таралып орналасу ерекшеліктері. *Қорытынды жаса.*



### Тест тапсырмалары

1. Шаруашылық қызметте тікелей пайдаланылатын табиғат элементтері:
  - а) климат; ә) жер бедері; б) пайдалы қазбалар; в) өзен режимі;
  - г) табиғат жағдайлары.

2. Қазақстанның басты байлығына қандай ресурстар жатады?

- а) орман; ә) минералдық; б) жел энергетикалық; в) гидроэнергетикалық;  
г) геотермалдық.

3. Қалпына келмейтіндерге жататын табиғат ресурстары:

- а) өзен қуаты; ә) су; б) жер; в) орман; г) минералдық.

4. Демалуға арналған ресурстар:

- а) айырбасталмайтын; ә) экологиялық; б) орны толтырылмайтын;  
в) рекреациялық; г) геотермалдық деп аталады.

5. Қалпына келетін ресурстарға ... жатады.

- а) мұнай; ә) табиғи газ; б) таскөмір; в) су; г) жанғыш тақтатас.

6. Сарқылатын және сарқылмайтын табиғат ресурстары қандай жіктеулердің басты белгісі болып саналады?

- а) табиғи; ә) экологиялық; б) шаруашылық; в) өндірістік;  
г) техногендік.

7. Игерудің мүмкіндігі мен тиімділігіне сараптама жасау – табиғи ресурстарды бағалаудың қандай міндеті болып табылады?

- а) ғаламдық; ә) аймақтық; б) экологиялық; в) табиғи;  
г) экономикалық.



### Сенің көзқарасың

Белгілі географ Д. Арманданың табиғи ресурстардың қалпына келуі мен келмеуі көп жағдайда оларға адамның қарым-қатынасы арқылы анықталады деген сөзін қалай түсінесің? Өз жауабыңды нақтыла.



### Рефлексия («Бұлтты кесек» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: берілген сөйлемдерден біреуін таңдап алып, оны ауызша аяқта:

- мен бүгін... түсіндім.  
...білу қызықты болды.  
...үшін мен өзімді мақтайтын едім.  
енді мен ... жасай аламын.  
мен .... үйрендім.  
маған ерекше ұнағаны...  
...қиын болды.  
менің... орындағым келді.  
сабақ мені ойландырды...  
бүгін мен... жасай алдым.

## §49. Табиғат ресурстарын өңдеудің технологиясы мен орталықтары

### Естеріңе түсіріңдер

- Кен өндіретін өнеркәсіптердің өңдеу орталықтарына жақын орналасуы маңызды ма?
- Шикізатты кешенді өңдейтін комбинаттар Қазақстанның қай жерінде орналасқан?



201-сурет. Теміртаудағы металлургия комбинатының домна пеші

Табиғат ресурстарын өңдеуді және орталықтарын қара металлургия өндірісінің салаларын мысалға ала отырып, талдау жасаймыз.

**1. Қара металлургия.** Қара металлургия жаппай қолданылатын конструкциялық материал – болат өндіреді. Оны негізінде шойыннан алады.

Болат пен шойын – темірдің көміртектік қорытпасы. Көміртегінің жоғары мөлшеріне байланысты шойын морт сынғыш, осал болып келеді. Ал өндіріске соғуға, июге және тегістеуге жарамды пластикалық (иілгіш) материал қажет. Сондықтан шойынның көп бөлігін болатқа айналдырады.

Болат қорыту үшін шикізат пен отын қажет. Отынды кокстелетін таскөмірден алады. Ал негізгі шикізат көзі – *темір кені*.

Кокстелетін көмірді қай бассейнен өндіретінін есіңе түсір. Темір кенінің негізгі қоры қайда орналасқан? Ірі кен орындарын ата.

Біздің еліміздегі темір кені шикізатының 90% -ы Қостанай мен Атасу алаптарында орналасқан. Кеннің барлығына жуығын 3 кен байыту комбинаты (КБК) өндіреді, олар – ТМД-дағы ең ірі Соколов-Сарыбай (Рудный қаласы), Лисаков және Қаражал комбинаттары.

Болат өндіру екі дүркін қайта қолданылымнан тұрады: 1) темір кенінен домна пештерінде шойын алу (201-сурет); 2) балқытылған шойыннан *конверторларда* болат алу.

Болатты қалыптарға құяды. Олардан алынған құймаларды прокат мәшинелерінің (орнақтың) айналып тұратын біліктерінің арасымен өткізіп, әртүрлі *прокат* алады (202-сурет).




202-сурет. Прокат түрлері

**2. Кәсіпорын түрлері және қара металлургия орталықтары.** Шойынды, болатты және прокатты жекелей шығаруға да болады. Бірақ оларды алуды бір кәсіпорында – комбинатта біріктіру үнемдірек болып келеді. Өндірістің аталған үш сатысын да біріктіретін өндірісті (шойын, болат және прокат алу) *толық циклді металлургия комбинаты* деп атайды (203-сурет).

203-суретке қарап, металлургия комбинатының негізгі цехтарын ата.



203-сурет. Металлургия комбинатының жоспар-сызбасы



204-сурет. Қара металлургия географиясы

Біздің еліміздегі толық циклді өндірістік жалғыз кәсіпорын – Теміртау қаласында орналасқан *металлургиялық комбинат*. Ол барлық шойын мен болаттың 80% -ын өндіреді.

204-суретке қарап, комбинат кокстелетін көмір мен темір кенін қайдан алатынын анықта. Оның құрылысын салуда қандай фактор шешуші рөл атқарады?

Комбинаттармен қатар толық емес циклді *қайта балқыту* зауыттары бар. Олардан шойын алынбайды, металл сынықтарынан балқытып, болатты прокатқа «айналдырады».

Қайта балқытудың жаңа орталығы – Павлодар қаласы. Онда шағын «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы» атындағы болат балқыту зауыты бар. Оның өнімдері – болат, жоғары сортты прокат, мұнай-газ өнеркәсібіне қажетті құбырлар.

Қара металлургияға *ферроқорытпа* өндірісі, яғни темірдің марганецпен, хроммен, басқа да қоспалық металдармен, кремниймен бірге қорытылуы да жатады. Оларсыз *сапалы металлургия қалыптастыру* немесе жеңіл, ыстыққа төзімді, *тот баспайтын болат балқыту* мүмкін

емес. Болаттың ондай түрі ғарыштық, авиациялық, кеме жасау өнеркәсіптеріне қажет. Сондықтан шығарылатын ферроқорытпалардың түрлері мен мөлшері жалпы металлургияның деңгейін көрсетеді.

Қазақстандағы ферроқорытпа өндірісі шикізатпен жақсы қамтамасыз етілген.

Қазақстандағы хром мен марганецтің ірі кен орындары қайда орналасқанын есіңе түсір. Кен орындарын картадан тап. Олар қалай аталады?

Хром кені Дөң КБК-да (Хромтау қаласы), ал марганец – Жезді және Жәйрем КБК-да өндіріледі.

Біздің еліміздегі ферроқорытпаның негізгі бөлігін Ақтөбедегі және әлемдегі ең үлкен Ақсудағы 2 зауыт шығарады. Олардың негізгі өнімі – феррохром.

Қара металлургия – Қазақстанның маңызды экспорттық саласы. Темір кенінің 1/2, балқытылған ферроқорытпалардың 3/4-і мен прокаттың 90% -ы шетелдерге жіберіледі. Бұл өнімдерді негізгі сатып алушылар – Ресей, Қытай және Еуропа елдері.

**Сонымен, қара металлургия – Қазақстанның негізгі экспорттық саласының бірі. Елімізде толық циклді металлургия комбинаттарымен қатар, толық емес циклді зауыттар да бар. Сондықтан шығарылатын өнім түрлері жалпы металлургияның деңгейін көрсетеді.**

#### **Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Қазақ металлургия (қайта балқыту) зауытының құрылысы 1943 жылы басталды. 1944 жылдың 31 желтоқсан күні, сағат 12-де болат құюшы В.П. Набоко болат шығатын тесікті көсегеннен кейін балқыған металл ожауға саулай жөнелді. Алғашқы Қазақстан болаты осылай дүниеге келді. Ал 1946 жылдың 25 мамырында «400» орнағында алғашқы болат құймасы прокатталды.

2. 1995 жылы үкімет Қарағанды металлургия комбинатын шетелдік компанияның басқаруына берді. Осылайша, ол Лакшми Митталдың «Арселор-Миттал» «болат империясының» құрамына енді. Әлемдегі болаттың 10%-ын 60 елдің зауыттары балқытады.

3. Қазіргі уақытта «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-ның болат құю комбинатының құрамында кокс-химия өндірісі, көлемі 2700-ден 3200 м<sup>3</sup>-ге дейінгі 4 домна пештері, үш 250 тонналық конверторлар, прокат өндірісі бар. АҚ-ға кокстелегін көмір өндіретін 8 шахта және темір кені комбинаты (Лисаковск және т.б.) қарайды. Комбинат Қазақстандағы өнеркәсіптік өнімнің 6%-ын, Қарағанды облысы бойынша 1/3 бөлігін береді.

4. Ақсу зауыты АҚШ зауыттарының бәрін қосқандағыдан 3 есе көп ферроқорытпа өндіреді. Оның тек бір пеші ғана АҚШ-та өндірілетін барлық феррохром мөлшерін балқытады. Қазақстан ферроқорытпасының сапасы Оңтүстік Африканыкінен едәуір жоғары. Ондағы хром мөлшері 70%, ал біздің негізгі бәсекелесіміз – Оңтүстік Африка Республикасы ферроқорытпасында 50% ғана хром бар.

### ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



#### Өзіңді тексер!

1. Қара металлургияда қандай шикізат пен отын пайдаланылады?
2. Қара металлургияда қандай кәсіпорындар бар? Олардың айырмашылықтарын қандай?
3. Шойын, болат, прокат шығаруды бір кәсіпорында – комбинатта біріктірудің қандай артықшылығы бар?



#### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** 204-суреттен Қазақстандағы қара металлургияның орталықтарын тап. Олар шикізат пен отынды қайдан алады? Қайта өңдейтін және «кішігірім» зауыттар қайда орналасқан? Олар қандай шикізатты пайдаланады? Ферроқорытпа өндірістерінің орталықтарын ата. Ірі ферроқорытпа зауыттары қайда орналасқан?

**2-тапсырма.** Төмендегі «2018 ж. болат балқыту» суретін пайдаланып, болат өндірісі аудандары бойынша қалай таралғанын анықта.

Қай облыс қара металлургия өнімдерін өндіруден алда келеді? Болат балқытатын өндіріс тағы қайда бар?



#### Тест тапсырмалары

1. Қара металл алу үшін қажетті шикізат:
  - а) темір кені; ә) полиметалл кені; б) кокстелетін көмір; в) ферроқорытпа; г) қоспалық металдар.
2. Шойын, болат және прокат өндіретін кәсіпорын:
  - а) қайта балқыту зауыты; ә) «кіші» металлургия; б) толық циклді комбинат; в) ферроқорытпа зауыты; г) металл бұйымдары зауыты.
3. Қазақстандағы ірі темір КБК:
  - а) Жезкент; ә) Қаражал; б) Зырян; в) Лисаковск; г) Соколов-Сарыбай.

4. Толық циклді комбинат орналасқан қала:

а) Қарағанды; ә) Павлодар; б) Ақтөбе; в) Ақсу; г) Теміртау.

5. Павлодарда:

а) толық циклді комбинат; ә) қайта балқыту зауыты; б) ферроқорытпа зауыты; в) КБК; г) байыту фабрикасы бар.

6. Ең ірі ферроқорытпа зауыттары:

а) Ақсу мен Ақтөбеде; ә) Ақсу мен Павлодарда; б) Павлодар мен Ақтөбеде; в) Екібастұз бен Теміртауда; г) Өскемен мен Алматыда орналасқан.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Қазақстандағы қара металлургияның көшбасшылары – корпорациялар.
2. Қазақстан әлемдік қара металлургияда.



### Рефлексия («Таңбалау» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса. Қара қарындашпен мәтіннің шетіне белгі қой.

«+» – білемін; «!» – жаңадан білдім; «?» – білгім келеді.

## §50. Қазақстандағы табиғатты пайдалану және тұрақты даму

### Естеріңе түсіріңдер


- Аумақты шаруашылықтық игерудің негізгі түрлері.
- Өркениеттің ноосфералық даму жолы нені білдіреді?

**1. Табиғатты пайдалану: көптүрлілігі мен жіктелуі.** Адамның шаруашылықты игеру қызметі әртүрлі табиғат ресурстарын пайдалануына байланысты. *Табиғатты пайдалану дегеніміз – табиғи жағдайлар мен қорларды пайдалану, сонымен қатар оларды қорғау мен қайта қалпына келтіру.* Табиғатты пайдаланудың әртүрлі жіктеулері болады. Бірінші жіктеу – *салалық*. Бұл жіктеуде табиғатты пайдалану шаруашылықтың түрлеріне байланысты бөлінеді: аграрлық (ауылшаруашылық), орман, су, аңшылық (аң аулау, балық аулау), өнеркәсіптік, көліктік, селителік және рекреациялық табиғатты пайдалану. Олардың ішінде туризм мен демалысты ұйымдастырудағы рекреациялық табиғатты пайдалану – климаттық және су ресурстарынан, биологиялық және минералдық (емдік батпақ) ресурстарға шейін үлкен айырмашылық жасайды.

Екінші жіктеу *географиялық*. Бұл жіктеудегі табиғатты пайдалану жер бедеріне және зоналық табиғи кешендерге байланысты. Осыған орай жазықтық және таулық табиғатты пайдалану түріне ажырата-

ды. Жазықты жерлердің табиғатын пайдалану *орманды-жазықтық, жазықтық, жартылай шөлдік және шөлді* болып бөлінеді.

Үшінші жіктеу *бағалық*. Онда табиғатты пайдалану *тиімді және тиімсіз* деп бөлінеді.



### ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРЫ

*Академик А.Р. Медеу, физико-географ, геоморфолог өзінің ғылыми қызметін адамдарды селден және басқа да апатты талқандаушы күштерден қорғауға арнады, оларды басқарудың жаңа әдістемелерін жасады. «ҚР экологиялық қауіпсіздігінің концепциясын» жасап шығарды. Жер бедері карталары серияларының авторы.*

Біздің еліміздегі табиғатты пайдаланудың үш ерекшелігі бар. *Біріншісі*, формалар мен түрлердің көптүрлілігі. *Екіншісі*, табиғатты пайдаланудың ауқымдылығы.

**Мысал.** Біздің елімізде 1 млн км<sup>2</sup>-ден жоғары аумақта ауылшаруашылығының өндірісі жүргізіледі, ол Мысыр сияқты ірі мемлекеттің аумағымен пара-пар. Жыл сайын су көздерінен шамамен 25 км<sup>3</sup> тұщы су алынады. Жер астынан 250 млн тоннадан артық пайдалы қазбалар өндіріледі. Бұл дүниежүзі елдерінің арасында 12-көрсеткіш.

*Үшіншісі*, табиғат ресурстарын пайдаланудың тиімділігінің төмен болуы – 31%. Бұл ресурстың 2/3 толық пайдаланылмайды (дайын өнімге айналмайды) немесе жоғалту деген сөз. Табиғатты пайдалану – елдің өмір сүруі және экономикалық жағдайының негізі. Бірақ онымен қатар қолайсыз үдерістер де болады. Олар: шөлдену, ландшафттардың бұзылуы, өндіріс қалдықтарының жиналуы, тірі табиғат дүниесінің кедейленуі және т.б.

**2. Тұрақты дамудың белгілері мен бағыттары.** Табиғатты пайдалану – тұрақты даму концепциясының үш негізгі элементтерінің бірі. *Табиғи ортаны сақтауды, табиғатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін, бүгінгі және болашақ ұрпақтың мүддесін ескеретін әлеуметтік-экономикалық даму тұрақты болып саналады.*

Тұрақты даму түсінігі ғылымға 1980 ж. соңында, БҰҰ комиссиясының қоршаған орта мен даму жөніндегі «Біздің ортақ болашағымыз» баянда-

масынан кейін енді. Бұл концепцияны бекітудің маңызды кезеңі Рио-де-Жанейрода (Бразилия, 1992 ж.) өткен БҰҰ конференциясы болды. Ол тұрақты даму бойынша БҰҰ комиссиясын және «XXI ғ. күн тәртібін» құруға шешім қабылдады. «Күн тәртібінде» тұтынушы қоғамның экономикасынан тұрақты даму экономикасына өтудің негізгі принциптері қарастырылған. Олардың қатарында:

- адамдардың денсаулығын жақсарту, өмір сүру сапасын көтеру;
- кедейшілікті азайту;
- табиғатты тиімді пайдалану;
- табиғи кешендерді, климат пен Жердің озон қабатын қорғау;
- соғыстың, лаңкестіктің алдын алу және т.б. бар.

Конференцияға қатысушылардың көпшілігі оны Жер ғаламшарының XXI ғ. арналған негізгі заңын құрудың алғашқы талпынысы деп бағалады. Бұл бойынша Жер табиғатын сақтау, қорғау және қалпына келтірудегі тұрақты даму елдер арасындағы тығыз ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Тұрақты даму мәселесі біздің елімізді қоса алғанда әлемнің барлық елдері үшін өзекті болып табылады. Ондай дамуды экономикалық өсудің, *әлеуметтік алға басушылық пен табиғи ортаны сақтаудың үш бірлігі* қамтамасыз етеді (205-сурет). Еліміздің экономикалық дамуына экономиканың тар шеңберлі мамандануы (өндірістік өнімнің 3/5-і – мұнай мен металдар) әсерін тигізеді. Тұрақтылықты көтерудің басты



205-сурет. Тұрақты дамудың үшбірлігі

жолы – басқа салаларды (шикізат емес, инновациялық, жоғары технологиялық) жылдамдата дамыту.

Тұрақты дамудың *элементтік құрамдас бөлігі* адамға бағытталған. Ең алдымен бұл – өмір сүру сапасы мен ұзақтығының өсуі, кедейшілікті жою, денсаулық пен отбасын нығайту.

Экологиялық құрамдас бөлікте бүкіл биосфераның ғаламдық тұрақтылығы байланысты болатын шөлденумен күрес, «жасыл» энергетика, қалдықтарды басқару, биоөралуандықты сақтау ерекше маңызды боп саналады.

**3. Табиғатты пайдалану мәселелері және оларлы шешу жолдары.** Өткен параграфтардағы тақырыптарды оқып-зерттеуде сендер табиғатты пайдаланудың әр саласының өзіндік мәселелері бар екендігін білдіңдер. Оларды кесте түріне келтірейік (14-кесте).

14-кесте

**Табиғатты пайдаланудың ғаламдық мәселелері**

<b>Табиғатты пайдалану</b>	<b>Мәселелері</b>
Аграрлық	Топырақтың құнарлылығының төмендеуі Жайылымдықтардың тозуы Шөлге айналу
Су	Су ресурстарының біркелкі орналаспауы Су көздерінің азаюы және үлкен өзгеріске ұшырауы Судың азаюы Веткі су көздерінің ластануы
Өнеркәсіптік	Бірқатар кен орындарының қорының азаюы Шикізат өндірудің жағдайының және сапасының төмендеуі Бүлінген жерлер аумағының ұлғаюы Өндірістік қалдықтардың жиналуы Парниктік газдардың шығарылуы (CO <sub>2</sub> және т.б.)
Орманды пайдалану	Орман аумақтарының азаюы

Аграрлық табиғатты пайдалануда бұл – топырақ құнарлылығының төмендеуі мен жайылымдық жерлердің тозуы. Суды пайдалануда – өзен ағысының біркелкі орналаспауы, қатты өзгергіштігі, азаюы, суды көп жоғалту, орманда – аумақта ормандылықтың азаюы. Өндірістік табиғатты пайдалануда бір мәселелер тобы кен орындарындағы қордың сарқылуымен, минералдық шикізаттың сапасы мен өндіру жағдайының

нашарлауымен байланысты. Екінші мәселелер тобы бұзылуға ұшыраған жерлердің аумағының ұлғаюымен, өндірістік қалдықтардың жиналуымен, парниктік газдардың көптеп шығарылуымен байланысты. Осы мәселелерді тиімді шешу – елдің тұрақты дамуының шарттарының бірі.

**Сонымен, елдің тұрақты дамуының басты шарты – түрлері мен формаларының көптігі, шешілетін мәселелерінің күрделілігімен ерекшеленетін табиғатты пайдалануды жетілдіру болып табылады.**

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

### **Өзіңді тексер!**

1. Ғалымдар табиғатты пайдаланудың қандай жіктеулерін жасап шығарды? Неліктен бір жіктеу жеткіліксіз?
2. Еліміздегі табиғатты пайдалануға қандай ерекшеліктер тән?
3. Тұрақты даму дегенді қалай түсінесің?
4. Елдің және бүкіл адамзаттың тұрақты дамуы неліктен өзекті мәселеге айналды?
5. Біздің еліміз табиғатты пайдаланудың қандай мәселелерін шешуде?



### **Тапсырмаларды орында**

**1-тапсырма.** Параграфтың 1–2-тақырыпшадағы мәтінді қарап шығыңдар. Дәптерге *табиғатты пайдалану, тұрақты даму, табиғатты пайдалануды жіктеу түсініктері* мен *тұрақты даму* бойынша алғашқы бастамалардың дәталарын жазыңдар.

**2-тапсырма.** Дұрыс пайымдауларды таңдап алып, дұрыс еместеріне түзетулер енгізіңдер.

1. Табиғатты пайдалану – тек табиғи ресурстарды пайдаға асыру емес, сонымен қатар оларды қорғау және қалпына келтіру болып табылады.

2. Салалық жіктеулерде аграрлық, су, тау және далалық табиғатты пайдалану деп бөледі.

3. «XXI ғасырдың Күн тәртібін» 1945 жылы БҰҰ-ның Құрылтай конференциясы қабылдады.

**3-тапсырма.** 205-сурет бойынша тұрақты даму концепциясын жүзеге асырулар қандай мақсатқа арналған? Біздің еліміз тұрақты даму жолында қандай шараларды жүзеге асыруда?

**4-тапсырма** (топтық жұмыс). Жұмысшы тобын құрыңдар. Параграфтың 3-тақырыпшасындағы мәтіннен табиғатты пайдаланудың бір түрін таңдап алыңдар. Оның басты мәселелерін анықтаңдар. Қазақстан табиғатының компоненттерін

оқып-үйренудегі алған білімдеріңе сүйеніп, анықтаған мәселелердің шешу жолдарын белгілеңдер. Кестеге жазыңдар. Сыныптастарыңа хабарлама даярлаңдар. Көрнекілік үшін постер жасаңдар. Жасаған жұмыстың нәтижесін баяндап, оған және басқа топтардың жұмысына баға беріңдер.

Табиғатты қолдану	Мәселе	Шешу жолдары
1. Аграрлық		
2. Су		
3. Орман		
4. Өнеркәсіптік		

**5-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап беріп, «Жарайсың!» бағасын ал.

1. Табиғатты пайдалану жіктеулері: бағалаулық, салалық ... .
2. ... мүддесін ескеретін даму, тұрақты болып есептеледі.
3. «XXI ғасыр Күн тәртібін» бекіткен ... .
4. Тұрақты даму ... үш бірлігін қамтамасыз етеді.
5. Аграрлық табиғат пайдаланудың басты мәселелері ... .



### Сенің көзқарасың

Тұрақты дамуға қол жеткізудегі БҰҰ жұмысын барлық елдер қолдайды. Сонымен қатар көптеген ғалымдар тұрақты дамуды қол жетпейтін мұрат ретінде санайды. Олар сансыз шегарамен бөлінген әлемде, тұрақсыз әлемдік экономикада бұл мүмкін емес деп санайды. Сендер кімнің ұстанымын жақтайсыңдар? Қоғамның тұрақты дамуы үшін не істей аласыңдар?



### Тест тапсырмалары

1. Табиғи ресурстарды пайдалану, қорғау және қалпына келтіру:
  - а) интродукция; ә) мелиорация; б) рекультивация; в) жер қойнауын пайдалану.
2. Өндірісте, көліктік, рекреациялық табиғатты пайдалануды бөлетін жіктеу:
  - а) бағалау, ә) географиялық; б) экономикалық; в) салалық; г) әмбебаптылық.
3. Жазықтық және таулық табиғатты пайдалануды бөлетін жіктеу:
  - а) бағалау, ә) географиялық; б) экономикалық; в) салалық; г) әмбебаптылық.
4. Бағалау жіктеуіндегі табиғатты пайдалану түрі:
  - а) су, орман, ә) тиімді, тиімсіз; б) таулық, тауалды; в) тура, жанама; г) тиімді, тиімсіз.
5. Бүгінгі және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескеретін даму:
  - а) тиімді; ә) күйзелісті; б) тұрақты; в) ғаламдық; г) инерциялық.
6. Тұрақты дамудың үш бірлігі:
  - а) эталон; ә) экономикалық өсім; б) табиғатты қорғау; в) әрекет ету тәсілі; г) әлеуметтік өрлеу.

7. Топырақ құнарлылығының төмендеуі мен жайылымдардың тозуы қандай табиғатты пайдаланудың мәселесі:

- а) аграрлық; ә) су, б) орман; в) өндірістік; г) көліктік.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Қазақстан: тұрақты даму жолында

*Интернет желісіндегі мекенжайлар*

<https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/about/development-agenda/>. –

БҰҰ-ның 2030 ж. дейінгі тұрақты дамудағы мақсаттары.



### Рефлексия «Менің көзқарасым»

Сабақтағы өз жұмысыңды талда: берілген сабақтың тақырыбы бойынша өзіңнің бұрынғы пікіріңе жаңадан не қоса аласың?

## §51. Табиғат ресурстары мен табиғатты пайдалану; зерттеулер, географиялық карталар мен дереккөздер

### Естеріңе түсіріңдер

- Қазақстандық географияның шешетін өзекті мәселелері.
- ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген Қазақстанның табиғи және мәдени-тарихи нысандары.
- Кластер дегеніміз не?

Қазақстан географиясының өзекті мәселелері қатарына туризмді дамыту жататынын сендер білесіңдер. Географ ғалымдар оны ұйымдастырудың мүмкіндіктерін, жаппай демалыс аймақтарындағы табиғатты пайдалануды зерттеп, жаңа курорттық зоналарды жобалауға қатысады, туристік карталар жасайды.

**1. Туризм және рекреация.** *Туризм дегеніміз* – табыс табу мақсатынан өзге кез келген мақсатты бір тәуліктен аса уақыт ішінде жүргізілетін саяхат. Туризм – рекреация ауқымды түсінігінің бір бөлігі. *Рекреация* – адамның еңбек және оқу үдерісінде жұмсалған дене және рухани күшін қалпына келтіру. Рекреация адам тұратын аумақтан тысқары, арнаулы аумақтарда жүзеге асырылады. Сондықтан үйде кітап оқып демалу – жай демалыс болса, ал саябақ пен жағажайда – *рекреация* болып саналады.

Рекреацияға демалыс, емделу (табиғи емдік факторлармен) және туризм жатады.

Демалу – адамдардың қалыпты өмір сүруі үшін тамақ пен су сияқты жағдай. Ол – адамдардың өздерінің қызметі (туризм, саяхаттар,



### ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАЛАРЫ

*Профессор, эконом-географ С.Р. Ердаулетов, туризм географиясының қазақстандық мектебінің негізін салушы. Туристік білім беруді дамытуға, туризм сферасындағы кадрлар даярлауға айтарлықтай үлес қосты. Туристік карталар сериясының, туризмді ұйымдастыру және географиясы бойынша көптеген монографиялар мен оқулықтар авторы.*

санаториялық-курорттық ем алу) мен бұған көмектесетін мекемелердің қызметінен (баспана беру, тамақтану мен түрлі шаралар ұйымдастыру) тұрады. Мұның бәрі жалпы түсінікке – *рекреацияға\** бірігеді. Оның негізгі мақсаты – еңбек ету процесінде (оқудың да) жұмсалған күшті (физикалық эмоциялық) қалпына келтіру. Рекреация рухани дүниені байытып, адамның көзқарасын кеңейтеді.

Рекреация үшін 3 негізгі жағдай қажет: 1) «өркениетті» демалыс қымбатқа түсетіндіктен, адамдардың жеткілікті кірісі болуы керек; 2) рекреациялық ресурс және; 3) рекреациялық шаруашылық болуы шарт. Халықтың кіріс деңгейі өсіп келеді. Мұның өзі елімізде нағыз туризм «дүрбелеңін» тудырады.

Рекреациялық шаруашылық құрамына қонақүйлер, демалыс үйлері мен базалары, санаторийлер, турбазалар, туристік көлік және т.б. кіреді. Рекреацияның бұл саласы да жылдам дамып келеді.

Еліміздегі туризмді дамытуға бірнеше бағдарлама жасалған, нәтижесінде әлемдік деңгейдегі қонақүйлер (206-сурет) пайда болды. 13 курорттық зона жасалды. Жаңа ұлттық саябақтар (Сайрам-Өгем, Көлсай көлдері, Жоңғар Алатауы, Бурабай, Тарбағатай) ұйымдастырылды, ал олардың жалпы саны 13-ке жетті. Қазақстанның батысында, шығысы мен оңтүстігінде, Нұр-Сұлтан және Алматыда бес туристік кластер жасалады. Олардың әрқайсысының өз мамандануы бар. Батыс Қазақстандық кластер суға шомылу – жағажай туризміне, Шығыс Қазақстан – экологиялық, ал Оңтүстік Қазақстан – мәдени-тарихи және киелі жерлерге бару туризміне бағытталған. Нұр-Сұлтан іскерлік (съездер, конгрестер, көрмелер) және медициналық туризм орталығы ретінде қалыптасуда.



206-сурет. Алматыдағы «Интерконтиненталь» қонақүйі

**2. Рекреациялық ресурстар және рекреациялық табиғатты пайдалану.** Демалуға, емделуге және туризмге қолданылатын ресурстарды рекреациялық деп атайды. Рекреациялық ресурстардың\* екі түрі бар: табиғи-рекреациялық және мәдени-тарихи ресурстар. Біріншісіне адамдар барып демалуға болатын орман, тау, минералды су көздері, емдік батпақтар, табиғаты өсем жерлер: (сарқырамалар, түрлі бейнедегі жартастар, үңгірлер, каньондар, яғни табиғат ескерткіштері) жатады. Бұл ресурстардың құрамдас бөлігі қолайлы климаттық жағдай болып табылады. Ол сонымен бірге туристік маусымның (суға түсетін, шаңғы тебетін) ұзақтығына әсер етеді. *Мәдени-тарихи ресурстар* – адамдардың өздері, яғни біздің арғы ата-бабаларымыздың өз қолдарымен жасап кеткен ғажайыптары. Ежелгі қалалар, кесенелер, қамалдар мен храмдар, тасқа қашалған суреттер, сәулет құрылыстары, мұражайлар олардың бәрі Отанымыздың *мәдени мұрасын* құрайды және олар туристердің қызығушылығын арттырады.

Рекреациялық ресурстардың құрамына қарай әр аумақтың мамандануы өртүрлі. Минералдық бұлақтарда *емдік курорттар* құрылған (Сарыағаш, Барлықарасан, Рахман қайнары және т.б.). Су көздері (Каспий теңізі, Қапшағай мен Бұқтырма суқоймалары, Балқаш, Алакөл, Бурабай) *шомылу-жағажайлық демалыс* зоналарына айналуға. Таулы аймақтарда саяхат пен туризм кең таралған (Тянь-Шань, Жетісу Алатауы, Алтай). Қалалар *танымдық және көңіл көтеретін туризм* орталықтарына айналуға. Өзіндік рекреациялық мамандануымен ерекшеленетін аумақтар – *рекреациялық аудандар* осылай қалыптасады. Қазақстан ғалымдары (С.Р. Ердаулетов және т.б.) Қазақстан бойынша ондаған рекреациялық



207-сурет. Қазақстанның рекреациялық ресурстары

аудандарға бөледі. Олардың ішіндегі ең ірілері – Солтүстік Тянь-Шань, Көкшетау, Алтай (207-сурет).

**3. Қазақстанның рекреациялық ресурстары мен туризм географиясы.** Біздің елімізде туристік сапарлар жасауға үлкен мүмкіндіктер бар. Ұлан-байтақ жер, табиғи жағдайлардың әралуандығы, бай мәдени мұралар туризмінің сан түрін дамытуға мүмкіндік береді. Еліміздің әр ірі аймағының өзіндік рекреациялық ресурстар жиынтығы бар (207-сурет).

Шығыс Қазақстанда 3 үлкен курорттық аймақ – Алакөл, Бұқтырма (суға шомылу – жағажай демалысы) және Алтай (таушаңғысы туризмі) қалыптасқан. Мұнда елімізде және шетелдерде белгілі минералды суларды пайдаланып, жұмыс істейтін екі бальнеологиялық курорт – Рахман қайнары мен Барлықарасан бар.

Аймақта табиғи өсем жерлер, тарихи және мәдени ескерткіштері бар. Еуразия «жүрегінде» орналасқан Шыңғыстау етегі Абайдың, Шәкәрімнің, М. Өуезовтың елі. Өлкенің мәдени астанасы – Семей қаласы. Оның туристік нысандарының ішінде екеуінің жөні бөлек, олар – Невзоровтар



208-сурет. Алакөл курорттық аймағы

мұражайы («қазақстандық Эрмитаж») және керемет аспалы көпір (ТМД-да бірінші).

Алматы облысымен шеғарада Алакөл созылып жатыр. Мұнда еліміздегі аумағы бойынша төртінші суға шомылу-жағажайлық демалысы мен емделу курорттық аймағы қалыптасқан (208-сурет). Теңіздік типтегі суы мен балшығының емдік қасиеті өте зор.

Еліміздегі ірі туризм аймағы – Оңтүстік Қазақстан. Туристерді Солтүстік Тянь-Шаньның ақ қарлы шыңдары, тянь-шань шыршасының ормандары таңдай қаққызады. Кіші Алматы өзенінің шатқалында туризмнің қолдан жасалған орталықтары – биік таудағы «Медеу» мұзайдыны («Әлемдік рекордтар ұстаханасы») және әлемдік деңгейдегі таушаңғысы курорты – Шымбұлақ орналасқан (209-сурет). Оңтүстікте



209-сурет. Шымбұлақтағы таушаңғысы демалыс орны (Іле Алатауы)

ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген Қазақстанның екінші жауһары – әлемге әйгілі «Алтын адам» мен «Таңбалы тас» суреттері ашылған. Іле Алатауының етегінде туризмнің ірі орталығы – әсем Алматы орналасқан (жылына 1,1 млн-нан астам туристер). Көптеген туристер «Көне Тараз ескерткіштері» мен Отырар мұражай-қорықтарына, «кіші түрік Меккесі» – Түркістанға келеді. Оның нысандарының бірін алғаш рет ЮНЕСКО әлемдік мәдениеттің жетістігі деп бағалады (қайсысы екенін еске түсіріңдер).


*Қазақстанның орталығындағы* ертегідегідей әсем өлке – Қарқаралы таулы-орман сілемдерінде ұлттық саябақтар орналасқан. Оның солтүстігінде еліміздің емдік балшығы бар Қарасор көлі созылып жатыр. Ал Алматы облысымен шегаралас оңтүстігінде балық аулауды, суға шомылуды ұнататындар үшін Балқаш көлі орналасқан.

*Еліміздің солтүстігі* – тұңғыш ұлттық саябақ пен курорттың отаны. Ол қазір емдік туризмнің негізгі аудандарының бірі саналады. Тек Шортанды-Бурабай курорттық зонасында 60-қа жуық (210-сурет) емдеу орны бар, оның ішінде 1/3 балаларға арналған. Мұнда сумен (минералдық және көл суы), балшықпен және қарағайлы орманның таза ауасымен емдейді.

Ал Мойылды курорты (Павлодардың жанында) балшықпен емдеуге маманданған. Нұр-Сұлтан қаласы да маңызды туризм орталығына айналып келеді. Туристерінің саны бойынша (990 мың) ол Алматыға жақындады. Жастығына қарамастан онда өзіндік ерекшелігі бар туристік рәміздер пайда болды – «Астана-Бәйтерек», «Қазақстанның Атамекен картасы» («Кішірейтілген Қазақстан») және әлемдегі ең «құрлық» океанариумы, Хан Шатыр.



210-сурет. Шортанды-Бурабай» курорттық зонасы



211-сурет. Маңғыстаудағы Бекет атаның жерасты мешіті

*Батыста* да қызықты табиғи нысандар аз емес (Ақтөбе облысындағы авто-сафари үшін жақсы мүмкіндігі бар метеорит кратері, Қарақия ойысы, Үстірт *ескерткіштері*) және жақсы демалыс орындары – Орал, Шалқар тұзды көлі, Каспий теңізі бар. Өзірге Каспий туризмге лайықталмаған. Бірақ болашақта көршілес Ресей мен Өзербайжандағыдай көпке танымал орын болады. Қазақ шығанағында қазірдің өзінде демалыс зонасы бар. Оның қасындағы «320 әулие жерінде» (кейде Маңғыстау түбегін солай атайды) жерасты мешіттері (Бекет ата және т.б.) мен өлкенің орта ғасырдағы астанасының қалдықтары сақталған (211-сурет).

Бұл – біздің еліміздегі рекреациялық байлықтың тек бір кішкене бөлігі ғана. Олар – қазақстандықтар үшін ғана емес, сонымен бірге шетел туристерінің де тамашалап демалатын ғажайып жерлері.

*Сонымен, туризм және рекреация – табиғатты пайдаланудың жылдам дамитын түрі. Ол еліміздің тәуелсіздік алып, туризмді мойындағаннан кейін ғана қозғала бастаған Қазақстан экономикасындағы беделді саланың біріне айналды.*

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОГЫ



### Өзіңді тексер!

1. Рекреацияның негізгі мақсаты не?
2. Рекреацияны дамыту үшін қандай жағдайлар керек?
3. Рекреациялық ресурстар түсінігіне өздігіңнен анықтама беріп көр.

4. Рекреациялық ресурстар қалай ажыратылады?

5. Туризм мен рекреация саласындағы маманданған аймаққа рекреациялық ресурстардың әсері қандай болатынын мысалдар келтір.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 минут ішінде 5 сұраққа жауап беріп, «Қазақстандық туризмнің білгірі» дәрежесін жеңіп ал.

1. Біздің елімізде туристік дүрбелеңнің пайда болуы ... .
2. Рекреациялық шаруашылыққа мыналар жатады: ... .
3. Орман, тау, үңгір, каньондар мен сарқырамалар ... ресурстарға жатады.
4. Маманданған рекреациялық аймақта өзіндік ерекшелігі деп ... .
5. Солтүстік Тянь-Шань, Көкшетау, Алтай – ірі ... .

**2-тапсырма.** Сұхбат жүргізу (сұрақ қою) әдісі арқылы «Біздің сыныптың туристік таңдаулары» атты шағын-зерттеу жүргізіңдер. Сыныптастарыңа сұрақтар қойып, демалыстың қандай түрін таңдайтынын анықтаңдар. Сұхбатқа өздерің ұсынатын немесе құрастырылған сұрақтарды жауаптарымен енгізуге болады.

Мысалы:

1. Отбасыларың жазғы демалысты қалай өткізеді?

- а) үйде; ө) саяжайда; б) демалыс базасында; в) ұлттық саябақта;  
г) шетелдерге туристік саяхатта; ғ) еліміз бойынша туристік саяхатта.

2. Демалыстың қай түрін жақсы көресіңдер?

- а) белсенді (туристік жорықтар, экскурсиялар);  
ө) белсенді емес – пассивті, (демалыс базасында, сауықтыру орындарында).

3. Егер отбасыларың саяхатпен әуестенетін болса, саяхаттың қай түрін ұнатасыңдар.

- а) жаяу; ө) автомобильмен; б) сумен; в) теміржолмен; г) өуе арқылы.

4. Қандай табиғат кешенінде демалуды ұнатасыңдар?

- а) орманда; ө) орманды далада; б) далада; в) шөлейтте; г) тауда;  
ғ) теңіз жағалауында; д) басқа жерлерде (атаңдар).

5. Сендер өз демалыстарыңды қалай ұйымдастырасыңдар?

- а) өз бетімізбен;

ө) туристік ұйымдар (турфирмалар, саяхат және туристік бюролар) арқылы.

Сұхбаттың нәтижелерін қорытындылаңдар. Шағын-зерттеу нәтижесінің таныстырылымы үшін академиялық формасын таңдап алыңдар.

Хабарлама жасаңдар.

**3-тапсырма.** Оқулықтың 207-суретін пайдаланып, Қазақстанның рекреациялық әлеуетіне баға беріңдер. Емдеу-сауықтыру демалысын дамытуға қолайлы жағдайлары бар аймақтарды бөліп көрсетіңдер.

**4-тапсырма** (жүппен жұмыс).

207-суретке сүйеніп, Атластың физикалық картасынан (Қазақстанның Қабырға картасынан) келесі туристік-географиялық нысандардың орналасу жағдайларына түсініктеме беріңдер:

1) *курорттық аймақтар*: Шортанды-Бурабай, Алакөл, Кендірлі, Бұқтырма, Қарқаралы;

2) *ұлттық саябақтар*: Баянауыл, Көкшетау, Қатонқарағай, Көлсай көлі, Жетісу-Алатауы;

3) *көрікті табиғи нысандар*: Қарақия ойысы, Хан Тәңірі шыңы, Балқаш көлі, Шарын каньоны, Өңші құм;

4) *туризмнің орталығы* – қалалар: Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Тараз, Қарағанда, Өскемен, Петропавл.

**5-тапсырма.** 207-суретті, өзіңнің жеке тәжірибең мен әдебиеттерді және Интернет желісінің ақпараттарын пайдаланып, «Өз облысыңның туристік ресурстары» карта сызбасын құрыңдар. Облыстағы демалыс орындары, қызықты табиғи және мәдени-тарихи нысандарды сызбаға түсіріңдер. Карта сызба бойынша ауызша өз облысыңның рекреациялық қорларына қандай баға бересіңдер? Олар халықтың толыққанды демалысын ұйымдастыру үшін жеткілікті ме?



### Тест тапсырмалары

- Демалысты ұйымдастыратын адамдар мен арнаулы мекемелердің қызметі:
  - жорық; ө) рекреация; б) серуен; в) экскурсия;
  - курортты орындарда емделу деп аталады.
- Демалыс, емдеу, туризм үшін пайдаланылатын табиғат нысандары мен адам қызметінің қорлары:
  - табиғи-рекреациялық; ө) рекреациялық; б) мәдени-тарихи;
  - минералды сулар; г) емдік балшықтар.
- Қазақстандағы туризмнің негізгі орталығы:
  - Түркістан; ө) Алматы; б) Атырау; в) Петропавл; г) Нұр-Сұлтан.
- Еліміздегі ең көне курорттық зона:
  - Бұқтырма; ө) Зеренді; б) Шортанды-Бурабай; в) Алматы; г) Алакөл.
- Хан Тәңірі, Шымбұлақ, Шарын каньоны Қазақстанның қай аймағының туристік нысандары:
  - солтүстік; ө) шығыс; б) орталық; в) оңтүстік; г) батыс.
- Орталық Қазақстанда орналасқан туристік нысандар:
  - Медеу; ө) Қарақия; б) Қарқаралы ұлттық саябағы; в) Қарасор көлі;
  - Ақсораң шыңы.
- Қазақстандағы емдеу курорттары:
  - Сарыағаш; ө) «Құс жолы»; б) Мойылды; в) Барлықарасан;
  - Күміс қарағайлы орманы.



### Сенің көзқарасың

Туризмге қатысты Френсис Бэконның афоризмге айналған сөздері:  
 «Саяхат жастар үшін – алған білімнің бір бөлігі, ал қарттар үшін – жинаған тәжірибесінің бір бөлігі». Атақты ағылшын философының тақырыпта қарастырылған сөздеріне түсінік беріңдер.



### Кітап сөресі

1. *Ердәулетов С.Р.* Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқу құралы. – Алматы, 1998.
2. *Ердәулетов С.Р.* Туристік Қазақстан. – Алматы: «Қайнар», 1989.  
*Интернет желісіндегі мекенжай*  
<http://visitkazakhstan.kz> – Республикалық туристік портал: Қазақстандағы туризм және демалыс.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Менің облысымның, (қаламның) рекреациялық ресурстары.
2. Менің облысымдағы (қаламдағы) туризм географиясының даму бағыттары.
3. Менің облысымдағы (қаламдағы) киелі жерлер географиясы және туризм.
4. ... демалыс базасының негізінде рекреацияны дамыту жобасы.



### Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: жұмыс дәптерінде сұрақтарға тез әрі қысқаша жауап бер:

1. Белсенді/енжар жұмыс істедім
2. Жұмысыма – қанағаттандым/қанағаттанбадым
3. Материал түсінікті/түсініксіз  
пайдалы/пайдасыз  
қызықты/қызықсыз

## §52. 3-тоқсандық жиынтық бағалау сабағы

### Тренинг

**1-тапсырма.** Зерттеуші ғалымдардың есімімен қай ғылымның саласы байланысқан:

*1-нұсқа*

- а) В.И. Вернадский
- ә) Г.В. Гельдыева

*2-нұсқа*

- а) Эдуард Ле Руа
- ә) Л.С. Берг

**2-тапсырма.** Түсініктерге анықтама бер:

*1-нұсқа*

- а) табиғи (физикалық географиялық) аудан
- ә) табиғи ресурс
- б) көші-қон
- в) урбандалу

*2-нұсқа*

- а) қалалық агломерация
- ә) еңбек ресурсы
- б) толық циклді комбинат
- в) ферроқорытпа

**3-тапсырма.** Суретте Қазақстанның табиғи мұраларының тізіміне лайық болатын қандай табиғат нысандары бейнеленген? Олар қайда орналасқан?

1-нұсқа



2-нұсқа



**4-тапсырма.** Тірек сызбаларды (табиғи аудан – мұғалім таңдауы бойынша) және карталарды пайдаланып, ірі табиғи аудандарға сипаттама құрастырыңдар.


**5-тапсырма.**

1-нұсқа

Қара металлургияның негізгі өндіру сатыларын төменде берілген сызбаны қолданып атаңдар. Не себепті бұл өндіріс комбинаты екенін түсіндіріңдер. Ол Қазақстанның қай қаласында орналасқан? Республикалық өндірісте болат пен шойынның үлесін көрсетіңдер.

2-нұсқа

Берілген карта сызбаны қолданып, Қазақстанның қара металлургиясының негізгі орталықтарын атаңдар. Қандай шикізатпен жұмыс істейді? Қандай өнімдер шығарады?



**6-тапсырма.** Салыстырмалы табиғи өсімді есептегенде, егер:

1-нұсқа

2018 ж. Нұр-Сұлтан қаласының туу көрсеткіші 29 мың адам, өлім 4 мың адамды, халық саны 1050 мың адамды, ... құрады.

2-нұсқа

2018 ж. Қарағанды облысының туу көрсеткіші 23 мың адамды, өлім 13 мың адамды, халық саны 1380 мың адамды, ... құрады.



## ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР

### Сендер білетін боласыңдар:

- ғылыми-техникалық революция туралы;
- адам дамуының индексі не екендігін;
- Қазақстанның салалық-аумақтық құрылымы қандай екендігін;
- елдегі инфрақұрылымдық кешеннің дамуын.

### Сендер үйренесіңдер:

- ел экономикасының сандық және сапалық сипаттамасын қарастыруды;
- ҒТР жағдайындағы өндірістің негізгі бағыттарына сараптама жасауды;
- Көлік жұмысына негізгі көрсеткіштері бойынша баға беруді.

### §53. Ғылыми-техникалық революция

#### Естеріңе түсіріңдер

- Ғылыми-техникалық революция туралы не білесіңдер?

**1. Ғылыми-техникалық прогресс және ғылыми техникалық революция.** Ғылым мен техника пайда болған уақыттан бастап адамзат өркениеті ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты. Ғылыми-техникалық прогресс техниканың, технологиялық материалдардың, энергетикалық базаның ғылыми білім негізінде үздіксіз дамуы болып табылады. Қарыштап дамыған бұл үдерісте ғылым мен техниканың тыныш эволюциялық даму кезеңдері болды. Сонымен қатар жарылысты, революциялық даму кезеңдері де болды. Ұлы ашылулар мен жаңалықтар кезеңі қоғамға тез әрі терең өзгерістер әкелді. Ондай кезеңдер *технологиялық революция кезеңдері* деп аталды (212-сурет).

XVIII ғасырдың аяғынан бастап осындай үш революция болды. *Бірінші революция* – өндірістік революция бұ машинасын ойлап табумен байланысты. Өндірісті механикаландыру басталды. Ірі машина индустриясы, теміржол көлігі пайда болды. *Екінші революция* – электрлік жүйенің дүниеге келуі. Электрлендіру басталды. Конвейердің арқасында



212-сурет. Технологиялық революция кезеңдері


жаппай өндіріс қалыптасты. *Үшінші революция* – бұл тек өндірістік қана емес, *ғылыми-техникалық революция* да болды. Ол 1940 жылдардың ортасында басталды. Ғылым мен техника бір мезгілде және өзара байланысты дамыды. Электронды-есептегіш мәшине мен роботты ойлап табу революциялық жаңалық болды. Өндірісті автоматтандыру басталды, ал 1960 жылдардың аяғында *дербес компьютерлер* мен *Интернет желісінің пайда болуының нәтижесінде ақпараттандыру басталды*. Қазіргі уақытта өлем төртінші өндірістік революция қарсаңында. Оның алғашқы белгілері – мобильді Интернет, жасанды интеллект, үшөлшемді 3D принтер және есептеуіш техникалар.

Ғылыми-техникалық революция (ФТР) дегеніміз не? ФТР – қоғамның өндірістік күштерін түбегейлі әрі тез өзгертетін ғылым мен техника дамуындағы төңкеріс.

**2. ФТР құрамдас бөліктері мен негізгі сипаттары.** Қазіргі ФТР бір-бірімен байланысты төрт құрамдас бөліктен: 1) ғылым; 2) техника мен технология; 3) өндіріс пен 4) басқарудан тұратын біртұтас күрделі жүйе (213-сурет).

Ғылыми-техникалық революцияның сипаттары да әр алуан. Олардың маңызды төртеуін атап өтейік.

*Біріншісі* – ФТР әскери-техникалық революция ретінде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде басталды. Ол өзінің басталуын 1945 ж. Хиросима үстіне тасталған американдық атом бомбасының жарылысы-



213-сурет. ҒТР құрамдас бөліктері мен бағыттары

мен жеткізді. Тіпті қазіргі бейбіт заманның өзінде ҒТР-дың ең соңғы жаңалықтары көп жағдайда әскери мақсаттарда пайдаланылады. Әскери мақсаттағы жаңалықтар ғылым мен техникаға жұмсалатын әлемдік мемлекеттік шығынның 1/3-ін құрайды.

*Екіншісі* – экономиканың барлық салаларын, еңбек ету, тұрмыс, мәдениет сипаттары мен адамдар психологиясын өзгеріске түсіретін ҒТР-ның *әмбебаптылығы*. ҒТР барлық елдер мен құрлықтарды, Жердің сыртқы қабаты мен жақын ғарышты да қамтыды.

*Үшіншісі* – ғылымның бұрын-соңды болмаған *қарқындап дамуы*. Ғылым қоғам дамуының негізгі факторына, адамдар (жұмыскерлер) және өндіріс құралдары (техника) сияқты өндіріс күші болып саналады. Ол ашылулар «индустриясына» техника дамуының күшті катализаторына айналды. Онда миллиондаған адамдар, конструкторлармен қоса алғанда ондаған миллион адамдар жұмыс істейді. Ғылыми зерттеулерге қомақты қаржы жұмсалады (2017 ж. 1,7 трлн долл.). Олардың жартысын АҚШ пен Қытай жұмсайды. Көшбасшылар бестігінде Жапония, Германия және Оңтүстік Корея бар. Оңтүстік Корея, Израиль, Жапония және басқа кейбір мемлекеттерде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру жұмыстарына жұмсалатын шығын (ҒЗТҚЖ) жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3–4% -ын құрайды.

«Үлкен ғылым» тек қазіргі кездегі ғылымға сүйенеді. Бұл технологиялық дамуды қамтамасыз ететін «білім – ғылым – өндіріс» жүйесін құруға мүмкіндік береді. Оның жарқын мысалы, әлемдегі ең үздіктердің бірі саналатын Жапониядағы білім беру жүйесі. Бұнымен FTP жетістіктерін ел экономикасына сәтті енгізу тікелей байланысты. Қазақстандағы білім беруді қайта құру да осы мақсатты көздейді.

*FTP төртінші сипаты* – техникадағы, технология мен өндірістегі түбегейлі өзгерістер *техника мен технологиядағы өзгерістер ЭЕМ*, компьютерлер, роботтар, 3D принтерлер (214, 215-суреттер), нано- және биотехнологияларды кеңінен пайдалану мен ұшқышсыз көлік құралдарын пайдалану және байланыстың жаңа түрлерін (спутниктік, мобильдік) таратумен байланысты.

*Өндірісте* алты негізгі сала басымдылықпен ғылымды көп қажет ететін салаларға жатады (213-сурет). Ғылымды көп қажет ететін салалардың өнімдері қарапайым, дәстүрлік салалар өнімдеріне қарағанда ғылымға жұмсалатын шығынды көп қажет етеді. Ондай өнімдерді электроника, робот құрастыру, ракеталық-ғарыштық өндіріс, биоиндустрия шығарады.

Электронды өндірістің жаппай өнімдерін шығаруда Қытай (дербес компьютерлер, смартфондар және т.б.), ал серверлер мен программалық қамтамасыз етуден АҚШ алда келеді.



214-сурет. Қытайда 3D принтері арқылы шығарылған әлемдегі бірінші автомобиль. Бұл үшін 5 күн және 1000 доллар қажет болды



215-сурет. Қытайда шығарылатын жоғары жылдамдықты пойыздар (350 км/сағ.) – FTP-дың басты символдарының бірі



216-сурет. Өндірістік роботтар автомобиль құрастыру бағытында

Тез дамып келе жатқан сала – *робот құрастыру*. Өндірістік роботтар паркі дүниежүзінде 2 млн бірліктен асты (216-сурет). Оның көбі Қытай, Жапония және АҚШ-та орнатылған. Өндірістік роботтандыруда Оңтүстік Корея алда келеді. Бұл елдің өңдеуші өнеркәсібінің 10 мың жұмысшысына 710 өндірістік робот сәйкес келеді (АҚШ-та – 200). Робот техникасымен икемді өндірістік жүйелер және автомат-зауыттар байланысты.

ҒТР дәуірінде *энергетиканың жаңа салалары* пайда болды. 1980 жылдар ортасына дейін энергетикалық шаруашылықты қайта құрудың басты бағыты – *атом энергетикасының дамуы* болды. Чернобыль апатынан кейін АЭС салу қарқыны бәсеңдеді. Кейбір елдер (Италия, Германия, Испания және т.б.) олардан толық бас тартуға шешім қабылдады. Қазіргі уақытта бәрінен тез «жасыл энергетика» дамып келеді, ең алдымен Күн және Жел энергетикасы.

ҒТР жаңа конструкциялық материалдарды қажет етті. Ең алдымен бұлар жартылай өткізгіштер, композиттар, керамика, оптикалық талшық, «XX ғасырдың металдары» – бериллий, титан, тантал, литий болды. Қазіргі уақытта жаңа кезең материалы – наноматериалдардың қажеттілігі туындады. Оларды молекула мен атом деңгейінде құрастырады. Өте жеңіл әрі берік, өздерінің қасиеттерін өзгертіп, өз бетінше қалпына келе және тазара алады. Мысалы, графен – жылу мен энергия өткізгіш – адам шашынан миллион есе жіңішке, бірақ болаттан 200 есе мықты.

Биотехнологияның (гендік инженерияның) негізінде *биоиндустрия* дамиды. Ол дәрілік заттар, дәрумендер, генетикалық модификацияланған ағзалар шығарады. Мысалы, көп өнім беретін, құрғақшылыққа, түрлі ауруларға, зиянкестерге төзімді ағзалар. Бұл сала өсіресе АҚШ-та, Жапония мен Германияда жақсы дамыған.

*Ғарыштық индустрияда* АҚШ, Ресей, Еуроодақ пен Қытай жетекші рөл атқарады.

ҒТР дәуірінде *басқару* ерекше рөл атқарады. Ол қатты күрделеніп кетті және арнаулы білімді қажет етеді. Америкалық астронавттарды Айға қондыруға даярлық барысында («Аполлон» бағдарламасы) келісімді түрде жұмыс істейтін 26 мың фирма қатысты. Ондай бағдарламалар басқару ғылымын жетік меңгерген адамдар ғана жетекшілік жасай алады. Оларға қажетті кадрлар АҚШ-тың, Ұлыбритания және т.б. елдердің алдыңғы қатарлы өрі қымбат бизнес мектептерінде даярланады. Олардың бітірушілерін – қазіргі басқарушыларды менеджерлер деп атайды. Менеджерлерге дұрыс шешім қабылдауға ГАЖ көмектеседі. Заттар Интернеті – *төртінші өндірістік революцияның шығармасы* – басқару үшін ерекше жағдайлар жасайды.

*Сонымен, ғылыми-техникалық революция қоғам өмірінің барлық жақтарына әсерін тигізді. Әлем оның кезекті кезеңі – төртінші өндірістік революция қарсаңында тұр. Ол біздің өмірімізді, еңбек пен қарым-қатынас жасауды толық өзгертеді.*

#### **Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Төртінші өндірістік революция қарсаңында Интернет жетпеген адамзаттың жарты бөлігінде үшінші өндірістік революция әлі басталған жоқ. Жер бетіндегі адамдардың 1/7 әлі күнге дейін электр жүйесі жоқтар, екінші өндірістік революцияны тосуда.

2. Қытайдағы тек ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру (ҒЗТҚЖ) салаларында Германияның барлық халқының санына тең адам жұмыс істейді (80 млн-нан астам).

3. 2017 жылы әлемнің бар елдері ҒЗТҚЖ үшін 1,7 трлн долл. жұмсады, оның ішінде 447 млрд – АҚШ, 370 млрд – Қытай, 171 млрд – Жапония, 110 млрд – Германия, 73 млрд – Оңтүстік Корея жұмсаған. ЖІӨ бойынша пайызбен есептегенде ең көп жұмсаған Оңтүстік Корея (4,3%), Израиль (4,2%), Жапония (3,4%), Швеция мен Финляндия (3,2%-дан). Біздің елімізде ҒЗТҚЖ үшін 2017 жылы 718 млн доллар (0,2% ЖІӨ) жұмсалған.

4. Наноматериалдар деп бір немесе бірнеше сыртқы мөлшерлері 1-ден 100 нм (1 см = 10 000 000 нанометр) аралығында жататын нысандарды атайды. Наноматериалдар – қазіргі уақыттың шындығы. Олардың әлемдік нарығы 11 млн тоннаға, ал нарықтық бағасы 20 млрд еуроға жетті. Еуропада наноматериалдар секторында 400 мыңдай жұмысшы еңбек етеді. Өндіріс негізін нанотехнология құрайтын әлемдік өнім көлемі 2009–2019 жж. 200 млрд-тан 2 трлн еуроға дейін өсті.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Ғылыми-техникалық прогресс пен ғылыми-техникалық революцияны салыстырыңдар. Ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? 2. Ғылыми-техникалық революция деген не? Ол қай уақытта басталды? 3. ФТР-дың құрамдас бөліктерін атаңдар, олардың әрқайсысы қандай мәселелерді шешеді? 4. Ғылымды көп қажет ететін салалардың қандай ерекшеліктері бар? 5. Ғылыми-техникалық революцияны сипаттайтын маңызды белгілерді атаңдар.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап бер.

1. Ғылыми-техникалық прогресс дегеніміз ... .
2. ФТР құрамдас бөліктері ... .
3. ФТР-дың бірінші сипаты ... .
4. ФТР жүйесіндегі басқару міндеттері ... .
5. Өндіріс дамуындағы басым салалар ... .

**2-тапсырма.** 212-суретке қарап, ғылыми-техникалық прогресс қалай дамығанын байқаңдар. Технологиялық революциялар қай уақытта болғанын анықтаңдар, бұл революциялардың символы ретінде нені айтуға болады?

**3-тапсырма.** ФТР дәуіріндегі ғылымның рөлін бағалаңдар. Елдің ғылыми-зерттеу жұмыстарына араласуын қандай көрсеткіштер арқылы білуге болады?

**4-тапсырма.** 213-сурет бойынша ФТР дәуірінде техника мен технологияның қандай жаңа түрлері пайда болғанын анықтаңдар. Олар туралы қысқаша өңгіме құрастырыңдар.

**5-тапсырма.** 213-сурет бойынша ФТР жағдайындағы өндіріс дамуының басты бағыттарына талдау жасаңдар. Сызба кластер құрастырыңдар.

**6-тапсырма.** Интернет ресурстарынан «4-өндірістік революция» туралы ақпарат табыңдар. Қысқаша хабарлама құрастырып, сыныптастарыңа таныстырыңдар.



### Картадан көрсет

ҒЗТҚЖ-ге (ЖІӨ-ге пайыздық) абсолютті және салыстырмалы шығындары бойынша көшбасшы елдер – АҚШ, Қытай, Жапония, Германия, Оңтүстік Корея (Корей Республикасы), Израиль.



### Тест тапсырмалары

1. Ғылыми білімнің негізінде техника мен технологияны тұрақты жетілдіріп отыру:

- а) ФТР; ә) инновациялар; б) ғылыми-техникалық прогресс;
- в) ғылымды көп қажет ету; г) менеджмент.

2. Ғылым мен техника дамуындағы түбегейлі өзгеріс:
  - а) эволюциялар; ә) ғылыми-техникалық прогресс; б) инновация;
  - в) ғылыми-техникалық регресс (кері кету); г) модернизация.
3. ҒТР пайда болған уақыт:
  - а) Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары; ә) XVIII–XIX ғғ.; б) XXI ғ. басы;
  - в) 1960 ж. соңы; г) Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары.
4. ҒТР-дың өзіндік сипаттары:
  - а) әмбебаптылық; ә) өндіріс; б) басқару; в) ғылымның гүлденіп дамуы;
  - г) әскери-техникалық революция сияқты басталды.
5. ҒТР-дың құрамдас бөліктері – өндіріс, басқару:
  - а) әмбебаптылық; ә) ғылымды көп қажет ету; б) ғылым; в) жасанды интеллект;
  - г) техника мен технология.
6. Қазіргі ҒТР-дың көрінісі:
  - а) 1-өндірістік революция; ә) 2-өндірістік революция;
  - б) 4-өндірістік революция; в) аграрлық революция.
7. Төртінші өндірістік революцияның символдары:
  - а) 3D-принтер; ә) автомобиль; б) мобильді Интернет; в) ұшқышсыз ұшақ;
  - г) компьютер.



### Кітап сөресі

1. Шваб Клаус. Төртінші өндірістік революция. – М.: «Эксмо», 2016
2. Шваб Клаус. Төртінші өндірістік революцияның технологиясы. – М.: «Эксмо», 2018



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Қазіргі ҒТР, төртінші өндірістік революция.
2. Қазақстан және өндірістік революция 4.0.
3. «Ақылды қала» және сандық технологиялар.
4. Өндірістік роботтар әлемінде.



### Рефлексия («Анкета» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: жұмыс дәптерінде сұрақтарға тез әрі қысқаша жауап жаз:


- |                  |                               |
|------------------|-------------------------------|
| 1. Жұмыс істедім | белсенді/енжар                |
| 2. Жұмысқа       | қанағаттандым/қанағаттанбадым |
| 3. Материал –    | түсінікті/түсініксіз          |
|                  | пайдалы/пайдасыз              |
|                  | қызықты/қызықсыз              |

### §54. Қазақстан мен әлемдегі адам әлеуетінің даму индексі


#### Естеріңе түсіріңдер

- «Адам дамуының индексі» деген ұғым нені білдіреді?
- Адам дамуының өмір сүру деңгейін қандай көрсеткіштермен анықтайды?

**1. Өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері.** Адам әлеуетінің даму мүмкіндігі, халықтың өмір сүру деңгейі экономиканың жағдайына байланысты. Экономиканың жағдайы жалпы ішкі өнімнің көрсеткіштерін білдіреді. Экономиканың жағдайы, экономикалық әлеуетті пайдалану, халықтың тұрмыс деңгейі жалпы ішкі өнімнің көрсеткіштері болып табылады. *Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген өнімнің құны. ЖІӨ-ні ұлттық валютамен есептейді. Басқа елдермен салыстыру үшін оны АҚШ долларына аударады. Көбінесе ЖІӨ-нің үш көрсеткіші қолданылады. Бірінші көрсеткіш – ЖІӨ-нің абсолюттік мөлшері. Бұл экономика көрсеткішінің масшта-*



217-сурет. Экономиканың даму ауқымы мен деңгейі



218-сурет. Қазақстанның АДИ және ЖІӨ-нің өсу қарқыны бойынша әлемдегі орны, 1990–2017 жж.

бы, ЖІӨ жоғары болған сайын елдің экономикасы да жоғарырақ болып келеді. *Екінші көрсеткіш* – жан басына есептегендегі ЖІӨ. Бұл – экономика дамуының көрсеткіші. Жан басына есептегендегі ЖІӨ көп болған сайын экономика жақсы дамыған болып есептеледі.

*Үшінші көрсеткіш* – ЖІӨ өсу қарқыны (пайызбен алғанда). Бұл – экономиканың динамикалық көрсеткіші. Оған қарап, экономика мен экономикалық әлеуеттің өсуін (немесе құлдырауын) байқауға болады.

217-сурет бойынша әлемдегі ірі үш экономиканы ата. ЖІӨ бойынша біздің еліміз әлемде нешінші орында? Қазақстандағы ЖІӨ-нің абсолюттік мөлшері қандай?

**2. АДИ (адам дамуының индексі) және оның өлшемі.** Адамдар өмірінің деңгейі мен сапасы экономиканың даму деңгейіне байланысты екенін сендер білесіңдер. Сондықтан халық санына есептегендегі ЖІӨ көп жылдар бойы қоғамның материалдық жағдайының жалғыз қорытынды көрсеткіші болып табылады.

1999 ж. БҰҰ адам даму индексі туралы бүкіләлемдік баяндама жарияланды. Онда адамның әл-ауқаты мен мүмкіндіктеріне баға беру үшін адам дамуының индексі (АДИ) қолданылды. Бұл индекс адамның өмір сүру жағдайының үш сипаттамасын біріктіреді – *ұзақ жасау* (күтілетін адам өмірінің ұзақтығы), *білімділік* (орташа оқу уақыты) және *материалдық әл-ауқаты* (жан басына есептегендегі ЖІӨ) [2].

219-суретті пайдаланып, АДИ бойынша еліміздің әлемдегі орнын анықта. Қай жылдарда Қазақстанның орны ең жоғары, қай жылдары ең төмен болды? 1990 жылдары АДИ-дің кенет төмендеуі неге байланысты болды?

2017 ж. еліміздің АДИ-і 0,8 шамасына жетті (максимум 1,0 жағдайында). Бұл елімізге алғаш рет адам әлеуетінің өте жоғары деңгейіндегі елдер қатарына қосылуға мүмкіндік береді (15-кесте).


15-кесте

**Таңдап алған елдер бойынша АДИ көрсеткіші (2017 ж.)**

Әлемдегі орны	Елдер	Орташа ұзақтығы		Жан басына есептегендегі ұлттық кіріс, долл.	АДИ
		өмір, жыл	білім алу, жасы		
<b>Өте жоғары деңгей</b>					
1	Норвегия	81,3	12,6	48688	0,955
2	Австралия	82,0	12,0	34343	0,938
3	АҚШ	78,7	13,3	43480	0,937
5	Германия	80,6	12,2	35431	0,920
10	Жапония	83,6	11,6	32545	0,912
<b>Жоғары деңгей</b>					
55	Ресей	69,1	11,7	14461	0,788
57	Сауд Арабиясы	74,1	7,8	22616	0,774
59	Қазақстан	67,4	10,4	10451	0,754
85	Ямайка	73,3	9,6	6701	0,730
90	Түркия	74,2	6,5	13710	0,722
<b>Орташа деңгей</b>					
101	Қытай	73,7	7,5	7945	0,699
114	Өзбекстан	68,6	10	3201	0,654
136	Үндістан	65,8	4,4	3285	0,554
<b>Төменгі деңгей</b>					
146	Пәкстан	65,7	4,9	2566	0,515
186	Нигерия	55,1	1,4	701	0,304

Таңдап алынған елдердің 2017 ж. адам дамуы индексі. Өзірге бұл топта Қазақстан көшбасшы елдерден қалып келеді. Бізге адам әлеуетін дамыту үшін көп нәрселер жасау қажет. Өзекті мәселелердің бірі – негізгі аймақаралық айырмашылықтарды деңгейлестіру қажет (адам дамуы туралы ұлттық баяндама мәліметтері бойынша 2017 ж. [3]).

219-сурет бойынша басты аймақаралық айырмашылықтарды анықтаңдар: 1) АДИ жоғары (0,65) аймақтар (және қалалар); 2) АДИ төмен (0,55-тен төмен) аймақтар. Атырау мен Маңғыстау облыстарында басқа аймақтармен салыстырғанда индекс мәнінің жоғары болуын қандай фактор анықтайтынын түсіндіруге тырысыңдар.



219-сурет. Қазақстан аймағындағы адам дамуының индексі (2016 жылғы адам дамуы туралы ұлттық баяндамасы)

**3. АДИ және Қазақстан экономикасының болашағы: экономикалық білім жолында.** Экономикалық өлеует – жан-жақты дамудың алғышарты. Оны жүзеге асыру ойластырылған стратегияға байланысты. Қазақстандық даму стратегиясы *елді модернизациялауға (түпкілікті жаңартуға)* бағытталған. Онда жаңа типті жоғары дамыған экономика – білім экономикасын құруға басты мән берілген. Мұндай экономикалық инновациялар (жаңа енгізулер) – ашылулар, жаңалықтар, жаңа технологиялар кеңінен қолданылады. Сондықтан білім экономикасын *инновациялық экономика* деп атайды.

Инновациялық экономикаға өту үшін экономикалық өлеуеттің барлық мүмкіндіктерін күшейту қажет. Адам капиталын дамытуға, елдің ғылыми-техникалық мүмкіндіктерін кеңейтуге қаржы салынууда. Екінші индустрияландыру жеделдетілген қарқынмен жүзеге асырылуда, 1930–1960 жылдардың индустрияландыруынан өзгешелігі сол, мұнда ең алдыңғы қатарлы (жоғары) технологияларды қолданатын өндіріс құру көзделген. Халықаралық дәрежедегі сауда, көлік, ақпараттық қызмет көрсетудің қуатты кешені қалыптасуда, осы арқылы табиғи ресурстарды экспортта мәжбүрлік азайып, елдің тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі.

Модернизациялау мақсаттарын жүзеге асыруда Қазақстан экономикасының «локомотивтері» – мұнай өнеркәсібі мен металлургия басты рөл атқарады. Ол елдің экспорттық кірісінің және инвестицияның айтарлықтай бөлігін әкеледі. Бұл салаларда да өндірісті модернизациялау жүзеге асырылып, тез өрі сапалы өркендеуге жаңа мүмкіндіктер қарастырамыз.

**Сонымен, еліміздің экономикасы мол экономикалық әлеуетке сүйенеді. Оның басты бөлігі – адам капиталы. Бұл – елді модернизациялау мен жан-жақты дамытудың негізгі алғышарты.**

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. 2018 ж. жан басына есептегендегі ЖІӨ бойынша Люксембург өлем көшбасшысы болды (жылына 114 мың доллар). Бұл рейтингте АҚШ (63 мың) – 10-орында, Ресей (11,3 мың) – 63-ші, Қазақстан (9,3 мың) – 72-ші, ал африкалық Бурунди мемлекеті (275 долл.) – ең соңғы 194-орында болды. Өлем бойынша орташа ЖІӨ мөлшері жылына адам басына есептегенде 11,3 мың долл. құрайды.

2. Адам дамуы туралы бірінші баяндама мынандай сөздермен басталады: «Халықтың ең басты байлығы – адамдар. Адамдарға ұзақ, сау және шығармашылықты өмір сүруге мүмкіндік беретін жағдайлар жасау – дамудың басты мақсаты болып табылады». Саясаткерлердің белсенділігін арттыру үшін ғалымдар АДИ ойлап тапты. Идеяны ойлап тапқан пәкстандық экономист Махбуб-уль-Хак, ал оны жүзеге асырушы (индексті шығарған) – оның досы, Нобель сыйлығының лауреаты, үндістандық экономист Амартья Сен. Елдің өмір сүру сапасымен өлшенетін қарапайым сан (өмір сүру ұзақтығы, білімділік, кіріс) – елдің салыстырмалы түрдегі әл-ауқатының көрсеткіші болып табылады.

3. 2017 ж. ең ұзақ уақыт білім алғандар – немістер (14,1 жыл), ең ұзақ өмір сүрушілер жапондар (83,9 ж., ал ең бақуатты өмір сүретіндер катарлықтар (жан басына есептегендегі жылдық кіріс 117 мың доллар) болды.

**ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ**



**Өзіңді тексер!**

1. Экономикалық әлеует қандай компоненттерден құралады?
2. Қазақстанның экономикалық әлеуетінің күшті және әлсіз тұстары қандай?
3. ЖІӨ-ні экономиканың басты сипаты деп есептеуге бола ма? Сенің көзқарасың?
4. Неге біздің еліміздің экономикасын модернизациялау алға мақсат етіп қойылған?

5. *Экономикалық әлеует, жалпы ішкі өнім, адам дамуының индексі, инновациялық экономика* түсініктерінің мазмұнын аш.



**Тапсырмаларды орында**

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секунд ішінде 5 сұраққа жауап беріп, «5» деген баға ал.

1. Экономиканың масштабын... өлшейді.
2. Елдің даму деңгейінің көрсеткіші... .
3. Экономикалық өсуді... қарап сипаттайды.

4. АДИ-дегі көрсеткіштер саны... .
5. Қазақстан елдер тобында АДИ бойынша... .

**2-тапсырма.** Параграфтың 1-тақырыпшасындағы мәтінге, 219-суретке сүйеніп, Қазақстан экономикасы мен халқының даму деңгейіне сандық сипаттама құрастыр. Көрсеткіштер мен олардың сандық мәндерін кестеге енгіз:

Сипаттама элементтері	Көрсеткіш	Көрсеткіштің сандық мәндері
Экономика масштабы		
Экономиканың даму деңгейі		
Экономика динамикасы (2017 ж. мәлімет бойынша)		
Адамның өл-ауқат және мүмкіндіктер деңгейі		

Қазақстанның экономикасы мен халқының өмір сүру деңгейінің сипаттама-сын жетпей тұрған сөздермен және сандармен толтыр:

«Біздің еліміздің экономикасының масштабы оның даму деңгейі... 2017 ж. ЖІӨ-нің даму қарқыны... % құрады. АДИ бойынша Қазақстан адам өлеуеті дамуының... деңгейіндегі елдер тобына жатады».

**3-тапсырма.** 218-сурет бойынша Қазақстан экономикасының даму қарқыны мен АДИ арасындағы өзара байланысты анықта. Графикке қарап, 1990–2017 жж. аралығында АДИ бойынша біздің еліміздің әлемде алатын орны қалай өзгерді? Қай жылдарда ол өте төмен болды? Оның экономика динамикасымен байланысы қандай? 1) Мына кезеңдерде ЖІӨ АДИ бойынша орнының төмен түсуіне әкелген кез; 2) қарқынының жылдамдауы ҚР-ның АДИ бойынша орнының көтерілуіне әкелген кез; 3) экономиканың даму қарқыны жоғарылап, ал АДИ бойынша алатын орны, керісінше төмендеген кез. Қалай ойлайсыңдар, бұл неге байланысты?

**4-тапсырма.** Адам дамуы туралы соңғы баяндамамен таныс. Мына Интернет ресурсының сілтемесі бойынша <http://hdr.undp.org/en/reports/global/hdr2013/download/ru/> → Статистикалық қосымша → Адам дамуы индексі және оның компоненттері. Қазақстан адам дамуының индексі (Human Development Index немесе HDI) бойынша мына елдермен салыстыр: АҚШ, Жапония, Қытай, Германия, Ресей, Австралия. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде нешінші орында?



### Сенің көзқарасың

Дүниежүзілік банк сарапшылары ұлттық байлықта «Күн соңында үйге қайтатыны сезілмейтін капиталды» бөліп көрсетті. Қандай капитал туралы сөз болып тұр? Оны қазіргі экономика мен қоғам дамуының негізгі факторы деуге бола ма?



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. АДИ: адам дамуының жаңа өлшемі.
2. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардағы.



**Рефлексия** ((Ү) – плюс, (Т) – минус; (Қ) – қызықты тәсілдері)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: жұмыс дәптеріңе кестені толтыр.

<b>Ү</b> (сабақтағы тапсырмалар, ақпараттар ұнады)	<b>Т</b> (түсініксіз, пайдасыз ақпарат)	<b>Қ</b> (қызықтыратын фактілер, тағы да білгім келеді)
--	---	---

### §55. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы

#### Естеріңе түсіріңдер

- Өндіріс салаларының екі тобын.
- Елдің даму деңгейін қандай салалар анықтайды?
- Не себепті мәшине жасау ең маңызды сала болып саналады?

Еліміздің индустриалды-инновациялық дамуы Қазақстанның өлемдегі экономикасы дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсаты мен өндіріс дамуының мәселелеріне байланысты. Оларды түсіну үшін қазақстандық индустрияның құрамы мен құрылымына талдау жасау қажет.

**1. Өндіріс құрамы: салалар – ішкі салалар – өндірістер.** Қазақстан өндірісі бірнеше мыңдаған кәсіпорындардан тұрады. Шығаратын өнімдері, пайдаланатын шикізаттары мен өндіріс технологиялары ұқсас кәсіпорындар салаларға бірігеді. Ірі (құрамы жағынан) салалар ішкі салаларға, ал ішкі салалар жеке өндіріс түрлеріне бөлінеді.

**1-мысал.** Тамақ өнеркәсібі нан пісіру, ет, сүт сияқты 20-дай ішкі салаларды біріктіреді. Сүт ішкі саласы мынандай өндірістерді: сүт өнімдері өндірісін (пастерленген сүт, қаймақ, кілегей), сарымай, ірімшік, сүт консервілерін шығару өндірісін біріктіреді.

Өнеркәсіп тау-кен өнеркәсібіне, өңдеу өнеркәсібіне, электрэнергетикасы мен сумен жабдықтауға бөлінеді (220-сурет).

Сурет бойынша (220-сурет) берілген өңдеуші өнеркәсіптің қайсысы сендер тұратын жерде орналасқан? Ол туралы не айта аласың?

*Тау-кен өнеркәсібі* жер қойнауынан минералдық отын мен шикізат өндіреді. *Өңдеуші өнеркәсіп* ауылшаруашылығы және өндіретін шикізатты өңдеп, азық-түлік, киім, отын химикаттар, құрылыс материалдары, мәшине мен құрал-жабдықтар шығарады.

*Электрэнергетикасы* электр қуаты мен жылу өндіреді. *Сумен жабдықтау* табиғи көздерден тұщы су өндіріп, тұзды суды тұщыландырады.



220-сурет. Қазақстан өнеркәсібінің құрамы

Өнеркәсіп салалары екі маңызды топқа «А» және «Б» топтарына бөлінеді. «А» тобына немесе *ауыр өнеркәсіпке* көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарын (мәшине, құрал-жабдық, металл) шығаратын салалар кіреді. Ауыр өнеркәсіптің құрамына отын, энергетика, металлургия, мәшине жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын жасау өнеркәсібі т.б. жатады. Бұл топтағы маңызды үш сала – *мәшине жасау, химия өнеркәсібі және электрэнергетикасы*. Олар барлық экономикадағы ғылыми-техникалық прогресті анықтайтын жаңа мәшинелерді, құрал-жабдықтар мен материалдарды жасап шығарады. Сондықтан оларды *алдыңғы шептегі үштік* деп атайды.

Адамдарға қажетті азық-түлік пен қажетті заттарды «Б» тобының салалары, ең алдымен *тамақ және жеңіл өнеркәсіптері* шығарады.

**2. Өнеркәсіптің салалық және аумақтық құрылымы.** Қазақстан өнеркәсібінің салалық құрылымын үш ерекшелік айқындайды. *Бірінші ерекшелік* «қиындатылған» құрылымнан тұрады: «А» тобы салалары үлесінің жоғары болуы (90%). Шетелдерден тамақ және тұрмысқа қажетті өнімдерді ауыр өнеркәсіп тауарларына айырбастап сатып алу осыған байланысты. Ондай айырбас ел экономикасы үшін аса тиімді емес.

**1-мысал.** Шетелдік орташа кластағы бір автомобиль сатып алу үшін 15 т болат, немесе 1000 т темір кенін сату қажет.

Көптеген дамыған елдерде ауыр индустрия үлесі 50% -дан артпайды.

Өнеркәсіптің қай саласы еліміз үшін пайдалы: өндіруші салалар ма, әлде өңдеуші салалар ма? Неге?

*Екінші ерекшелік* – тау-кен өнеркәсібі үлесінің өте жоғары болуы.

Ол жалпы өнімнің 1/2-ін береді (2018 ж. – 55%).


Қазақстан өңделмеген отын мен шикізатты шетелдерге сатқанда сендер біраз қорды жоғалтатынын байқадыңдар.

*Үшінші ерекшелік* – өңдеуші өнеркәсіп салалары мен салааралық кешендер арасындағы пропорция (сөйкестік) тиімді емес (16-кесте мен 221-суретті қара).

16-кесте

Өңдеуші өнеркәсіп құрылымы, %

Өндіріс	Қазақстан	Қытай	Германия
тамақ	19	10	10
жеңіл	1	8	1
ағаш, қағаз	1	4	5
мұнай өңдеу	8	5	7
химия	6	14	14
құрылыс материалдары	6	5	2
металлургия	45	18	13
мәшине жасау	10	34	43
басқа салалар	4	2	5
<b>Барлығы</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>



221-сурет. Қазақстанның өнеркәсіп өндірісіндегі салааралық кешендердің үлесі

221-суретті пайдаланып, маңыздылығына қарай бірінші және екінші салааралық кешенді табыңдар.

Отын мен металлға әлемдік бағаның жоғары болуы отын-энергетикалық және металлургиялық кешендердің қарқындап дамуына әсерін тигізді. Олар Қазақстанның әлемдік экономикадағы орнын анықтап, ел ішінде ерекше «Локомотив» рөлін атқарады. Олардың дамуы басқа салалар мен Қазақстан халқының өмір сүру деңгейлеріне ықпал етеді. Өнеркәсіп құрылымын жаңартуға «Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы» бағытталған. Ол *өңдеуші өнеркәсіптің басымдылықпен дамуын* қарастырады. Оның негізін *инновация* (жаңа енгізулер), яғни жаңа, алдыңғы қатарлы технология мен техниканы қолданған жөн. Ол экономиканың шикізатқа тәуелділігін азайтып, жоғары технологиялық тауарлар шығаруға мүмкіндік береді.

Болашағы ең жоғары салаларда (металлургия, мәшине жасау және т.б.) кластерлер құрылуда (ағыл. *cluster* – буын, үйір). Сызба бойынша (220-сурет) қандай салалар өңдеу өнеркәсібіне жататынын анықтаңдар.

Болашағы ең жоғары салаларда (металлургия және т.б.) кластерлер құрылуда. Сендер кластер – өнім өндіру (қызмет көрсету) үшін бір-бірімен тығыз байланысқан әртүрлі экономика салаларының кәсіпорындар тобы екенін білесіңдер. Ондай бір кластер сендерге белгілі.

Бұл қандай кластер екенін естеріңе түсіріңдер. Ол қай жерде дамиды?

**222-сурет.** Қазақстандағы бірінші Павлодар алюминий шығаратын зауыты – инновациялық дамудың үлгісі. Оның өнімі осы уақытқа дейін толығымен экспортқа шығарылып келген шикізаттан 8 есе қымбат




Екінші кластер үлкен қиындықпен еліміздің оңтүстігінде жеңіл өнеркәсіп бойынша біртіндеп құрылуда. Бұл мақта кластері.

**2-мысал.** Мақта кластерінің негізгі мақсаты – мақта маталарынан жоғары сапалы киімдер шығару. Сондықтан кластерге қатысушылар – мақта өсіретін фермерлер, тазарту, өңдеу зауыттары, тоқыма және киім тігу фабрикалары. Сонымен қатар құрал-жабдық, химикат, техника (мысалы, комбайн, жеткізушілер) қажет. Тоқымашылар, тігіншілер, тағы басқа мамандар даярлайтын училищелер керек. Осылайша, негізгі өндірістің айналасында серіктес кәсіпорындар «тобы» пайда болады. Ақтық нәтижені алу үшін олар бірігіп, үйлесімді жұмыс атқарулары керек.

Индустриялық-инновациялық даму картасын жүзеге асырудың әртүрлі деңгейіндегі 100-ден астам жобалар енгізілген. Олардың ішінде «жасыл» энергетика (Нұр-Сұлтандағы күн сәулесі батареялары зауыты), Жел және Күн электрстансыларына арналған құрал-жабдық шығаратын тұтас саланы атауға болады. Біздің еліміз үшін ғана ерекше болып саналмайтын арақашықтық зондылауға (зерттеу жүргізуге) арналған жасанды Жер серіктерін даярлайтын жинау сынақтан өткізу кешені құрылуда.

Индустриалды-инновациялық даму өнеркәсіпті аумақтық орналастыруға да ықпалын тигізеді (223-сурет).

Батыстың өнеркәсіптік дамуының шұғыл көтерілуі неге байланысты екендігін ойлаңыздар.



223-сурет. Қазақстан өнеркәсібінің аумақтық көрсеткіштері

Қазіргі уақытта барлық өнеркәсіп өнімдерін шығарудың көшбасшы төрттігі – Атырау, Маңғыстау, Қарағанды облыстары болса, өңдеуші өнеркәсіп – Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары.

**Сонымен, Қазақстан экономикасында өнеркәсіп жетекші рөл атқарады. Оған жетілмеген құрылым мен батысқа аумақтық ауытқу тән. Қолайсыз арақатынасты жеңудің басты жолы – инновациялық негізде өңдеуші салаларды жылдамдатып дамыту.**

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Өнеркәсіптің қандай салалары бар?
2. Қазақстандағы өнеркәсіп құрылымының қандай ерекшеліктері бар? Оның мемлекетке тиімділігі қандай?
3. Қазақстанның әлемдік экономикадағы орнын анықтайтын салааралық өндірістік кешендерді ата.
4. «Экономиканың инновациялық дамуы» терминін қалай түсінесің?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** 16-кесте мәліметтеріне талдау жаса. Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіптің құрылымын қандай негізге сүйеніп, ел үшін тиімді емес деп есептейді. Ол үшін Қазақстан және экономикалық алдыңғы қатарлы елдер – Қытай мен Германияның өндірістегі салалық үлесін салыстыр. Қазақстандық және әлемдік өндірістің қай салаларында үйлесімсіздік айқын білінеді?

**2-тапсырма.** 221-суретке қарап 1990 және 2018 жж. аралығындағы салааралық кешендер қатынасын салыстыр. 1990–2018 жылдар аралығында өнеркәсіптік өндіріс құрылымында қандай өзгерістер болды?

**3-тапсырма.** 223-сурет бойынша Қазақстанның тау-кен және өңдеуші өнеркәсіптерінің орналасу ерекшеліктерін анықтаңдар. Қай аймақ тау-кен өнеркәсібінің ең көп және ең аз өнімін өндіреді? Өңдеу өнеркәсібінде ше? Батыс облыстардың еліміздің индустриясындағы үлесінің жоғары болуы немен байланысты?

**4-тапсырма.** Сөйлемді аяқта:

1. Кәсіпорындар... көзіне жақын орналасады.
2. Комбинаттарда ... үйлестіріледі.
3. Өндірісті кооперативтендіру деп ... қатысуын атайды.
4. Қазақстанда «... стратегиясы» жүзеге асырылуда.
5. Біздің елімізде өнім шығаруда бір-бірімен тығыз байланысты әртүрлі салалар кәсіпорындар тобы немесе ... құрылуда.



### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар)

- Тау-кен өнеркәсібіне ... жатады:
  - мәшине жасау; ә) химия; б) отын; в) түсті металлургия; г) ағаш өңдеу өнеркәсібі.
- Қай сала құрастыру материалдарын шығарады?
  - қара металлургия; ә) түсті металлургия; б) химия; в) барлық аталғандар; г) құрылыс материалдары саласы.
- Ауыр өнеркәсіп салалары бұл –
  - В тобы; ә) А тобы; б) Б тобы; в) Д тобы; г) Г тобы.
- Қазақстан өнеркәсібіндегі өнімнің көп бөлігін шығаратын салалар:
  - Б тобы; ә) А тобы; б) жеңіл өнеркәсіп; в) мәшине жасау; г) Жер өңдеу.
- Отын, кенді пайдалы қазбалар қай өнеркәсіптің өнімдері:
  - Б тобының; ә) өңдеуші өнеркәсіптің; б) тау-кен өнеркәсібінің; в) құрастырушы материалдар өнеркәсібінің; г) «алдыңғы қатарлы үштіктің».
- Қазақстанның өнеркәсіп өнімінің жартысынан астамын шығаратын өнеркәсіп:
  - өңдеуші; ә) өндіруші; б) электрэнергетикасы; в) сумен қамтамасыз ету; г) химия
- Қазақстанда нашар дамыған өнеркәсіп салалары:
  - қара металлургия; ә) мұнай; б) жеңіл; в) түсті металлургия; г) мәшине жасау



### Сенің көзқарасың

Баспасөз бен теледидарда Қазақстан өнеркәсібінің құрылымын жақсарту жолдары талқыланып жатады. Бұл мәселені шешу үшін не істеу керек? Өз жобаңды ұсын.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

- Менің облысымдағы өнеркәсіптің Қазақстан экономикасындағы рөлі.
- Менің облысымдағы ірі кәсіпорындар.
- Облыстағы индустриалдық, инновациялық бағдарлама.
- Қазақстан өнеркәсібіндегі кластерлер.



### Рефлексия («Бұлтты кесек» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: берілгендерден 1 сөйлемді таңдап алып, аяқтаңдар.

*Мен бүгін ... түсіндім.*

*Енді мен ... жасай аламын.*

*Мен ... үйрендім.*

*Маған әсіресе ұнағаны ... .*

*... білу қызықты болды.*

*... қиын болды.*

*Менің жасағым келгені ... .*

*Сабақ мені ойландырды.*

*Бүгін мен жасай алдым.*

## §56. Қазақстанның және оның аумақтарының инфрақұрылымы

### Естеріңе түсіріңдер

- Инфрақұрылым дегеніміз не?
- Инфрақұрылымның қандай түрлері бар?

Инновациялық инфрақұрылым сөз тіркесі екі түрлі мағынаны білдіреді. *Бірінші мағынасы* – инновациялар инфрақұрылымы, яғни жаңа білімді игеріп, жаңалықтар ашатын, осы жұмысты қаржыландыратын ұйымдар жиынтығы. Мұндай жағдайда ғылым географиясы және ғылыми зерттеулерді қаржыландыратын ұйымдар зерттеледі.

*Екінші мағынасы* – жаңартылған инфрақұрылым, мұнда басты элемент көлік болып саналады.

Бұл параграфта инновациялық инфрақұрылым дәл осы түсінікпен – Қазақстанның жаңартылған көліктік инфрақұрылымы ретінде қарастырылады.

**1. Көлік – экономиканың «қан жүргізетін» жүйесі.** Көліктің негізгі міндеті – *жүк пен жолаушы тасымалдау*.


Көлік – экономиканың қалыпты жұмыс істеуінің негізі. Ол өндіріс процесін қамтамасыз етіп, кәсіпорындарды, салалар мен аймақтарды байланыстырады, сыртқы сауда жүктерін тасымалдап, халыққа қызмет көрсетеді. Көлікті онсыз өмір сүре алмайтын «шаруашылық ағзасының қан тамыр жүйесі» деп те атайды.

Көлік *4 құрамдас бөліктен* тұрады. Ол – *көлік құралдары* (автомобиль, кеме, ұшақ), *жолдар* (теміржол, автомобиль, құбыр, өуе, теңіз жолдары), *ұйымдар* (авиациялық, теңіздік, теміржол компаниялары) және *тиеу-түсіру пункттері* (теңіз және өуе порттары, теміржол стансылары). Сол себепті олар күрделі кешен болып есептеледі.


*Көлік өз жұмысын* екі көрсеткішпен өлшейді. Бірінші көрсеткіш – тасымалданған жүктер және жолаушы. Ол тоннамен немесе адам санымен есептеледі.

Екінші көрсеткіш – *жүк айналымы*, ал жолаушы тасымалдауда – *жолаушы айналымы*. *Жүк айналымы* – уақыт бірлігі ішінде (күн, ай, жыл) белгілі бір қашықтыққа тасымалданған жүк мөлшері.

Сендер көліктің қолдану аясына қарай құрлық (теміржол, автокөлік, құбыркөлігі т.б.), су және өуе көлігі болып бөлінетінін білесіңдер.



224-сурет. Қазақстандағы көлік жолдарының ұзындығы



225-сурет. Көлік тасымалының орташа қашықтығы

Теміржолдар – Қазақстанның бүкіл жол жүйесінің «қаңқасы» іспеттес. Олар еліміздің аймақтарын біртұтас жүйеге біріктіріп, климат пен жыл маусымдарына қарамастан тұрақты түрде жұмыс істейді. Қозғалыс жылдамдықтары да едәуір, сонымен бірге тасымалдау құны да көп емес. Теміржолдар – алыс қашықтықтардың ең қолайлы, әмбебап көлігі. Ол барлық жүк түрлерін тасымалдауға жарамды, ал «болат» артерияларды кез келген бағытта жүргізуге болады.

**2. Көлік географиясы.** Теміржолдар негізін – елдің бірнеше бөліктерін қосатын ірі *магистральдар* құрайды. Қазақстан теміржолының «келбетін» меридиан бойымен бағытталған 3 магистраль: *Орынбор–Ташкент*, *Түркістан–Сібір* (Семей – Алматы – Луговой). *ТрансҚазақстан* (Петропавл – Қарағанды – Шу) және ендік бойымен өтетін 3 магистраль: *Орта Сібір* (Челябі – Қостанай – Көкшетау – Қарасу) мен *Оңтүстік Сібір* (Қарталы – Нұр-Сұлтан – Құлынды – Барнауыл) және *ТрансҚазақстан* (Достық – Жезқазған – Ақтау) бейнелейді (226-сурет). Олар қосылып, Қазақстанның «үлкен теміржол сақинасын» құрайды. Оған басқа да «болат артериялар» келіп тоғысады, оның ішінде Қытайдан Түркияға дейінгі трансазиялық магистраль.

Теміржол көлігінің дамуы: 1) жаңа жолдар салуды; 2) өткізу қабілетін екі есе арттыру үшін оларды электрлендіруді; 3) жоғары


жылдамдықты магистральдар салуды; 4) контейнерлік жүк тасымалын қалыптастыруды қарастырады.

Егер теміржол көлігі – көлік жүйесінің «қаңқасы» тәрізді болса, *автомобиль* жолдары оларды байланыстыратын негізгі буын болып табылады. Автомобильдер аралық кідіріссіз тауарды «дәлізден дәлізге» дейін жеткізеді. Олардың өсіресе қалаларда, қала маңы мен таулы аудандарда рөлі зор. Алыс магистральдік жүк тасымалын қуатты, жылдамдығы жоғары жүк мәшинелері атқарады. Бірақ автокөлік қымбат өрі экологиялық жағынан «лас» көлік түрі.

Қазақстанның автомобиль көлігі бірнеше бағытта дамуда. Жаңа жолдар төселіп, қолданысқа беріле бастады. Мысалы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай магистралі (жалпы ұзындығы 8,5 мың км). Ауылдық жерлерде де жолдар түзетілуде.

Еліміздің ірі қалаларында қалалық электрлі көлік түрі (трамвай, троллейбус) дамыған. Алматыда Қазақстандағы жалғыз метро (метрополитен) жұмыс істейді.

Құрлық жолдары көлігінің арнайы маманданған түрлері – *құбыр* және *электрондық* көліктер. Құбыр жүйелері мұнай мен газ айдап, мұнай-газ



226-сурет. Қазақстанның жаңа теміржолдары



227-сурет. Алматы метросы

және мұнай өңдеу өнеркәсіптерімен бірлесіп жұмыс істейді. Оларды да кез келген бағытта жүргізуге болады, әрі теміржолдан қысқа болып келеді, ал құрылысы көп арзанға түседі. Бір бағытта, тұрақты жерде көп мөлшерде жүк «жіберіледі». Сондықтан құбыр жүйесі ең арзан көлік түрі болып саналады.

Электрондық көлік электр қуатын *электр жеткізу желілері (ЭЖЖ)* арқылы тасымалдайды. Олар елдің ірі өнеркәсіпті орталықтарын байланыстырып, ауылдық жерлерді электр қуатымен қамтамасыз етеді.

**Су көлігі** *теңіздік* және *өзендік* болып бөлінеді. Елдің басты теңіз «қақпасы» – қатпайтын Ақтау сауда айлағы. Жүк тасымалы бойынша (жылына 10 млн т) – ол Каспий бойындағы ірі айлақтардың бірі болып саналады. Жүктің басым бөлігін мұнай (85%), прокат және астық құрайды. Паром өткелдері Ақтау қаласын Ресей мен Өзбекстанның айлақтарымен байланыстырады (228-сурет).



228-сурет. Ақтау теңіз айлағы: мұнай құятын айлақтың жанындағы танкер



**Сонымен, қоғамның өмір сүруі қалыптасқан инфра-құрылымсыз мүмкін емес. Онда коммуникациялық жүйе – көлік пен байланыс маңызды рөл атқарады.**

## ОҚҰ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Көлік қандай басты қызмет атқарады?
2. Неліктен көлік қызметінің жұмысына баға берген кезде тек жеткізілген жүктің массасын ғана есепке алу жеткілікті болып саналады?
2. Жүк айналымы деген не?
3. *Инфрақұрылым, жолдардың өткізу қабілеті, магистраль* түсініктерінің мазмұнын аш.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секунд ішінде 8 сұраққа дұрыс жауап берсең, «+5» аласың.

Көлік түрі, ең:

1. Жылдам ...
2. Таситын жүк көлемі жағынан ірі ...
3. Қымбат ...
4. Таситын жолаушы саны жөнінен ірі ...
5. Жүк айналымы бойынша ірі ...
6. Экологиялық лас ...
7. Арзан ...
8. Табиғат жағдайларының әсеріне тәуелді ...

**2-тапсырма.** Жүк көтергіштігі 12 000 т «Астана» танкері Ақтаудан Ресейдің портты қаласы Махачқалаға жүк тасымалдайды. Екі порттың аралық арақашықтығы 350 км. Танкердің біржолғы тасымалындағы жүк айналымын анықтаңдар.

**3-тапсырма.** Теміржол және автомобиль көліктерін орташа тасымалдау қашықтығы, тасымалдайтын жүк көлемі мен жүк айналымы бойынша салыстыр. Теміржол көлігінің жүк айналымы ең үлкен болғанына қарамастан, тасымалданатын жүк массасы жөнінен автомобиль көлігінен артта қалу себебін түсіндір.

**4-тапсырма.** Кестенің мәліметтері бойынша 1000 км<sup>2</sup> аумаққа есептегендегі теміржолдардың тығыздығын есептеп шығарыңдар (ұзындық \* 1000/аудан). Ел аумағында теміржолдар қалай таралғанын анықтаңдар. Қазақстанның қай бөлігінде теміржол тығыздығы жоғары? Қай жерде бөрінен аз?

Қазақстан аумақтары	Аумағы, мың км <sup>2</sup>	Теміржол ұзындығы, км	Теміржол тығыздығы аумағы 1000 км <sup>2</sup>
Солтүстік	566	4627	
Батыс	736	3598	
Оңтүстік	712	3928	
Шығыс	428	1209	
Орталық	283	2467	
Қазақстан	2725	15829	

Қазақстанның аймақтарын теміржол желісінің тығыздығы бойынша топтаңдар: а) теміржол тығыздығы еліміз бойынша ортадан жоғары; ө) мөлшермен орташа республикалыққа тең; б) еліміз бойынша ортадан төмен. Қорытынды жасаңдар.



### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше дұрыс жауап)

- Экономикаға «қан жүргізетін жүйе» деп:
  - мұнай өнеркәсібі; ө) құбыр желісін; б) ЭЖЖ (электр жеткізу желісін);
  - көлікті; г) байланысты атайды.
- Көліктің құрамдас бөліктері:
  - көлік құрал-жабдықтары; ө) көлік жолдары; б) көлік ұйымдары;
  - тиеу-түсіру пункттері; г) барлық аталғандар.
- Көлік жұмысының көрсеткіші:
  - қозғалыс жылдамдығы; ө) жүк айналымы; б) тасымалдау құны;
  - отын шығыны; г) жүк тасымалдау саны.
- Еліміздегі көлік жүйесінің «қаңқасын» құрайтын:
  - теміржолдар; ө) өзен жолдары; б) өзе желілері; в) ЭЖЖ; г) құбыр желілері.
- Еліміздің бірнеше аймақтарын қосатын негізгі теміржол:
  - трасса; ө) магистраль; б) тракт; в) автомобиль жолы; г) тасжол.
- Көлік жүйесін қосатын буын:
  - өзен жолдары; ө) құбыр желілері; б) өзе көлігі; в) ЭЖЖ; г) автомобиль көлігі.
- Елдің «теңіз қақпасы»:
  - Атырау; ө) Ақтау; б) Баутино; в) Құрық; г) Форт-Шевченко.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

- Қазақстанның теңіз айлақтары.
- Қазақтелеком – Қазақстандағы жетекші телекоммуникациялық жүйе.
- FTP және байланыс.



### Рефлексия («Бұлтты кесек» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жасаңдар: берілгеннен 2 сөйлем таңдап алып, оларды аяқтаңдар (дөптерде):

Мен ... бүгін білдім.

... қиын болды.

... мені таңдандырды.

... мен түсіндім.

Мен ... жасай алдым.

... білу қызықты болды.

Мен ... жасағым келеді.

Мен ... үйрендім.



## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

### Сендер білетін боласыңдар:

- елдің экономикасында қай салалар жетекші болып саналатынын;
- Қазақстандағы қазіргі кездегі аудандастыру мәселелерінің өзектілігін.

### Сендер үйренесіңдер:

- ел экономикасының салаларына сипаттама беруді;
- мамандану коэффициентін есептеп шығаруды;
- экономикалық аудандарға сипаттама беруді.

### §57. Қазақстан шаруашылығының салалары. Өнеркәсіп

#### Естеріңе түсіріңдер

- Өнеркәсіп салаларының «алдыңғы қатарлы үштігінің» құрамы.
- Өнеркәсіп салаларының орналасуына қандай факторлар әсер етеді?

*Өнеркәсіп – Қазақстан шаруашылығының басты саласы.* Оның дамуы жаңа қалалар мен көліктік жолдардың салынуына ықпал етеді. Ол ауылшаруашылығының, құрылыстың, қызмет көрсету сферасының даму деңгейіне үлкен әсер етеді. Оның қоршаған ортаға әсері де зор.


Алдыңғы параграфтарда сендер Қазақстан индустриясының алтын қорымен (тікелей және ауыспалы мағынада) – отын өнеркәсібі және ме-

таллургиямен таныс болдыңдар. Бұл параграфта сендер саланың алдыңғы қатардағы үштігі – электрэнергетикасының, химия өнеркәсібінің және машина жасаудың даму деңгейін және географиясын оқып-зерттейтін боласыңдар.

**1. Электрэнергетикасы** өртүрлі типтегі стансыларда электр қуатын өндірумен айналысады. Қазақстанда жылу электрстансылары (ЖЭС), су электрстансылары (СЭС), атом (АЭС), Жел (ЖЭС) және Күн электрстансылары (КЭС) салынған (230-сурет).

*Жылу электрстансылары (ЖЭС)* органиалық отындармен – көмір, газ, мазутпен жұмыс істейді. Олар конденсациялық және жылулық болып бөлінеді. Үлкен аймақтарды электр энергиясымен қамтамасыз ететін конденсациялық стансыларды *мемлекеттік аймақтық электрстансылары (МАЭС)* деп атайды. Бұл стансылар барлық электр қуатының 1/2 бөлігін өндіреді және ең қуаттысы Екібастұз МАЭС-і (230–231-суреттер).

Елдегі ірі ЖЭС-тер – Екібастұз МАЭС-і, Ақсу МАЭС-і, Екібастұз МАЭС-2, Жамбыл МАЭС-і. Олар көмір өндіретін аймақтарда немесе газ құбырлары трассасында орналасқан.



230-сурет. Электрэнергетикасы



231-сурет. Екібастұз МАЭС-і

қуатын біртіндеп, толық пайдаланады.

Жалпы қуаты 1,7 млн кВт-тан асатын ірі СЭС каскады Ертіс өзенінің бойында салынған. Оның құрамына Өскемен (334), Бұқтырма (675) және Қазақстандағы ең үлкен Шүлбі (702 мВт) СЭС кіреді. Одан басқа ірі станциялар Іледе (Қапшағай СЭС), Шарында (Мойнақ СЭС) және Сырдарияда (Шардара СЭС) жұмыс істейді.

1973–1992 жж. Ақтау маңында жылдам нейтрондағы әлемдегі тұңғыш өндірістік атом электрстансысы жұмыс істеді. Станса өз мерзімі бойынша жұмыс атқарды, қазір оның реакторлары тоқтатылған. Қазақстанда жаңадан АЭС салу қарастырылмаған.


Сала дамуындағы жаңа бағыт қалпына келетін энергетикамен байланысты. 2018 ж. елдегі электр энергиясының 0,5% Жел және Күн стансылары өндіріп үлгірді.

Электрэнергетикасы – Қазақстан өнеркәсібінің жоғары дамыған саласы. Ол елдің қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

**2. Қазақстанның химия өнеркәсібі** – 5 ірі саладан тұрады: 1) *көмір химиясы* (минералдық шикізат өндіру – фосфорит т.б.); 2) *негізгі химия* (қышқылдар, химиялық қосылыстар, фосфор, минералды шикізат алу); 3) *полимерлер химиясы* (пластмасса, химиялық талшықтар өндіру); 4) *полимерлерді өңдеу* (резеңке, пластмасса заттарын шығару); 5) *химия* – фармацевтикалық (дәрілер даярлау).

Негізгі химия дамудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді және отандық шикізатпен жұмыс істейді. Ең ірі ауқымдысы – күкірт қышқылын өндіру. Оны үш орталық топтары шығарады: 1) ауыр металдар металлургиясы (Жезқазған, Балқаш, Риддер, Өскемен); 2) атом өнеркәсібі (Степногор, Жаңақорған); 3) тыңайтқыш өндірісі (Тараз) (232-сурет).

*Су электрстансылары* адамның қатысуынсыз жаңаланып тұратындықтан, ең арзан энергияны береді. СЭС-те, отынды үнемдеп, атмосфераға зиянды заттар шығармайды. Бірақ оларды салу ЖЭС-ке қарағанда ұзақ уақыт пен көп қаржыны талап етеді. Олар табиғат жағдайларына байланысты орналасады. Электр қуаты жыл бойында біркелкі өндірілмейді (неге екенін түсіндір). Бұл кемшілікті жою үшін бір өзенде СЭС тобын немесе *каскад* салынады. Стансылар онда өзен бойымен баспалдақ тәрізді орналастырылады. Олар су ағынының



232-сурет. Химия өнеркәсібі

Біріншісі – шикізаттық және экологиялық факторлармен, қалғандары тұтыну факторымен байланысты.

Ақтөбедегі *хром қосылыстары* зауыты – Қазақстандағы бірегей кәсіпорын.

Мұғалжар хромитпен хром қоспаларын алу өндірісі мұндай бағытта Қазақстанда жалғыз жұмыс істейтін Ақтөбедегі зауытта өндіріледі. Өнім өндірістің тері өңдеу және т.б. салаларында пайдаланылады. Павлодарда жергілікті көлдерден өндірілетін ас тұзынан каустикалық сода мен хлор алынады.

Қаратау алабындағы фосфорит өңдеудің басты орталығы Тараз қаласы болып табылады. Мұнда сары фосфор мен фосфор тыңайтқыштарын өндіреді. Азот тыңайтқыштары Ақтауда (табиғи газ негізінде) және Теміртауда өндіріледі.


Полимерлік химия қуатты шикізат базасының болуына қарамастан, қазақстан химиясының өлсіз буыны болып табылады.

*Полимерлер үшін шикізат – мұнай өнімдері, табиғи және ілеспе газ. Сондықтан олардың өндірісі мұнай мен газ өңдеу орындары мен сумен және электр энергиясымен қамтылған жерлерге жақын орналасады. Пластмассаларды Павлодар мұнай-химия зауыты шығарады. Полимерлік материалдарды өңдейтін ең ірі кәсіпорындар Атырауда (полиэтилен құбыры), Алматыда және Нұр-Сұлтанда орналасқан. Саран-радиотехникалық өнімдер шығарудың басты орталығы, ол өнеркәсіпті конвейер лентасымен жабдықтайды.*

Тасымалданып әкелген шикізатты (субстанциялар) өндірісте және жылдам дамып келе жатқан химия-фармацевтика өндірісінде пайдаланады. Бұл саладағы ірі кластер Алматы агломерациясының орталығы мен серіктес-қалаларында қалыптасып келеді.

Фармацевтиканың одан басқа маңызды орталықтары – Түркістан, Қарағанды, Шымкент және Семей.

**3. Мәшине жасау.** Қазақстандағы мәшине жасау географиясы үшін аумақтық шоғырланудың жоғары деңгейі тән. Өнімнің шамамен 2/5 бөлігін төрт мәшине жасау орталықтары Алматы, Нұр-Сұлтан және Өскемен, Қостанай береді. Ірі аймақтар арасында Солтүстік (38%) және Оңтүстік (22%), ал облыстар арасында Шығыс Қазақстан облысы (14%) ерекшеленеді.



233-сурет. Мәшине жасау орталықтары

*Ауыр мәшине жасау* бойынша Қарағандыда шахталарды бекітуге арналған құрастырмалар, көмір қазатын мәшинелер, вагондар, бу қазандықтарын шығаратын, Өскеменде түсті металлургия кәсіпорындары мен кен байытуға арналған құрал-жабдықтар шығаратын, ал Павлодарда көтергіштері бар техника шығаратын кәсіпорындар бар. Алматы – ТМД бойынша мыстан, болаттан сымдар жасайтын прокатты станок шығаратын бірден-бір орталық болып табылады.

*Көліктік мәшине жасауға* автомобильдер, автобустар, авиациялық техника мен кемелер, тепловоздар мен электровоздар, теміржол вагондарын шығару жатады. Қазақстандық автомобиль жасаудың басты орталығы – Өскемен қаласы. Мұнда еліміздегі ең ірі мәшине жасау кәсіпорны «Азия-Авто» автомобиль құрастыру зауыты орналасқан. Ол дайын мәшине жиынтықтарынан «Нива», «Шкода», «Шевроле», «Киа» жеңіл автомобильдерін құрастырып шығарады. Кен тасымалдайтын жүк вагондары Екібастұзда, ал астық тасымалдайтын вагондар Петропавлда. Степногордағы подшипник зауыты тек қазақстандық локомотив және вагон шығаратын зауыттардың қажеттіліктерін өтеп қоймайды, сонымен қатар Ресей теміржолының 80% қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы *электротехникалық* өндіріс төрт ірі орталықта – Талдықорғанда (автомобиль аккумуляторлары), Өскеменде (конденсаторлар), Кентауда (трансформаторлар) және Алматыда (төменгі вольтты аппаратуралар: электр есептегіштер, сөндіргіштер, розеткалар және т.б.) орналасқан. Медициналық мәшине жасаудың екі басты орталығы Ақтөбе (рентген аппаратурасы мен автомобильдік флюорографиялық зертханалар) мен Көкшетауда (оттегімен демалу аппаратуралары) орналасқан.

**Сонымен, елдің экономикасында өнеркәсіп жетекші рөл атқарады. Өңдеуші өнеркәсіптердің арасында электрэнергетикасы, химия және мәшине жасау салалары жылдам қарқынмен дамуда.**

#### **Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Ресейдегі алғашқы СЭС 1892 жылы Зырян кеніші (Кенді Алтай) маңындағы Березовка өзенінде салынды. Оның қуаттылығы бар болғаны 180 кВт болды. Электр қуаты мәшинелердің жұмысы мен жарықты қамтамасыз етті. 1590 км болатын әуе линиясы арқылы СЭС электр қуаты 3 подстанцияға жеткізіліп тұрды.

2. Қазақстандағы ірі СЭС – Шүлбі (оның қуаты 702 мың кВт). Оның құрылысы 1976 жылы басталды. Алғашқы турбина 1987 ж. іске қосылды. Алты агрегат

жылына орта есеппен 1,7 млрд кВт сағат электр қуатын өндіреді. Стансыны бар-жоғы 118 адам ғана басқарады.

3. Қазақстандағы ең алғашқы химиялық кәсіпорын – Шымкенттегі сантонин зауыты. Ол ащы жусанды өңдеу арқылы ішек құртына қарсы сантонин дәрісін шығарды (1885 ж. – 189 пұт). Осы зауыттың негізінде Шымкент химия-фармацевтика зауыты құрылды (қазір «Химфарм» АҚ).

4. «Қазфосфат» ЖСШ – Қазақстандағы ірі химия компаниясы (елдегі химикаттың 1/2 бөлігін береді). Оның құрамында фосфорит кеніштері, Тараздағы минералдық тыңайтқыштар мен фосфор зауыттары бар. Жаңа Жамбыл фосфор зауыты 100%-дық сары фосфор, триполифосфат (жуғыш ұнтақтардың компоненті), феррофосфор шығарады.

5. Құны 20 млн долларды құрайтын «Азия-Авто» зауыты Өскеменде 2003 ж. салынған. Ол автомобильдерді Ресейдің АвтоВАЗ «Лада» зауыты, «Фольксваген» «Шкода» концернінің чехиялық «Шкода-Ауто» зауыты және оңтүстік корейлік зауыт жеткізетін Дженерал-Моторс-ДЭУ («Шевроле») мәшине жиынтықтарынан құрастырып шығарады. Конвейерде бір мезгілде автомобильдің төрт моделін құрастыра алады. Зауыттың жобалық қуаты жылына 45 мың.

### ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



#### Өзіңді тексер!

1. Жылу электрстансыларының су электрстансыларынан қандай артықшылықтары бар?
2. СЭС каскадтарын не үшін жасайды? Су торабына не кіреді?
3. Қазақстанның химия кешенінде қай сала жетекші болып саналады?



#### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Параграфтағы мәтін мен 230-сурет бойынша «Қазақстандағы электрстансыларының түрлері» атты салыстырмалы кесте құрастыр.

Электр-стансылардың түрлері	Электр қуатын өндірудегі үлесі, %	Ірі стансылардың мысалдары	Артықшылығы	Кемшіліктері
ЖЭС				

**2-тапсырма.** Мәтін материалдары мен статистикалық мәліметтерді пайдаланып, Қазақстанның химия өнеркәсібінің салалық құрамының сызбасын құрастырыңдар. Сызбада әр саланың химия кешенінің барлық өнімдері бойынша үлестерін көрсетіңдер. Құрастырылған сызбаны талдаңдар. Қорытынды жасаңдар.

Статистикалық материалдар.

Қазақстанның химия кешенінің 2018 ж. өнім құны бойынша құрылымы, (%):

Химия кешенінің салалары	Үлесі, %
Кеп-химия	15
Негізгі химия	44
Полимер химиясы	3
Полимер материалдарын өңдеу	30
Химия-фармацевтика	8
Химия кешені	100

**3-тапсырма.** Мына факторларға бағытталған мәшине жасау өндірістеріне мысал келтір: 1) көліктік; 2) тұтыну; 3) еңбек; 4) ғылыми; 5) шикізат. Өндіріс аты мен орталығын ата.



**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше дұрыс жауап):

- Қазақстандағы ірі жылу электрстансысы:
  - Екібастұз МАЭС-2; ә) Бұқтырма; б) Шұлбі; в) Алматы ЖЭС-2;
  - Екібастұз МАЭС-1.
- Қазақстандағы СЭС каскады:
  - Жайықта; ә) Тобылда; б) Іледе; в) Сырдарияда; г) Ертісте орналасқан.
- Қазақстандағы ең ірі СЭС:
  - Өскемен; ә) Бұқтырма; б) Шұлбі; в) Қапшағай; г) Шардара.
- Күкірт қышқылын өндіру түсті металлургиямен біріктірілген қала:
  - Ақтау; ә) Нұр-Сұлтан; б) Тараз; в) Балқаш; г) Қостанай.
- Хром қоспалары зауыты:
  - Атырауда; ә) Ақтауда; б) Ақсуда; в) Ақтөбеде; г) Арқалықта.
- Қазақстандағы фосфор өндірісінің орталығы:
  - Өскемен; ә) Семей; б) Қызылорда; в) Түркістан; г) Тараз.
- Ірі автоқұрастыру өндірісі ... құрылған.
  - Ақтау мен Атырауда; ә) Көкшетау мен Өскеменде; б) Нұр-Сұлтан мен Қызылордада; в) Тараз бен Семейде; г) Шымкент пен Қарағандыда.



**Рефлексия** («Бұлтты кесек» төсілі)

Сабақтары өз жұмысыңа талдау жаса: берілгендердің ішінен 1 сөйлемді таңдап алып аяқта (ауызша).

*мен бүгін ... түсіндім*

*мен өзімді ... мақтар едім*

*енді мен ... орындай аламын*

*мен үйрендім...*

*әсіресе маған ұнағаны...*

### §58. Қазақстанның ауылшаруашылығы

#### Естеріңе түсіріңдер

- Экономиканың ауылшаруашылығын не себепті дәстүрлі салаға жатқызады?
- Табиғат жағдайы еліміздің ауылшаруашылығына қалай әсер етеді?

**1. Өсімдікшаруашылығы географиясы.** Егіншаруашылығында астықшаруашылығы басты орын алады. Біздің елімізде диқаншылықтың негізгі саласы – дөңді дақылдар өсіру. Олар барлық егістік жердің 2/3 бөлігін алып жатыр. Ең алдымен ол бидай дақылы.

Бидай – Қазақстанның негізгі астық дақылы.

*Бидай* – жылусүйгіш өсімдік, ол үшін ең қолайлысы – қара топырақ. Еліміздің бидай белдеуі – 3 тың игеру облысы – Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары. Олар республикадағы астықтың 4/5 бөлігін береді. Бұл аймақтардың қысы суық, қар жамылғысы аз болғандықтан, көктемде себілетін *жаздық бидай* өсіріледі. Жылы Оңтүстікте қысқа *қарай бидай* себіледі. Көктемгі, күзгі жауын-шашынды топырақ мол сіңіргендіктен, ол жақсы өнім береді.

Жылу мен ылғалсүйетін *күріш* – су басқан егістікте – чектерде өсетін бірден-бір дақыл. Оны Оңтүстіктің суармалы жерлерінде Сырдарияның аңғарларында (Қызылорда, Түркістан облыстары), Іле мен Қаратал өзендерінің бойында (Алматы обл.) өсіреді. Жылу мен жарықты сүйетін *жүгері* Оңтүстіктің суармалы жерлерінде, суыққа төзімді күздік қара бидай – Шығыста, ал құрғақшылыққа төзімді *тары* – Солтүстік пен Батыста өсіріледі.


Мәдени өсімдіктер	Дүниежүзіндегі орны																		
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
мақыр	■																		
зығыр				■															
қарақұмық				■															
қауын								■											
қыша											■								
пияз											■								
мақта											■								
қарбыз											■								
бидай											■								
күнбағыс											■								
арпа												■							
сәбіз													■						
қияр														■					
сұлы															■				
бұршақ																■			

234-сурет. Дүниежүзі бойынша ауылшаруашылық мәдени өсімдіктерін жинауда Қазақстанның алатын орны

Негізгі техникалық дақылдар – мақта, қант қызылшасы және күнбағыс. Қант қызылшасы жылуды, ылғалды, құнарлы топырақты қажет етеді. Бұл – еңбекті көп қажет ететін дақыл. Оны Алматы және Жамбыл облыстарының суармалы жерлерінде халық тығыз орналасқан аймақтарда егеді. Мақтадан бағалы талшық, тұқымынан мақта майын алады. Ол жарықты, жылуды және ылғалдылықты көп қажет етеді. Оған сұр топырақ ең жарамды болып келеді. Мақта өсіретін жалғыз аймақ – Сырдария мен Арыстың аңғарлары (Түркістан облысы). Күнбағыс аса көп күтімді қажет етпейді, құрғақшылыққа төзімді, жылуы, жарығы мол, құнарлы топырақты жерлерде жақсы өседі. Оны барлық облыстарда өсіреді. Бірақ күнбағыс дәнінің 3/5 бөлігін Шығыс аймақ береді.



235-сурет. Тыңның үлкен астығы келеді




236-сурет. Өсімдік шаруашылығының географиясы

*Картоп* – азық-түліктік, азықтық және техникалық дақыл болып саналады. Құнарлы, ылғалды топырақта жақсы өседі. Жаз салқын болған жылдарда мол өнім береді. Ауылшаруашылығына жарамды жерлердің бөрінде өсіруге болады. Өнімнің 3/4 бөлігі Солтүстік пен Оңтүстіктен жиналады. Елімізде картоптың ең көп өсірілетін аймағы – Алматы облысы.

*Көгөністер* – ең қолжетімді дәрумендер көзі болып табылады. Көптеген көгөніс түрлері (қызанақ, қияр, баклажан) жылуды, жарық пен ылғалдылықты, құнарлы топырақты жақсы көреді. Құрғақшылыққа төзімді бақша дақылдары (қарбыз, қауын, асқабақ) құмды топырақта жақсы өседі. Суармалы жағдайда көгөністер мен бақша өсіру – барлық жерде дамыған сала. Біраз көгөністің 2/3-ін, қарбыз бен қауынның 9/10-ын Оңтүстік аймақ береді. Оны еліміздің «дәрумендер цехы» деп атайды.

Оңтүстік – «Қазақстанның негізгі бағы». Барлық бақтардың 3/5 мен жүзімдіктердің 9/10 Іле және Талас Алатауының егістік алқабында орна-



237-сурет. Малшаруашылығының географиясы

ласқан. Мұнда жүзімнің 30-дай сорты, алманың (апорт) және алмұрттың (орман сұлуы) ең жақсы сорттары өсіріледі.

**2. Малшаруашылығы** – ірі қара мал өсіру, қой, жылқы және шошқашаруашылықтарына және құс өсірушаруашылығына бөлінеді (237-сурет).

Малшаруашылығына, сондай-ақ марал өсіру (марал, теңбіл бұғы өсіру), аңшаруашылығы, арашаруашылығы, жібек құртын өсіру, балықшаруашылығы жатады.

Малшаруашылығын орналастырудың басты факторы азық базасы: жайылымдықтар, шабындықтар, азықтық дақылды егістіктер. Шабындықтармен ең жақсы қамтамасыз етілген аймақ елдің Батысы мен Шығысы. Шабындықтары аз болып келетін Солтүстік пен Оңтүстікте азықтық шөптерді көптеп өсіреді. Дегенмен малшаруашылығының негізі жайылымдықта бағылады. *Ірі қара мал өсірумен* Қазақстанның барлық аймақтары айналысады, бірақ мал басының 3/5-і елдің Солтүстігі мен Оңтүстігінде. Солтүстікте, Шығыста және Оңтүстікте сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал өсіру дамыған. Ол үшін құнарлы азық қажет. Құрғақ далалар мен шөлейтті, шөлді, құнарлы өсімдіктер аз жерлерінде етті бағыттағы ірі қара мал өсіру дамыған. Саны жағынан ең көбі етті тұқымдысы – қазақтың ақбас сиыры.

*Қойшаруашылығының негізгі өнімі* – ет, май, жүн, қой терісі, қаракөл. Қойшаруашылығының биязы жүнді және қылшық жүнді қойшаруашылығы салалары бар. Биязы жүнді (меринос) қойлардың жүнінен мата тоқылады. Бұларға жақсы жайылым, қысқа азық қоры қажет. Биязы жүнді қойшаруашылығы Солтүстікте, Шығыста және Оңтүстік облыстарда дамыған.

Қылшық жүнді қойшаруашылығынан еділбай тұқымы – Қазақстан селекциясының кереметі болып саналады. Қойдың бұл тұқымы қатал климатқа бейімделген. Олардың терісі мен жүнін тон тігуге, пима басуға, киіз жасауға пайдаланады.

*Қаракөл* тұқымы қойшаруашылығында ерекше орын алады. Қозысының әдемі терісі өте қымбат бағаланады. Қаракөл өсірудің негізгі аймағы – Оңтүстік Қазақстан.

*Шошқашаруашылығы* азықты егіншаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі қалдықтарынан алады. Бұл шаруашылық дамыған егіншаруашылығы және картоп өсіретін аймақта таралған. Басты ауданы – Солтүстік, екінші орында Оңтүстік.

*Халықтың дәстүрлі кәсібі – жылқы өсіру.* Жылқы қазіргі кездің өзінде шаруашылықта, спортта және т.б. салаларда көп пайдаланылады. Оларды еті, сүтінен қымыз өндіру үшін өсіреді (табындық жылқышаруашылығы). Жылқышаруашылығы барлық аймақта дамыған, дегенмен негізгі мал



238-сурет. Марал-шаруашылығы – Шығыс Қазақстан ауылшаруашылығының бірегей саласы

басы Қазақстанның Оңтүстігі мен Солтүстігінде шоғырланған.

Шөл және шөлейтті зонада түйешаруашылығы дамыған. Оның өнімі – ет, сүт, шұбат, бағалы жүн. Түйе өсіретін аймақтар – Маңғыстау, Атырау және Қызылорда облыстары.

*Құсшаруашылығы* – ауылшаруашылығының өндірістік технологиясымен байланысты бірден-бір саласы. Ол көбінесе астықшаруашылығы дамыған аймақтары мен ірі қалалар маңында орналасқан. Құс өсірумен көп айналысатын еліміздің Оңтүстігі мен Солтүстігі.

*Маралшаруашылығының* басты өнімі – панты (мүйіз). Бұл салада ерекше орын алатын Оңтүстік Алтай. Еліміздің көп аудандарында *ара өсіру* дамыған. Ең жақсы бал – Алтай балы. Бал жинаудан Шығыс Қазақстанның орны ерекше.

*Сонымен, Қазақстанның шаруашылығының басты саласы – ауылшаруашылығы, ол екі салаға бөлінеді: өсімдік және малшаруашылығы.*

### **Қосымша мәтін, қызықты мәліметтер**

1. Қызылорда облысында тәжірибелік чектерде күрішті шығыс технологиясы бойынша, яғни көшет түрінде отырғызады.

Кәдімгі чектерден 50 ц/га өнім алынса, күрішті осындай тәсілмен отырғызғанда 95 ц/га өнімге қол жетті. Италиядағыдай күріштің дәнін көктетіп салғанда, өнімді 1/3 есеге көбейтуге болады екен. Қазақстанда күріш отырғызатын техниканың әзірге болмауынан бұл технологияны қолдану мүмкін болмай тұр.

2. Майлы дақылдардан біздің елімізде рапс, соя, шашақты зығыр, мақсыр өсіріледі. Мақсыр (сафлор) ыстыққа, құрғақшылыққа төзімді, топырақ талғамайды. Дәнінің 25–30%-ы май. Майын тамаққа (күнбағыстікінен кем емес), сабын, бояу, эмаль, линолеум шығаруда пайдаланады. Мақсырдың ең үлкен егістіктері Түркістан облысында, Шымкентте май шығарады.

3. 1920 жылдары Өзбекстан мен Қазақстанның шегарасындағы Бетпақдаланы игеру басталды. Ирригациялық (суландыру) каналдар қазылып, мақта отырғызылды. 1924 ж. елімізде тұңғыш «Мақтаарал» мақташаруашылығы совхозы пайда болды. Мақта сол аймаққа жерсініп, көп ұзамай басты дақылға айналды.

4. Францияда атақты жүзім сортын өсіріп, шампан шарабын шығаратын Шампань деген облыс бар. Қазақстанда Іле Алатауының етегін «шағын Шампань» деп атайды. Бұдан 100 жыл бұрын бұл жерге Франциядан әкелген жүзім орнығып, қазір дәмі мен сапасы жағынан француз жүзімінен кем түспейді.

### ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



#### Өзіңді тексер!

1. Еліміздің ауылшаруашылығы қандай ірі салалардан құралған? Қай сала жетекші болып есептеледі? 2. Біздің елде қандай ауылшаруашылық дақылдары өсіріледі? 3. Қазақстандағы малшаруашылығының басты салаларын ата. Оларды орналастыруға қандай факторлар әсер етеді? 4. Қойшаруашылығында қандай бағыттар қалыптасқан? Олардың дамуы неге байланысты?



#### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

1. Еліміздегі ең көп картоп өсірілетін аумағы ... облысы
2. ... «еліміздің басты дәрумен цехы»
3. Қазақстанның бидай белдеуі негізінен... облысы
4. «Ақ алтынды»... Қазақстанда... облысында өсіреді.

**2-тапсырма.** 237-сурет бойынша Қазақстанда қай облыс 1) ірі қара; 2) қой мен ешкі; 3) жылқы; 4) шошқа; 5) түйе; 6) үй құсы саны жөнінен 1-ші орында?

**3-тапсырма.** Солтүстік пен Оңтүстік бойынша үй жануарларының құрылымын салыстыр. Малшаруашылығының қай саласы бойынша Солтүстік облыстар, қай саласы бойынша Оңтүстік облыстар алда? Себебін түсіндір.



#### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше дұрыс жауап)

1. Қазақстанда дамыған малшаруашылығы саласы –
  - а) қойшаруашылығы; ә) ірі қара мал өсіру; б) шошқа өсіру;
  - в) жылқышаруашылығы; г) аталғандардың бәрі.
2. Ірі қалаларға жақын орналастырылатын малшаруашылығы саласы?
  - а) шошқашаруашылығы; ә) марал өсіру; б) күс өсіру; в) ірі қара мал өсіру;
  - г) қойшаруашылығы.
3. Ірі қара мал басы саны жағынан алда:
  - а) Солтүстік пен Оңтүстік; ә) Солтүстік пен Шығыс; б) Орталық пен Шығыс;
  - в) Оңтүстік пен Батыс; г) Батыс пен Орталық.

4. Ет, май, тері, жүн беретін сала:

- а) ірі қара малшаруашылығы; ө) шошқашаруашылығы;  
 б) жылқышаруашылығы; в) қойшаруашылығы; г) түйешаруашылығы.

5. Азық базасы бойынша басқаларына ұқсамайтын малшаруашылығы саласы:

- а) түйешаруашылығы; ө) марал өсіру; б) жылқышаруашылығы;  
 в) қойшаруашылығы; г) арашаруашылығы.



### Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жасап, жұмыс дәптеріңде жылдам және қысқаша жауап бер:

Белсенді/құлықсыз	жұмыс істедім
Жұмысыма	көңілім толады/толмайды
Материал	түсінікті/түсініксіз
	пайдалы/пайдасыз
	қызықты/қызықсыз

## §59. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық мамандандырылуы

### Естеріңе түсіріңдер

- Қандай экономикалық аудандарды білесіңдер?
- Мамандандырылу дегенді қалай түсінесің?

**1. Географиялық еңбек бөлінісі және аумақты экономикалық аудандастыру: мәні мен принциптері.** Қазақстанның әр аймағы бір-бірінен өндірістің табиғи және экономикалық жағдайларымен ерекшеленеді. Тиісінше, олар өнім шығаруға мамандануы бойынша әртүрлі болып келеді. Мысалы, елдің оңтүстігінде минералды тыңайтқыштар өндіріледі, мақта өсіріледі. Солтүстікте бидай өсіріледі және мәшине шығарылады. Орталықта көмір өндіріліп, болат балқытылады. Осы аймақтардың әрқайсысы өз өнімімен өздерін ғана емес, елдің басқа аймақтарын да қамтамасыз етеді. Оның орнына олар өздерінде жетіспейтін тауарларды басқа аймақтардан алады. Еңбек нәтижелерімен алмасу жүреді. Елдің жекелеген аудандарының арасындағы мұндай *еңбек бөлінісін аумақтық* немесе *географиялық* деп атайды.

Аумақтың қандай да бір өнім түрін шығаруға мамандануы мынандай жағдайларда пайда болады: 1) ол жергілікті қажеттіліктен анағұрлым көп мөлшерде өндіріледі; 2) оны өндіру елдің басқа аймақтарына қарағанда арзанға түседі; 3) бұл өнімді шығаруға жұмсалатын ресурс ұзақмерзімге

жетеді. Мамандану мүмкіндігі, сонымен қатар өнім алмасу онсыз мүмкін болмайтын көлікке, тасымалдау шығынына да байланысты.

**Сонымен, географиялық еңбек бөлінісі жекелеген аумақтардың белгілі бір өнім түрін өндіру мен олармен алмасуда сол салаға мамандану арқылы сипатталады. Ол қоғамдық еңбекті үнемдеп, оның өнімділігін арттыруға жол ашады.**

Аумақтың мамандануы тарихи түрде қалыптасады. Мамандану факторлары мыналар:

- 1) қолайлы табиғи жағдайлар мен бай табиғи ресурстар;
- 2) еңбек ресурстарының болуы;
- 3) географиялық жағдайдың, сонымен қатар көлік желісіне қатысты ерекшеліктері;
- 4) шаруашылықтың тарихи қалыптасқан салалары;
- 5) маңызды жалпы мемлекеттік мәселені шешу қажеттілігі.

Осы факторлардың әсерінен географиялық еңбек бөлінісі үдерісінде өнеркәсіптік және ауылшаруашылықтық өндірістің көптеген түрлері белгілі бір аумақтарда қалыптасады. Нәтижесінде экономикалық аудандар бір-бірінен шаруашылық саласы бойынша мамандануымен ерекшеленетін әртүрлі масштабтағы аумақтар пайда болады.

Ірі экономикалық аудандар барлық ел масштабында маманданып, өз өнімдерімен басқа аудандармен алмасады. Экономикалық аудандар арасындағы еңбек бөлінісі *ауданаралық* деп аталады.

Экономикалық аудандарда әдетте бірнеше мамандану салалары болады. Бұлар ауданаралық еңбек бөлінісінде оның бет-бейнесін көрсететін ауданның басты салалары болып есептеледі. Олар көбінесе өнім шығаруға (сонымен бірге экспорт) бағытталған. Сондықтан оларға ерекше көңіл бөлінеді. Ең алдымен қосымша салалар жұмыс істейді. Мысалы, жергілікті энергетика, мәшине жасау үшін құю өндірісі, тау-кен және металлургия өндірістеріне қажетті мәшине жасау өнеркәсібі (құрал-жабдықтар даярлау және жөндеу). Аудан халқы үшін азық-түлікті, киімді, мәдени-тұрмыстық заттарды *қызмет көрсету салалары* шығарады. Мысалы, наубайхана, сүт, жиһаз өндірісі.

Салалардың барлық топтары – мамандану салалары, қосымша салалар және қызмет көрсету салалары бір-бірімен тығыз байланысты. Олар жалпы аумақты, су, энергетикалық және еңбек ресурстарын, көлік желісін бірлесіп пайдаланады. Сондықтан экономикалық аудандар тек маманданумен ғана емес, сонымен бірге ерекше салалар кешендерімен, шаруашылықтың кешенді дамуымен де сипатталады.

*Сонымен, экономикалық аудан – басқаларынан ауданаралық мамандануымен және шаруашылығының кешенді даму сипаттарымен, өзіндік географиялық жағдайымен және еңбек ресурстарымен ерекшеленетін аумақ.*

**2. Қазақстанның экономикалық аудандастырылуының өзекті мәселелері.** Біздің елімізде әртүрлі деңгейдегі экономикалық аудандар бар. Ең алдымен бұлар өкімшілік-экономикалық аудандар, яғни облыстар (республикалық деңгейдегі қалалармен бірге). Облыстар ұсақ, облысшілік экономикалық аудандарға бөлінеді. Олармен бірге бірнеше облысты біріктіретін ірі экономикалық аудандар болады. Ұзақмерзімдік даму үшін олардың шегараларын ғылыми түрде негіздеу қажет. Сондықтан елді экономикалық аудандастыру – экономикалық географияның өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Алғаш рет Қазақстан аумағын ірі экономикалық аудандарға бөлуді көрнекті кеңес географы Н.Н. Баранский Ұлы Отан соғысы жылдарында жүргізді. Ол 5 ауданды – Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан экономикалық аудандарына бөлді (239-сурет).

Алғашқы аудандастырудан бері алпыс жылдай уақыт өтті. Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық картасының бейнесі қазір өзгерді. Ал оның өндірістік әлеуетін кезінде ең бір батыл жоспарларда болмаған кәсіпорындар көрсетуде.



239-сурет. Н.Н. Баранскийдің экономикалық аудандар торы



240-сурет. Қазақстандық экономистер жасап шығарған аудандар торы (2006 ж.)

«Баранскийдің торы» ескіргені белгілі. 2000 жылдардың басында қазақстандық экономистер елді аудандастырудың жаңартылған сызбасын ұсынды. Ол ауданаралық еңбек бөлінісі мен шаруашылықты орналастырудың қазіргі кезеңін көрсетеді. Онда 7 экономикалық аудан – Солтүстік, Ертіс, Сарыарқа, Жетісу, Оңтүстік, Каспий және Орал орналасқан (240-сурет).

17-кесте

**Жаңа экономикалық аудандардың құрамы**

Экономикалық аудан	Аудан құрамы (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар)
1 Солтүстік	Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы
2 Ертіс	Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары
3 Сарыарқа	Қарағанды облысы
4 Жетісу	Алматы облысы мен Алматы қаласы
5 Оңтүстік	Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы
6 Орал	Ақтөбе және Батыс Қазақстан облысы
7 Каспий	Атырау және Маңғыстау облыстары

17-кестедегі мәліметтерге сүйеніп, елдің жаңа экономикалық аудандарының құрамына қандай әкімшілік-аумақтық бөліктері кіретінін анықтаңдар. Бұл аудандарды картадан көрсетіңдер. Экономикалық аудандардың ескі және жаңа торларын салыстырыңдар. Олардың шегаралары қалай өзгерді?

**3. Экономикалық аудандардың шаруашылық мамандануы: анықтау әдістемелері.** Әр экономикалық ауданның шаруашылығы көптеген салалардан тұрады (18, 19-кестелер). Олардың қайсысы ауданаралық мамандану салалары екенін қалай анықтауға болады? Ең қарапайым тәсіл –  $K = \frac{\Theta}{X}$  формуласы бойынша экономикалық ауданның мамандану коэффициентін анықтау, мұнда  $K$  – мамандану коэффициенті;  $\Theta$  – экономикалық ауданның елдегі берілген сала бойынша өнім өндірудегі үлесі (пайызбен);  $X$  – экономикалық ауданның елдегі халық саны бойынша үлесі (пайызбен). Мамандану салалары болып мамандану коэффициентінің бірден жоғары салалар есептеледі.  $K$  көрсеткіші жоғары болған сайын экономикалық ауданның тиісті сала бойынша өнім өндірудегі рөлі де зор болмақ.

18-кесте

**Қазақстанның экономикалық аудандары өндірістегі ауданаралық еңбек бөлінісінде (2017 ж.), %-бен**

Өндіріс	ҚР: барлығы, млрд теңгемен	Экономикалық аудан үлесі, %						
		Солтүстік	Ертіс	Сарыарқа	Жетісу	Оңтүстік	Каспий	Орал
Көмір	290	0	50	50	0	0		
Мұнай-газ	9200		0			5	71	24
Мұнай өндіру	700	1	12		1	13	62	11
Электрэнергетикасы	1140	15	30	14	13	10	9	8
Қара металлургия	1540	1	32	41	3	2	0	20
Түсті металлургия	2530	18	49	27	1	4		
Химия	330	7	13	17	7	33	9	15
Мәшине жасау	1000	30	18	14	15	7	8	7
Құрылыс материалдары	510	25	13	7	18	21	9	7
Тамақ	1530	27	13	8	27	18	1	7
Жеңіл	100	18	10	6	28	30	5	2
Ағаш өңдеу	20	25	25	13	31	3	0	2
Жиһаз шығару	40	17	11	7	46	9	2	8
Халқы, млн адам	18,0	18	12	8	21	27	7	8
Ауданы, мың км <sup>2</sup>	2725	16	17	8	10	18	16	15

**Қазақстанның экономикалық аудандары ауыл және балық-шаруашылығындағы ауданаралық еңбек бөлінісінде (2017 ж., %)**

Ауылшаруашылығы өнімі	ҚР: барлығы мың тонна	Экономикалық аудандар үлесі, %							
		Солтүстік	Орал	Жетісу	Қаспий	Оңтүстік	Сарыарқа	Ертіс	
Бидай	14800	80	4	2	0	4	4	6	
Күріш	450			8		92			
Күнбағыс	900	23	5	3	0	1	1	67	
Мақта	330					100			
Көгөніс	3790	8	3	25	2	47	3	12	
Бақша	2090	0	2	6	2	80	0	10	
Картоп	3550	27	4	20	1	15	9	24	
Жүзім	80	0	0	25	0	74	0	1	
Ет, мың т	1 020	17	11	21	3	20	7	21	
Сыыр сүті	5460	24	10	13	1	21	8	23	
Жүн	40	5	13	22	5	36	5	14	
Жұмыртқа (млн дана)	5090	42	7	21	2	9	12	7	
Бал	3	4	1	13		8	0	74	
Балық	40	3	1	10	29	35	3	18	
Халқы, млн адам	18,0	18	8	21	7	27	8	12	

**Сонымен,** экономикалық аудандастыру – географияның өзекті мәселелерінің бірі. Ол еліміздің дамуының болашақтағы ірі мәселелерін уақытында анықтап, дұрыс шеше білуге мүмкіндік береді.

**ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ**



**Өзіңді тексер!**

1. Экономикалық аудандастыру деген не? Өз бетіңше анықтама беруге тырыс.
2. Ірі экономикалық аудандарды бөлу аумағы үлкен елдер үшін ғана қажетті деген ұйғарыммен келісесің бе?
3. Елдің жекелеген бөліктері арасындағы еңбек бөлінісі қоғамдық еңбекті үнемдеп, оның өнімділігін арттыратынын дәлелде.
4. «Географиялық еңбек» бөлінісін не көрсетеді?
5. Аумақта жаңа мамандану салаларының пайда болуына қандай факторлар әсер етеді?

**Оқу-рөлдік ойыны: ЭКСПО-2018 «Қазақстанның жаңа экономикалық аудандары».**

**Ойын идеясы**

Ойынға 7 (аудандар саны бойынша) топ – Қазақстанның жаңа экономикалық аудандарының өкілдері қатысады. Өр топ таңдап алған ауданын көрнекі (постер-таныстырылым) және ауызша түрде (бір минуттан аспайтын, қысқы спикердің сөзі) таныстырады.

Ойын үш кезеңнен тұрады:

1) зерттеу; 2) таныстырылым даярлау (20 мин) және 3) таныстырылым (10 мин).

*Жұмыс барысы:*

Барлық тапсырмаларды оқып шығындар. Жұмыс көлеміне баға беріңдер. 18-кестеден ауданды таңдап алыңдар. Тапсырмалар бойынша міндеттер мен жұмысты бөліңдер (спикер, постер безендіруші, тапсырмалар бойынша сарапшы).

**1-тапсырма.** Қазақстанды аудандастыру теориясының негіздерімен танысыңдар:

1) параграф мәтінін оқып шығындар;

2) негізгі түсініктер мен анықтамаларды табыңдар: географиялық еңбек бөлінісі, экономикалық аудан, мамандану саласы, ауданаралық еңбек бөлінісі; экономикалық ауданның мамандану коэффициенті, мамандану факторлары.

**2-тапсырма.** Қазақстанның заманауи экономикалық аудандастырылуын оқып, зерттеңдер.

1. Қазақстанда барлығы неше аудан бар (жаңа топ бойынша)?

2. Оларды қандай облыстар мен республикалық мәні бар қалалар құрайды?

3. Олар қайда орналасқан?

Таныстырылым үшін бір ауданды таңдап алыңдар.

**3-тапсырма.** Постер-таныстырылым үшін баяндама даярлаңдар:

1) ауданның аты;

2) құрамы;

3) географиялық жағдайы;

4) басты қалалары (облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалар);

5) ауданның халық саны мен жер көлемі жөнінен басқа аудандар арасындағы орны. Тірек: 239-сурет, (17–18-кестелер).

**4-тапсырма.** 18–19-кестелердің мәліметтері бойынша анықтаңдар.

1. Таңдап алынған ауданда қандай өнеркәсіп салалары мен ауылшаруашылық өндірісі дамыған?

2. Формула бойынша (параграфтағы 3-тақырыпшаны қараңдар) ауданның мамандану салалары (ауылшаруашылығы, өндіріс).

3. Ауданның ауданаралық еңбек бөлінісінде рөлі аса жоғары болып келетін ( $K > 2$  және одан да жоғары) немесе аудан, республика көлемінде өнімді жалғыз өндіретін мамандану салалары. Мамандану коэффициентін ойша есептеп шығарыңдар (калькулятор мен смартфон қолданбай, бұл қиын емес).

4. Маманданудың бір саласын таңдап алып, таңдалған аудан оған не себепті маманданғанын түсіндіріңдер (параграфтың 1-тақырыпшасындағы мамандану факторларын қараңдар).

**5-тапсырма.** (Таңдап алынған атауы) «Экономикалық аудан ауданаралық еңбек бөлінісінде» атты постер-таныстырылым даярлаңдар. Ауданға ауызша сипаттама беретін және постерді таныстыратын спикерді сайлаңдар.

**6-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секундта 5 сұраққа жауап беріп, «5» деген баға ал.

1. Өртүрлі аумақтар арасындағы еңбек бөлінісі ... .
2. Басқалардан шаруашылық мамандануымен ерекшеленетін аумақ ... .
3. Қазақстанда алғашқы экономикалық аудандастыру торын жасаған ... .
4. Еліміздегі экономикалық аудандардың жер көлемі жөнінен ең ірісі ... .
5. Еліміздегі аумағы бойынша ең үлкен экономикалық аудан ... .



**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар):

1. Экономикалық аудандар бір-бірінен ең алдымен:
  - а) ауданы; ә) халқының саны; б) АДИ бойынша; в) географиялық жағдайы;
  - г) мамандануы арқылы ажыратылады.
- 2) Қазақстандағы ірі экономикалық аудандар саны (жаңа тор бойынша):
  - а) 5; ә) 14; б) 7; в) 17; г) 3.
3. Экономикалық аудандардың мамандану факторлары:
  - а) жер көлемі; ә) қолайлы табиғат жағдайлары; б) қала халқының үлесі;
  - в) бай табиғат ресурстары; г) еңбек ресурстары.
4. Экономикалық ауданның мамандануын мына коэффициентпен анықтайды:
  - а) мамандану; ә) шоғырлану; б) оқшаулау; в) өзгеру; г) күрделену.
5. Географиялық еңбек бөлінісі мамандану және:
  - а) өнім өндіру; ә) өнім алмасу; б) өндірісті дамыту; в) өндірісті орналастыру;
  - г) өндірісті халықаралық ұйымдастыру арқылы көрсетіледі.
6. Н.Н. Баранский кезінде Қазақстандағы экономикалық аудандарды ... бөлді.
  - а) 5; ә) 14; б) 7; в) 17; г) 3.
7. Мамандану саласы болып саналу үшін:
  - а) 1-ге тең; ә) 0,5-тен көп; б) 1-ден көп; в) 1-ден аз; г) 0,5-тен аз болуы керек.



**Рефлексия** («Сауалнама» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмысыңды талдап, жұмыс дәптеріңде тез өрі қысқаша жауап бер:

1. Белсенді/құлықсыз жұмыс істедім.
2. Жұмысқа қанағаттандым/қанағаттанбадым.
3. Материал түсінікті/түсініксіз.  
пайдалы/пайдасыз.  
қызықты/қызықсыз.



## **ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ**

### **Сендер білетін боласыңдар:**

- халықаралық географиялық еңбек бөлінісі туралы;
- халықаралық экономикалық қатынастардың қандай формалары барын;
- қазіргі кезде дүниежүзілік шаруашылықтың ғаламдастырылуы қалай байқалатынын;
- Қазақстан әлемдік экономикада қандай орында екендігін.

### **Сендер үйренесіңдер:**

- дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық және салалық құрылымына сипаттама беруді;
- халықаралық географиялық еңбек бөлінісіндегі елдің мамандануын есептеуді.

### **§60. Дүниежүзілік шаруашылық және халықаралық географиялық еңбек бөлінісі**

#### **Естеріңе түсіріңдер**

- Географиялық еңбек бөлінісі нені білдіреді?
- Экономикалық ауданда мамандану пайда болу үшін қандай жағдайлар қажет?
- Мамандану факторы ретінде нені атауға болады?

**1. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі: маманданудың төрт түрі.** Еңбек бөлінісі тек экономикалық аудандар арасында ғана емес, елдер арасында да болады. *Елдер арасындағы еңбек бөлінісін халықаралық деп атайды.* Ол әлем елдерінің белгілі бір өнім түрін (тауар, қызмет көрсету) өндіріп, оны саудалауды немесе айырбас жасауды білдіреді.


Халықаралық өндірістік маманданудың төрт түрі қалыптасқан: *шикізаттық* (салааралық), *заттық*, *бөлшектік* және *технологиялық* (241-сурет).

Халықаралық шикізаттық және заттық мамандану туралы 242-суреттен көруге болады.



241-сурет. Халықаралық өндірістік маманданудың түрлері

242-сурет бойынша анықтандар: 1) елдердің шикізаттық және заттық мамандануына қандай тауар топтары жатады? 2) әлем бойынша шикізаттық немесе заттық маманданған елдердің қайсысы алда? 3) АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан және Бразилия елдерінің мамандануындағы артықшылығы неде? 4) Қазақстан, Австралия және Канада халықаралық мамандануындағы айырмашылық неде? Отын өндіруге маманданған елдерге мысал келтіріңдер.



242-сурет. Елдердің шикізаттық және заттық мамандануы (негізгі экспорттық тауарлар)

Ең ежелгі және қарапайым-шикізаттық (салааралық) мамандану – агроклиматтық, биологиялық немесе минералдық табиғи ресурстарды пайдалану негізінде қалыптасқан. Ол ауылшаруашылығы мен тау-кен өнеркәсібі, орманшаруашылығы, балық аулау сияқты экономикалық өндіруші салаларын қамтиды. Бұл мамандану әлемдік экономиканы әр алуан шикізат түрлерімен қамтамасыз етеді (20-кесте). Онда тек дамушы елдер ғана емес, экономикасы дамыған елдер де қатысады. Мысалы, АҚШ – әлемдік нарыққа бидай мен сиыр етін шығаруда екінші орында болса, Норвегия – балықты экспортқа шығарудың көшбасшысы.

20, а-кесте

Дүниежүзілік шикізаттық тауарлар экспортындағы елдер үлесі, (%)		
Мұнай	Уран	Ағаш
Сауд Арабиясы 21	Қазақстан 18	Ресей 18
Ресей 11	Канада 16	Папуа-Жаңа Гвинея 9
Ирак 7	Өзбекстан 11	Малайзия 7

20, б-кесте

Бидай	Ет (сиыр еті)	Балық
Ресей 14	Австралия 13	Норвегия 15
АҚШ 13	АҚШ 13	Қытай 12
Канада 11	Бразилия 11	Чили 6

Бразилия мен Вьетнам әлемдік масштабта кофе өндіруге, Кот-д'Ивуар мен Гана – какаоға, Эквадор мен Коста-Рика – бананға, Тайланд пен Үндістан – күрішке, Қытай мен Кения – шайға маманданған.

**Заттық мамандану** дайын заттарға жататын өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін қамтиды. Олардың жалпы саны мөлшермен 30 млн атаудан құралады. Осы өнімдерді өндіруге өндіріс құралдарының 1 млн-дай түрі пайдаланылады. Бұл барлық ассортиментті шығаруға АҚШ пен Қытай сияқты әлемнің ірі экономикаларының да шамасы келмесі белгілі. Бұған географиялық еңбек бөлінісі көмектеседі. Ол әр елде өнімдерін тиімді сатып, орнына жетіспейтін тауарларын ала алатын қажетті салаларды анықтайды. Бұл салалар *мамандану салалары* болып табылады.

Дүниежүзіндегі ғылымды көп қажет ететін өнімдердің жетекші экспорттерлері (2016 ж.)			
Өнім	1-орын	2-орын	3-орын
Авиациялық техникалар	Франция (26)	Германия (21)	Ұлыбритания (10)
Телекоммуникациялық құрал-жабдықтар	Қытай (36)	Гонконг* (14)	АҚШ (7)
Сандық бағдарламамен басқарылатын станоктар	Германия (17)	Италия (13)	Жапония (11)
Микросызбалар	Гонконг* (18)	Қытай (14)	Тайвань ** (14)
Электронды есептегіш техникалар	Қытай (40)	АҚШ (8)	Нидерланды (8)

\* – Қытайдың арнаулы әкімшілік ауданы. \*\*\* – Қытай провинциясы.  
(Жақша ішіндегі сандар – әлемдік экспортағы үлесі, %)

Экономикалық жағынан дамыған елдер өздері дәстүрлі түрде алдыңғы қатарда болатын қазіргі заманғы, ғылымды көп қажет ететін салаларға маманданады. Бұл еңбек бөлінісінде Қытайдың алдыңғы қатарға жарып шығуы үлкен құбылыс болды (21-кесте). Германияны басып озып, Қытай әлемдегі мәшине мен құрал-жабдықтың ірі экспорттеріне айналды. Қазір мәшине жасау өнімдерінің көптеген түрлері бойынша Қытай, Германия, АҚШ және Жапония алдыңғы орындарды бөліседі [1].



243-сурет. Аэробус элементтерін еуропалық компаниялардың шығаруы


*Технологиялық мамандануда* біртұтас технологиялық тізбектің жекелеген сатылары әртүрлі елдерде жүзеге асырылады. Атом электрстансылары үшін отын өндіруші қазақстандық–ресейлік бірлестігі бұған классикалық мысал бола алады (бұл жайлы толығырақ §63 біле аласыңдар).

Суретте көрсетілгендей, шикізат (уран) Қазақстанның оңтүстігінде өндіріліп, оның алғашқы өңдеу сатысы Өскемен қаласында жүргізілген, одан соң Ресейдің Ангарск қаласына жеткізіледі. Онда уран байытылады ( $U^{235}$  және  $U^{238}$  изотоптарына бөледі). Төмен байытылған уран Өскеменге қайтарылып, одан АЭС үшін отын болып табылатын уран таблеткалары жасалады. Таблеткалар Новосібір мен Электросталь қалаларындағы зауыттарға жіберіліп, онда отын даярлаудың соңғы операциялары жүргізіледі. Таблеткаларды цирконий түтікшелеріне, ал түтікшелерді жылу бөлетін құрастырмаларға салады. Осымен әлемде тек 10 елде ғана жүзеге асырылып, күрделі технологиялық тізбек аяқталады. АЭС-қа (және суасты қайықтарына) арналған отын дайын.

Халықаралық маманданудың ең жоғарғы және күрделі түрі – *бөлшектік мамандану*. Ол *өндірістік кооперациялауды*, яғни өте күрделі өнімді шығару үшін әртүрлі елдердің көптеген кәсіпорындарының бірлесуін білдіреді.

Халықаралық бөлшектік мамандануды географиялық көзқарас тұрғысында аэробустар – халықаралық «Airbus» компаниясының ұшақтарын шығару мысалында қарастырайық (243-сурет).

**2. Дүниежүзілік шаруашылық тарихы және құрамдас бөліктері.** Дүниежүзілік шаруашылық бұл – бір-бірімен халықаралық географиялық еңбек бөлінісі мен байланысқан барлық әлем елдері ұлттық шаруашылықтарының жиынтығы.



244-сурет. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрамдас бөліктері

Дүниежүзілік шаруашылық үш басты бөліктен тұрады. *Біріншісі* – тауарлар өндіріп, қызмет көрсететін ұлттық шаруашылықтар. *Екіншісі* – тауарлар мен қызмет көрсетудің әлемдік нарығы. *Үшіншісі* – осы байланыстарды, қамтамасыз ететін дүниежүзілік көлік.


Бұл үштікте әлемдік нарық негізгі рөл атқарады. Сондықтан дүниежүзілік шаруашылық тарихы дегеніміз – ең алдымен әлемдік нарықтың қалыптасу тарихы болып табылады.

Мемлекеттердің пайда болуымен байланысты халықаралық (мемлекетара-

лық) сауда дамыды. Алдымен Еуропаның, Азияның, Солтүстік Африканың жекелеген аймақтарында дамығандықтан, ол аймақтық болды. Ұлы географиялық ашылулардан кейін халықаралық сауда Ескі Дүние аумағынан шығып, әлемдік саудаға айналды. Өндірістік революцияның нәтижесінде барлық елдерді байланыстырған мәшине индустриясы, бу флоты, теміржолдар пайда болды. Сонымен, XIX–XX ғасырлар аралығында ірі мәшине индустриясының, көлік пен әлемдік нарықтың дамуының нәтижесінде дүниежүзілік шаруашылық қалыптасты.

**3. Дүниежүзілік шаруашылық субъектілері: ТҮК басты рөлі.** Дүниежүзілік шаруашылықта экономикалық қызметті дүниежүзілік шаруашылық субъектілері атқарады (245-сурет).

Оларды екі топқа біріктіру қабылданған. Бірінші топты үкіметтік институттар – мемлекеттер, интеграциялық бірлестіктер және халықаралық ұйымдар құрайды. Әр субъектінің дүниежүзілік шаруашылықта өз қатысу құралы бар. Мысалы, мемлекет заңдардың көмегімен кәсіпорындардың дүниежүзілік шаруашылықтағы қызметін реттеп отырады. Басқаша айтқанда, «ойын тәртібін» орнатады. Олардың қарамағындағы меншік – мемлекеттік кәсіпорындар. Кәсіпорындар қолында шетелдік филиалдар құралатын капитал бар. Екінші топты кәсіпорындар құрайды.



245-сурет. Фольксваген ТҮК: автомобиль шығару географиясы

Кіріс, млрд долл.	Компания (2017ж.)	Жұмысшылар, мың адам
500	Волмарт, АҚШ	2300
349	Стейт Грид Чайна, Қытай	914
327	Синопек Групп Чайна, Қытай	668
326	Чайна Нэшнл Петролеум компаниясы, Қытай	1470
312	Роял Датч Шелл, Ұлыбритания, Нидерланды	84
265	Тойота Мотор, Жапония	369
260	Фольксваген, Германия	642
245	Бритиш петролеум, Ұлыбритания	74
244	Экссон Мобил, АҚШ	71
242	Беркшир Хэтэуэй, АҚШ	377

■ сауда    ■ электрэнергетика    ■ мұнай өнеркәсібі  
■ машина жасау    ■ сақтандыру, инвестиция

246-сурет. «Fortune Global 500» журналының мәліметі бойынша ТҮК алғашқы «ондығы»

Дүниежүзілік шаруашылық байланысында кәсіпорындардың әртүрлі топтары қатысады. Ең алдымен жеке кәсіпорындар. Олар «желқайықтар» – бір елден тауарды сатып алып, басқа елге саудалаушы кәсіпкерлер. Қазақстандық «желқайықтар», мысалы, еліміздің сыртқы саудасының 5% -ын қамтамасыз етеді. Екінші – ұлттық компаниялар. Олар өнімді тек өз елімізде шығарып, бір бөлігін шетелге сататын кәсіпорындар. Үшінші – трансұлттық корпорациялар. Трансұлттық корпорациялар (ТҮК) – шетелдерде өз кәсіпорындары бар ірі (өндіріс көлемі миллиардтаған доллармен өлшенетін) компаниялар.

Қазіргі уақытта әлемде шетелдік филиалдарының саны 800 мыңдай. 80 мыңнан аса ТҮК бар. Олардың үлесіне дүниежүзілік өндірістік өнімнің 50%, халықаралық сауданың 65% -мен жаңа техника мен технологияның 80% -ы тиесілі (246-сурет). Көбінесе қазір әлемді «ТҮК әлемі» деп атаудың да себебі сонда.

ТҮК дүниежүзілік шаруашылық географиясына шешуші әсерін тигізеді. Олармен ең алдымен шаруашылық өмірін интернационалдау және ғаламдастыру, яғни әлемді біртұтастыққа айналдыру үдерістеріне байланысты екендігінде.

**Сонымен, халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің дамуы дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуына алып келді. Онда көптеген субъектілер қызмет етеді, дегенмен басты рөлді трансұлттық корпорация атқарады.**

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Халықаралық және ауданаралық географиялық еңбек бөлінісінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылық қандай?
2. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің қандай түрлерін білесіңдер? Мысалдар келтіріңдер.
3. Дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз не? Ол қандай құрамдас бөліктерден тұрады?
4. Ұлттық шаруашылықтарды біртұтас дүниежүзілік шаруашылыққа қандай субъектілер байланыстырады?
5. Неліктен трансұлттық корпорацияларды дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі субъектісі деп атайды?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма** (топтық жұмыс). Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің бір түрін алыңыз. Оның шынында да, жекелеген ұлттық шаруашылықтарды біртұтас дүниежүзілік шаруашылыққа байланыстыратынын дәлелдеңдер.

**2-тапсырма**. 244-суретке талдау жасаңдар. Дүниежүзілік шаруашылықтың басты субъектілерін бөліп көрсетіңдер. Олар дүниежүзілік шаруашылыққа қатысу үшін қандай құралдарға не екендігін анықтаңдар.

Дүниежүзілік шаруашылықтың экономикалық субъектілеріне мысалдар келтіріңдер.

**3-тапсырма**. 245-сурет бойынша немістің Фольксваген ТҮК өндірістік қызметінің географиясын зерттеңдер. Сараптамалық анықтама құрастырып (топтар бойынша), сыныптастарыңның назарына ұсыныңдар.

**4-тапсырма**. 246-сурет бойынша дүниежүзілік ТҮК алғашқы «ондығын» атаңдар. Олардың экономиканың қай саласында жұмыс істейтінін, елдер бойынша қалай таралатынын анықтаңдар.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Қазақстанның трансұлттық корпорациялары.
2. Қазіргі әлемдегі ғаламдастыру: плюстері мен минустары немесе жетістіктері мен кемшіліктері деп аударуға болады.



### Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)

## §61. Халықаралық экономикалық қатынастар

### Естеріңе түсіріңдер

- Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі нені білдіреді?
- Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің дамуына қандай факторлар әсер етеді?

Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, шаруашылықта мемлекеттердің өзара тәуелділігінің артуы нәтижесінде халықаралық экономикалық қатынастар қалыптасады. Халықаралық экономикалық қатынастар – жекелеген елдердің ұлттық шаруашылықтары, сондай-ақ халықаралық экономикалық ұйымдар мен қаржы орталықтары арасындағы байланыс жүйесі болып табылады. Бұл қатынастар халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне негізделген. Олар адамзат дамуының көптеген мәселелерін шешуге бағытталған және мемлекеттер экономикалары мен дүниежүзілік шаруашылық арасындағы түйін болып табылады.


Халықаралық экономикалық қатынастардың дамуына бірнеше факторлар әсер етеді. Олардың негізгілері: *ғылыми-техникалық прогрестің дамуы; елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтары; әлем аймақтарындағы саяси жағдайлар, транс-ұлттық компаниялар ықпалының күшеюі; халықаралық экономикалық интеграцияның нығаюы; жаһандану үдерістері.*

Қазіргі жағдайда халықаралық экономикалық қатынастар өр алуан бола түсуде. Олардың бірнеше формалары бар (247-сурет).

Мемлекеттер арасындағы халықаралық экономикалық қатынастардың ежелгі формасы – сауда.



247-сурет. Халықаралық экономикалық қатынастардың формалары




248-сурет. Халықаралық сауданың тауарлық құрылымы

*Халықаралық сауда* – барлық әлем елдерінің сыртқы саудасынан құралатын, тауар, шикізат және қызмет көрсету бойынша алмасу саласындағы халықаралық тауар-ақша қатынастарының жүйесі. Бұл үдеріс ФТР жағдайындағы халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуімен тығыз байланысты (248-сурет).

Сауда ежелгі уақытта пайда болды. Халықаралық сауда қатынастарының дамуына күшті ықпал еткен натуралды шаруашылықтың тауар-ақша қатынастарына өтуі, сонымен қатар ел ішінде, сондай-ақ елдер арасындағы шаруашылық байланыстардың орнауы болып табылады. Любектің Гамбургпен 1241 жылы келісімі нәтижесінде көпестік сауданың экономикалық мүддесін қорғау үшін пайда болған сауда ұйымдарының бірі Ганзей одағы (Ганза) болды.

XVI–XVIII ғасырларда әлемдік нарықтың пайда болуымен сауда халықаралық дәрежеге жетті деп есептеледі. Халықаралық тауар айырбасының басты орталықтары Италия қалалары – Венеция, Генуя, Флоренция, неміс қалалары Аугсберг пен Нюрнберг, Флоренцияның (қазіргі Бельгия) сауда қалалары және Балтық теңізінің оңтүстік және шығыс жағалауларындағы Ганзей одағының портты қалалары болды.

Халықаралық сауданың XVIII–XIX ғасырлар аралығында халықаралық тауар-ақша қатынасы тұрақтала бастағаннан кейін ауқымы кеңейіп түсті. Қазіргі кезеңде Халықаралық сауда халықаралық экономикалық қатынастардың ең бір жетілген формасы болып табылады. Халықаралық сауданың қазіргі салалық құрылымында тауар саудасының қызмет көрсету саудасынан басымдылығы 80:20 қатынасындай. Постиндустриалдық қоғамға өту жағдайында қызмет көрсету үлесі артып келеді.



249-сурет. Әлемдік сыртқы сауда географиясы

Халықаралық сауданың салалық құрылымында дайын өнімдер – мәшинелер, құрал-жабдықтар, көлік құралдары, химиялық өнімдер және басқалар басым (70%). Шикізат пен отын құрылымның 20%-ын құрайды. Ауылшаруашылық өнімдеріне, оның ішінде азық-түлікке 10% сәйкес келеді. Халықаралық сауданың географиялық құрылымында дамыған елдер үлесі – 62%, дамушы елдер – 35%, өтпелі экономикалы елдер – 3%-ын құрайды. Еуропалық және Азиялық аймақтардың қазіргі уақыттағы үлес салмақтары бірдей – 30%-дан астам. Солтүстік Америка аймағының үлесі – 15%-ды құрайды. Дүниежүзілік шаруашылықта соңғы онжылдықта халықаралық тауар саудасының көлемі бойынша көшбасшы елдер тобы пайда болды. Басты тауар экспорттаушыларға қазіргі уақытта Қытай, АҚШ, ГФР, Жапония мен Нидерланды, ал тауар импорттаушы елдерге АҚШ, Қытай, ГФР, Жапония және Франция жатады (249-сурет).

Халықаралық сауданың салалық құрылымында қызмет көрсетудің 30% – туристік, 20% – көліктік қызмет көрсету, 50% – қаржылық, ақпараттық-коммуникациялық, білім беру қызметтері құрайды.

Қызмет көрсетуде дамыған елдер басымдылық көрсетеді. Дегенмен соңғы жылдарда дамушы елдер үлесі де жоғарылауда – Қытай мен Үндістан. Әлемде қызмет көрсету саудасы бойынша 1-орынды Еуропа иемденеді. Әлемде әрбір бесінші қызмет көрсету саудасы Азияның, әрбір оныншысы – Солтүстік Американың үлесіне тиеді. Әлем елдерінің арасында қызмет көрсету экспортының көлемі бойынша дамыған мемлекеттер – АҚШ, Ұлыбритания, ГФР, Франция, Қытай көш бастап келеді. Қызмет көрсету импортерлерінің арасында АҚШ пен Қытайдан басқа ГФР, Франция, Ұлыбритания алдыңғы орындарда (22-кесте).

22-кесте

## Сауда қызметінің географиясы

Қызмет көрсету түрлері	Млрд долл.	Қызмет көрсету экспорты (көшбасшылар)	Қызмет көрсету импорты (көшбасшылар)
Барлық коммерциялық қызмет	5279	АҚШ, Ұлыбритания, Германия	АҚШ, Қытай, Германия
1. Тауармен байланысты қызмет көрсетулер	184	ЕО, АҚШ, Қытай	ЕО, Гонконг, Жапония
2. Көліктік қызмет көрсету	931	ЕО, АҚШ, Сингапур	ЕО, АҚШ, Қытай
3. Туристік	1310	ЕО, АҚШ, Тайланд	ЕО, АҚШ, Қытай
4. Құрылыс	101	ЕО, Қытай, Корея	ЕО, Қытай, Жапония
5. Қаржылық	464	ЕО, АҚШ, Сингапур	ЕО, АҚШ, Канада
6. Компьютерлік	312	ЕО, Үндістан, АҚШ	ЕО, АҚШ, Жапония

Халықаралық сауданың дамуы халықаралық экономикалық қатынастардың басқа да формаларымен бірге шаруашылықтың интернационалдандыру мен трансұлттандыруын қамтамасыз етеді және болашақта жаһандану үдерісіне алып келеді.

*Әлемдік шаруашылықтың жаһандануын* интернационалдаудың жоғарырақ кезеңін көрсететін тауар, қызмет көрсету, қаржы, жұмыс күші мен технологияның біртұтас нарығына айналу үдерісі арқылы түсіндіруге болады. Жаһанданудың үш негізгі формасы бар – *экономикалық, саяси және мәдени*. Біз тек экономикалық жаһандануға тоқталамыз. Ол біртұтас әлемдік экономикалық кеңістіктің қалыптасуын көрсетеді. Бұл үдерісте тауар, қызмет көрсету және қаржы түрлерін еркін халықаралық деңгейде алмастыруға ықпал ететін халықаралық экономика-

лық ұйымдардың рөлі зор. Дегенмен экономикалық жаһандану дүниежүзілік шаруашылықты планетарлық масштабқа шығару емес. Мемлекеттердің өзара тәуелділігі жаңа деңгейге көтеріледі. Тіпті ең дамыған елдер ғаламшарымыздың әр бөлігінде жүріп жатқан саяси және экономикалық процестерге тәуелді.

Дүниежүзілік шаруашылықты жаһандандырудың айтарлықтай жетістіктеріне қарамастан, оның келеңсіз жақтары да бар. Мысалы, әлемдік қаржылық нарықтың пайда болуы барлық елдерді ғаламдық қаржылық дағдарыс жағдайына тәуелді етеді. Ортақ әлеуметтік кеңістіктің пайда болуы қылмыстың, халықаралық терроризмнің таралуына ықпалын тигізеді. Халықаралық мәдениеттің жаппай дамуы көптеген елдердің өз дәстүрлерін жоғалтып алу қаупін туғызады. Әлемдік шаруашылықта жаһандық кеңістіктің қалыптасуының нәтижесінде жекелеген қалалардың функциясы өзгереді. Олар жалпы әлемдік қаржы, саяси, экономикалық, мәдени орталықтар рөлін атқара бастайды. Ондай қалалар жаһандық атауын иемденеді. Жаһандық қала – дүниежүзілік шаруашылықпен біріккен постиндустриалды орталық және әлемдік экономикалық жүйенің негізгі элементі болып саналады.

Халықаралық сарапшылардың бағалауына қазіргі уақытта әлемде өртүрлі дәрежедегі 150-ден астам жаһандық қалалар бар. Географиялық жағынан олар әлемнің барлық аймақтарында орналасқан, бірақ ең көбі Еуропада, Солтүстік Америка мен Азияда. Жетекші қалалар 48, олардың ішінде тарихи және қазіргі заманғы көшбасшылары – Нью-Йорк, Лондон, Париж, Токио, Гонконг. Олармен қатар әлемнің жаһанды урбандану элитасы клубын қалыптастырған Дубай және оның қатарында Сингапур, Шанхай және Сидней қалалары бар.

*Сонымен, халықаралық экономикалық қатынастар – дүниежүзілік шаруашылықтың құрамдас бөлігі. Олар ғаламдық экономиканың өсуінің маңызды факторы болып саналады, интеграциялық процестердің дамуына, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді.*

#### **ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ**



##### **Өзіңді тексер!**

1. Халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формаларын атаңдар.
2. Экономистерде «көріңбейтін эксперт» деген термин бар. Сенің пікірің бойынша ол ХЭҚ-тың қандай формаларын қамтиды?
3. Әлемдік сауданың тауар және географиялық құрылымының алға басуы немен көрсетіледі.

4. Ғылыми-техникалық білімдердің әлемдік нарығында қандай елдер алда келеді? Тікелей шетелдік инвестицияларда ше?

5. Сендердің ойларыңша, біздің еліміздегі және әлемдегі туристік дүрбелең немен байланысты?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма** (топтық жұмыс). Диаграмманың мәліметтері бойынша (248-сурет) халықаралық саудадағы тауар құрылымының толық сипаттамасын құрастырыңдар. Сипаттамаларыңды талдауға ұсыныңдар. Ең үздігін таңдап алыңдар.

**2-тапсырма** (жүшпен). 249-суретке талдау жасаңдар. Сыртқы сауда айналымы бойынша елдердің алдыңғы «бестігін» анықтаңдар (экспорт + импорт). Оң және теріс сауда балансы бойынша елдердің 5 мысалын келтір. Біздің еліміздің сауда балансы қандай екендігін анықтаңдар.

**3-тапсырма**. Қытай, АҚШ, Италия, Бразилия, Франция елдерінің тізімі бойынша берілген тапсырмада қандай белгілері бойынша топтастырылғанын анықтаңдар. Бұл тізімдегі артық елді көрсетіңдер.



### Картадан көрсет

1. Сыртқы сауда байланыстарының көлемі бойынша елдердің алғашқы «үштігін».

2. Шетелдік туристерді ең көп қабылдайтын елдердің алдыңғы «бестігін» көрсетіңдер.



### Баиядамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

1. Менің облысымның сыртқы сауда байланыстары.

2. Қазақстан туристік қызмет көрсетудің халықаралық нарығында.



### Кітап сөресі

Интернет желісіндегі мекенжайлар

<https://www.unwto.org/> – Дүниежүзілік туристік ұйымдардың арнаулы сайты.



### Рефлексия («Жетістік баспалдағы»)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса; сен қандай сатыға көтерілгеніңді анықта:

төменгі саты – мен ештеңені орындай алмадым;

орташа саты – менде проблемалар туындады;

жоғарғы саты – мен бәрін орындадым.

**§62. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері, жобалары мен үдерістері. Қазақстан дүниежүзілік шаруашылықта**

**Естеріңе түсіріңдер**


- ЖІӨ не екенін еске түсіріңдер.
- Экономиканың ауқымын, даму деңгейін және динамикасын қандай көрсеткіштер сипаттайды?

**1. Дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі көрсеткіштері.** Дүниежүзілік шаруашылықты жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көрсеткіштері сипаттайды.

Бірінші көрсеткіш – *ЖІӨ абсолюттік шамасы*. ЖІӨ көп болған сайын ел экономикасы ірірек болады, әлемдегі ықпалы да жоғары болады.

ЖІӨ бірге *жалпықұлттық өнім (ЖҮӨ)* болып есептеледі. ЖҮӨ есептегенде Қазақстанның ЖІӨ-нен шетелдіктердің (компаниялар мен азаматтардың) біздің елімізден табатын табыстарын алып тастап, қазақстандықтардың (компаниялар мен азаматтардың) шетелдерден табатын табыстарын қосады. Дүниежүзілік экономиканың ЖІӨ-і және ЖҮӨ-і бірдей.

2016 жылы әлемдік ЖІӨ 76 трлн доллардан асты. Оның 2/5-ге жуығы екі экономикалық алып – АҚШ пен Қытайдың үлесіне тиеді (250-сурет).



250-сурет. Дүниежүзілік шаруашылықтың ауқымы мен динамикасы

Екінші көрсеткіш – *жан басына есептегендегі ЖІӨ*. Бұл экономиканың даму деңгейінің көрсеткіші. *Жан басына есептегендегі ЖІӨ* неғұрлым жоғары болса, экономика соғұрлым дамыған болып есептеледі (217-сурет).

250-суретке қарап, дүниежүзілік өндіріс (ЖІӨ) экономикалық дамыған және дамушы елдер арасында қалай таралатынын анықтаңдар. Бұл топтарда қандай елдер алда келеді?

23-кесте

Дүниежүзілік шаруашылықтың «экономикалық көрсеткіштері»	
Экономиканың «қарқынды» жағдайы	Белгілері
Қарқынды экономика	Ілгерілеу динамикасы: тұрақты, салыстырмалы түрде өсу қарқыны жоғары – жылына 3%-дан жоғары
Экономиканың <i>күйзелісті</i> жағдайы	Өсу қарқыны 2% -дан төмен
Экономиканың <i>тығырықты</i> жағдайы	Тұрақсыз динамика; көтерілу мен құлдырауы кезектесе жүреді
Құлдыраған экономика	Өндірістің ұзақ уақыт құлдырауы, өсудің теріс қарқыны

Үшінші көрсеткіш – *ЖІӨ өсу қарқыны (%-бен)*. Бұл – экономика динамикасының көрсеткіші (250-сурет), экономика қарқынының өзіндік белгісі (23-кесте).


Дүниежүзілік шаруашылықтың төртінші көрсеткіші оның құрылымы болып табылады. Ол *салалық және аумақтық* құрылым болып бөлінеді.

Салалық құрылым ЖІӨ жасауда экономиканың ірі салаларының: ауылшаруашылығының, өндірістің, қызмет көрсету сферасының қосатын үлесін көрсетеді (251-сурет).

Өндірістік төңкерістер дәуіріне дейін ауылшаруашылығы жетекші рөл атқаратын экономиканың *аграрлық* саласы басым болды. 1-ші өндірістік революциядан кейінгі Еуропа мен АҚШ-та өндірістің басымдық көрсететін *индустриялдық құрылымы* қалыптасты. ФТР дәуірінде қызмет көрсету сферасы басым, мүлде жаңа, постиндустриалды құрылым қалыптаса бастады.



251-сурет. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымы (2016 ж. салалық құрылымның ЖІӨ-гі үлесі, %)



252-сурет. Дүниежүзілік шаруашылық үлгісі: орталық – жартылай шет – шетаймақ

Постиндустриалды экономикада *ақпарат, ғылым, білім және адам үлкен рөл атқарады*. Сондықтан оны *ақпараттық экономика* деп те атайды.

Постиндустриалды (ақпараттық) экономикада қызмет көрсету сферасының ЖІӨ-дегі үлесі 70%-дан асады. Дүниежүзілік экономика осы қарсаңға жақындап келеді. Бірақ ол өлі индустриалдық даму кезеңінде.

Аумақтық құрылым дүниежүзілік шаруашылықтың елдер тобы мен жекелеген елдердегі таралып орналасуын көрсетеді.

**2. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы: негізгі үлгілер.** Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымын әртүрлі – *екіполюсті, үшполюсті, көпполярлы кеңістік үлгілер* көрсетеді. Олардың біріншісі – дүниежүзілік экономиканың «Солтүстік – оңтүстік» немесе «Орталық – шет» деп аталатын *екіполюсті үлгісі* (252-сурет). Ол елдердің экономикалық деңгейі бойынша шұғыл бөлінуіне байланысты. Бір полюсін (солтүстік, орталық) негізінен солтүстік жартышарда орналасқан экономикалық дамыған елдер құрайды. Екінші полюсті (оңтүстік, «шет») орталықтан артта қалған дамушы елдер құрайды (§65, 260-су-

рет). Солтүстік пен Оңтүстіктегі, Орталық пен шетті бөлетін шұғыл шеғара жоқ. Олардың арасында шаруашылығы дамыған және артта қалудың сипаттарын қатар алып жүрген елдер бар. Екі полюсті дүниежүзілік шаруашылықта осы үлкенаралық қабат жартылай шетті құрайды. Оның бөлінуімен екі полюсті үлгі үшполюстіге айналды: «орталық – жартылай шет – шет» (252-сурет).

Бұл үлгіде бір полюсте 30 ең дамыған мемлекеттер, екіншісінде 50 ең артта қалған мемлекеттер («көгілдір оңтүстік») орналасқан. Олардың әрқайсысында миллиардтаған халық бар. Ең дамыған 30 ел («алтын миллиард») алдыңғы қатарлы ақпараттық экономикамен дүниежүзілік шаруашылықтың *орталығын* құрайды. Орталықтың көшбасшылары – АҚШ, Жапония, Еуропаның жетекші елдері – Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия. Олар адамзаттың ғылыми-техникалық прогресін анықтап, қазіргі ГТР – алдыңғы қатарынан орын алады. Бейнелі түрде айтқанда, оларды дүниежүзілік шаруашылықтың «локомотиві» деп атайды. 50 ең артта қалған елдер (дүниежүзілік экономиканың ағытылып қалған вагоны) дүниежүзілік шаруашылықтың *қиыр* шетін құрайды.

Мемлекеттерінің саны бойынша (115) дүниежүзілік шаруашылықтың ең үлкен бөлігі – *жартылай шет*. Оны өте әртүрлі елдер: кедей (Индонезия) және толық қамтамасыз етілген (Сауд Арабиясы), аумақты (Бразилия) және мүлдем шағын (Исландия) болашақ көшбасшы (Қытай) және болжамдық аутсайдерлер құрайды. Бірақ бұл елдерді біріктіретін орталық сипат – қазіргі техника мен технология сферасы бойынша орталыққа тәуелді болуы.

Дүниежүзілік шаруашылықтың *көпполярлы* үлгісінде 10 орталықты бөледі. Олардың негізгілері – Солтүстік Америка (АҚШ пен Канада), Еуроодақ және Шығыс Азия (Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея).

**3. Дүниежүзілік шаруашылық дамуының тенденциялары.** Қазіргі дүниежүзілік шаруашылықта бірнеше басты тенденциялар пайда болды.

*Салалық құрылымда* – бұл постиндустриалдық экономикаға көшті.

*Аумақтық құрылымда* – әлемдік өндірістің оңтүстікке – дамушы елдерге, әсіресе Азия елдеріне өтуі. Онда әсіресе Қытай мен Үндістанның үлесі жоғары. *Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінде* бұл – Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы еңбек бөлінісінде құқықтық теңсіздіктің қалыптасуы. Ол үшін ескі, аса күрделі емес, экологиялық қауіпті өндірістердің Оңтүстікте, ал жаңа ғылымды қажет ететін алдыңғы қатарлы өндірістің Солтүстікте шоғырлануы тән.

Біздің еліміз халқының саны мен жерінің ауданы жөнінен дүниежүзінде нешінші орында екенін естеріңе түсіріңдер.

Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы үлесі (2017 ж.)			
	Бүкіл әлем	Қазақстан	Қазақстанның үлесі, %
Халқы, млн адам	7530	18,0	0,24
ЖІӨ, млрд долл.	80 680	159	0,20
Өнеркәсіп, млрд долл.	22 000	51	0,23
Ауылшаруашылығы, млрд долл.	3340	7	0,21
Қызмет көрсету сферасы, млрд долл.	55340	101	0,18

**4. Қазақстан дүниежүзілік экономикада.** Әлемдік өлшемі бойынша Қазақстанның экономикасы дүниежүзінде 54-орында (24-кесте). Оның өсу қарқыны әлемдік өсуден жоғары. Ол еліміздің позициясын нығайтады. Оның дүниежүзіндегі рөлі салмақтырақ бола түсуде. Қазақстанның ірі әлемдік «қамтушы» ретінде маңызы өсіп келеді. Еліміз әлемдік нарыққа көп мөлшерде отын, металл, астық шығарады.

Қазақстан – шетелдік инвестиция мен жұмыс күшін тартушы орталық. Еліміздің минералдық байлықтарын игеруге ExxonMobile, Chevron (АҚШ), Total (Франция), ANI (Италия) және т.б. аса ірі шетелдік компаниялар қатысуда.

Қазақстанның Еуропа мен Азияны қосатын *транзиттік дәліз* ретінде де рөлі жоғарылауда. Ең соңында, еліміздің ғаламдық мәселелерді шешудегі (ғарышты игеруі, қоршаған ортаны қорғау т.б.) *халықаралық ынтымақтастық аренасы* екендігін айта кетуіміз керек.

**Сонымен, дүниежүзілік шаруашылық жағдайы мен дамуын экономикалық көрсеткіштер сипаттайтын, өз құрылымы (салалық және аумақтық) бар күрделі географиялық жүйе.**

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Жан басына есептегендегі ЖІӨ бойынша бөрінің алдында Люксембург (2017 ж. – 104 мың долл.). Бұл кіп-кішкентай еуропалық ел экономикасы жағынан АҚШ-тан (60 мың долл.) да артық дамыған деп есептеуге болады. Шындығында, олай емес. Люксембург шаруашылықтың жоғары кірісті түрлері – қаржылық қызмет пен жаңартылған металлургия арқасында және халқының санының аздығымен (Қарағандыдан сәл көбірек) жетекші ұстанымға ие болып отыр. Сондықтан экономикалық даму деңгейіне дұрыс объективті баға беруде қосымша көрсеткіштер есепке алынады. Мысалы, өндірістегі ғылымды қажет ететін өнім мен экспорт үлесі.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

### ? Өзіңді тексер!

1. Дүниежүзілік шаруашылықтың масштабын, динамикасы мен құрылымын көрсететін көрсеткіштерді ата.
2. Салалық құрылым аумақтық құрылымнан несімен ерекшеленеді?
3. Қалай ойлайсың, дүниежүзілік шаруашылық үлгілері не үшін жасалады? Олардың тәжірибелік мәні бар ма?
4. Ақпараттық экономиканың қандай басты белгілері бар?
5. Біздің еліміздің жалпы дүниежүзілік экономикадағы орнын қалай бағалайсың?



### Тапсырмаларды орында

«Дүниежүзілік банктен кім несие алады?» атты оқу-рөлдік ойын.

#### Ойын идеясы

Өтпелі экономикалы, экономикалық дамыған және елдердің жоғары өкілдері (ЕЖӨ) Біріккен Ұлттар Ұйымы «отбасына» кіретін Дүниежүзілік банктен (ДБ) несие алу үшін өтініш береді. Банкирлер (ДБ сарапшылары) түскен өтінімдерді талдап, экономикалық даму үшін кімге несие көбірек керек екендігіне байланысты шешім шығарады.

#### Ойын барысы

5 топ құрылады: 1) банкирлер мен бес елдің жоғары өкілдері тобы; 2) өтпелі экономикалы; 3) Азия мен мұхиттық аралдардың дамушы елдері; 4) Американың дамушы елдері; 5) экономикалық дамыған елдер.

Банкирлер тобы шағын баяндамалар даярлайды:

1) Дүниежүзілік шаруашылық көрсеткіштері; 2) Дүниежүзілік шаруашылықтың «орталық – жартылай шет – шет» үлгісіне сүйенетін үлгілері. Елдерден түскен өтінімдерді бағалап кімге, неліктен несие берілетінін шешеді.

ЕЖӨ топтары өз топтарының жағдайына шолу жасап, несиеге өтінімдерін негіздейді. Оларды постер түрінде безендіріп, таныстырылым жасайды.

#### Барлық топтар үшін тапсырма

Параграф мәтінін жылдам қарап шығындар. Толық жұмыс істейтін материалды табындар. Банкирлер – 1, 2-пункттер, елдердің жоғары өкілдері – 1-пункт және одан басқа (258, 259, 260-суреттер, §65).

#### Банкирлерге тапсырма

**1-тапсырма.** Параграфтың 1, 2-тақырыпшаларын оқып шық. «Дүниежүзілік шаруашылықтың көрсеткіштері» және «Дүниежүзілік шаруашылықтың үлгілері» атты шағын баяндама құрастыр. Оларға постерлер жаса. Баяндама жаса.

**2-тапсырма.** Елдердің өкілдерінің өтінімдерін зейін қойып тыңда. Қай елдер тобы даму несиесіне мұқтаж екендігі туралы шешім қабылда.

### Елдердің жоғары өкілдері үшін тапсырма

**1-тапсырма.** Өз тобыңдағы елдердің экономикалық жағдайына төмендегі жоспар бойынша шолу жасаңдар: 1) топтың аты; 2) оны қандай елдер құрайды (әлемнің саяси картасы, 259-сурет); 3) ең ірі және белгілі елдер; 4) топтың құрамында нашар дамыған елдер бар ма, олар көп пе; 5) экономика масштабы (ЖІӨ), басқалармен салыстырғанда; 6) даму деңгейі (ЖІӨ мөлшері – 259, 260-суреттер); 7) экономиканың қарқынды «жағдайы» – өсу қарқыны (250-сурет және 23-кесте); 8) экономиканың салалық құрылымы – 251-сурет), дамыған және өтпелі елдер үшін); 9) әлемдік экономиканың қай бөлігіне жатады (орталық, шет, жартылай шет). Қорытынды: топ жағдайына баға, не үшін несие қажет екендігіне негіздеме.

**2-тапсырма.** Жинақталған мәліметтерді постер форматында көрсетіңдер.

**3-тапсырма.** Ауызша хабарлама даярлаңдар (3 минуттан аспайтын).

**4-тапсырма.** Постерге сүйеніп баяндама жасаңдар, несие бөлуді шешіңдер.



### Тест тапсырмалары (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар)

- Дүниежүзілік шаруашылықтың масштабын көрсететін көрсеткіш:
  - ҒТР; ә) еңбек өнімділігі; б) ЖІӨ; в) өсу қарқыны;
  - жан басына есептегендегі ЖІӨ.
- Дүниежүзілік шаруашылық динамикасының көрсеткіші:
  - өсу қарқыны; ә) жан басына есептегендегі ЖІӨ; б) ЖІӨ-нің абсолюттік шамасы;
  - негізгі салалар үлесі; г) постиндустриалдық құрылым.
- Аграрлық экономикада... басым болады.
  - өнеркәсіп; ә) көлік; б) ауылшаруашылығы; в) қызмет көрсету саласы;
  - құрылыс.
- ЖІӨ мен жұмыспен қамтуда қызмет көрсету саласы басым болатын шаруашылық:
  - аграрлық; ә) аграрлы-индустриалдық; б) индустриалдық;
  - постиндустриалдық; г) индустриалды-аграрлық.
- Дүниежүзілік шаруашылықтың көпполярлы үлгісінің басты орталықтары:
  - ТМД; ә) Солтүстік Америка; б) Еуроодақ; в) Оңтүстік-Шығыс Азия;
  - Шығыс Азия.



### Рефлексия «Бұлтты кесек» әдісі

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жасаңдар: берілгеннен 2 сөйлем таңдап алып, оларды аяқтаңдар (дөптерде):

Мен ... бүгін білдім.

... қиын болды.

... мені таңдандырды.

... мен түсіндім.

Мен ... жасай алдым.

... білу қызықты болды.

Мен ... жасағым келеді.

Мен ... үйрендім.

### §63. Қазақстан және халықаралық интеграция

#### Естеріңе түсіңдер

- Интеграция дегеніміз не?
- Әлемде мемлекетаралық интеграцияның қандай түрлері бар?
- Дүниежүзілік шаруашылық дамуының негізгі бағыттары.

**1. Халықаралық экономикалық интеграция.** Мемлекетаралық экономикалық байланыстар сан түрлі кедергілерге кездеседі. Олардың ішінде саудалық жинаулар (кедендік баждар), экспорттық сандық шектеулері. Санкциялық және т.б. бар. Бұл шектеулерді дүниежүзілік масштабта алып тастау мүмкін емес. Қайта мұндай мәселелер ұсақ, аймақтық деңгейде оңай шешіледі. Сондықтан ортақ көзқарастары бар, даму деңгейлері сәйкес елдер аймақтық көшбасшылар маңына шоғырланады. Одан сауда одағы құрылады. Одақ аумағында экономикалық интеграцияға қажетті жағдайлар қалыптасады.

*Халықаралық экономикалық интеграция* дегеніміз – келісілген мемлекетаралық саясат негізінде елдер тобының ұлттық шаруашылықтарының жақындасуы мен бірігуі. Нәтижесінде интеграциялық топтар немесе бірлестіктер пайда болады.

Интеграцияға қатысу әр елге бірқатар артықшылықтар береді.

*Біріншіден*, барлық бірлестіктің табиғи, еңбек және басқа ресурстарына жол ашылады. *Екіншіден*, барлық біріккен елдер бойынша есептегенде – өнімді көбірек шығаруға мүмкіндік туады. *Үшіншіден*, сауданың ең тиімді жағдайлары қамтамасыз етіледі. *Төртіншіден*, маңызды шаруашылық және әлеуметтік тұрғыдан шешуге көмектеседі. Олардың ішінде халықты еңбекпен қамту, экспорттық және басқа маңызды салаларды бірлесіп дамыту бар. Бұл экономиканың дамуына, өзара сауданың кеңейтілуіне ықпал етеді.

Интеграцияның сонымен бірге *кемшіліктері* де бар. Мысалы, сауда алымдары (баждар) алынып тасталған соң, мемлекеттік кіріс азаяды. Өлі буыны бекімеген компаниялар кедейленуі мүмкін. Көптеген кәсіпорындар артық тауар өндіріп бағаны төмендетпеуі үшін мақсатты түрде өндірісті шектеп, жабылып қалады. Бұл өз кезегінде жұмыссыздықтың өсуіне себеп болады. Дегенмен интеграцияның кемшілігінен жетістігі мол.



253-сурет.

Халықаралық экономикалық интеграцияның сатылары

Экономикалық интеграцияның төрт сатысын ажыратады (253-сурет).

Ортақ нарық сатысы «төрт еркіндік» принципін қарастырады, яғни олар – тауарларды, қызмет көрсетуді, қаржы, жұмыс күшін еркін алмастыру болып табылады. Нәтижесінде біртұтас экономикалық кеңістік пайда болады. Экономикалық одақ жағдайында барлық елдер бірыңғай экономикалық және әлеуметтік саясат жүргізеді. Бірыңғай ортақ валюта қолдануға мүмкіндік туады. Мысалы, Еуропалық Одақтағы еуро.

Экономикалық интеграцияның өз тарихы бар. Бірақ ол ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана экономикалық өзара көмек кеңесі (ЭӨК) мен Еуропалық экономикалық қауымдастық (ЕЭҚ) қызметінің арқасында жүзеге асты. ЭӨК аумағындағы социалистік экономикалық интеграция өз тарапынан ізгілікті әрі демократиялы болғанымен ұзаққа бармады.

ЕЭҚ аумағындағы капиталистік экономикалық интеграция оған қарағанда өміршең болып шықты. Ол дамудың барлық сатысынан өтіп, Еуроодақ құруға дейін жетті. Еуроодақ (ЕО) – қазіргі уақыттағы ең сәтті интеграциялық жоба болып табылады.

ЭӨК және ЕО соңынан әлемнің барлық аймақтарында интеграциялық үдерістер басталды. Аймақтық интеграция дүниежүзілік шаруашылықтың басым сипатына айналды. Қазіргі уақытта әлемде интеграцияның әртүрлі сатысындағы 20-дай мемлекетаралық бірлестіктер бар (25-кесте).


25-кесте

Интеграциялық бірлестіктер			
Атауы	Құрылған жылы	Елдер саны	Интеграция сатысы
1. Еуропалық Одақ (ЕО)	1957	28	Экономикалық одақ
2. Еуроазиялық экономикалық Одақ (ЕАЭО)	2015	5	Ортақ нарық
3. Араб шығанақ мемлекеттері ынтымақтастық кеңесі (АШМЫҚ)	1981	6	Ортақ нарық
4. Оңтүстік Ортақ Нарығы (МЕР-КОСУР)	1991	4	Ортақ нарық
5. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ассоциациясы (АСЕАН)	1967	10	Еркін сауда зонасы
6. Оңтүстік Азия еркін сауда зонасы (ОАЕСЗ)	1985	7	Еркін сауда зонасы
7. Солтүстік Америка еркін сауда зонасы (НАФТА)	1988	3	Еркін сауда зонасы
8. Африка континенттік еркін сауда зонасы (АКЕСЗ)	2018	49	Еркін сауда зонасы

Еуропада бұл өздеріңе белгілі ЕО – экономикалық бірігудің ең жоғарғы кезеңіне – экономикалық және біртұтас ақша бірлігімен валюталық одақ құруға жеткен бірден-бір бірлестік. Оның тарихы Германия мен Францияның басшылығымен 6 елдің бірігуінен басталды.

Қазіргі уақытта ол Атлантикадан ТМД-ға дейінгі Еуропаны түгелдей дерлік (28 ел) біріктіреді. Еуроодақ – екінші (АҚШ-тан кейінгі) әлемдік шаруашылық орталығы, әрі халықаралық экономикалық қатынастардың ірі субъектісі.

ЕО – экономикалық, саяси және әскери одақ. Оны халықтың үстінен қарайтын органдар – Еуропалық кеңес (мемлекеттер мен үкімет басшылары), Еуропалық парламент (заң шығарушы орган), Еуропалық комиссия (атқарушы орган, өзіндік сипаттағы үкімет) және т.б. басқарады. ЕО 130 ел мен халықаралық ұйымдарда жарияланған. Оның өз туы және біртұтас еуропалық азаматтығы бар.



254-сурет. Қазіргі әлемдегі интеграциялық бірлестіктер

Қазіргі уақытта Еуропалық Одақ күрделі қиыншылықтарды бастан кешіруде: Brexit (Ұлыбританияның ЕО-дан шығуы), көші-қон тығырығы (Азия және Африка елдерінен қоныс аударушылардың үлкен ағыны), еуроскептиктер әсерінің өсуі (еуропалық бірлестікке қарсы шығушылар).

Солтүстік Америкада бірлестік АҚШ пен Канада шаруашылықтарының бірігуінен басталды. Көп ұзамай оған Мексика қосылды. Әлемдегі ең қуатты бірлестіктің тобы – Солтүстік Америка еркін сауда ассоциациясы (НАФТА) осылайша пайда болды. Бірақ ол еркін сауда зонасы кезеңінде тұр. Онда ЕО сияқты ұлттың үстінен қарайтын органдар жоқ. Ондағы басты біріктірушілер – АҚШ-тың трансұлттық компаниялары. Тағы бір ерекшелігі – даму деңгейі мен экономикасының ауқымында үлкен айырмашылығы бар елдердің (дамыған ірі АҚШ, Канада және дамушы Мексика) бірігуі. Америка экономикасы Канада мен Мексиканың экономикасынан 10–15 есе ірі.

Дамушы әлемде бірнеше бірлестік топтары бар. Азияда бұл аймақтың 10 мемлекетін – Индонезияны, Тайландты, Вьетнамды және т.б. біріктіретін Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Ассоциациясы (АСЕАН). Оңтүстік Америкада ең ірі қатысушысы Бразилия болып саналатын Оңтүстіктің Ортақ нарығы жұмыс істейді. Африкада еркін сауданың құрлықтық зонасы құрылуда. Қатысушылардың саны бойынша (50-дей) бұл әлемдегі ең үлкен бірлестік.

Азия – Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығын (АТЭС) интеграциялық бірлестік деп жиі атайды. Оның ерекшелігі – онда АҚШ, Қытай және Ресей бірге қатысады. Дегенмен АТЭС – интеграциялық одақтан бұрын 20 елдің көшбасшылары жыл сайын әлемдік мәселелерді талқылайтын форум болып табылады.

Көптеген интеграциялық бірлестіктер – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Ресей мен Беларусь Одағы және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО). Кеңес Одағы тарағаннан кейін пайда болды.

**2. Қазақстан еуразиялық бірлестікте.** Біздің еліміз Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аясындағы экономикалық бірлестіктің белсенді қатысушылары. Оны құру идеясын 1994 ж. Мәскеу мемлекеттік университетінің студенттері және мұғалімдермен кездесуде Қазақстанның Тұңғыш Президенті ұсынған болатын. Оны құруға дайындық 20 жылға созылды. Осы уақыт ішінде біртұтас экономикалық кеңестік және Қазақстан, Беларусь және Ресей Кеден одағы құрылды. Оның негізінде 2015 ж. 2 қаңтарында Еуразиялық Одақ жұмыс істей бастады.

ЕАЭО-қа халқының саны 180 млн адамнан астам болатын 5 ел – Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан кіреді. Одақта

төрт шешуші экономикалық еркіндік: тауар, қызмет көрсету, қаржы және жұмыс күші қозғалысының еркіндігі қалыптасқан. Бұл дегеніміз – қазақстандық кәсіпкерлер Ресей немесе Беларусьта ресейлік және беларустық кәсіпкерлердің жағдайында жұмыс істей алады деген сөз. ЕАЭО-ның басты артықшылығы білім туралы құжаттарды өзара тану болып табылады. Сондықтан жұмысқа орналасқан кезде азаматтарға бұрынғыдай өз мамандықтарын растаудың қажеті жоқ. Олар Одақтың кез келген елінде еркін жұмыс істей алады.



255-сурет. Ядролық отын өндірудегі Қазақстан – Ресей ынтымақтастығы

ЕАЭО Қазақстан үшін нені білдіреді? ЕАЭО бұл – қазақстандық тауарларды өткізу нарығының автоматты түрде 10 есеге артуы. Бұл Одақтың, ең алдымен Ресейдің теңіз айлақтарына, құбыр желілеріне, теміржолдарына еркін түрде қол жеткізу. Қазақстан өнімі үшін бұл Еуропаға, одан әрі Америка мен Африкаға қысқа жол болып табылады. Бұл кеңестік Қазақстан кезінің өзінде құрылған ерекше мемлекетаралық өндірістік кешендерді дамыту болып саналады.

Ондай кешендерге ондаған мысалдар келтіруге болады. Олардың екеуін бөліп қарастырайық. Бірінші мысал – АЭС үшін отын өндірудегі Қазақстан–Ресей ынтымақтастығы (255-сурет).

Суреттен шикізатты (уран) Қазақстанның оңтүстігінде өндіріп, Өскеменде алғашқы өңдеуден өткізгеннен кейін Ресейдің Ангарск қаласына жеткізілетінін көруге болады. Онда уранды байытады (U235 және U238 изотоптарға бөледі). Төмен байытылған уран Өскеменге қайтарылады, одан АЭС-ке отын үшін пайдаланылатын уран таблеткалары жасалады.

Таблеткалар даярлаудың соңғы операцияларынан өту үшін Электро-стальдағы зауытқа жіберіледі. Таблеткалар цирконий түтіктеріне, ал түтіктер жылу бөлетін жималарға орналастырылады. Осымен әлемде тек 10 елде ғана жүзеге асырылатын аса күрделі технологиялық процесс аяқталады. АЭС үшін (және суасты қайықтары үшін) отын дайын.

Екінші мысалды бейнелеп айтқанда, «Ұзындығы 300 километр болатын ыстық цех» деп атаймыз. Бұл «төбесіз цех» біздің Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты мен Ресейдің Магнитогорск металлургиялық комбинатын қосады.

Біріншісі – теміркенді шекемтастарды (кен мен әктастың кіріккен түйіршіктері) шығарса, екіншісі – одан болат балқытады. Уақыт пен энергияны үнемдеу үшін кеңестік инженерлер «ыстық поездарды» ойлап тап-

ты: әлі суып үлгірмеген 400°С-тағы шекемтастарды арнаулы вагондарға тиіп алып, составтар Магнитогорскіге қарай зулайды. 1990 ж. олардың жолында шегаралар, кедендік бақылау, мәжбүрлі бірнеше сағаттық тұрып қалу жағдайы пайда болғанда жоба сәтсіздікке ұшырауға шақ қалды. ЕАЭО, кедендік шегараны Одақтың сыртқы шеттеріне шығару бұл кедергіні жойды.

**3. Түркітілдес елдердің мәдени-өркеніеттік интеграциясы.** Біздің Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев тағы бір интеграциялық қозғалыстың – түркі өркеніеті халықтарының мәдени интеграциясының авторы болып саналады. 2009 ж. оның ұсынысы бойынша Өзербайжан қаласы Нахчыванда түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының кеңесі немесе Түркі кеңесі құрылды. Штаб-пәтері ірі қала, Түркияның экономикалық астанасы Стамбулда орналасқан.

Түркі кеңесіне түркі тілінде сөйлейтін алты тәуелсіз мемлекеттің бесеуі – Қазақстан, Түркия, Өзербайжан, Қырғызстан мен Өзбекстан кіреді. Ондағы халықтың жалпы саны 150 млн адамнан астам. Кеңесте бақылаушы ел мәртебесіне халқы түркі-қыпшақтардан тараған Венгрия ие болды. Интеграциялық процестерге, сонымен қатар түркі тілдес мемлекеттерден тыс – Ресейде, Украинада және басқа мемлекеттерде тұратын түркі халықтары да қатысады.

256-сурет. Түркі кеңесі және түркі тілдес елдер ынтымақтастық пен интеграцияға арнайы құрылған халықаралық ұйымдар ықпал етеді.



256-сурет. Түркі кеңесі және түркітілдес елдер



257-сурет. Түркісойдың халық аспаптар оркестрінің Жапониядағы концерті мен көшпенділердің дүниежүзілік ойындары (Қырғызстан, 2018 ж.).

Олардың қатарында:

- түркітілдес елдердің Парламенттік ассамблеясы (ТүркіПА);
- түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРІКСОЙ);
- түркі академиясы;
- түркі мәдениеті мен мұрасының фонды;
- түркі іскерлік кеңесі бар.

Мәдени өркениеттік интеграция аясында конференциялар, шығармашылық ұжымдардың гастрольдері, көрмелер, спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстардың ішіндегі ерекшелері – Көшпенділердің дүниежүзілік ойындары. (257-сурет).

**Сонымен,** дүниежүзілік шаруашылықта ғаламданумен қатар, аймақтық экономикалық интеграциялық процестері дамуда, халықаралық интеграциялық бірлестіктер қалыптасуда. Біздің еліміз интеграциялық процестерде белсенді қатысып қана қоймай, ондағы көп істердің бастамашысы болып табылады.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Елдердің экономикалық интеграциясына қандай жағдайлар қажет?
2. Экономикалық интеграция дамудың негізгі кезеңдерін атаңдар.
3. Елдердің экономикалық интеграцияға қатысудағы мүмкіндіктерін атаңдар.

Олар қандай мәселелермен бетпе-бет келеді?

4. Ірі интеграциялық бірлестіктерге мысалдар келтіріңдер.
5. Біздің еліміз қандай интеграциялық процестерге қатысады?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Параграфтың 1-тақырыпшасындағы мәтінді қарап шығыңдар. Тақырып бойынша тірек конспектісін құрастырыңдар.

**2-тапсырма.** 254-суретке талдау жасаңдар. Қазіргі кездегі негізгі интеграциялық топтарды атаңдар. Олар қай аймақтарда қалыптасқан? Картадан интеграциялық топтарды тауып, көрсету үшін ірі нысана-елдерді анықтаңдар. Халқының саны, экономикасы мен халықаралық сауда ауқымы бойынша қандай елдер бірлестіктері алда екенін анықтаңдар.

**3-тапсырма.** 256-суреттің мазмұнына зер салыңдар. Түркітілдес елдерді атаңдар. Түркі кеңесіне қандай елдер кіретінін анықтаңдар. Олардың басты экономикалық сипаттамаларына талдау жасаңдар. Түркі кеңесінің халықаралық ұйымдары мен мекемелерінің басқарушы ұйымдары қайда орналасқанын анықтаңдар.

**4-тапсырма** («Онжылдық саммиті» оқу-рөлдік ойыны. Жұмыс топтарын құрыңдар. 254-суретте көрсетілген интеграциялық топтардың бірін таңдап алыңдар. Параграфтағы мәтіннен, кестелер мен карталардан сол бойынша ақпарат жинақтаңдар. Оның негізінде мына жоспар бойынша баяндама құрастырыңдар: 1) атауы; 2) әлем аймағы; 3) елдердің саны мен құрамы; 4) интеграцияның даму кезеңі; 5) басқа топтар арасында халқының саны, экономикасының (ЖІӨ) ауқымы және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы (тауар экспорты) бойынша алатын орны. Баяндаманы көрнекілікпен қамтамасыз ету үшін постер құрастырыңдар.

**5-тапсырма.** Таңдап алған интеграциялық бірлестіктің атынан елдерді экономикалық блоктар мен топтарға бөлмей біртұтас ғаламдық экономикаға өту жоспарын жасаңдар.

**6-тапсырма.** «Онжылдықтар Саммитінде баяндама жасаңдар. Таңдап алған интеграциялық бірлестік туралы, біртұтас, ғаламдық әлемге өздеріңнің көзқарастарың туралы айтып беріңдер.



### Картадан көрсет

- 1) Еуразиялық экономикалық одаққа;
- 2) Түркітілдес мемлекеттер достастығына;
- 3) Солтүстік Америка еркін сауда зонасына кіретін елдерді;
- 4) Еуроодақтың басты елдері – Германияны, Францияны, Ұлыбританияны, Италияны, Испанияны көрсетіңдер.



### Кескін картамен жұмыс

Кескін картаға сапалық фон өдісімен түсіріңдер:

- 1) Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық Одақ, Солтүстік Америка еркін сауда зонасының елдерін;

2) Түркітілдес мемлекеттер достастығы кеңесі елдерін түсіріңдер... Елдердің атауларын (ЕО-ға кіретін) жазып, орналасқан жерлерін есте сақтаңдар. Номенклатураны бағаға тапсырыңдар.



### Сенің көзқарасың

Қалай ойлайсыңдар, біздің әлем қандай жағдайда біртұтас экономикалық заң бойынша өмір сүреді: кедендік салық пен сауда соғысынсыз; елдерді әртүрлі топтарға, блоктар мен одақтарға бөлмеу жағдайында.



### Тест тапсырмалары

- Елдер топтары шаруашылықтарының жақындасуы, бірігуі:
  - ынтымақтастық; ә) еңбек бөлінісі; б) мамандану; в) интеграция; г) кооперация.
- Экономикалық интеграцияның бірінші кезеңі:
  - жалпы нарық; ә) еркін сауда зонасы; б) экономикалық одақ; в) кедендік одақ; г) ассоциация.
- Экономикалық интеграцияның жоғарғы кезеңі:
  - жалпы; ә) еркін сауда зонасы; б) экономикалық одақ; в) кедендік одақ; г) ассоциация.
- Еуразиялық экономикалық одақ жұмыс істей бастаған жыл:
  - 1991 ж.; ә) 1994 ж.; б) 2002 ж.; в) 2015 ж.; г) 1949 ж.
- Еуразиялық Одаққа кіретін елдер:
  - Тәжікстан; ә) Ресей; б) Өзбекстан; в) Қазақстан; г) Беларусь.
- Америкадағы ірі интеграциялық бірлестіктер:
  - ЛААИ; ә) НАФТА; б) МЕРКОСУР; в) АСЕАН; г) ОАГ
- Еуропалық Одаққа мүше елдер:
  - Ресей; ә) Италия; б) Түркия; в) Германия; г) Франция.



### Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары

- 1) Посткеңестік кеңістіктегі экономикалық интеграция.
- 2) Еуазиялық экономикалық кеңес: тарихы мен географиясы.
- 3) Орталық Азиядағы интеграциялық процестер.

*Интернет ресурстарының мекенжайлары*

*<http://www.eurasiancommission.org> – официальный сайт Евразийской экономической комиссии.*

*<https://www.tuzkkon.org>. Официальный сайт.*



### Рефлексия «Менің көзқарасым»

Сабақтағы өз жұмысыңды талда: берілген сабақтың тақырыбы бойынша өзіңнің бұрынғы пікіріңе жаңадан не қоса аласың?

### §64. Қазақстан дүниежүзілік шаруашылықта: зерттеулер, географиялық карталар мен мәліметтер базасы

#### Естеріңе түсіріңдер

- Қазақстан қандай ресурстарға бай ел?
- Біздің елімізде қандай өнеркәсіптің салалары жақсы дами бастады?

Кез келген ел үшін оның дүниежүзілік экономикадағы жағдайын білу маңызды. Біздің еліміз басқа мемлекеттермен, соның ішінде шетелдермен салыстырғандағы деңгейі қандай? Оның мықты және әлсіз тұстарын атай аласың ба? Бұл сұрақтарға халықаралық салыстырулар жауап береді. 26-кестенің мәліметтеріне сүйеніп, Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы ұстанымына зерттеу жүргізейік.

26-кесте

#### «Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы орны» мәліметтері

Өнім	Бүкіл әлем	ҚР	ҚР орны
<b>Ресурстары мен экономикасы</b>			
Ауданы, млн км <sup>2</sup>	135,8	2,7	9
Халқы, млн адам	7530	18,0	63
Пайдалы қазбалар, трлн доллар	240	9,2	8
Егістік, млн га	1500	29	12
ЖІӨ, трлн доллар	80,9	0,16	54
<b>Өнеркәсіп</b>			
Мұнай, млн т	4387	87	15
Көмір, млн т	7549	106	10
Уран, мың т	59,5	23,4	1
Электрэнергиясы, млрд кв/сағ	25551	103	35
Болат, млн т	1689	4,5	35
Мыс, мың т	23498	426	15
Мырыш, мың т	13234	331	8
<b>Ауылшаруашылығы</b>			
Бидай, млн т	625	15,0	13
Зығыр (тұқым), мың т	2830	560	3
Мақта, мың т	23280	290	14
Қой басы, млн бас	2100	18	23

Жылқы, мың бас	720	90	2
Жүн, мың т	2180	40	16
Сыртқы экономикалық байланыстар			
Тауар экспорты, млрд доллар	17730	48	49

**1. Ресурстары және халқы.** Ауданы бойынша біздің еліміз әлемдегі ірі мемлекеттердің қатарында. Тек сегіз ел мемлекеттік аумағы бойынша Қазақстаннан алда (Еске түсіріңдер, қай елдер?). Республика табиғат ресурстарына бай, олардың ішінде маңыздысы минералдық ресурстар. Қазақстан – ғаламшарымыздағы ресурстармен ең жақсы қамтамасыз етілген мемлекет. Оның *кешенді минералды-шикізат базасы* бар. Әлемде ондай мемлекеттер аз – Ресей, Қытай, АҚШ, Бразилия, Австралия, Канада. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері – хром, уран, қорғасын, мырыш, марганец, фосфорит, көмір, темір рудасы, күміс бойынша республика алдыңғы ондыққа енеді.

Қазақстанның екінші басты ресурсы – *жер ресурстары*. Жан басына есептегендегі егістік ауданы бойынша (1,7 га) республика әлемде тек Австралияға ғана жол береді (1,9 га). Қазақстанның егістік жерлерінің басты артықшылығы – қара топырақты қабаты. Ол қоңыржай белдеудің тең құнарлы топырағы.

Қазақстан Республикасы *халқының саны* бойынша орташа елдер тобына жатады. Әлемде ол 63-ші (планета халқының 0,24%), ТМД-да 4-ші, Орталық Азияда 2-ші орында. Сәйкесінше, *еңбек әлеуеті* жоғары емес (экономикалық белсенді халық 9 млн адам немесе әлем халқының 0,27%). Келесі ерекшелігі – *халық тығыздығының төмен болуы*. Осы көрсеткіш бойынша (6,7 адам/км<sup>2</sup>) республика әлемдегі ең соңғы орындардың бірінде (227-ден 213 орында).

**2. Экономика және сыртқы экономикалық байланыстар.** Ел экономикасының масштабы туралы жалпы ішкі өнім шамасымен өлшенеді. 2014 ж. әлемдік мұнай бағасының құлдырауына байланысты Қазақстанның ЖІӨ екі еседей дерлік қысқарды. Сәйкесінше, ЖІӨ-нің жан басына есептегендегі мөлшері де азайды (2017 ж. – 8800 доллар). Соған қарамастан БҰҰ Қазақстанды ЖІӨ-і жылына 6-дан 15 мың доллар орташа дамыған елдер немесе «күміс миллиард» тобына жатқызады.

Қазақстанның өнеркәсібі әлемдік тау-кен және металлургия салаларында жоғары көрсеткіштерге ие. Олар республиканың өндірістік өнімінің 70%-ын береді. Онда ірі және бірегей кәсіпорындар жұмыс істейді. Бірегей кәсіпорындар қатарына, мысалы, Үлбі металлургиялық зауыты (АЭС отыны, тантал, берилий) және Өскемен титан-

магний комбинаты жатады. Ондай өндіріс орындары тек бес-алты елде ғана жұмыс істейді. Әлемдік көшбасшылардың қатарында «Қазатом-пром» уран, «Богатырь» көмір кесіндісі, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты (темір рудасы) бар. Өсіресе қазақстандық уран өндірісінің рөлі зор. Ол әлемдік атом энергетикасының отын алатын шикізат қажеттілігінің 2/5 бөлігін өтейді.

Қазақстан дамыған *негізгі химия* өндірісімен, әсіресе күкірт қышқылын, хром қоспаларын, сары фосфор өндірумен ерекшеленеді. 1990 жылы республика фосфор өндіруден әлемде бірінші орын алды. Тыңайтқыш өндіру де өсіп келеді. Мұнай-химия, мәшине жасау, жеңіл өнеркәсіп – Қазақстан индустриясының әлсіз тұстары. Мұнай мен газды көп мөлшерде өндіргенмен, жан басына есептегендегі пластмасса шығару Еуропа мен АҚШ-тан 300–500 есе аз. Жеңіл өнеркәсіптің үлесі 1% -дан аз, ал мәшине жасау бар болғаны 4% (Жапонияда – 50%, Қытайда – 30%, Қырғызстанда – 11%). Мәшине жасаудың көптеген салалары (автомобиль жасау, электрондық өндіріс) қалыптасу үстінде.

*Ауылшаруашылығында* біздің еліміз – ірі астық өндіруші ел болып саналады. Оның жылдық өндірісі жан басына есептегенде 1 тоннадан асады. Ондай жоғары көрсеткіштер тек бірнеше елге ғана тән. Қазақстан – бидайдың ең бағалы, қатты (макарондық) түрін өндіретін үш әлемдік аудандардың бірі. Сонымен бірге ол дүниежүзіндегі бидай ұнының ірі экспортушысы болып табылады.

КСРО-да Қазақстан еттің ірі экспорттаушысы болды. Мал басының азаюы малшаруашылығындағы бұрынғы жағдайдың төмендеуіне әкелді. Қазір еліміз саланың экспорттық әлеуетін біртіндеп көтеріп келеді.

Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде Қазақстанның өз ұстанымы бекіп келеді. Мұнай бағасының құлдырауына байланысты төмендеуден кейін тауар экспорты өсуде. Қызмет көрсету саудасы мен халықаралық туризм кеңеюде.

**3. Әлеуметтік даму.** БҮҮ тек экономикалық қана емес, әлеуметтік көрсеткіштер арқылы да салыстыру жүргізеді. Ондай көрсеткіштердің қатарына *адамзат дамуы индексі* кіретінін білесіңдер. АДИ 0,9-дан 1 (1 – бұл максимум) аралығы өте жоғары, 0,7–0,9 – жоғары, 0,5–0,7 – орташа және 0,5-тен аз – төмен даму индексі болып саналады. Еліміздегі АДИ 0,764-ке тең.

**Сонымен,** республика қазіргі әлемде екіжақты жағдайда. Оған экономикасы дамыған елдің де, дамушы елдің де белгілері тән. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері Қазақстанды орташа дамыған ел ретінде сипаттайды.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Халықаралық экономикалық салыстырулар не үшін жүргізіледі? Оның нәтижелері елге не береді?
2. Еліміз қандай ресурстар бойынша әлемде ерекшеленеді?
3. Елдің экономикалық қуаттылығы мен даму деңгейін қандай көрсеткіштер бойынша бағалайды?
4. Біздің еліміз экономиканың қандай салалары бойынша әлемде беделді жағдайға ие, қандай салалар бойынша артта қалуда?
5. Қай елде адамдар жақсы тұратынын қалай білуге болады? Біздің еліміздегі өмір сүру сапасын қалай бағалайсыңдар?



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** 26-кесте бойынша Қазақстан өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өнімдерінің қандай түрлері бойынша әлемде жоғары орында екенін анықта. Өзің анықтаған ерекшеліктерге түсініктеме бер.

**2-тапсырма.** Халықаралық еңбек бөлінісінде Қазақстан маманданатын өндіріс және ауылшаруашылығы өнімдерінің түрлерін анықта. Ол үшін мамандану коэффициентін есептеп шығар (тірек параграфы ретінде §59 пайдалан).

Алдымен Қазақстанның әлем халқы мен өндірісіндегі үлесін қатынас бойынша есептеп шығар, мысалы:

$$7530 \text{ млн адам} - 100\%$$

$$18 \text{ млн адам} - x$$

$$\text{Осыдан } x = \frac{18 \text{ млн адам} \times 100\%}{7530 \text{ млн адам}} = 0,24\% .$$

Одан соң өнім өндірудегі үлесін халық саны үлесіне бөліңдер. Сонда мамандану коэффициентін аласыңдар.

Коэффициенттер бойынша елдің әлемдік экономикада рөлі жоғары болатын өнімді анықтаңдар.

**3-тапсырма.** Көрсетілген өнім түрлері бойынша жоғары орында бола тұрып, Қазақстан неге әлемдік экономикада 54-орында?

**4-тапсырма.** АДИ есептеуде қандай көрсеткіштер есепке алынатынын еске түсіріңдер. Қазақстан қай топқа жатады? Елдегі АДИ-ді көтеру үшін Үкіметке қандай ұсыныстар жасайтын едіңдер?

**5-тапсырма.** Жүргізілген зерттеулер нәтижесін көрсететін академиялық формалардың бірін таңдап алып, оларды сыныптастарыңа таныстырыңдар.



**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар):

1. Қазақстанның «№1» табиғи байлығы деп аталатын ресурстар:
  - а) су ресурстары; ә) гидроэнергетикалық; б) орман; в) минералдық; г) жер ресурстары.
2. Қазақстан қай миллиардтың құрамына енеді?
  - а) бірінші; ә) «алтын»; б) «күміс», в) «гауһар»; г) өндірістік дамыған.
3. Қазақстан ... көрсеткіші бойынша әлемде 63-орында:
  - а) ЖІӨ; ә) халықтың саны; б) мемлекеттің аумақтық; в) пайдалы қазбалар қорының; г) АДИ.
4. Қазақстанның халықаралық позициясы мықты өндіріс саласы:
  - а) тау-кен; ә) мұнай-химия; б) мәшине жасау; в) жеңіл өнеркәсіп; г) металлургия.
5. Қазақстан... өсіруден әлемдегі үш елдің бірі саналады:
  - а) қант қызылшасын; ә) мақта; б) күнбағыс; в) қант қамысы; г) қатты сұрыпты бидай.
6. Қазақстанның АДИ көрсеткіші ...
  - а) өте жоғары; ә) жоғары; б) орташа; в) төмен; г) өте төмен.
7. Қазақстан ... көрсеткіші бойынша әлемдегі ең соңғы орындардың бірінде:
  - а) аудан; ә) халықтың саны; б) АДИ; в) пайдалы қазбалар қорының; г) халық тығыздығының.



**Рефлексия** («Бұлтты кесек» әдісі)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жасап, берілгендерден бір сөйлем таңдап алып, оны ауызша аяқта:

*Мен бүгін ... анықтадым.*

*Мен өзімді ... мақтар едім.*

*Енді мен ... істей аламын.*

*Мен ... үйрендім.*

*Маған әсіресе ұнағаны ... .*

*... білу қызықты болды.*

*Менің ... орындағым келді.*

*Сабақ мені ... ойландырды.*

*Бүгін мен ... жасай алдым.*

## САЯСИ ГЕОГРАФИЯ НЕГІЗІНДЕГІ ЕЛТАНУ

## VI



### Сендер білетін боласыңдар:

- география ғылымы зерттеулерінің өзекті мәселелерін;
- географиялық нысандар мен құбылыстар атауларының ерекшеліктерін.

### Сендер үйренесіңдер:

- қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мәнін түсіндіруді;
- әртүрлі академиялық формалардағы зерттеулердің нәтижелерін көрсете білуді.



## ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ

### Сендер білетін боласыңдар:

- әлем елдерінің негізгі топтары туралы;
- халықаралық ұйымдар жүйесіндегі Қазақстанның орны туралы;
- Қазақстанның ЭГЖ ерекшеліктері неде екендігін, оның қандай элементтерден құралатындығын;
- республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінуінің ерекшеліктері туралы.

### Сендер үйренесіңдер:

- әлем елдері қандай белгілері бойынша бірігетінін;
- елдің әкімшілік-аумақтық бөлінуіне сипаттама беруді;
- Қазақстанның ЭГЖ баға беруді.

### §65. Дүниежүзі елдерін топтастыру. Халықаралық ұйымдар

#### Естеріңе түсіріңдер

- Әлемнің саяси картасындағы басты нысандар.
- Егемендік белгісі бойынша қандай елдер топтарына бөледі?

**1. Экономикалық даму деңгейі: елдердің үш тобы.** Қазіргі әлемде 240 елдер мен аумақтар бар, олардың 194-і егеменді мемлекеттер. Олар географиялық жағдайы, жер көлемі, халқының саны мемлекеттік құрылымы, экономикалық даму деңгейі сияқты көптеген параметрлері бойынша ерекшеленеді. Осы айырмашылықтарды көрсету мақсатында эксперттер тиісті классификациялар жасады.

1990 ж. басына дейін экономикалық даму деңгейі бойынша елдерді үш топқа бөлу қабылданған: 1) орталықтандырылған жоспарлы экономикалы елдер (социалистік елдер); 2) нарықтық экономикалы елдер (дамыған капиталистік елдер) және 3) көп құрылымды экономикалы елдер (дамушы елдер).

Социализмнің әлемдік жүйесі таратылғаннан кейін БҰҰ сарапшылары бұл классификацияны жаңартты. Оған да елдердің үш тобы кіреді: 1) дамыған экономикалы (экономикасы дамыған елдер); 2) дамушы елдер және 3) өтпелі экономикалы елдері, яғни жоспарлы социалистік экономикадан нарықтық капиталистік экономикаға өткен елдер.



258-сурет. Елдердің топтары бойынша жан басына есептегендегі ЖІӨ

Осы классификациямен қатар, елдерді 2 топқа бөлу қарастырылған: 1) экономикасы дамыған және 2) дамушы елдер. Бірақ барлық классификациялар үшін жан басына есептегендегі жалпы ішкі өнімнің көрсеткіші арқылы анықталатын *елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейі* басты критерий болып табылады (258-сурет).


**2. Экономикасы дамыған елдер.** Экономикасы дамыған елдер тобына БҰҰ (жер көлемін есепке алмай) 41 елді енгізеді: Еуропада (34), Солтүстік Америкада (2), Азияда (3), Мұхиттық аралдарда (2). Бұл – «алтын миллиард» тобы (халқының саны бойынша: 2016 ж. – 1,052 млрд). Олардың барлығы (жоғары) экономикалық және әлеуметтік деңгейімен және жан басына есептегендегі ЖІӨ-мен ерекшеленеді (259-сурет). Дегенмен елдердің бұл тобы ішкі өркелкілігімен 3 топқа бөлінеді.

Олардың біріншісін *үлкен жетілік (G7)* құрайды, олар – АҚШ, Жапония, ГФР, Ұлыбритания, Франция, Италия және Канада. Бұлар – аса үлкен экономикалық және саяси деңгейлерімен ерекшеленетін қазіргі әлемнің көшбасшы елдері.

**1-мысал.** «Жетілік» елдерінің үлесіне әлем халқының 10%-ы, Дүниежүзілік жалпы өнімнің 47%-ы және дүниежүзілік сауданың 33%-ы жатады. Жан басына есептегендегі ЖІӨ мөлшері 35-тен 55 мың долларды құрайды.

Екінші топқа Еуропаның аса ірі емес елдері жатады. Батыс еуропалық елдерде жан басына есептегендегі ЖІӨ G7 елдеріндегідей, тіпті одан да жоғары Шығыс Еуропа елдерінде 5–10 есе кедейлік бар.


Үшінші топты Еуропадан тыс 4 мемлекет – Кипр, Оңтүстік-Батыс Азиядағы Израиль, Австралия, Жаңа Зеландия құрайды.



259-сурет. Әлем елдері халықтарының жан басына есептегендегі ЖІӨ

**3. Дамушы елдер.** БҰҰ дамушы елдерге Жер шары құрлығының 1/2 бөлігін, әлем халқының 4/5 бөлігін қамтитын 136 елді жатқызады. Дамушы елдердің кең белдеуі батысында Латын Америкасынан шығысында Мұхиттық аралдарға дейін созылып жатыр. Олардың көпшілігі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін егемендікке қол жеткізді.

Бұл – елдердің әркелкі тобы. Мұндай жан басына есептегендегі кіріс деңгейі бойынша айырмашылықтар еш жерде жоқ. Салыстыр: Сомалиде жылына жан басына 100 долл., ал Катарда – 92000 долл. Дамушы елдердің (немесе оны бұрын «үшінші әлем» деп атаған) бір полюсінде Азияның жаңа индустриалды елдері («Азия жолбарыстары») – Сингапур. Оңтүстік Корея және Тайвань болса, екінші полюсінде даму деңгейі төмендеу 48 ел тұр. Олар – Эфиопия, Конго Демократиялық Республикасы, Танзания, Судан сияқты Африка елдері. Бұл топқа Қытай, Бразилия және Үндістан сияқты дамушы әлем елдерінің басты елдері де кіреді. Олар – табиғи, өндірістік және адам күші әлеуеті жеткілікті, экономикасы тез дамыған елдер.



260-сурет. Экономикалық даму деңгейі бойынша елдердің топтары

**2-мысал.** Қытай, Бразилия және Үндістан – әлемнің экономикасы жағынан 2-ші, 7-ші және 9-шы елдері. Олар басқа дамушы елдердің барлығы біріккен ел өніміндей шығарады. Бірақ ЖІӨ мөлшері басқа дамушы елдерден айтарлықтай төмен. Мысалы, Үндістанда ол 2000 доллардан сәл ғана асады.

Елдердің тағы бір өзгеше тобы – *мұнай экспорттаушы бай елдер* (нағыз бай елдер, ал мұнай экспорттаушы елдер әлемде көптеп саналады). Бұлар – ең алдымен Парсы шығанағы елдері – Катар, Кувейт, БАӘ, Бахрейн, Сауд Арабиясы, Оман, сол сияқты Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Бруней мемлекеті. «Мұнай долларының» ағынының арқасында бұл елдердің жан басына шаққандағы ЖІӨ – жылына 20 мың доллардан асады (Катарда одан да көп).

**4. Өтпелі (транзиттік) экономика елдері.** Бұл топқа БҰҰ бұрынғы 17 социалистік мемлекетті жатқызады. ТМД-ның барлық елдері, Грузия, сонымен қатар Балқаш түбегі елдері – Албания, Сербия, Босния мен Герцеговина, Черногория және Солтүстік Македония. Бұлар әлі Еуроодаққа кірмеген елдер.

Бұл елдер тобы да біркелкі емес. Қазақстан мен Ресей (ЖІӨ – адам басына 9–11 мың доллардан) Шығыс-Еуропаның экономикасы дамыған

елдеріне – Венгрия мен Польшаға (14 мың) жақын. Қырғызстан мен Тәжікстан (1000 долл. сәл артық) нашар дамыған елдермен бір қатарда.

**5. Қазақстан халықаралық ұйымдар жүйесінде.** Қазіргі әлемнің көптеген мәселелеріне (біздің де елімізге қатысты) аймақтық (мысалы, трансшегаралық өзендерді пайдалану) немесе бүкіләлемдік (бейбітшілікті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, терроризм, заңсыз наркотик сату) сипаты бар. Олар елдер тобының немесе халықаралық ұйымдардың бірлескен іс-әрекетін қажет етеді. Бұл *халықаралық ұйымдардың құрылуына* ықпалын тигізді.

Халықаралық ұйымдар саны 3000-дай. Ең жан-жақты, өрі саны жағынан ірісі – Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе БҰҰ (штаб-пәтері Нью-Йоркте). Ол бейбітшілікті қолдау мен бекіту, мемлекеттер арасында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған. Оған әлемдегі 194 егемендік елдердің 193-і кіреді.

Біздің еліміз 1992 жылы БҰҰ құрамына, артынша оның арнаулы мекемелері – ЮНЕСКО (білім, ғылым және мәдениет жөніндегі БҰҰ), МАГАТЕ (атом қуаты жөніндегі халықаралық агенттік), ХВҚ (халықаралық валюта қоры) және Дүниежүзілік банк құрамына енді.

Аймақтық деңгейде Қазақстан ТМД-ға және ШЫО (Шанхай Ынтымақтастық Одағына) мүше. ШЫО Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай бұрынғы кеңес-қытай шеғарасындағы даулы мәселелерді шешу мақсатында құрылған («Шанхай бестігі»). Одан кейін «бестікті» ШЫО елдерінің арасындағы қауіпсіздікті және ынтымақтастықты бекіту мақсатындағы ұйымға айналдыру Үндістан, кейінірек ШЫО-на Өзбекстан, Үндістан, Пәкстан мемлекеттері қосылды.

Біздің еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) жұмысына да қатысады. 2010 ж. Қазақстан осы беделді халықаралық ұйымға төрағалық етті. Республиканың әлемдегі ең ірі ұйым – Еуропалық Одақпен (ЕО) өзара ынтымақтастық жайлы келісімі бар. ЕО құрамына 500 млн халқы бар 28 мемлекет енеді. Еуропалық Одақ – елдердің Қазақстанның маңызды сауда серіктесі.

**Сонымен, қазіргі әлем халықтары үшін экономикалық дамудың үлкен өркелкілігі тән. Ғаламдық дамудың осы және басқа мәселелерін шешу үшін халықаралық ұйымдар үлкен рөл атқарады.**

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. Әлемде 240 ел мен аумақтар бар. 1900 ж. олардың тек 57 ғана егеменді (саяси тәуелсіз) ел болса, 2011 жылы олардың саны 194-ке дейін өсті. Оның ішінде Ватиканнан басқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамында.

2. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін көп ұзамай 1945 жылы БҰҰ құрылды, ол халықтың соғыс зардабын бұдан былай тартпауы үшін құрылған ұйым болды. Уақыт өте ұйымның мақсат-міндеттер ауқымы кеңейді, қазіргі уақытта БҰҰ барлық әлемдік мәселелерді шешуге қатысады. Өр жылы қыркүйекте оның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде Бас Ассамблея жиналады. Оған барлық мүше елдердің Сыртқы істер министрлері (ол мерейтойлық отырыстарға мемлекет және үкімет басшылары) жиналады. Ассамблея күн тәртібіндегі мәселелер саны көп жағдайда 150-ге дейін жетеді.

3. Шанхай Ынтымақтастық Одағы 2001 ж. құрылды. Қазіргі кезде ол 8 елді біріктірген ең қуатты аймақтық халықаралық ұйым болып табылады. Оның халқы 2,9 млрд адам немесе бүкіл адамзаттың 2/5 бөлігі.

4. ШЫО-ның жоғарғы ұйымы – мемлекет басшыларының кеңесі. Жыл сайын саммиттер (жоғары деңгейдегі кездесулер) өткізіліп тұрады. Атқарушы секретариат тұрақты түрде жұмыс істейді. Оның штаб-пәтері Пекинде. Оның символы – гербі бар ақ ту; екі жанында лавр бұтақшалары, ортасында ШЫО елдері тұратын Жердің шығыс Жер шарының символдық бейнесі салынған.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ



### Өзіңді тексер!

1. Елдің экономикалық даму деңгейін көрсету үшін неліктен жан басына есептегендегі ЖІӨ алынған?
2. БҰҰ қандай елдер тобын бөледі?
3. Қазақстан қандай елдер тобына жатады?
4. Елдің халықаралық ұйымдарға мүше болуының қандай маңызы бар? Біздің еліміз мүше болып саналатын ұйымдарға мысал келтір.



### Тапсырмаларды орында

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 5 сұраққа 30 сек. жауап беріп, «Әлемнің саяси картасының білгірі» атағын ал.

1. Елдің экономикалық дамуын сипаттайтын көрсеткіш... .
2. БҰҰ экономикалық дамуы бойынша елдер тобын бөледі... .
3. Ең саны көп елдер тобы... .
4. Жапония, Канада, Франция... елдер жатады.
5. Әлемдегі ең ірі аймақтық халықаралық ұйым.

**2-тапсырма.** 258-суреттегі мәліметтерге талдау жаса. Елдер тобы арасында жан басына шаққандағы көрсеткіші бойынша ЖІӨ қандай айырмашылықтары бар?

**3-тапсырма.** Үндістан, Оңтүстік Корея, Қытай, Бразилия елдері қандай белгілері бойынша топталған? Қай ел бұл тізімде артық?

**4-тапсырма.** Экономикалық даму деңгейі бойынша «Әлем елдерін топтастыру» тақырыбына постер құрастыр.

**5-тапсырма.** Дамушы елдердің артта қалуының өз аспектілері бар: моральдық (бұлар «алтын миллиард» елдерінің бұрынғы отарлары), әлеуметтік (босқындар легі), саяси (мемлекетаралық қақтығыстар) және әскери (ДАИШ-ИГИЛ теңсіздікке қарсы наразылық толқынында пайда болған). Бұлар адамзат үшін аса қауіпті. «Үшінші өлемдегі» экономикалық артта қалушылықты жеңуге өз жобаңды ұсын.



### Кескін картамен жұмыс

Кескін картада: 1) елдердің даму деңгейлері бойынша топтары мен топшаларын белгіле; 2) сапалық фон тәсілі арқылы G7 елін, дамушы әлемнің басты елдерін және бай мұнай экспорттаушы елдерді көрсет. Номенклатураны жаттап, бағаға тапсыр.



**Тест тапсырмалары** (бір немесе бірнеше дұрыс жауап):

1. БҰҰ барлық елдерін... топқа бөледі.  
а) 2; ә) 3; б) 4; в) 5; г) 6.
2. «Үлкен жетілікке» кіретін ел:  
а) Испания; ә) Канада; б) Мексика; в) Германия; г) Австралия.
3. Азияның жаңа индустриялды елдері:  
а) Жапония; ә) Үндістан; б) Қытай; в) Оңтүстік Корея; г) Сингапур.
4. Нашар дамыған елдер:  
а) Алжир; ә) Эфиопия; б) Конго Демократиялық Республикасы; в) Кувейт; г) Тайвань
5. Әлемдегі ең саны үлкен ғаламдық әмбебап халықаралық ұйым:  
а) ШЫО; ә) ЕҚЫҰ; б) Еуропалық Одақ; в) БҰҰ; г) ЮНЕСКО.
6. ШЫО... кіреді.  
а) Түрікменстан; ә) Египет; б) Қазақстан; в) Қытай; г) Ресей.



**Баяндамалар мен жобалық жұмыстардың тақырыптары**

1. ТМД: өткені, қазіргісі және болашағы.
2. Шанхай Ынтымақтастық Одағы.
3. БҰҰ: міндеттері, құрылымы, негізгі бағыттары.



**Кітап сөресі**

Интернет мекенжайлары

<http://www.un.org/ru/index.html> – Біріккен Ұлттар Ұйымының сайты.

<http://rus.sectsc.org/> – Шанхай Ынтымақтастық Одағының сайты.



**Рефлексия** ((Ү) – плюс, (Т) – минус; (Қ) – қызықты тәсілдері)

Сабақтағы өз жұмысыңа талдау жаса: жұмыс дәптеріңе кестені толтыр.

Ү (сабақтағы тапсырмалар, ақпараттар қнады)	Т (түсініксіз, пайдасыз ақпарат)	Қ (қызықтыратын фактілер, тағы да білгім келеді)
---	----------------------------------	--

## §66. Қазақстанның географиялық жағдайы

### Естеріңе түсіңдер

- Географиялық жағдайдың қандай түрлері бар?
- Саяси-географиялық жағдай сипаттамасының жоспары.

Географиялық жағдай ұғымымен сендер танысыңдар. Тиісті жағдайлар түріне байланысты оны өртүрлі көзқараста: физикалық-географиялық, экологиялық-географиялық, экономикалық-географиялық және саяси-географиялық тұрғыда қарастыруға болатынын білесіңдер.

#### 1. Экономикалық-географиялық жағдайдың үш басты элементі.


*Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайы – оның дамуының халықаралық экономикалық факторларға қатысты алғандағы әлемнің экономикалық картасындағы жағдайы. ЭГЖ тиімді немесе тиімсіз болуы мүмкін. ЭГЖ-дың үш басты элементтері (261-сурет).*

*Нарықтық-географиялық жағдайда елдің өлемдік ірі нарықтарға қатысты орналасуының маңызы зор. Өлемдік экономиканың үш ірі нарығы, үш басты орталығы – АҚШ, Еуропалық Одақ және Шығыс Азия (Қытай, Жапония, Корея Республикасы).*

262-суреттен өлемдік экономика орталықтарын табыңдар. Қазақстан оларға қатысты қалай орналасқанын анықтаңдар. Қалай ойлайсыңдар, еліміздің сыртқы саудасы қай орталықпен көбірек байланысқан?



261-сурет. Экономикалық-географиялық жағдайдың элементтері мен түрлері



262-сурет. Транзиттік теміржолдар және олардың теңіздік бәсекелестері

*Көршілік* жағдайға баға беру көрші елдердің экономикалық даму деңгейіне, олардың шаруашылық бағытына және халықаралық экономикалық бірлестіктерге бірге қатысуына байланысты.

Халықаралық экономикалық бірлестіктерге бірге қатысу көрші елдер арасындағы байланысты нығайта түседі. Ондай бірлестіктердің мәні – шаруашылық байланыстарды қиындататын (мысалы, кедендік баж салығын) шектеулерді жою. Мысалы, ТМД-да баж салығынсыз еркін саудалау туралы келісімшарт жасалған. Елдер арасындағы шаруашылық байланыстар экономикалық *интеграцияға\** ұласқанда барлық кедергілер жойылады. Интеграция (бірігу) жағдайында біртұтас экономикалық кеңістік құрылады. Мұндай интеграция Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей мемлекеттерінің қатысуымен *Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО)* түрінде құрылған.

Дегенмен ЭГЖ негізгі элементі *көліктік-географиялық жағдай* болып есептеледі. Оған баға берудегі басты нәрсе – елдегі сауда жолдарының қалай өтетіндігі мен оның транзиттік мүмкіндігі.

262-сурет бойынша Шығыс Азия мен Еуропа арасында сауда жүктерін тасымалдауда қай жол басты болып саналатынын анықтаңдар. Ол біздің елге қатысты қалай өтеді? Ең ұзын және салыстырмалы түрде алғанда арзан жолды атаңдар.

Халықаралық шаруашылық байланыстарды көбінде теңіздік сауда жолдары қамтамасыз етеді, өйткені теңіздік тасымалдау құрлық жолына қарағанда арзанырақ. Осыған байланысты көліктік-географиялық жағдайды теңіздік және құрлықшілік деп бөледі. Теңіздік жағдай құрлықшілікке қарағанда қолайлырақ, өйткені теңіз жағалауындағы елдер шаруашылық байланыс бағытын еркін таңдай алады.

Құрлықшілік елдер әлемдік нарыққа шығу үшін көрші елдердің аумағын пайдаланады, бұл үлкен көліктік шығынды қажет етеді. Егер құрлықшілік мемлекет транзиттік (аралық) жағдайда орналасса [1] бұл шығындарды қалпына келтіруге болады. Мысалы, Қырғызстаннан мақта Ресейге Қазақстан арқылы өтетін теміржолмен жеткізіледі. Бұл жағдайда Қазақстан транзиттік ел және транзиттік төлемді алушы ел болып саналады [2].

262-суреттен Қазақстан арқылы өтетін басты халықаралық теміржолдарды табыңдар. Олар қалай аталады? Еуразияның қай аймақтарын байланыстырады? Біздің елдің транзиттік мүмкіндіктерін қалай бағалайсыңдар?

Біздің еліміздің транзиттік өлеуеті зор. Қазақстан – Еуразияның үш жағалауы арасындағы алып құрлықтық көпірдің орталық буыны болып табылады [3].

**2. Қазақстанның ЭГЖ: плюстері мен минустары.** Біздің еліміздің ЭГЖ-ның қолайлы және қолайсыз жақтары бар. Басты қолайсыз жағдайы – Еуразия құрлығының түкпірінде орналасуы, әлемдік сауда жолдары мен әлемдік экономикалық орталықтар – АҚШ, ЕО, Шығыс Азиядан алыс орналасуы. Сонымен қатар Қазақстан құрлықтар мен елдерді тең бөліп қана емес, қосып жатқан Дүниежүзілік мұхитқа да тікелей шыға алмайды.

Бірақ физикалық-географиялық жағдайдан өзгешелігі, ЭГЖ-ды жақсы жағына өзгертуге болады. Оған нақты мысал – біздің еліміздің тез өзгертін географиялық жағдайы.

ЭГЖ-ны жақсарту үшін еш мемлекет Қазақстандай күш жұмсамайды. Мұнда еліміз географиялық жағдайдың қолайлы жақтарына сүйенеді. Біріншіден, бұл әлемдік экономиканың екі орталығы Шығыс Азия мен Еуропаның арасындағы *транзиттік жағдайы*. Қазақстан Шығыс және Орталық Азия, Орталық Азия мен Еуропа, ТМД-ның еуропалық және



263-сурет. «Астана» мұнай құятын танкері – Каспий теңізіндегі Қазақстан флотының алғашқыларының бірі

азиялық елдерін байланыстыратын транзиттік ел. Транзиттік өлеуетті жүзеге асыру үшін республика қызмет көрсетуші жолдарды жаңартып, жаңа көліктік жолдарды салады. Бұл уақытты қысқартуға және тасымалдау құнын азайтып, жүктің бір бөлігін Оңтүстік теңіз жолынан Қазақстанның темір және автомобиль жолдарына қайта бағыттауға мүмкіндік береді [4]. Екіншіден, бұл – *Каспий теңізіне* және Каспий жағалауы елдері арқылы Атлант және Үнді мұхиттарына *шығу* болып табылады. Бұл бағыттағы шаруашылық байланыстарды нығайту үшін еліміз Каспий мен мұхитқа арналған өз флотымызды дамытуда (263-сурет).

Үшінші, бұл – *Ресеймен және Қытаймен көршілік жағдай*. Бұл біз үшін тез дамушы нарық пен көліктік шығынды үнемдеуге мүмкіндік беретін қолайлы байланыстар. Бұл батыста – Еуропаға және шығыста – Азия-Тынық мұхит аймағына бағытталған сауда жолы [5].

### 3. Әлеуметтік және саяси-географиялық жағдайдың алты ерекшелігі.

*Геосаяси (саяси-географиялық) жағдай* – бұл елдің саяси картадағы стратегиялық маңызы бар шетелдік мемлекеттер мен олардың одақтарына қатысты алғандағы орны.

Қазақстанның ГСЖ-ның келесі ерекшеліктерін бөлуге болады.


**Бірінші ерекшелігі** – құрлықшілік жағдайы. Бұл елді басқа көрші мемлекеттерге тәуелді етеді. Бұл тәуелділікті азайту үшін Қазақстан әлемдік нарыққа жаңа көлік дәлізін салуға қатысуда.

**Екінші ерекшелігі** – әртүрлі мәдениеттер – ислам, православие және конфуциандық (Қытай) тоғысында орналасуы. Еліміздің Үкіметі

біздегі бейбітшілікті, мәдениеттердің өзара ынтымағын қамтамасыз етті. Әлемдік және ұлттық діндердің халықаралық деңгейдегі форумы өткізіліп тұрады.

**Үшінші ерекшелігі** – Еуропа мен Азияның арасында орналасуы. Қазақстан Батыс пен Шығыстың арасындағы өзгеше бір көпір тәрізді. Мемлекет еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін толық пайдалануға тырысады. Шетелдердің Қазақстан арқылы тасымалдайтын үлкен тауар ағыны олардың республика қауіпсіздігіне мүдделілігін жоғарылатады.

**Төртінші ерекшелігі** – екі ірі держава – Қытай мен Ресейдің арасында орналасуы. Бұл елдер Қазақстанмен бірге ШЫО-на қатысады. Олардың елдің егемендігі мен біртұтастығының гаранты ретінде маңызы зор. Бұлар – біздің ірі сауда серіктестеріміз. Олардың аумағында 2 млн-нан астам этникалық қазақтар тұрады. Мұндай көршілік жағдайда Қазақстан екі мемлекеттің де мүдделерін ескеруге, ымыраға келуге тырысады.



264-сурет. Қазақстанның көршілік жағдайы

**Бесінші ерекшелік** – Қазақстанның шегара аймағындағы шиеленісу ошақтарының («ыстық нүктелердің) болуы. Ең қауіпті ошақ – Ауғанстан (халықаралық террор, наркотиктер).

**Алтыншы ерекшелік** – Каспий аймағындағы жағдайы, яғни Каспий теңіз-көлінің статусы туралы келісімге қол жеткізуі.

**Сонымен, Қазақстанның географиялық жағдайының қолайлы өрі қолайсыз жақтары бар. Біздің еліміз транзиттік мүмкіндіктер мен қолайлы көршілестікке сүйене отырып, өзінің қолайсыз құрлықшілік географиялық жағдайын тұрақты түрде жақсартып келеді.**

**Қосымша мәтін: қызықты мәліметтер**

1. 2018 ж. дүниежүзілік сауданың 2/3 әлемдік экономиканың үш орталығы қамтамасыз етті: Еуропалық Одақ (14 трлн долл.), Шығыс Азия (9 трлн) және АҚШ (4 трлн). Қазақстанның 78 млрд доллар сыртқы саудасының 30 млрд долл. – ЕО-тың, 13,6 млрд – Шығыс Азияның және 1,6 млрд – АҚШ-тың үлесіне тиді.

2. 2018 ж. Шығыс Азия мен Еуропа арасындағы тауар саудасы 1,4 трлн долл-ға жетті, ал оларды тасымалдауға 110 млрд долл. жұмсалды. Бұл өртүрлі елдердің темір, автомобиль жолдары мен теңіз флоттарының ұмтылатын транзит әлеуеті осы.

3. Тынық мұхиттан Атлантикаға дейінгі үздіксіз теміржолдары Азия-Еуропа құрлықтық көпірлері деп атайды. Бірінші (солтүстік) көпірі – Владивостоктан Еуропаның ірі теңіз айлағы Роттердамға дейінгі Транссібір магистралы. Екінші көпір – Роттердамнан ірі Қытай айлағы Ляньюнганға дейінгі Қазақстан арқылы өтетін Еуразия теміржол магистралы («Жаңа Жібек жолы»). Бұл жаңа көпірдің (1992 ж. салынған) болашағы зор: ол Еуропа мен Азияның ірі экономикалық орталықтарын байланыстырады және сонымен қатар солтүстік көпірге қарағанда қысқарақ.

4. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік автомобиль жолы «XXI ғасырдың Ұлы Жібек Жолы» деп атайды. Ол Санкт-Петербург маңындағы Ресей-Финляндия шегарасынан басталып, Мәскеу, Ақтөбе, Шымкент, Алматы, Үрімші арқылы өтіп, Ляньюнганда аяқталады. Трассаның ұзындығы – 8445 км (2787 км Қазақстанда), жолақ саны – 4-6, қозғалыс жылдамдығы 100-150 км/сағ дейін, жол жүру уақыты 10 күндей. Қайта жаңғырту аяқталған соң (2015 ж.) транзиттік тасымалдау 3 есеге өсті.

5. Еуразияның оңтүстік-батысындағы Қазақстанның сыртқы саудасының тірек базасы Батуми қаласындағы теңіздік айлақ (біздің елдің меншігінде). Ол арқылы Қазақстан мұнай, сұйытылған газ, тыңайтқыш экспортқа шығарып, кен, қант шикізатын импортқа әкеледі. Солтүстік-батыс пен оңтүстікте ондай базалар Прибалтикада, Украинада, Ресейде, Әзербайжанда, Иранда құрылған. Олар астық терминалы (қоймалары) түрінде құрылған, Қазақстан оларға қоса иелік етеді. Шығыстағы біздің елдің терминалдары Ляньюнган айлағында орналасатын болады.

## ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ

### **Өзіңді тексер!**

1. Неліктен елдің шаруашылық дамуында экономикалық-географиялық жағдайды ескеру қажет? 2. ЭГЖ-ға баға беру қандай элементтерден құралады? Сендерше, қай элемент маңыздырақ және неліктен? 3. Қазақстанның ЭГЖ мен ГСЖ бірдей қолайсыз деп есептеуге бола ма? 4. Қазақстанның геосаяси жағдайының басты ерекшеліктерін атаңдар. 5. *Экономикалық-географиялық жағдай, көршілік жағдай, халықаралық транзит түсініктерінің* мазмұнын ашыңдар.



### **Тапсырмаларды орында**

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар: 30 секунд ішінде 5 сұраққа жауап беріп, «+5» ал.

1. Экономикалық-географиялық түсінігінің авторы... .
2. Экономикалық-географиялық жағдай... болуы мүмкін.
3. ЭГЖ басты элементі... .
4. Елдің аралық экономикалық-географиялық жағдайы... .
5. Қазақстан өсіресе... көршілес болудың рөлі зор.

**2-тапсырма.** «ЭГЖ түрі – оның сипаттамасы» жұптарының сәйкестігін анықтаңдар.

Жағдай	Бұл жағдай қатысты
1. Нарықтық-географиялық	1. Шегаралас елдерге
2. Көліктік-географиялық	2. Өлемдік нарық орталықтарына
3. Көршілік	3. Халықаралық сауда жолдарына

**3-тапсырма.** Транзиттік тасымалдаудың бағыттарын үш қосылғыш арқылы анықтайды. Біріншісі – жылдамдық, үшіншісі – сақталу. Екінші қосылғышты табыңдар.

транзит	бұл	жылдамдық	+	?	+	сақталу
---------	-----	-----------	---	---	---	---------

Бұл формулаға Қазақстанның халықаралық транзиттен түсетін кірісін есептеуге қатысты түсінік беріңдер.

**4-тапсырма.** Роттердамдық (Нидерланды) кәсіпкер Оңтүстік Корей Республикасындағы LG компаниясынан компьютерлер топтамасын сатып алды. Компьютерлерді Роттердамға жеткізу уақыты – 30 күн. 261-суретке сүйене отырып, жүкті жеткізудің ең қолайлы жолын таңдаңдар. Электроника теңіздік ауаның әсерімен жылдам істен шығатыны туралы LG сарапшыларының ескертпесін еске алыңдар. Бағытты мына жоспармен сипаттаңдар: 1) аты; 2) бастапқы

және соңғы пункттер; 3) ол басып өтетін географиялық нысандар (мұхиттар, теңіздер, елдер, қалалар); 4) техникалық-экономикалық сипаттама (жол ұзақтығы, уақыт және жүкті жеткізу құны).

**5-тапсырма.** Оқулық мәтіні мен 264-суретке сүйене отырып, Қазақстанның көршілік жағдайына баға беріңдер. Салыстырыңдар: 1) Қазақстанның және көршілес мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі; 2) Қазақстанның көршілес елдермен сауда көлемі. Тапсырма бойынша жалпы қорытынды жасаңдар.

**6-тапсырма.** 261-сурет пен 264-суретке сүйене отырып, Қазақстан мен Өзбекстанның экономикалық-географиялық жағдайын салыстырыңдар. Жоспар: 1) Аймақтың картасындағы орны; 2) Көршілік жағдайы (көршілес елдер, даму деңгейі, олармен шаруашылық байланысы); 3) Нарықтық-географиялық жағдайы; 4) Көліктік-географиялық жағдайы (теңіздер мен мұхиттарға шығуы; халықаралық сауда жолдарына қатысты жағдайы; аумақтың транзиттік мүмкіндігі). Екі елдің ЭГЖ-ның ұқсас жақтарын табыңдар. Қай елдің экономикалық-географиялық жағдайы қолайлырақ? Неліктен?



### Тест тапсырмалары

- ЭГЖ-ға баға беруде... басты элементтерді ажыратады.
  - екі; ә) алты; б) үш; в) бес; г) төрт.
- Әлемдік экономиканың орталықтарына қатысты... жағдай.
  - көліктік-географиялық; ә) нарықтық-географиялық; б) көршілік;
  - транзиттік; г) теңіздік жағдай.
- Қазақстанның ЭГЖ тиімсіз жағдайы – бұл...
  - теңіздік; ә) құрлықшілік; б) транзиттік; в) көршілік;
  - Каспий жағалаулық.
- Ірі әлемдік нарықтардан қашықтығы бұл – Қазақстан ЭГЖ... жағы.
  - тиімсіз; ә) бейтарап; б) тиімді; в) болашағы бар; г) уақытша.
- Қазақстанның ЭГЖ-ның тиімді жағы:
  - Қытаймен көршілес болу; ә) ЕО-дан қашықтығы; б) мұхитқа тура шығудың мүмкін еместігі; в) теңіздік жағдайы; г) әлемдік нарықтан қашықтығы.
- Каспий жағалауы жағдайы Қазақстанға ... қосымша жолдар ашады.
  - Солтүстік Мұзды мұхитқа; ә) Атлант және Үнді мұхиттарына;
  - Қытай мен Моңғолияға; в) Орталық Азияға; г) Қиыр Шығысқа.
- Егер қазақстандық компания Қырғызстанға фосфат тыңайтқыштарын Өзбекстан мен Тәжікстанның теміржолдары арқылы жеткізсе, ол транзиттік төлемдерді...
  - Қазақстанға; ә) Қырғызстанға; б) Өзбекстанға; в) Тәжікстанға;
  - Өзбекстан мен Тәжікстанға төлейді.



### Сенің көзқарасың

Елдің физикалық-географиялық жағдайын «өзгертуге болмайтын тағдыр» деп атайды. Бұл экономикалық-географиялық жағдайға қатысты ма? Өз көзқарастарыңды негіздеңдер.



### Рефлексия («Сауалнама» тәсілі)

Сабақтағы өз жұмыстарыңа талдау жасаңдар: жұмыс дәптерлеріңде тез әрі қысқа мына сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Белсенді/құлықсыз жұмыс істедім
2. Жұмысыма қанағаттанамын/қанағаттанбаймын
3. Материал түсінікті/түсініксіз  
пайдалы/пайдасыз  
қызықты/қызықсыз

## §67. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінуі мен хоронимдері

### Естеріңе түсіріңдер

- Мемлекеттік құрылым формалары.
- Елдер әкімшілік-аумақтық құрылымының формасы бойынша қалай бөлінеді?

Әкімшілік-аумақтық құрылым мемлекет формасы түсінігіне жатады. «Мемлекет формасы» түсінігі екі құрамдас бөліктен тұрады: басқару формасы және мемлекеттік құрылым формасы (265-сурет).

Біздің елімізде мемлекет басшысы – Президент. Бұл республиканың басқару формасы түріндегі белгісі. Конституция бойынша Президент елдің саяси өмірінде басты рөлді атқарады. Сол себепті, біздің мемлекетіміз басқару формасы бойынша – Президенттік республика. Қазақстандағы



265-сурет. «Мемлекет формасы» түсінігінің сызбасы



266-сурет. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы

заң шығарушы Үкімет екі Палаталы парламентке жатады. Парламенттің жоғарғы палатасы – Сенат, төменгісі – Мәжіліс. Атқарушы Үкіметті Премьер-министр басқарады.

Мемлекеттік құрылым формасы бойынша Қазақстан – унитарлы (біртұтас) мемлекет. Оның басты белгісі – біртұтас заң шығарушы Үкімет пен ел аумағындағы біртұтас заңдар. Унитарлы мемлекеттерде әлеуметтік-экономикалық даму өкімшілік-аумақтық құрылым негізінде жүзеге асырылады.

Біздің елімізде өкімшілік-аумақтық құрылымның үш буынды жүйесі қабылданған (266-сурет). Оның негізін 14 облыс құрайды. Облыстар аудандарға, ал аудандар округтерге бөлінген. Облыс, аудан, округ – өкімшілік-аумақтық бөлінудің үш басты буыны. Сонымен қатар қалалар да өкімшілік бірліктер



267-сурет. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөліну картасы



268-сурет. Нұр-Сұлтан – біздің Отанымыздың астанасы

болып саналады. Олардың ішінде республикалық маңызы бар қалалар – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент ерекше орын алады.

Нұр-Сұлтан – мемлекеттің саяси орталығы, оның «визит карточкасы» (267-сурет). Нұр-Сұлтан іскерлік белсенділік және мәдени өмірдің орталығы ретінде маңызы жылдам артып келеді. Алматы – еліміздің ірі қаласы, ғылымның, мәдениеттің, өндірістің орталығы. Қазақстан үшін оның рөлін «Оңтүстік Нұр-Сұлтан» атты атақ білдіреді. Шымкент 2018 жылы халқының саны миллионнан асқаннан кейін республикалық маңызы бар қалаға айналды.

Әрбір әкімшілік-аумақтық құрылымдарда жергілікті өкілетті (мәслихаттар) және мемлекеттік басқару органдары (әкімшіліктер) жұмыс істейді.

Географиялық тұрғыда Қазақстанды 5 ірі аймаққа бөлу қабылданған. Олар – Орталық, Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік және Батыс.

Карта бойынша (267-сурет) оларды қандай облыстар құрайтынын анықтаңдар. Қай облыстарда республикалық маңызы бар қалалар бар? Сендердің облыстарың (қала) қай аймаққа жатады?

Еліміздің облыстарының хоронимдері географиялық жағдайды, астаналық жағдайды қоса алғанда, этникалық қатыстығы (этнонимдер), атақты адамдардың есімдерін (антропонимдер), киелі нысандарды, сандарды, өсімдіктер (фитонимдер) мен жануарлар (зоонимдер) атауларын, сондай-ақ оронимдер мен гидронимдерді көрсетеді.

**Сонымен, біздің елімізде әкімшілік-аумақтық құрылымның үш жүйесі қабылданған, бірінші буынға 14 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қалалар кіреді.**

**ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БЛОҒЫ**

**? Өзіңді тексер!**

1. Елдің аумағы не себепті аудандарға бөлінеді?
2. ҚР өкімшілік-аумақтық бөлінуін неліктен үшбуынды деп атайды?
3. Біздің елімізде қандай өкімшілік-аумақтық құрылымдар бірлігі қабылданған?



**Тапсырмаларды орында**

**1-тапсырма.** Экспресс-сұрақтар:

1. Қазақстан өкімшілік-аумақтық құрылымы формасы бойынша ... .
2. Қазақстандағы өкімшілік-аумақтық құрылым жүйесі ... .
3. Өкімшілік-аумақтық құрылымның жоғарғы буыны... .
5. Республикалық маңызы бар қалалар саны... .

**2-тапсырма.** Санмен белгіленген облыстар мен облыс орталықтарын атаңдар. Тірек (267-сурет).

- 1-нұсқа – 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13
- 2-нұсқа – 2,4 ,6, 8, 10,12, 14

**3-тапсырма.** Карта (267-сурет) және жекелеген облыс аумағының суреті бойынша:

- 1) Қандай облыстардың контуры әріппен белгіленгенін анықтаңдар;
- 2) Осы облыстарды олардың аудандарының кішірею тәртібімен орналастырыңдар;
- 3) Қазақстанның ең үлкен және ең кіші облысын атаңдар;
- 4) Республикалық маңызы бар қалалар қай облыстардың аумағында орналасқан?



**5-тапсырма.** Облыстар хоронимдерін оқулық мәтініне сүйеніп топтаңдар. Олардың мағыналық маңызын түсіндіріңдер. Мысалы:

Облыс атауы	Топоним түрі	Мағыналық маңызы
Түркістан облысы	Этноним	<i>стан</i> (иран тілінде) – ел; түркі халықтары елі

**6-тапсырма.** Облыс атауларын үш тілде кесте түрінде жазыңдар.

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Қарағанды облысы	Карагандинская область	Karaqandy region



### Кескін картамен жұмыс

- 1) «Қазақстанның өкімшілік-аумақтық құрылымы» атауын жазыңдар.
- 2) Облыстар шегараларын жүргізіңдер.
- 3) Облыстардың, олардың орталықтарының және республикалық маңызы бар қалалардың аттарын жазыңдар. Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік, Орталық және Батыс Қазақстанның облыстарын әртүрлі түстермен бояңдар.

Картаға түсірілген нысандарды (номенклатура) есте сақтаңдар. Номенклатураны бағаға тапсырыңдар.



### Тест тапсырмалары

1. ҚР өкімшілік-аумақтық құрылымының жоғарғы буынында:
  - а) 14 округ; ә) 14 аудан; б) 14 облыс; в) 177 аудан; г) 2267 округ бар.
2. ҚР өкімшілік-аумақтық құрылымын:
  - а) округ; ә) ауылдық кеңес; б) облыс; в) аудан; г) уезд құрайды.
3. Республикалық маңызы бар қалаларға жататындар:
  - а) Қарағанды; ә) Шымкент; б) Павлодар; в) Нұр-Сұлтан; г) Тараз.
4. Қазақстандағы ауданы ең үлкен облыс:
  - а) Солтүстік Қазақстан; ә) Шығыс Қазақстан; б) Ақтөбе; в) Қарағанды; г) Маңғыстау.
5. Қазақстандағы республикалық маңызы бар қалалар ... орналасқан:
  - а) Солтүстік; ә) Шығыс; б) Орталық; в) Оңтүстік; г) Батыс аймақта.
6. Ауданы бойынша ең кіші облыс:
  - а) Жамбыл; ә) Павлодар; б) Атырау; в) Түркістан; г) Солтүстік Қазақстан.
7. Маңғыстау облысының орталығы:
  - а) Атырау; ә) Ақтөбе; б) Ақтау; в) Ақсу; г) Жаңаөзен.



### Рефлексия («Тақбалау» әдісі)

Сабақтары өз жұмысыңды талда. Мәтіннің шетіне қарындашпен белгі сал.

- «+» – білемін.
- «!» – жаңадан білдім.
- «?» – білгім келеді.

**§68. 4-тоқсандық жиынтық бағалау сабағы****Тренинг****1-тапсырма.** Атаңдар:*1-нұсқа*

FTP сипаттайтын белгілері

*2-нұсқа*

FTP құрам бөліктері

**2-тапсырма.** Түсініктерге анықтама беріңдер.*1-нұсқа*

а) АДИ

ө) ЖІӨ

*2-нұсқа*

а) географиялық экономикалық аудандар

ө) еңбек бөлінісі

**3-тапсырма.** Мына қабылдаулар дұрыс па? Қажетті түзетулерді енгізіңдер.*1-нұсқа*

1) Қазақстанның бидай белдеулері: Қостанай, Ақмола және Ақтөбе облыстарын құрайды. 2) Жүк айналымы – тасымалдау кезіндегі тасымалданған жүктің массасы.

*2-нұсқа*

1) Климаттық жағдай (жылу мен ылғалдың қатынасы) – малшаруашылығы саласын орналастырудың негізгі факторы. 2) Біздің мемлекетімізде 1973 ж. Атырау қаласында тұрғызылған жалғыз АЭС ғана жұмыс істейді.

**4-тапсырма.** Картаны және төмендегі жоспарды пайдаланып, Қазақстанның экономикалық аудандарының біріне (өз таңдауың бойынша) сипаттама жаса:

1) ЭГЖ-ның ерекшелігі; 2) облыс құрамы; 3) табиғат жағдайлары, негізгі табиғат ресурстары; 4) халқының сипаттамасы (саны, орналасу тығыздығы, ұлттық құрамы, таралып орналасуы, ірі қалалары); 5) өндіріс орталықтары және мамандандырылған саласы.

## ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ

**Акционерлік қоғам (АҚ)** – өз капиталын құнды қағаздар-акциялар сату арқылы қалыптастыратын кәсіпорын. Акцияның иесі АҚ пайдасының бір бөлігін өзіне алуға құқы бар.

**Аймақ** – бірнеше елді мекендерді біріктіретін елдің кез келген бөлігінің жалпы атауы. Аймақ деп әкімшілік ауданды, облысты, облыс топтарын атауға болады.

**Азаматтық хал актілерін жазу (АХАЖ)** – адамдардың туу, өлу, некеге түру мен некеден шығуы жайлы мәліметтер тіркейтін мемлекеттік орган.

**Атеист** – Құдай барын жоққа шығарушы адам.

**Агломерат** – темір кенінен оны әктаспен және кокспен қосып пісіру арқылы алынатын шағын, ұсақ саңылаулы кесектер.

**Әкімият** – Қазақстан Республикасындағы жергілікті үкіметтік атқарушы орган.

**Әлеуметтану** – қоғам, адамдардың әлеуметтік тобы мен олардың арасындағы өзара байланыс туралы ғылым.

**Әкімшілік-аумақтық бөліну** – елдің аумағының ұсақ әкімшілік бірліктеріне бөлінуі (облыстар, аудандар, округтер).

**Біріккен кәсіпорын (БК)** – бірнеше елдердің компанияларының ұжымдық қызметі арқылы қалыптасады. БК солардың бірінің аумағында жұмыс істейді және өз меншігі болады.

**Биржа** – тауарлардың ірі партиялары (тауар биржасы), құнды қағаздар (қор биржасы), валюта (валюта биржасы), сатылатын және сатып алынатын тұрақты жұмыс істейтін рынок.

**Бюджет** – белгілі бір уақытқа арналған (әдетте, бір жылға) күтілетін кірістер мен болжамдалған шығын туралы жоспар.

**Бағалы қағаздар** – меншікке (мысалы, акцияларға, облигацияларға) берілген құқықты бекітетін ақшалай құжаттар.

**Вегетациялық кезең** – ауаның температурасы өсімдіктердің өсуіне қолайлы жыл кезеңі.

**Делимитация** – мемлекеттік шегараны картаға түсіру арқылы келісімді түрде (көршілес мемлекеттер үкіметтерімен арада) анықтау.

**Демаркация** – жергілікті жерде шегаралық белгілер арқылы көрсетіп белгілеу.

**Демография** – халықтар туралы, оның санын, табиғи қозғалысын, құрамы мен құрылымын (мысалы, тілі, ұлты, діні, жынысы, жасы бойынша) зерттейтін ғылым.

**Демографиялық саясат** – елдегі туу жағдайына мемлекет тарапынан қабылданған шаралар.

**Дискриминация** – белгілі бір адамдар тобы құқығының қысым көруі.

**Жүккөтергіштік** – белгілі бір көлік түрі тасымалдауға есептелген жүк массасы. Төрт білікті теміржол вагонының жүккөтергіштігі – 60 т, өзен кемесінікі – 1,5–5 мың т, ал теңіздік супертанкерлердікі – 150–480 мың т.

**Жекешелендіру** – мемлекеттік меншік құқығының жеке адамдарға немесе адамдар тобына (ұжым) көшуі.

**Индустриализация** – ең алдымен өнеркәсіпте ішкі мәшинелік өндіріс орнату.

**Интенсивті (қарқынды) жол** – өндірістің тиімді техниканы, технологияны пайдаланудың және еңбекті дұрыс ұйымдастырудың негізінде дамуы.

**Инновациялық даму** – жаңа идеялардың, ғылым мен білімнің және технологияның енуімен байланысты.

**Ирригация** – егістікті жасанды жолмен суландыру.

**Күтіп-баптау кесілімдері** – орманның өнімділігін арттыру мақсатында ағаштарды кесу және жинау. Құндылығы төмен ағаштарды кесіп, орманды сирету, тазарту және жарықтандыру.

**Кешен** – әртүрлі, бірақ бір-бірімен өзара байланысқан бөліктердің біртұтас бүтінді құрауы. Сонда аумақтық өндірістік кешен (АӨК) дегеніміз – белгілі бір аумақта дамыған бір-бірімен байланысты салалар мен өндірістердің үйлесімі.

**Күрделі жұмсалым (инвестиция)** – материалдық құндылықтарды (құрылыстар, үйлер, мәшинелер мен құрал-жабдықтар, көлік құралдары) жаңадан салу немесе бұрынғыларын қайтадан жаңарту, кеңейту үшін жұмсалатын қаржылай жұмсалымдар (теңгемен немесе басқа ақша бірліктерімен).

**Концентрат** – пайдалы затты (мысалы, кен концентратын) байыту (концентрациялау) нәтижесінде алынатын өнім.

**Конвертор** – алмұрт тәрізді жабық пеш. Қалың болаттан жасалып, іші отқа төзімді кірпішпен қапталады. Конверторға сұйық шойын құйылып, ауамен үрленеді.

**Концентрат** – пайдалы затты байыту (концентрациялау) нәтижесінде алынатын өнім.

**Қазақстан халқы Ассамблеясы** – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ақылдасу-кеңес беру органы, оның негізгі міндеті елдегі ұлттық келісім мен азаматтық бейбітшілік жағдайына ықпал ету.

**Легирленетін металдар** – металдар мен қорытпалардың сапасын жоғарылататын металдар.

**Либерализация** – экономиканы әртүрлі шектеулерден босату (мысалы, бағаға, еңбекақыға мемлекеттік бақылауды, басқа жаққа тауар шығаруға тыйым салуды алып тастау).

**Мекеме** – өндірістік емес саладағы экономиканың бірінші буыны.

**Мәслихат** – Қазақстан Республикасындағы жергілікті үкіметтік өкілетті орган.

**МАЭС** – мемлекеттік аудандық электрстансысы. Ірі тұтынушы аудандарды энергиямен қамтамасыз ететін конденсациялық электрстансыларының бұрынғы аты.

**Миграция** – адамдардың бір ауданнан басқа ауданға қоныс аударуы.

**Нарықтық экономика** – кәсіпкерлік қызметке, шаруашылық есепке, тауарлар мен қызметтерді баламалы айырбастауға сұраным мен ұсынылымның реттелетін арасалмағына негізделген экономика.

**Президенттік Республика** – Үкіметті көбінесе Президент басқаратын, оған үлкен өкілеттілік берілген басқару формасы.

**Рекультивация** – карьерлердің, бос жыныс үйінділерінің астындағы және кесілген ормандық жерлердің өнімділігін қалпына келтіру.

**Рекреация** – адамдардың денсаулығы мен еңбекке қабілетін табиғат аясында, туристік саяхат арқылы қалпына келтіру.

**Рекреациялық қорлар** – адамдардың денсаулығын қалпына келтіруге ықпал етіп, дұрыс демалу үшін жағдай туғызатын қорлар.

**Санитарлық кесілімдер** – зиянкестер және ауру әсерінен бүлінген және кеуіп қалған, жел құлатқан ағаштарды кесіп, жинау. Орман сілемдерін жақсарту үшін жүргізіледі.

**Селитебті аймақ** – қалалар мен қала типтес кенттерде тұрғын үй және қоғамдық құрылыстар, жолдар, көшелер, алаңдар салуға арналған жерлер.

**Сумен қамтамасыз етудің айналымдық жүйесі** – суды пайдалануда ысырапқа жол бермеу үшін қолданылады. Суды өңдегеннен кейін (суытып, тазартқан соң) өндірісте қайта пайдаланылады, ал су бөліктерінен азайған судың орнын толтыруға ғана су алынады.

**Статус** – азаматтың немесе заңды тұлғаның құқықтық жағдайы.

**Технопарк (технологиялық парк)** – ғылыми институттар мен өнеркәсіптік, белгілі бір аумақта күрделі өнім түрлерін (мысалы, компьютер) шығару үшін тізе қосып жұмыс істеуі.

**Табиғи жағдайлар (табиғи орта)** – адамдар мен олардың шаруашылық қызметіне әсер ететін табиғат пен табиғи процестердің сипаты мен қасиеттері.

**Тәлімдік (боғарлық) егіншаруашылығы** – суармалышаруашылықты аудандарда ауылшаруашылығы дақылдарын суармай өсіру.

**Тоған (канал)** – жасанды құрылыс. Тоғандар кеме жүзетін, суландыратын, энергетикалық, суқұбырлық, ағаш ағызатын болып бөлінеді. Ірі каналдар бір мезгілде бірнеше мақсатқа пайдаланылады.

**Табиғи қорлар** – адамзаттың материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеу үшін қолданатын барлық табиғи заттар (ауа, су, пайдалы қазбалар, топырақ және т.б.).

**Транзит** – елдің аумағы немесе бір аймағы арқылы жүк немесе жолаушы тасымалын жүзеге асыру.

**Оралмандар** – тарихи Отанына қайта оралған этникалық қазақтар.

**Унитарлы (бірыңғай) мемлекет** – барлық аумағында бірыңғай заң шығарушы және атқарушы билік қалыптасқан мемлекет.

**Ұжымдастыру** – жекелеген (жеке немесе меншіктік) шаруа қожалықтарын ұжымдық меншік пен ұжымдық еңбекке негізделген ұжымдық (колхоздық) шаруашылыққа біріктіру.

**Ұлттық кіріс** – елдің экономикалық дамуының қорытынды көрсеткіші, материалдық өндірістегі жаңадан жасалған құн.

**Фрахт** – су жолы арқылы жүк тасымалдауға төленетін ақы. Ол жолға алынған кемеңіз тасымалдау қашықтығына, жүктің салмағы мен көлеміне, уақытқа байланысты. Бөтен кемелермен тасымалдаған өз тауарларын сатқанда, елдер кеме фрахты үшін көп мөлшерде қаржы жұмсайды. Бұл үшін өз кемелерін пайдаланғанда ел ол қаржыны үнемдеп қалады.

**Шаруа (фермерлік) қожалығы** – өз жұмысына жеке иелігіндегі немесе пайдалануындағы меншігі мен жер участігін пайдаланатын ауылшаруашылығы кәсіпорны.

**Этнография** – халықтар туралы, олардың шығу тегі, таралып орналасуы, мәдениеті, тұрмысы және олардың өзара қарым-қатынасы туралы ғылым.

**Экстенсивті (кеңейту) жол** – қосымша қорларды (табиғи, материалдық, еңбек) пайдалану арқылы өндіріс көлемінің сан жағынан өсуі; интенсивті жолға қарама-қарсы жол.

**Экономика тиімділігі** – өндіріс нәтижесін сипаттайтын көрсеткіш. Ол тиімділіктің (алынған өнімнің) жұмсалған шығынға (еңбек, материалдар, еңбек құралдары) қатынасымен өлшенеді.

**Экспорт** – елден тауар шығару.

**Экономика** – шаруашылықты жүргізу «өнері» туралы қоғамдық ғылым. Ол қоғамның өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шектеулі қорларды тарату әдістерін зерттейді.

**Экономика мен оның салаларының аумақтық құрылымы** – салалардың елдің бүкіл экономикасына байланысты экономикалық аудандар бойынша қарым-қатынастық, үйлесу және орналасу ерекшеліктері.

**Экология** – тірі организмдер мен қоршаған ортаның өзара байланысы туралы ілім. Экономикалық географиядағы экологиялық аспект – халық, шаруашылық және қоршаған орта арасындағы өзара байланыс.

**Экономикалық-географиялық сипаттама** – экономикалық нысандар (мекемелер, елді мекендер, аймақтар) туралы ғылыми білімді белгілі бір жоспар бойынша олардың орналасу және даму ерекшеліктерін түсіндіре отырып жүйелеу, баяндау.

**Эон** (ежелгі грек. *αιον* – ғасыр, дәуір) геологияда бірнеше эрларды біріктіретін эонотема қалыптасқан геологиялық тарихтың уақыт бөлігі.

## МАЗМУНЫ

### III БӨЛІМ. ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

#### Биосфера және географиялық қабық

§33. Қазақстанның табиғат кешендерінің әралуандығы .....	4
§34–35. Зоналық табиғат кешендері: табиғат зоналары .....	10
§36. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аймақтары.....	22
§37. Қазақстанның табиғи мұралары .....	33
§38. Ноосфераны қалыптастырудағы Қазақстанның рөлі .....	41

#### Табиғи-аумақтық кешендер

§39. Қазақстанның ірі табиғи аумақтары .....	46
§40. Табиғат кешендері және адам .....	51

### IV БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

#### Халықтар географиясы

§41. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы.....	60
§42. Қазақстанның және әлем халқының көші-қоны.....	70
§43. Қазақстанның еңбек ресурсы .....	77
§44. Қазақстандағы демографиялық жағдай.....	84
§45. Қазақстанның елді мекендері.....	92
§46. Қазақстандағы және әлемдегі урбандалу .....	97
§47. Әлеуметтік география: зерттеулер, карталар мен мәліметтер базасы .....	106

### V БӨЛІМ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

#### Табиғи ресурстар

§48. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті .....	113
§49. Табиғат ресурстарын өңдеудің технологиясы мен орталықтары .....	120
§50. Қазақстандағы табиғатты пайдалану және тұрақты даму.....	125
§51. Табиғат ресурстары мен табиғатты пайдалану; зерттеулер, географиялық карталар мен дереккөздер .....	131
§52. 3-тоқсандық жиынтық бағалау сабағы .....	140

#### Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

§53. Ғылыми-техникалық революция .....	142
§54. Қазақстан мен әлемдегі адам әлеуетінің даму индексі .....	150
§55. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы .....	156
§56. Қазақстанның және оның аумақтарының инфрақұрылымы .....	163

#### Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы

§57. Қазақстан шаруашылығының салалары. Өнеркәсіп.....	170
§58. Қазақстанның ауылшаруашылығы .....	178
§59. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық мамандандырылуы .....	184

**Дүниежүзілік шаруашылықты дамытудың бағыттары мен көрсеткіштері**

§60. Дүниежүзілік шаруашылық және халықаралық географиялық еңбек бөлінісі .....	192
§61. Халықаралық экономикалық қатынастар .....	200
§62. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері, жобалары мен үдерістері. Қазақстан дүниежүзілік шаруашылықта .....	206
§63. Қазақстан және халықаралық интеграция .....	213
§64. Қазақстан дүниежүзілік шаруашылықта: зерттеулер, географиялық карталар мен мәліметтер базасы .....	222

**VI БӨЛІМ. САЯСИ ГЕОГРАФИЯ НЕГІЗІНДЕГІ ЕЛТАНУ****Әлем елдері**

§65. Дүниежүзі елдерін топтастыру. Халықаралық ұйымдар .....	228
§66. Қазақстанның географиялық жағдайы .....	235
§67. Қазақстанның өкімшілік-аумақтық бөлінуі мен хоронимдері .....	243
§68. 4-тоқсандық жиынтық бағалау сабағы .....	248
Терминдердің қысқаша сөздігі .....	249

О қ у б а с ы л ы м ы

**Усиков Виктор Викторович**  
**Егорина Анна Васильевна**  
**Усикова Алла Анатольевна**  
**Забенова Гүлнар Бакешқызы**

**ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫ**

2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *К. Ысқақова*  
Көркемдеуші редакторы *А. Бекқожанова*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Ү. Бахова*  
Компьютерде беттегендер *Э. Омарова, А. Бекбергенова*

*И.А. Синьхуа (ҚХР), «Роскосмос» Мемкорпорациясының (РФ)*  
*«Неміс толқыны» телерадиокомпаниясының, «Қазақпарат» МАА*  
*және А. Устиненконың, В. Благовещенскийдің, Ю. Юшиннің,*  
*А. Петровтың және оқулық авторының сурет-иллюстрациялары*

ИБ № 123

Теруге 27.02.2019 берілді. Басуға қол 16.08.2019 қойылды. Пішімі 70x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>  
Офсеттік қағаз. Өріп түрі «мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 17,55.

Есептік баспа табағы 14,31. Таралымы 35 000 дана. Тапсырыс №4359.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы, «Атамұра» корпорациясы»  
ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев к., 41.

